

Сердалы САБЫРОВ



Өз өмірім,
өз тағдырым





Сердалы
САБЫРОВ



ӨЗ ӨМІРІМ, ӨЗ ТАҒДЫРЫМ

Өлеңдер
жинағы



Алматы,
«Принт-Плюс» баспасы,
2021

ӘОЖ 821.512.122-1

КБЖ 84 Қаз7-5

Ө 56

Ө 56

САБЫРОВ С.

ӨЗ ӨМІРІМ, ӨЗ ТАҒДЫРЫМ: *өлеңдер жинағы.*

Алматы: «Принт-Плюс» баспасы, 2021 жыл. 432 бет.

ISBN 978-601-06-6522-4

Бұл кітап Сердалы Сабыровтың алғашқы жыр жинағы оқырман қауымға жол тартып отыр. Ақынның жүрек жарды шығармалары шырайлы, шыншылдығымен еліктіріп әкелері сөзсіз.

«Өз өмірім, өз тағдырым» кітабы көптің ойынан шығары сөзсіз.

ӘОЖ 512.122-1

КБЖ 84 Қаз7-5

ISBN 978-601-06-6522-4

© «Принт-Плюс» баспасы, 2021

ӨМІРІ ӨЛЕҢМЕНЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Балқаштық ақын Сердалы Сабыровтың жан-дүниесі сезім лирикасына толы. Оны ақынның жырларын оқыған сәтте көз жеткізесіз. Ақиқатында да дәл солай. Көкейін жарып шыққан жырлары тап-таза хәм мөп-мөлдір кәусар бұлақ сынды. Өлеңдерінің деншілігі өмірдің өзінен алынған. Жұп-жұмыр келген жырлары жерлестерінің тарапынан лайықты бағасын алғандығы және бар.

Оқырманға жол тартып жатқан ақынның «Өз өмірім, өз тағдырым» атты кітаптың атауы айтып тұрғандай Сердалы ағамыздың өмірінен алынған ой-түйіндері мен тағдырына қатысты философиялық парасат пайымдары шығармашылығына арқау болған.

Өмір-өзенде бар саналы ғұмырын ауылшаруашылығы саласына бүтіндей арнаған жанның сиқырлы әлем саналатын өлең өлкесінен жанына – демеу, көңіліне – мият табуы ілуде-шалуда ғана адам бойынан кездесетін таңғажайып құбылыс.

Ақынжанды ағамыздың мұндай қасиеті бар екенін алғашқыда білмедік те. Тырнақалды туындыларын аудандық басылым «Балқаш өңірі» газетіне ұсынғаны күні кеше сияқты?! Сынаптай сырғыған уақытқа тоқтау бар ма?! Міне, содан бері біраз жылдардың жүзі болды. Сол кездерден бері өмірге келген туындылары бірнеше

кітапқа жүк боларлықтай. Ақын ағамыз өлеңдерін сұрыптаудан өткізіп, қара ормандай қалың оқырман назарына ұсынып отырған жайы бар.

«Жүректен шыққан сөз – жүрекке жетеді» демекші ақынның жырлары негізгінен табиғи сарында жазылған. Оқуға да жеп-жеңіл. Ұйқас қуу мүлде жоқ. Осындай талаптарға негізделген дүниелерін ақын ағамыз кітапсүйер қауымның назарына ұсынып отыр екен. Ендеше, Сердалы ағамыздың жазары таусылмасын деген тілек тіл ұшына орала береді.

Қаламыңыз қарымды, ойыңыз шалымды болып, шығармашылықтың шың биігіне шыға беріңіз! Бұл кітабыңыз жырсүйер қауымның көзайымына айналып, ел-жұртының рухани қазынасына айнала берсін.

Күмісбек ЕРБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
«Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы.

ӨЗ ӨМІРІМ, ӨЗ ТАҒДЫРЫМ

Бұл өмір өзі келтеме?
Артыма нені қалдырам?
Ендеше ұрпақ тыңдаңдар,
Өзімді жаймен жыр қылам.

Балалық шақтан бастасам,
Кейбірін жазғам оқырсың.
Көздерің көрді біразың,
Осылай болды болмысым.

Тұйық ем, жабық, момын ем,
Ашылдым кейін О, Тоба!
Негізі жүрдім ашылмай,
Өзіммен-өзім бір тоға.

Үйленгем, жазғам, үй болғам,
Ұрпағым келді өмірге.
Жырақтап жүрдім негізі,
Түсірмей қаяу көңілге.

Тұңғышым келді Гайдарым,
Атында қойған Нұркәрім.
Қуандық сонда негізі,
Жастықпен жаймен тойладым.

Арқарда болдым сол кезде,
Апам мен Мәукең қасымда.
Мүмкіндік сонда болған жоқ,
Көңілісіз босқа жасуға.

Еңбекпен жүрдік бір тынбай,
Сол кездің заңы солайды.
Балалар өсіп ержетер,
Бахаң мен апам қарайды.

Сол кезім сондай жақсы еді,
Көңілге қаяу түспеген.
Бір сарын жұмыс атқарып,
Мұңсыз бір күйді кешкен ем.

Мейрамкүл келді өмірге,
Бақанас жақтан босанған.
Өзіме жақын болған ед,
Ажырап кетпей қасымнан.

Құшақтап өскен мойнымнан,
Жұмыстан келген сәттерде.
Ой жүгіртіп отырмын,
Жастықпен өткен күндерге.

Сол сәтім қымбат әрқашан,
Қуаныш нұрын себелер.
Қауырт көп жұмыс кезінде,
Жатырқап бала қолға алар.

Артынан бірақ сезетін,
Әкенің иісін сағына.
Осында жатыр негізі,
Түпсізде терең мағына.

Гүлімім келді өмірге,
Қаройға онда келгенбіз.
Бас қосып достар «компандар»,
Қызықты өмір сүргенбіз.

Осымыз кейін ертегі,
Ойыңа түссе таң болып,
Басыңды қоссаң сәтімен,
Кетеді қызық жыр болып.

Сексен-сексен төрт арасы,
Қиындау болды ұрпаққа.
Аянда көрдім негізі,
Түсімде сонда сол шақта.

Балалар туған шетінеп,
Екі ұлым кетті туған соң.
Үрейде басты негізі,
Әлсізде пенде болған соң.

Ринат, келіп өмірге,
Әкелік сезім жібігем.
Қиындық деген пәлені,
Басқа да түсіп біз көрген.

Шошындық Бахаң екеуміз,
Осылай тағдыр сынады.
Серіккүл атты қызымды,
Жаратқан маған сыйлады.

Лебі кетпей салқындық,
Аурушаң болды Секеңде.
Анамнан кейін не керек,
Бақиға қызым кеткен-ді.

Мұң басқан көңіл жібітіп,
Жырыма қостым толқып та.
Жүргенде жоқпын негізі,
Бейберекет шалқыпта.

Бір тоға өмір осылай,
Өрімдей болып өрілген.
Талай жыл қалды соңымда,
Ұзақ боп маған көрінген.

Алланың берген нәсібін
Теріп те жедік осылай.
Жұмысты талай істедік,
Анау деп мынау қорсынбай.

Зейнетке жеттік бір көмбе,
Үкімет нәсіп беретін.
Қызығым алда бар шығар,
Менінде алда көретін.

Қыздарым жүр ғой маңайда,
Әкелік сезім оятып.
Папалап қояды елжіреп,
Пендеге білсең сол артық.

Кеткесін Бахаң әлсізбін,
Сыңары кеткен қаздаймын.
Кей сәттер болады негізі,
Түңіліп кете жаздаймын.

Санаулы өмір бағыты,
Осылай болды тағдырым.
Елзат пен Бекзат Айдана,
Мейірді содан кандырдым.

Сор татқан өмір осылай,
«Аралдай тозаң шашамын».
Қайтадан түсем сабама,
Тағдырды жырға қосамын.

Әр пенде кешер бұл күйді,
Несіне ойлап жұқарам.
Артымда қалсын аз жырым,
Ұрпаққа айтып жыр қылам.

Ендігі қалған өмірдің,
Паналап көрем саясын.
Шөбере деген қызық бар,
Немерем сүйсе баласын.

Осылай бала-шағалар,
Әкенің ойы аспанда.
Бір күні сендер оқырсың,
Әкеңнен қалған жазғанды.

Сол кезде көңіл босар ма?
Әкенің жыры батпандай.
Негізі өмір ұрпағым,
Таң атып күнің батқандай.

Сондықтан арман таусылмас,
Сезімің ояу тұрғанда.
Жайлылық жанда болады,
Орнымен іс қылғанда.

Өмірден маған сыйланған,
Тағдырды көріп келемін.
Артымнан ерер ұрпағым,
Сендерге кәміл сенемін.

Артымда қалар жыр сөзім,
Жүріпте өткен жолым ғой.
Адамға күшті беретін,
Айнымас мықты сенім ғой.

Осылай менің ұрпағым,
Аздаған ойлы хат жаздым.
Кетсең де ұзап бір мезгіл,
Артыңа байқап зер салғын.

ӨЗІМДІ-ӨЗІМ ТҮСІНБЕЙ

Тұйықтау менің мінезім,
Ашылам кейде бұлт түріп.
Негізі менде болған жоқ,
Жөнсіз сөз, артық өтірік.

Кей кезде жабық құлыппын,
Жоғалтып алған кілтін.
Өзімнен-өзім ұялам,
Таппаймын тесік кіретін.

Маңайға кейде ашықпын,
Мейірім шаша үзілем.
Кей кезде мүлде сөз таппай,
Жалқы қап менде күрсінем.

Кей кезде ағам тасимын,
Бір сәтке жабам арнамды.
Негізі менде ұнатам,
Ұстатпас қияли арманды.

Ұлыма кейде қырауымын,
Келсе де көктем жібімес.
Артынан негізі тез қайтам,
Мұнымда білем жөн емес.

Сырлас кой бала есейсе,
Ебінде тауып қалжыңдас.
Ұласып ол да кетпесін,
Сүйкімсіз іске қылжақпас.

Көңіліме сақтап жүргем жоқ,
Артық сөз айтқан сәттерін.
Әйтеуір қымбат қашанда,
Іздерім артта өткенім.

Қыздарым ана сырласы,
Әдептен асып кетпеген.
Діндері жуас негізі,
Жүре ғой – әке, өт деген.

Сонда да жабық мінезім,
Тістеніп көбін ашпадым.
Әйтеуір сырлас досымдай,
Артымда қалар жазғаным.

13.03.2016 жыл

СУРЕТ СЫРЫ

Дін бойынша суретті құптамаған,
Білмедім, түсінбедім, қалай болған?
Кейіндері тірлікте түсіп жүрміз,
Сурет көріп кей кезде қайран қалам.

Ағайынбыз, туыспыз араласқан,
Той-домалақ, қуаныш басты қосқан.
Сол сәттері түсеміз тұра қалып,
Сәті келіп ағайын тоқайласқан.

Сол сәттерден кейіндер сыр ұғасың,
Ақтарып альбомыңнан қарағасын.
Негізі біз өмірден өткеннен соң,
Суреттер естелік боп қалады шын.

Топ суретте бірің бар, бірің жоқсың,
Үлкенің бар немесе жасың болсын.
Тәбәрік боп суреттер жүре берер,
Беталды бүлініп жыртылмасын.

Тарих болып қалады ескерткіш боп,
Осындай суреттер көп жиналған топ.

Осыменен өмірді түсіне бер,
Кеше барың бүгінде қасыңда жоқ.

Жоғың барып айналар тас мүсінге,
Зират барып сипалап жүресің де.
Жинап оны шкафқа салып қойғын,
Зеріккенде ақтарып көресің де.

Ұқсамайды суреттер бір-біріне,
Ойласаң жүрер ол да көңілінде.
Негізі ілуге де рұқсат жоқ,
Тосқауыл боп періште кіруіне.

Сурет сыры ашылмай жатыр әлі,
Керексіз деп кәнеки, айтшы кәне?
Бір суретте отырсың балбұл жанып,
Бір суретте жоғалып беттің әрі.

Томсырайып түскен бар, әлде күліп,
Кеткендер бар бір-бірін тастап жеріп.
Оңашада мұң басып отқаныңда,
Суретінде ой салар болар серік.

14.03.2016 жыл

АНАНЫҢ МҰҢЫНА ТҮНШЫҚПАЙЫҚ

Өмір сыры «әлмисақтан» жасырылған,
Келеміз бір нәрседен жасқанудан.
Барлық ісің оңынан болмайды ғой,
Сақтасын Жаратушы азғындаудан.

Бұл өмірге жан пенде қонақ екен,
Ананың құрсағымен келіп жеткен.
Сондықтан ана қымбат деп айтамыз,
«Жұмақ» кілті табанда жасырылған.

Сол кілтті анаң саған бермей жүр ме?
Ала ғой май табанын сипап көрде.
Кілт емес, кешірім ғой тұнып тұрған,
Миыңменен ойлашы салып зерде.

Кіл махаббат жүректі елжіреткен,
Жас кезінде осыны сезініппе ең?
Мас болдың ба буына сол сезімнің,
Кейінде тас жүрек боп өзгеріпсің.

Бұл пәле қайдан келіп жабысты екен?
Білдіртпей тұла бойдан қанды сорған.
Сол «жұмағын» керексіз тастап кетеді,
Өзіне жас кезінде болған қорған.

Ет жүрегі елжіреп ана сорлы,
Осындай сорақылық пайда болды.
Ұнатпаса жұртына қалдырады,
Тозған заттай бұрылмай сілтеп қолды.

Жады қылған өмір-ай дүние боқ,
Бәрі бір табаныңа басарсың шок.
Сәл жасалған ағат іс қайта соғар,
Әзірге жүре бергін қарының тоқ.

Сайтан ісің алдыңды орап өтер,
Тіршілікте ақ ананың зарын өтер.
Бәрінің есебі бар дүние ғой,
Бір күн ерте, бір күн кеш, түбі жетер.

Мұң басады көңілді кірбің шалып,
Жүрмейік ертеңгі күн сорлап қалып.
Ақ маңдайы жарқырап аналарым!
Өтпесе екен жайсыз сөз көңіліне алып...

ЖАЛҒЫЗДЫҚ ЖАПАН ДАЛАДАЙ

Дәл қазір құрдасым жоқ маңайымда,
Онда пәс қой сезсеңіз жағдайымда.
Телміргендей қараймын маңайыма,
Ілесе жүреді екен сарыуайымда.

Жұмыс басты негізі байлық екен,
Жүресің ешкімде де болмай өкпең.
Ал қазір сәл нәрсені жақтырмайсың,
Көтермейді көп сөзді сенің сіркең.

Қалған өмір осылай өтер ме екен?
Салың суға кеткені осы ма екен?
Топ ішінде сен жалғыз сірескенше,
Бір мылжың бас қасыңа керек екен.

Жалғыздық жарасады бір Аллаға,
Тілемеймін жалғыздық бар жандыға.
Сылап-сипап дәл күнде отпаса да,
Күтеді ғой келгенде жан алқымға.

Суып кетті мына өмір жалғыздықтан,
Сыпсың сөз көп негізі жыртаң-жыртаң.
Сәл есіркеп бағатын жер бар ма екен?
Жинап алып маңайдан кәрі-құртаң.

Тым жүдеттім сөзімді сүмірейтіп,
Өтер өмір әйтеуір өйтіп-бүйтіп.
Жалғыздықпен қалғанда сезінесің,
Отырғандай сарғайып пойыз күтіп.

Сыңар кетіп отырмын мұңға батып,
Ішсем де өз үйімнен көже қатық.
Осындай жайсыз күйге ене берем,
Пәтуасыз, маңызсыз ойға батып.

Беталбатты сен сыртқа шыға алмайсың,
Ойыңмен өткенінді шиырлайсың.
Жазым шығып өзімше жүре-тұғын,
Қысым кетіп көктемім оралғайсың.

Жел сөз емес, мына өмір дәл осылай,
Кезіктірген жерім-ай, бұл құрғырдай.
Бұл кезеңде өксімен өте шығар,
Таң алдында көрінген бу сағымдай.

14.03.2016 жыл

ҚАРЫНДАСТАРЫМА

Бір үйде, бірге өскен бауырларым,
Қалайша 12 айда сағымбассың.
Ұмытты деп жүрсің ғой басты изеп,
Ұмытқам жоқ әйтеуір жадымдасың.

Өмір деген көк теңіз шалқып жатқан,
Одан да өте алады ебін тапқан.
Әркімнің қу тірлігі мұрша бермес,
Себебі көп әйтеуір бармай жатқан.

Апам «марқұм» айтушы ед өкінердей,
Кетерсің деп мен кетсем мүлде көрмей.
О, Құдірет шынымен рас кейде,
Жете алмаймыз бірге-бір шама келмей.

Бұл да бір жазмыш өмір заңы шығар,
Көрмесек те жалықтырып мезі етпеген.
Әр істің орайы болады деген,
Кездесерміз қисыны ретімен.

Өмірде бір-біріне кім жағып ед?
Соқпаса екен ауылыңа еш қасірет.

Шақырғанда қуаныш тойларыма,
Қос өкпенді қолыңа ап асыға жет.

Осылай айналайын қарындасым,
Бұлама сырта жүріп көздің жасын.
Бәрі де сағыныштан туындайды,
Алысқа ұзайсың ғой қыз болғасын.

Қазақта орнымен мәтел бар ғой,
«Бірге тұмақ бар, бірге жүрмек жоқ» деген.
Туғанымыз шын болса тар құрсақтан,
Бола береді арада өкпе деген.

Запыран ғып бойыңа жинамағын,
Өз отбасың өзіңнің жиған бағың.
Бірақ тілек жүреді ойымызда,
Жүрсе екен деп жат жерде сынбай сағың.

Кешірерсің, әрине кездесерміз,
Еске түсер бір жүрген жас кезіміз.
Айналайын, шашбаулы қарындастар,
Көп болсын қуанышты сәттеріміз.

17.03.2016 жыл

ІЛЕ ӨЗЕНІ

Іле ағады азайып, бірде тасып,
Қақ жарып құм белестің шөлін басып.
Сен болмасаң қолаң шаш аруым-ау!
Кетер еді «үш қамаудың» реңі қашып.

Өн бойыңнан атты адам өте алмаған,
Салды буып, ат жалдап, жал ұстаған.
Қайран Ілем! Азайып барасың ба?
Қытайың тау сағаңа бөгет салған.

Қан тамыры секілді қасиетің,
Қылығын адамзаттың кешірерсің.
Қызыл құмды тілгілеп аға берші,
Жағаңа жиде-талды өсіресің.

Ұшқан құс, жүгірген аң, шөлін басқан,
Білеміз қасиетіңді бала жастан.
Дәл біздей шөлейт жатқан Атырауға,
Су да жоқ, өзен де жоқ, сенен асқан.

Шомыламыз жағалау қайырыңа,
Сусылдайды қызыл құм аяғымда.
Қиянатың тимесін адамдарға,
Кетпесінші иірім ағыныңда.

Мұң шағамыз өзіңе сылдырасаң,
Шумағы бол егер де жыр құрасам.
Сан ғашықтың теңеуі өзіңде ғой,
Ай жарығы түскенде жарқырасаң.

Түсінбесек сырынды кешірерсің,
Су азайса өзіңде күрсінерсің.
Ақ күрішке бөледің маңайыңды,
Қасиетіңді содан-ақ түсінерсің.

Дән бердің, сән де бердің мекеніме,
Қуанам құмды өлкеде өскеніме.
Тағы да жалынамын Іле өзені,
Жыр болып құйыла бер жүрегіме.

Сұрауың бар сусың ғой кетпе сіңіп,
Балқашыма құя бер барып жетіп.
Өзінді мен жырыма айналдырам,
Жыр жазамын өзіңе аздан өстіп.

ҚИЯЛДАҒЫ АСТАНАМ – БАС ҚАЛАМ!

Ұлы көштің маңайы күнде думан,
Жаңалықтар күн сайын атой салған.
Тез өзгерген қазақтың сахарасы,
Бұл Астана қазаққа қымбат жаннан.

Жаңа заман, жаңа жол, жаңа қала,
Қуанады күлкі ойнап бала-шаға.
Көк таласа ғимарат салынуда,
Жайнаған әр күн сайын Астанам да.

Бас қала орын тепкен Есілімде,
Таралды Жер шарына есімінде.
Танымастай өзгеріп жағалауың,
Жарық шашып тұрады көпірінде.

Есіл өзен сұлудың бұрымындай,
Көз тігіп, «жахан» саған қызығудай.
Шам сәулесі төгіліп су бетіне,
Көктегі жарқыраған жұлдызымдай.

Желбіретіп көк туды «Ақ ордамда»,
Қанат жая көгімде қыран самға.
Самұрықтың мекені қайран елім,
Шабыт берген ой жетпес қиялдарға.

Жәудіреген көздері қазағымның,
Өсе бер, өркендей бер, қарақұрым.
Кілең жастар мекені жаңа қала,
Сұлу қыздар тарана өрген бұрым.

Көрмесем де өзіңе жыр арнаймын,
Жарқырай бер Астанам ақ маңдайлым.
Отырайын өзіңе күнде ынтық боп,
Сыр сандықтың түбіне жасырмайын.

Жүрегісің қазақтың дүрсілдеген,
Қуаныш пен сағыныш үлпілдеген.
Әйтеуір қиялымда тұра қалдың,
Ойда бар сұлу қала көрсем деген.

Ой жетсе де тіл жетпес сағым ойдың,
Басқарып тұр қазақты озық ойлым.
Санамдағы сәл ғана бұлқынысты,
Өзіңе арнап Астанам жазып қойдым.

19.03.2016 жыл

ШЕГІ БАР ӨМІР

Мына өмірден не ұғып, не күтеміз?
Бала болып есейіп ер жетеміз.
Бірі – ерте, бірі – кеш дегені бар,
Әйтеуір түбі бірақ жоқ екенбіз.

Тырмысамыз өмірге жармасамыз,
Не керек екеуара жалғасамыз.
Ұрпақ тастап артына кетті дейміз,
Осылай өмірменен санасамыз.

Бағытымыз бұралаң түзу емес,
Арада болып жатады небір егес.
Дүрбелеңге толы өмір таусылады,
Арт жағы сезіп отсың қызық емес.

Миллиардтап таралған адам пенде,
Құмырсқадай қаптаған қара жерде.
Соның бәрі тірліктің қамын шегед,
Алмасып күндіз-түнің, ай мен күнге.

Негізі қасірет көп, қамығу көп,
Қуаныш аз, орнына қайғымыз көп.

Осындай құбылысты түсінбейміз,
Түсіндірер ешкім жоқ қасыңа кеп.

Алданамыз дүние қоқсығына,
Күннің шығып қайтадан батқанына.
Шүкірлікке малданып отырамыз,
Қуанамыз кейде осылай отқаныңа.

Бірің ауру, бірінде сырқатың көп,
Емдеп жатқан ешкім жоқ қасыңа кеп.
Қолдан келер шараңыз болмағасын,
Келеді қолыңнан ухлеу тек.

Қысқа өмірің өтеді осылайша,
Табылмай кейбіріне ешбір айла.
Бір басыңа көп жүкті артып алып,
Тығырыққа тірелесің осылайша.

Алтын өмір айналар тозаң-буға,
Шарада жоқ осыған келер қолда.
Шыныменен азайып таусылады,
Шалқыған көл, ағынды өзен суда.

30.03.2016 жыл

АНАМ СӘУЛЕБИКЕ 100 ЖАСҚА ТОЛДЫ

Анам биыл толады 100 жасына,
19 жыл іздедім жоқ қасымда.
Өзің барда көңілім көктем еді,
Оралыпта тұратын жыл құсымда.

Сәл жабырқап қаламын ойыма алсам,
Ұшындасың қаламсап жыр құрасам.
Шығара алмай отырмын шумағымды,
Бөлініп сана-сезім, ойым он сан.

Қалай құрап сөзімді жеткіземін,
81-де жұта алмай бітті демің.
Сан тілеуді арқалап кеттің анам,
Есіме алып өмірде өткіземін.

Әр тарау жыр өзіңе ескерткішім,
Олқы кеткен ісімді кешіргейсің.
Артыңдағы ұрпағың аман болсын,
Ойымды сәл де болса түсінгейсің.

Бейнең қалды есімде жадыраған,
Өзіңді мен қалайша жазғыра алам.
Тал бесікті тербетіп өсірдің ғой,
Тілеуінде ойыңда кетті-ау арман.

Ана деген ақ қайың тербетілген,
Сан сөздерің айтылды-ау «қалқам» деген.
Көрмей қалсаң көзіңе жасың тұндау,
Самай шашың ағарып селдіреген.

Жеткізе алмай өзіңді ұшпағыңа,
Ерік бердім кей кезде көз жасыма.
Сатылаған өмірдің қыл тізгінін,
Қала бердім жан анам ұстадым да.

Тізгін қолда шылбырды босатқанмын,
Кетеді сені ойласам ойнап қаным.
Өзірге жүріп келем ортасында,
Өсірген азды-көпті бала-шағам.

Анашым 100-ге жетті биыл жасың,
Қалайша айтпай оны жасырасың.
Сәл желпіген самал жел лебіндей,
Сенемін сен әрқашан қасымдасың.

ӨЗ-ӨЗІМДІ ҚАЙТАДАН ТЕРБЕТЕЙІН

Қайда кетіп барамын, қайда барам?
Жазылмастай болады жүйке жарам.
Көп ішінде білінбей өтемін ғой,
Жаза алмадым ашылмай ой мен санам.

Әйтеуір жабырқауым көп боп барады,
Әлсіздік пе бар денем от боп жанады.
Әлсіреген күйде мен отырамын,
Қалған бір балапандай бітпей қанат.

Ұша алмадым биікті ала алмадым,
Кетіп барады бойымда кей арманым.
Сезім деген сәл ғана оятады,
Шығара алмай санамнан қайта жабам.

Жабылды ма жолдарым жүрсем деген,
Кезім бар ма менінде күрсінбеген?
Жел қайығы өмірдің алып барады,
Сан аралдар қап барады көрсем деген.

Сырласың жоқ қасыңда, құрдасың жоқ,
Осылай өтер ме екем итжанды боп.
Қиял болған сәттерім қайда кетті,
Мазак қылды бойыма жақты да от.

Өз-өзімді қайтадан тербетейін,
Аз сөздерім соңыма қалсын кейін.
Сәл ғана сағынышты сылтау етіп,
Шіркін! Дәурен қайда деп әндетейін.

Басылайын осылай шерім шығып,
Бойыма әкетпейін оны тығып.
Сонда да кей кездері күрсінемін,
Сағыныштың білдірпей жасын сығып.

ӨКСІГІ ӨМІР ОСЫНДАЙ

«Тағдырың» сауыт киілген,
Шешілер жаның кеткенде.
Үлгерсең ойға батарсың,
Шегі бар өмір өткенге.

Шаң-тозаң басып қалғандай,
Өткенді аршып қазарсың.
Істерің қырын ойға кеп,
Мұң толы күйге батарсың.

Тіршілік өмір қарбалас,
Салды ғой небір белеске.
Соның бәрі айналды-ау,
Қол жетпес қиян елеске.

Қолыңнан келер күш бар ма?
Реттеп өткен қоятын.
Артықта кеткен істерді,
Көрместей ары жоятын.

Болмайды енді қозғауға,
Қала да берсін тасада.
Өзгеріп сауап іздейік,
Алқына іздеп асыға.

Қиындық түсер өмірде,
Кәріңе мейлі жасыңа.
Жамандық Алла бермесін,
Жаксыға мейлі қасыңа.

Бір тұтам өмір өлшемі,
Көрінер бізге ұзақ боп.
Ажалда жетер бір күні,
Ілінер мойын тұзақ боп.

Бір жұтым ауа зар болар,
Көзіңнен ағар ыстық жас.
Қалады қимас сол кезде,
Жинаған дүние мал мен бас.

Өксігі өмір осындай,
Алтын боп бізге көрінген.
Біз сұғып алған секілді,
Біреу кеп жанды жерімнен.

ӨЗ ОЙЫМ

Бүгінде 64-ке шықты жасым,
Маңайдан көрінбейді дұшпан-қасым.
Ержетіп немерелер өсіп келеді,
Сағынам көрінбесе алтын басым.

Зейнет жасы бұл күнде бізге жеткен,
Сапырлысқан жұмыс жоқ қайда кеткен?
Қора-қопсы маңайлап үйге қайтам,
Амандаса маңайдан өткен-кеткен.

Үй күшік боп қалдым ба енді қайттім?
Арасында жүруші ем қой мен шәйттің.
Составтан қалып қойған вагондайын,
Ары-бері тартамын енді қайттім.

Әйел бақсы кей сәтте жын оқыған,
Ойларымды қозғайын көп тоқыған.
Әй, дейтін әже де жоқ, қожа да жоқ,
Әрі-бері ойланып мен отырған.

Салынба сарыуайымға, қайран Секе!
Тыныштал, сабаңа түс, уайым шекпе.
Сан тарау ойлар жатыр жазылмаған,
Қалдырғын соның бәрін жария көпке.

Дұрыс деп мен өзімше мақұл көрдім,
Ойыма түйсігіме енді сендім.

Қалдырам мұра қылып мен артыма,
Қаламым мен өзіңе ерік бердім.

ЖАҢА ӨМІР, ЖАҢА ЗАМАН КЕЛГЕН МЫНАУ

Көз қырымен 60-тың жазам сырды,
Кір басса адам көңілі болар мұңлы.
Жадырап жүрейікші О, Жамағат,
Қиындық мұңыменен өмір құнды.

Бұл тірлік көсеу емес отқа салар,
Аяздай шымырлатып қарып алар.
Сағынарсың сонда да бұл өмірді,
Қайтесің қиналмашы болды жарар.

Мұң тұнар қабағыңа өткенді ойлап,
Алған жоқ бұл өмірді адам сайлап.
Шамадан тыс жүк артып керегі не,
Ауырлыққа жүйкеңді жүрме байлап.

Соғыста аштықты да көргеміз жоқ,
Тиген жоқ кеудеменен аяққа оқ.
Сонда да жабырқаймыз күліп жүрмей,
Артық ойды тасташы керегі жоқ.

Жаңа өмір, жаңа заман келген мынау,
Керек те шығар оны мүмкін қолдау.
«Нұрлы жол» болашаққа баста деген,
«Естілді елбасының үлкен жолдау».

Бүлінбей дараланды елім менің,
Сақталды шекарасы ел мен жердің.
Арманы болып еді ата-бабам,
Мұны да О, Құдірет көзбен көрдім.

Шымшықтай шырылдамай өмір сүргей,
Күшінді, білімінді сарқып бергей.
Зар болған осы күнге небір дүлділ,
Көз жұмды армандаған күнді көрмей.

АЛДАМШЫ ЕКЕН ШЫНЫМЕН

Алмаздай өмір мұқалған,
Жыл өтіп айлар мүжіген.
Басыңа түсіп қиын іс,
Әлсірер адам күшінен.

Алдамшы екен шынымен,
Мына өмір кейде сиықсыз.
Жаксы да жаман кетті ғой,
Оларды қалай қиыппыз.

Тапталып бір сәт жанымыз,
Езіліп кейде кетеміз.
Осылай болса мына өмір,
Өксумен, сірә өтерміз.

Кеудені әлсіз сүйретіп,
Апарып қайда саламыз.
Алладан сұрап жақсылық,
Шынымен қайда барамыз.

Көңілсіз күндер нәрі жоқ,
Тағамдай бойға сіңбейді.
Шырқыраған мына жан,
Құлдық-ау нені іздейді.

Сыңары кеткен інгендей,
Сұңқылдап қайда барады?
Мөлшерлей алмай келеді,
Алыс па жақын араны.

Қайтарар оны жан бар ма?
Қайыра әкеп қосатын.
Шынында, жалған өмірің,
Әлсізде әлжуаз осал тым.

Мауқын бассын жіберші,
Сыртынан бірақ бақыла.
Оралар басып өксігін,
Түсірер өзін ақылға.

Шым-шытырық ойлары,
Жарамсыз болып қала ма?
Жұбатар өзін әйтеуір,
Бермеген түйсік санаға.

05.10.2015 жыл

АНАМА. СЫЗДАТҚАН СЕЗІМ САҒЫНЫШ

27

Сіркіреп күздің жаңбыры,
Кеткені көңіл жабырқап.
Отырмын сені анашым,
Көңілсіз күйде еске алып.

Сағынған жүрек сыздайды,
Балалық сезім жетелеп.
Ойламай менде жүріппін,
Осылай заман өтер деп.

Қым-қуыт өмір бой бермей,
Жылдарды артқа тастадым.
Езіліп кейде кетемін,
Шырқырап шыбын бұл жаным.

Келінің кетті сен жаққа,
Қызыма мұңды шағып-ем.

Таба алмай кетті әйтеуір,
Дертіне шипа ешбір ем.

Шарасыз қалған ұлыңа,
Қалайша басу айтасың.
Тұрмайды екен мына өмір,
Ұзақ та ешбір баста шын.

Алдамшы екен шынымен,
Көзім бір жетті жаңадан.
Таба алмай жүрмін әйтеуір,
Сендерді іздеп маңайдан.

Мүк басқан «қабір» үңгірде,
Мүбәрак денең бүлінген.
Суық бір сезім қариды,
Ойласам сондай күнді мен.

Сыздатқан сезім сағыныш,
Балаңа қалам алдырды.
Жазардай болып көрінді,
Іштегі мұнды бар сырды.

64 жастан асқанда,
Басыма түсті қиындық.
Жіберердей боп тұрмын,
Маңайды дүлей құйын ғып.

Ондай күш менде жоқ қой тым,
Сезімім алас ұрғаны.
Торғайдай болып кетемін,
Қамалған жіпсіз тордағы.

Жұбатам қалай өзімді,
Сорғалап көзге жас тұнған.
Біртіндеп бір күн кетерміз,
Жұбаныш таппай артыңнан.

Аз күндік өмір быксығы,
Күнәға бізді батырған.
Хат жазып сірә жатырмын,
Оқымасаңда артыңнан.

Білмейсің анам бойымда,
Қорқыттың қобыз үні бар.
Қысқа да болса бұл өмір,
Сезілген дәмі шекер бал.

Мұңлылау болған сөзімді,
Жазуға менің құқым бар.
Қорықсаңдар бұл өлімнен,
Үйінде бұғып жатыңдар.

Шөберен оқып қалада,
Дерттерге шипа бермекші.
Үзілмесін мына өмір,
Торындай әлсіз өрмекші.

Түсіріп менде көрейін,
Өзімді-өзім сабаға.
Өлшеулі мына өмірде,
Бар шығар маған сыбаға.

Бұйырған өмір әткеншек,
Тербеліп біраз көрейін.
Артыма тұнық жыр тастап,
Кітап қып менде кетейін.

Мұңайдым анам өзіңе,
Естір деп мұңын балаңның.
Таусылмас сірә айтудан,
Мұңы мен тілегі адамның.

Сезіп те тұрсаң анашым,
Балаңның шерткен мұң сөзін.
Суалмасын ешқашан,
Бойында адам бұл сезім.

Күз түссе түсер жапырақ,
Көктем кеп қайта жаңарар.
Адамнан түскен жапырақ,
Қалайша көктеп жаңарар.

Бұл өмір кейде күз екен,
Құлазып көңіл жүдеген.
Айтып айтпа не керек,
Өмірден күдер үзбе дем.

Артымда ұрпақ жасыма,
Күдерін үзді «атам» деп.
Солқылдақ мінез көрсетем,
Ойымды жаймен айтам деп.

01.11.2015 жыл

БАЛАЛЫҚ ТҮНҒАН ӨМІР-АЙ!

Жыр шығар байқап отырсаң,
Жасыңа қарай түзіліп.
Мағынасы, мәні де,
Тұрады екен сезіліп.

Арттағы өткен өмірім,
Жастығым қалды жазылмай.
Уақыт жалмап кеткендей,
Жазылар реті табылмай.

Балалығым өтті ғой,
Дәл мұндай емес сүреңсіз.

Әрқашан болып тұрғандай,
Лебіндей жайсыз күрең күз.

Сонда да маған көрікті ең,
Аласа тамдар ретсіз.
Асыр сап мұңсыз ойнаушы ек,
Болмаушы ед ешбір артық сөз.

Балалық тұнған өмір-ай!
Өзіңе мені тартасың.
Сол дәурен өзі ерекше,
Еске алып кейде жатасың.

«Нарынға» түсіп шомылдық,
Айқайсыз одан шықпайсың.
Балалар жүр ғой қатарың,
Соларды сірә қимайсың.

Денеңді сорып құм мен су,
Ақ кемік болып қаламыз.
Қызығы өмір сол шығар,
Жайлауға кетіп жағамыз.

Мұңсыздық шіркін ғажап ең!
Әке-анаң барда еш қам жоқ.
Салыстырып мына заманмен,
Шынында ойлап отқам жоқ.

Әр заман өзі реті,
Тиесі бізге сол шығар.
Әке-анам қазір жанда жоқ,
Болған ед маған қос шынар.

Түспейді еске кей сәттер,
Ұмыт боп қиял қалды ғой.
Осының өзі елітті,
Шынында сол сәт қызық қой.

Есіме түспей кей жағдай,
Ұмыт боп бәрі қалды ғой.
Сол кезге қиял жете алмай,
Отыр ғой мына жаймен ой.

Бір сәтке көңілім сергіді,
Жастығым түсіп есіме.
Ұмытпай менде отырмын,
Өткенді өмір кешегі.

Балалық қайран жастығым,
Өкіне берме қайтесің.
Сағымдай болған өмірім,
Бір күні бастан өтерсің.

07.11.2015 жыл

ШЫМШЫЛАП ОЙЛАР МАЗАЛАР

Сыр сандық көңіл сен неге,
Ашылмай тұрсың қарысып?
Себелеп жатыр тамшылар,
Бірімен-бірі жарысып.

Хабарын алып келдің бе?
Жанымнан кеткен жақынның.
Жете алмай сенде жеттің бе?
Күзіңнің алып салқынын.

Сенде де тамшы дәрмен жоқ,
Жақыннан жауып тұрсың ғой.
Еліткен сыбдыр дыбысқа,
Селт еткен менің көңілім ғой.

Ойласам болды өлгенді,
Ағыл-тегіл сел болам.
Жете алмай сезім түбіне,
Жауыннан тамшы көл болам.

Малтыпта жүрмін сол суда,
Таба алмай арал қамысын.
Әйтеуір шықтым жағаға,
Жібермей еркек намысым.

Сорғалар сулар үстімнен,
Малмандай жаңа су болғам.
Сірә де ешкім бермейді,
Жақсысын қиып ол қолдан.

Сорығар суы киімнің,
Жаңасын қайта киіндім.
Өзімді-өзім жұбатам,
Келмейді өмірге кейігім.

Шымшылап ойлар мазалар,
Мазак қып мына пендесін.
Еске алып менде жатырмын,
Тірі боп өмір жүргесін.

Қиялым басыл осылай,
Өмірдің жібі қолда жоқ.
Барып та келіп келмеске,
Сірә де ешкім келген жоқ.

19.11.2015 жыл

ДАРИЯ КӨҢІЛ ӨМІР-АЙ!

Дария көңіл өмір-ай!
Жағанда қалдым жайындай.
Берілген маған есімім,
Жария көпке жайылмай.

Қағажау кеттім өмірден,
Кешіпте жүзіп жүрмедім.
Байлық па әлде мансаппа,
Оны да ұстап көрмедім.

Сыбдырдан қашқан қояндай,
Тасада өмір сүрдім мен.
Осығанда-оу тағдырым,
Иіліп басың көндің сен.

Жәрмеңке өмір базарын,
Ішінде жүрмін аралап.
Өмірден мынау өткен соң,
Жүрмеңдер мені қаралап.

Қаңқу сөз сірә шаншудай,
Жаныңа маза бермейді.
Жақсы ма әлде жаман ба?
Ажыратып ешкім бермейді.

Ұлан қыр шөлі қысқандай,
Таңдайым кепті шөліркеп.
Аталас тума-туыстар,
Қойсаңдар болды есіркеп.

Есіркеу сөзі жұбаныш,
Артынан айтсаң тым кештеу.
Ерліктің нағыз ерлігі,
Көз жасты сірә көрсетпеу.

СӨЗІМНІҢ БАР МА ҚОСПАСЫ

Қым-қуыт мына өмірде,
Жалғыздық неткен қиын ең.
Жасымда біраз әңгіме,
Санама түйсік жиып ем.

Біразы қалды ұмыт боп,
Жаза алмай қазір отырмын.
Болсын деп әркез тілейсің,
Сәнбеуін жаққан отыңның.

Данышпан емес, дана емес,
Көптің де мен де бірімін.
Бұйығы өскен сәтім көп,
Негізі содан көремін.

Шашырап ойым кеткенде,
Көңілсіз күйге енемін.
Барымды бойда әйтеуір,
Түрткілеп жазып келемін.

«Ұрпағым бірде оқырсың»,
Осы атам нені жазды деп.
Ұмыт болмасын деп жатырмын,
Ойымды жаздым азды-көп.

Басына түспей қиындық,
Әркім-ақ дүлей күш болар.
Күтпеген бір күн күз келіп,
Солмастай болған гүл солар.

Қадірін өмір түсінбес,
Басына келмей күйзеліс.
Айналайын балалар,
Жасандар әркез түзу іс.

Бұл ақыл сүзгі бастағы,
Жиылып дана боласың.
Байқапта отсаң ұрпағым,
Үлкенде бала болған шын.

Желдірткен көңілім аялдап,
Сәл ғана енді тоқташы?
Тексеріп бір қояйын,
Сөзімнің барма қоспасы.

29.11.2015 жыл.

ӘКЕМ САБЫР ӨЗІМДЕ МАЗА БОЛМАЙ

Бұл өзі қиын екен өмір қатал,
Бақыткүлден айрылдым жүрген қатар.
Қаңқу сөзі әлі де құлағымда,
Кездерім бар менің де ойға батар.

Төрт ай болды көрінбей кеттің алыс,
Айналды жан дүнием атыс-шабыс.
Кескілескен соғысқа кіргендеймін,
Өмірім айналғаны зор арпалыс.

Көресіні осылай көреді екем,
Бірікпей ойларым жүр өзі көркем.
Қыста келіп мазаны алады ғой,
Қайтадан оралар ма тағы көктем.

Жылынғанмен ойым мен көңіл күпті,
Өз-өзімді қалайша қолға аламын?
Айналайын қисынсыз ойларым-ау,
Қамажаулап ортаға ап қаумаладың.

Сары тап, сарыуайым, сала берме,
Тірі адам кіре алмайды көрге бірге.

Анау-мынау жоқтадым деп жүргенде,
Бұл өмір өте шығар қазір демде.

Сусылдақ құмдай болған жалған өмір,
Суырсың барып, барыш сенде көңіл.
Пәтуәсіз тіршілік қамын жеген,
Сөнген шоқтай ойларым болар көмір.

Жете алмай ой түбіне мазамды алған,
Жас емеспін іздейтін қиялдардан.
Ойымды жеткізе алмай отырмын ғой,
Шатасып бір-бірімен тарамдалған.

Таң атса, кеш батады неткен сұмдық,
Ішіне сүңгіп жүрмін сансыз қорлық.
Құтқаршы Жаратушы Жаппар ием,
Үгітіп жібермегін мені бор ғып.

Әкем Сабыр өзімде маза болмай,
Жаратушым жүргейсің өзің қорғай.
Ақырзаман басыма түскен жоқ қой,
Бақыткүлді өтермін ойлай-ойлай.

06.12.2015 жыл

ТОҚТАМАЙДЫ ДҮНИЕ ШЫР АЙНАЛҒАН

Айтпасыма болмайды айтпасыма,
Сүйіктім жоқ сеземін дәл қасымда.
Алатаудай басымды бұлт торлайды,
Жетіп жатыр небір-ой бір басымда.

Тұралаған бұлттарым тауға соғып,
Жел аңғардан соғады иін қолтық.
Ыдыраған бұлттардан күн сығалар,
Сәулелері шашырай жерге соғып.

Мұңға тұнды бұл пенде аласұра,
Дірілдеген күй шертер ұйып мұңға.
Қосылатын күндері болады ғой,
Патшаның да, пақыр да, нала мұңға.

Өлім деген жайратар атқан октай,
Әрқашанда пендеге кетпес соқпай.
Дәл сол сәт айналып жеткенінде,
Қаларма ед бірер секунд «дүние» тоқтай.

Тоқтамайды дүние шыр айналған,
Сондықтан айтылған ғой дүние жалған.
Бірі мінсе айналған «дүниеге»,
Екіншісі айналып түсіп қалған.

Міне алмайды түскені қалар солай,
Дүниедегі дәл соны жүрер ойлай.
Шынымен мына дүние сынақ екен,
Мойында-мойындама, міне солай.

Аһ ұрған! Бірен-саран тұра тұрар,
Қалайша алып «дүние» қалай құлар.
Алла берген бойында дарын болса,
Сел болып ақынжанды өлең құрар.

08.12.2015 жыл

ЕСІМЕ ТҮСІРЕМІН ЖОЛБАРЫСЫН

Әркім-ақ жырлайды ғой туған жерін,
Теңейді сан құбылтып неткен керім.
Менінде туған жерім өзіме ыстық,
Құм төбе, қырат-қырат жота белім.

Қырандай самғап ұштым көрейін деп,
Сусылдап бауыр жүнім самалды өп.

Қалайша тым биікке ұша аламын,
Қалып ед біраз жасқа жасымда кеп.

Қанатым сусылдайды желге қарсы,
Көтерілдім еріксіз амал қайсы.
Тым биіктен көрінді ғажап болып,
Көлі де, өзені де сай-саласы.

Іле бойлап ұшам ба әлде қырмен?
Оралармын қайтадан бітсе дәрмен.
Тым биіктеп кеттім бе төмендедім,
Көрейін деп тамсана жақын жерден.

Өзенім саяздалған көлі шалаң,
Біраз жыл тасып едің толып арнаң.
Табиғат құбылады осылайша,
Осыған кей кездері болам алаң.

Қаптаған жиде басып сай-саласын,
Осыған кейде өзінде таңғаласың.
Паналап жүрген шығар ну ішінде,
Ұя сап қырғауылың, аң мен құсың.

Бала кезде үйректер ұшпайтұғын,
Ығысып бергі беттен-арғы бетке.
Таң болам сол бір сәттер ойға түссе,
Жан жоқ қой бұл сөзімді құптайтұғын.

Қыс

Сарқамыс ұя басқан ондатры,
Екі аяқты пенденің жетер қолы.
Жауыздыққа салынып кетті білем,
Не сұмдық ойлап тапты адам ойы.

Істегін бір бүйірден қадай соққан,
Сол кезде істік басы діріл қаққан.

Қопарып ұя аузын жаппай кеткен,
Суықтан сол ұяның аузы қатқан.

О, Тоба! Жауыздығы неткен сұмдық,
Аңғада қысым түсті бұл бір қорлық.
Секем ала ондатр сүңгіп кетті,
Іздеді су астынан келесі ойық.

О да қатқан тас болып суықпенен,
Жабылды ізі артында жаңа келген.
Су астында кездесті сыңарымен,
Демі бітіп зорығып о да өлген.

Жалғасқан қатар ұя бір-бірімен,
Шықты ғой бір ұядан бітерде дем.
Тынысын әрең алып діріл қағады,
Тар боп тұр ғой ұясы салынған кең.

Жанталасқан өмір-ай аңда болса,
Әр ұяны қопарып қақпан салса.
Қанағат жоқ сезе алсаң бұл адамда,
Бірі өліп, тірісін ұрып алса.

Көңілсіз күйді кештім айтары жоқ,
Көргенде осы істерге налада боп.
Токтатыңдар! Ей, пенде, тоқтатыңдар!
Болмайды бұл істерің болмайды жоқ.

Оралдым мен қайтадан тұғырыма,
Осындай көрініске болып нала.
Көк аспанды шарлаймын несіне мен,
Тосын іске осылай болдым нала.

Теңізге, Атырауға бара алмадым,
Келеңсіз бұл істерге ойнап қаным.

Не сойқан болып жатыр ойласаңыз,
Сойылып жатқан шығар қырда аңыз.

Көрмей-ақ қайтып келдім тым алысты,
Осындай келеңсіздік жанбағысты.
Қайтадан жіберсе екен ну қамысқа,
Баяғы жоқ боп кеткен жолбарысты.

27.12.2015 жыл

МЕШІН ЖЫЛЫ

Қамшылаймын өзімді аруақтай,
Сөз құраймын құр үйде қарап жатпай.
Шымшылаған ойларым тығылады,
Қалбалаңдап іздеймін оны таппай.

Сезім деген найзағай жарқылындай,
Сондықтан отырамын ұстай алмай.
Тәңірге шүкіршілік деп қоямын,
Ауыр ойдан сонда да арыла алмай.

Шым-шытырық ойларым кетеді тозып,
Сол кездері кетеді жыным қозып.
Ойпырм-ай сыпырамын ойымменен,
Сөз шығар деп тым берік қаққан қазық.

Өмірде қазақпыз ғой шыныменен,
Ата-баба қалдырған белгі қылып.
Сол сәтте өз-өзіме болам ырза,
Шүкір деп аз ісіме жүрек жылып.

Жүрек жылиды, әрине сезімменен,
Мына өмір бебеу қағып безілдеген.
Зымырап мына өмір өтіп жатыр,
Кейде аласа, кейде биік кезеңімен.

Әр жылың менің асқан кезеңім бе?
Қыжылы басылмаған өзегімде.
Запырандай тым ащы тұрып алады,
Жазылар сан ойларым кезегінде.

Кезегін тосамын ба қоздыра алмай,
Өзімді тағы қысып жазғыра алмай.
Жаңа жыл тағы жетті жыл айналып,
Әлекке сап тойлаудың азабындай.

Жыл өтті қиындығын бүркей жауып,
Сонда да сығалайды ебін тауып.
Көшкен бұлтқа ұқсайды мына өмір,
Жел соқса арлы-берлі жүрген ауып.

Қобыздың үні кетіп зары қалған,
Сонда да отырмын ғой қалам алып.
Тәтті үміттер жетектеп кетеді кейде,
Сағындырған сезімдер жанына алып.

3-4.01.2016 жыл

ӨМІРДІҢ ТІРЕЛДІМ БЕ ӨТКЕЛІНЕ

Піспей тұр ма ойларым қайнап әлі,
Жас келген соң кашады ойдың сәні.
Бұлқынамын өзімді зорлағандай,
Шығатындай жақсы ойлар әне-міне.

Басын қосам осынша жазғанымды,
Түсінер ағайындар талғамымды.
Ішінен үзіп-жұлқып оқиды ғой,
Аққағазға жазылған арманымды.

Ұлы емеспін, жай ғана пенде құлмын,
Арасында «тірлік көші» менде жүрдім.

Бір күндері жоқ болып кетеміз ғой!
Жетегінде жүрмін бе ауыр ойдың?

Ауысқандай киноның кейіпкері,
Ойымды жазсам маған айып па еді.
Образын таппаймын топ ішінен,
Өзім ғой, сценарий кейіпкері.

Зулаған көз алдымда өмір ағым,
Қуғандай секілдімін бұлдыр сағым.
Сөйлеуші едім кей кездер тоқтау бермей,
Қасарысып тұрғаны тіл мен жағым.

Санам жетпей әлсіреп барамын ба?
Өшеді жазылмаса арманымда.
Тірелдім білсеңіздер ағайындар!
Мына пенде шынымен қармануда.

Дастан емес, ойларым түнек болды,
Ата-бабам жау шапты жинап қолды.
Ойым шықса сәтімен қуанамын,
Ой, бәрекелді, мінеки, ғажап болды!

Сол ғажабым жетелеп арман қуам,
Мың толғанып бір жырды менде туам.
Сабалаған қанаттан су тамшылап,
Қанат жая қия тас тауға қонам.

Сәл ойларым жетелер өткеніме,
Өмірдің тірелдім бе өткеліне?
Мысқалдай болса-дағы сол арманға,
Осылай құр сұлдерім жетемін бе?

09.01.2016 жыл

ҚАЛМАСЫН ЖЫРЫМ КӨҢІЛІҢ

Қаңтарда жырым шығып ед,
Ақтүтек жауар қардай боп.
Ойланып тағы отырмын,
Әйтеуір менде маза жоқ.

Толғағы қысқан әйелдей,
Сай-сүйек кетеді сырқырап.
Поэма, жырлар шықпай тұр,
Ақпандай түтек бұрқырап.

Себебін таппай тұрмын ғой,
Шығатын жырды толғанып.
Сондықтан маза бермеймін,
Өзімді-өзім қолға алып.

Жазсам деп небір ғаламат,
Сезімге еріп сүңгимін.
Жазылса жырым ойға алған,
Бұлттан шыққан күндеймін.

Қаңтарда небір оқиға,
Басымнан өтті байқасам.
Сондықтан болар әйтеуір,
Өлең-жыр іздеп айқасам.

Самылтыр ойым шырпыдай,
Тұтанып кетсе болғаны.
Қуаныш-реніш бар мұнда,
Айналып мені торлады.

Торлаған ойлар әйтеуір,
Қағазға түссе жайланам.
Тыныш бір өмір кешуде,
Маңайым менің айналам.

Талпынып менде жатырмын,
Бітсін деп ісім ойға алған.
Әйтеуір ілбіп келемін,
Шыққандай саяз қайраннан.

Талпынған жетер мұратқа,
Осылай боп тұр өмірім.
Шамамша жазып кетермін,
Қалмасын жырым көңілің.

10.01.2016 жыл

Сезіммен ойнап қайтемін,
Серігім болған мұңдасым.
Сергелдең ойға батамын,
Салмағы ауыр қорғасын.

Салмағы ауыр жырларым,
Көңілдің жайын шертеді.
Жаза алмай қалсам, әрине
Өзекті қыжыл өртейді.

Лирикаң жоқ деп айтады,
Туыспен кейбір бауырлар.
Сол сазды таппай отырмын,
Орайы келсе жазылар.

Қыпша бел, ару-сұлулар,
Жырымда жоқсың жазылмай.
Күндерді өткен жазам ба?
Шымшылап жүрген мазалай.

Жасыма қазір ерсілеу,
Көрінер менің қылығым.

Жайменен өріп көрейін,
Токпақтай сұлу бұрымын.

Сендерге теңеу табам мен,
Ертегі батыр жырындай.
Мүшелерің теңелген,
Ерке сылқым құлынтай.

Елітіп жаным балқыған,
Сұлуға мүсін қарасам.
Өзіңнен ұзап кете алмас,
Дүниеде ерлер жаралған.

Сұлулық теңеу келтірген,
Мүсіндеп аппақ қағазға.
Түсіргенде өзіңсің,
Ойнаған қанын сабаға.

Хауа боп алғаш жаралдың,
Адамның болған серігі.
Басылмас сірә ерлердің,
Сендерге деген желігі.

12.01.2016 жыл

Д.ҚОНАЕВ 104 ЖАСТА

Бұрымдай болған Ілем-ау,
Балқашқа барып қосылдың.
Сан жақсы өтті бойыңнан,
Еске алып бүгін отырмын.

Димекен, келіп кетуші ед,
Атамның ізі қалған деп.
Сол кезде баяу соғушы ед,
Еркелей желпіп самал кеп.

Желінде сені сағынды,
Тұратын сипай еркелеп.
Жарқырай шықса күн сонда,
Қалқалаушы еді бұлт келіп.

Ертегі сондай өмір-ай!
Жайнады сонда «қамауым».
Дәл бүгін туған күні ғой,
Болмайды еске алмауым.

Данышпан да ұлы едің,
Жаһанға атың жайылған.
Соның бәрін жинадың,
Түпсізде терең ғылымнан.

Атақты алдың нешеме,
Сонда да жүрдің пақырдай.
Санаулы мына өмірде,
Дүние-мүлік жинамай.

Сұрауы бар деп ойладың,
Байлықты бітсе бойыңа.
Халқыңмен болдың әрқашан,
Солардың қамы ойыңда.

Ғасырда туар ер едің,
Тұлғаңа мінез жарасқан.
Қайта айналып келмессің,
Сағынды елің, нұрлы аспан.

Өзіңді алдым есіме,
Ақ түтек жауды қар бүгін.
Айналдым дара тұлғадан,
Ойлаған халық бірлігін.

ОЙ ТОЛҒАУ

Тілімнің шеше алам ба мен байлауын,
Мына өмір байқайсың ба жыр қайнауын.
Шынында басқа жаққа кеттім мүлде,
Аралап мен жүрмін ғой бір қойнауын.

Басқа жаққа кеттім бе дара шауып?
Қайтайын кейін қарай болар қауып.
Мінгенім астымдағы жыр пырағым,
Алып өт мына жерден жолын тауып.

Ақындық ауыр екен ойға батсаң.
Тұрғандай тұла бойда етсіз қаңқаң.
Өз ойыңды батырып мың қайғыға,
Айналдырып жүргендей небір сайтан.

Сан құбылған өмір-ай алабұртқан,
Айнымаймыз осы біз ала бұлттан.
Жаңа ғана күн шығып тұрған сәтте,
Айналамыз дүние қарауытқан.

Төндіреміз мезгілсіз қайғыны әкеп,
Болмайды құтылайын болар жетеді.
Әр нәрседен жақсылық іздейінші,
Мәпелейін қорқытпай қасына кеп.

Томсырайма өмір-ай қырын қарап,
Мен өзімді жүрмін ғой ақын балап.
Енді өзімді орнына қояйыншы,
Берейін жаңа жоспар, жаңа талап.

Осылай ақын болсаң құбыласың,
Таппағандай иманның құбыласын.
Тауып алып ашпайын диюлардың,
Тастап кеткен бекіткен құмырасын.

Сол баяғы қалпымнан ауытқымай,
Көрейін өмірімді олай-бұлай.
Қиындықты бойымнан қуайыншы,
Сақтағын сан пәледен сақта Құдай

Осындай сағым ойдан шықтым менде,
Барады ұясына батып күнде.
Осылай таң атырып, кеш батқызам,
Бұлыңғыр сағымдармен ой ішінде.

13.01.2016 жыл

ӨЙТКЕНІ ОЛ СЫҢАРЫҢ ҚИМАС ЖАТҚА

Жырлай берем сұлуды, жырлай берем,
Өйткені мен оларды күнде көрем.
Бірі жас, бірі балғын, бірі жұмыр,
Сонда да көрікті ғой балғын денең.

Сусыған жібектейін асыл мата,
Сүйеніші болғансың ердің арка.
Көңілденсе ол үйде бәйек болып,
Күйге енеді жан дүниең арка-жарқа.

Осындай сұлулар жүр әр үйлерде,
Немесе жырға айналып әсем әнде.
Әй, ерлер жалықпандар деп айтамын,
Құнында түсірмеңдер оны үйде.

Іздейсің бір күндері мұңға батып,
Іше алмай өз үйіңнен көже-қатық.
Алатын дүние емес дүкеніңнен,
Күнделікті асыңдай алар сатып.

Айырылсаң, ол кетер жырға айналып,
Келмейді мүлде саған қайта айналып.

Әйел жүрсе үйінде жаймен басып,
Сол үйің кете берер баққа айналып.

Айналдырма басыңды бөтен жаққа,
Отырардай дәл сонда алтын таққа.
Отыра алмай қаларсың тайғанақтап,
Өйткені сенің орның осы жақта.

Бала-шаға әкелген әйел заты,
Болса да қылығы көп небір аты.
Түзетем деп ойлама еш уақытта,
Қабырғадан жаралған әйел заты.

Өз қабырғаң өзіңе батар кейде,
Жұмсақтау киіп алғын қалың жейде.
Жаратылыс құбылар әйелдермен,
Сақтайық сонда-дағы осы күйде.

Күйің келсе жырларсың аспандатып,
Өйткені ол сыңарың кимас жатқа.
Дәл сондай бола алмайды сақтаныңдар!
Бірінші әйеліндей еш уақытта.

14.01.2016 жыл

ЖҮРІҢДЕР, БАУЫРЛАРЫМ, АМАН БОЛЫП

Інілер бар ауылда, әр ауылда,
Белгілі, белгісізі сол қауымға.
Бәрі де тіршіліктің қамын кешкен,
Қарамай ауа райы, жел-дауылға.

Бұйығы тірлік кешіп жатыр кейі,
Ешкімде болмай ешбір әй мен шәйі.
Осылай тарап біздер кетеміз бе?
Жолықтырмай тұрғандай өмір тегі.



Суынамыз, осылай суынамыз,
Аздаған нәпақаға қуанамыз.
Салғырттықтың сазайын тартамыз-ау,
Бір мезгіл туыс жаққа қарасаңыз.

Жарылқап бере алмайды бірге біреу,
Сан сылтауды айтамыз көпе-көрнеу.
Өз-өзінді бір сәтке түгендегін,
Қимастықтың белгісі туысты ойлау.

Айналайын! Бауырлар аталасым,
Қашанда туыстығың сарқылмасын.
Бала-шаға өсірген дұрыста ғой,
Сол балаң алмастайын жарқылдасын.

Ешкімде бере алмайды дайын асын,
Үйіне қонақ болып бармағасын.
Бұрынғы қариялар көрінбейді,
Сөзі де, ойлары да салмағы алтын.

Сонда да барымызбен базарлайық,
Сыйласу шүкіршілік осы лайық.
Несі бар анда-санда ебін тауып,
Жан-жақтан қауқылдасып қосылайық.

Ойлар көп жанар таудай атқылаған,
Қадірі болмайды сөз тыңдалмаған.
Сендерді сырттарыңнан мият тұтам,
Сөздерім көп қой менің айтылмаған.

Жүріндер, бауырларым, аман болып,
Ренжімес келіндер кетсең қонып.
Әрқашанда сендерді еске аламын,
Қарайлап кеп қалар деп жолды торып.



ӨТКЕНІМЕ САЯХАТ

Мен осы кім едім, қандай болғам?
Әрине, іңгәладым бала болғам.
Сол кезде әке-анам болған қорған,
Бар ана туа-тұғын ылғи оннан.

Батыр ма сол кездердің аналары,
Қазірде сол балалар қара орманы.
Менде жүрдім солардың бірі болып,
Дәл қазір жаздым жырды ойымдағы.

Сері емес, жай ғана бұйығы өстім,
Ішінде белгісіз боп қалың көптің.
Сол кездің көргендерін менде көрдім,
Арасында сол баяғы бар мен жоқтың.

От жағып анам үйді жылытатын,
Келгем жоқ бұл дүниеге осы қалпым.
Таба нанды пісіріп шұжық салып,
Ала ғой деп анашым ұсынатын.

«Шақпақ қантты» ұрғылап қолмен шағып,
Сол сәтті отырамын көзбен бағып.
Нәсібемді беретін дәл қолыма,
Түсірердей аламын оны қағып.

Тәттіге де құмарттым айтары жоқ,
Бәрібір жүрдік біздер қарнымыз тоқ.
Аналардың арқасы деп білемін,
Әйтеуір бала мінез қайғымыз жоқ.

Ол кезде еденіміз қара жерде,
Оны да сылап қояды сумен лезде.
Қолымен тігуші еді шақтап бойға,
Шытыңнан пішіп алып дамбал-жейде.



Сән қуалап жүретін заман қайда,
Бұтың бүтін болғаны бұл да пайда.
«Монша» деген пәлені біз білмедік,
Әйтеуір шомылтатын анда-санда.

Осылай балалықтың таттық балын,
Сағынамын сол кездің кемпір-шалын.
Тек, десе де басыңнан сипаушы еді,
Отыратын осы ғой деп осы барым!

Сол бары біздер міне артта қалған,
Дүние зымырайды қайран жалған.
Өздері тым алыста қалып қойды,
Нарынның жағасында, қалың «қорған».

Еске аламын кей сәттер балалықты,
Сәттерімді еркелеу сәл қылықты.
Әке-ана барша бауыр-туыстарым,
Ойлай көрме бұл бала бізді ұмытты.

Ұмытқам жоқ әр кезде дұғамдасың,
Елестетем сендерді жоғалғасын.
Бүгін, міне еске алып жатырмын мен,
Сөздерім өлең болып құралғасын.

Осылай жоғалмайық барша пенде,
Ойлаймын жоқ болғанды менде кейде.
Артымыз кейіндері не болады?
Болады О, Қүдірет! Қандай күйде.

Балалықтан ауыстым осы заман,
Қазірде дүние мол болып, толған.
Сол байлықтың арқасы кердеңдейміз,
Айналады басыңыз күнде тойдан.

Барымызды шашамыз той мен асқа,
Білмеймін бұдан басқа жұмыс жоқ па.
Небір жастар жұмыссыз сенделеді,
Шынымен, О,Тәңір-ау жұмыс жоқ па.

Ұқсата алмай жүрміз ғой кара жерді,
Себе алсаң бар байлық дәнін берді.
Су ағып іргемізде жатыр Іле,
Сол суды да атызға алып келді.

Құр себеді тұқымды, қайтарым жоқ,
Бұған ешкім жүрген жоқ алаңда боп.
Осыншама қаперсіз болып алдық,
Жақсылыққа апармас айтары жоқ.

Бір сілтейсің қолыңды енді қайттім,
Аражігін көпшілік ажыратсын.
Ауызбірлік кетті ме деп ойлаймын,
Сасқалақтап қалдым-ау енді қайттім.

Бірді айтып, бірге кетті ой мен сана,
Жаңа ғана болып ем жаңа бала.
Түйсік берсін әр пенде баршаңызға,
Жасауда керек шығар амал-айла.

Сол амалың жеткізер зейнетіңе,
Адамға тәтті нәрсе бейнеті де.
Жұбайларын жұмысқа шығарып сап,
Келіндер бала бағып отса үйде.

Бәріде қиял болып кетті бірақ,
Осыны ойлаймын ғой ой мен шырақ.
Терің ақса мандайда ырысың ғой,
Жүрсе екен осы жұртым болмай олақ.

Олақтығың шынымен жалқаулығың,
Үкімет қолға алсын, болсын мығым.
Әйтеуір басымыздан арылмады,
Қаптаған кредиттер өңшең шығын.

Бұрынғылар білсеңіз ақша алмаған,
Ақша ұстап қолына таңғалмаған.
Мал бағып, егінінде салды сонда,
Сонда да кездері жоқ артта қалған.

Коммерсант боп алдаймыз, бірді біреу,
Қиындықта бола алмай ешбір сүйеу.
Өз туысың өзіңе ақырады,
Мінеки, білсеңіздер осы күйреу.

Балалықтың ен соңы күйреу болса,
Ойлашы сен бағасын жаймен ойша.
Болмайды жалықтырма ей, бейнетім,
Маңыармыз пәтшағар бізде қойша.

Түтілер осылайша ойың жүндей,
Сыйласындар ағайын сырттан күлмей.
Шынында қазағымда мәтел бар ғой,
«Сынамасаң кетер деп мін түзелмей».

Түзетейік баланы-шағаны да,
Көбейсе малды біреу бағады да.
Айт, айтпа айналайын қазағым-ау,
Бәрі де біле білсек өз қолыңда.

19.01.2016 жыл

ОСЫЛАЙ БАСТАН КӨШЕДІ

Не бір қилы заманды,
Адамзат бастан өткердің.
Алапат тұман басқандай,
Көрінбейді менің өткенім.

Жабылып қалды есіктер,
Қайсында оның бақыт бар.
Самайдан ағып ащы тер,
Өзекті өртей ашытар.

Бұл адам жүрген бейнет қой,
Өзіне маза бермеген.
Бойымда дүлей күште бар,
Санамда бірақ жерленген.

Содан да болар әйтеуір,
Мазасыз күйді кешемін.
Сан сұрақ қылып баршасын,
Шұбыртып артқа ертемін.

Тыныштық бермей санаға,
Осылай біздер улаймыз.
Қосыла қалса басымыз,
Бейберекет шулаймыз.

Даңғаза өмір осылай,
Улайды миды шіріте.
Құлқында болмай қалады,
Бітіретұғын сан іске.

Қашады осылай күйіміз,
Арнаға түспей қалыпты.
Бірікпей басы ер-әйел,
Бірінен бірі жалықты.

«Фери» мен жуған ыдыстай,
Сыртымыз солай жылтырақ.
Бәрі бір ойың бітпейді,
Көкейде жатыр сан сұрақ.

Табам деп жауап әлек боп,
Өмірің жаймен өтеді.
Тербелген қайран өмір-ай!
Бір күні бастан көшеді.

27.01.2016 жыл.

ЖҰМА

Айналдырып алдыма мені шайтан?
Ұрпағыма ақылды қалай айтам?
Шыныменен бағынбай барамыз ғой,
Кешірші дұғамменен қорға Аллам.

Семірді шайтан біткен мес қарындай,
Бисмилла! Тауба сөзі ол айтылмай.
Сенімсіздік орнады санамызға,
Өмір сүріп жатырмыз еш ойланбай.

Қапысыз қалтарыста қалдық қалай?
Имансыз, құлшылықсыз, жүрген жандай.
Көзімізден сорғалап жас ақпай ма?
Сәждеге құлағанда тиіп маңдай.

Табаным бүрі жоқтай таямын ба?
Талғамаймыз тамақтың халалында.
О, Қүдірет, шынымен адастық-ау,
Жазылған тағдырым ба маңдайымда.

О, дүние бір аттам жер тұрған жоқ па?
Оранып жүрмейміз бе сонда отқа?

Жаратқаннан бұйырған осы екен деп,
Кетеміз арлы-берлі оң мен солға.

Ескертсе де бір Алла келер күнді,
Бұрылмайды мойнымыз әлде жөнді.
Астаһфируллаһ! Екі иық періштелер,
Тізбелеп жазып жатыр барлық күнді.

Қалмайды қалтарыста қиянатың,
Шықпаса екен әйтеуір жаман атым.
Сенімсіздік жоқ жерден сақта Құдай,
Жамандыққа бұрмашы болса да алтын.

Бұл өмір алтын парақ бүктелетін,
Бұрынғылар «ақірет» қамын жейтін.
Бір қасірет арылса, бір қасірет,
Боп барады шеті, шегі көрінбейтін.

Сиындым бір өзіңе Жаппар Құдай,
Кең-байтақ қара жерге жүрміз сыймай.
Бүгінгі қасиетті жұма күні,
Ұшша екен жамандықтар бойдан «күрдай».

29.01.2016 жыл

СЕЗІМ ИІРІМДЕРІ

Сығалаған жырлар-ау әр бөлмеден,
Келе ғой, келіндерші, келші бермен.
Мына пақыр жадырап қалсын десең,
Шықсаңшы бұраң белім аса көркем.

Балқытасың, бойымды жылытасың,
Балбырайды ой санам жылынғасын.
Дуалы ауыз сөздерім шықса егер,
Қалай ғана ой-сезім балқымасын.

Балқиды тұла бойым қорғасындай,
Кәліпке ағып барып құйылардай.
Сол бейне шыныменен мүсін болды,
Есімді шыныменен тандырардай.

Тірі бейне көз алдыма тұра қалар,
Қара жерден шыққандай гүлдер жарып.
Әсем иісің бойымды елітеді,
Ес жиямын мендағы барып-барып.

Осылай өлең сөзі есінді алар,
Жазылса сәтіменен есің танар.
Осы ғой күткенінде осы болар,
Ішкендей бұлақ суын мейір қанар.

Небір жайсаң сезімдер арбайды кеп,
Үлгеріп қал, әрине жазуға тек.
Өтіп кетсе жаныңнан ұстатпайды,
Және де көп тұрмайды жаныңа кеп.

Құштар болсаң жырға сен сорың екен,
Құшып оны қай ақын кім жетті екен?
Бәрінің арманы боп қалып қойды-ау,
Өйткені мына өмір қысқа екен.

Өрісі әр ақынның аламан ғой,
Күтін-баптап қосады тайынан ғой.
Негізі жарыстардың ең қызығы,
Туа шапқан жасынан тай-құнан ғой.

Елу жаста кезіктім екпініне,
Қап деп қалдым мен сонда өткеніме.
Аламанның шаңына қосылдым-ау,
Шаң қаптырып қасымнан өтеді ме?

ЕРЛЕРДІҢ ЖАРЫСЫҢДАР КӨМЕК СҰРАР

Кербез сұлу жанардың жалт еткені!
Жарасып бет ұшында кара меңі.
Сол сәтте жанарымен не айтты екен?
Толықсып бұрылды ғой нені-нені!?

Ұға алмай қалдым сырын жас арудың,
Артынан өкініштен санымды ұрдым.
Шіркін-ай! Неткен көркем мінез еді,
Жалт еткен жанарыңмен тұзақ құрдың.

Қылығың отқа салды көбелектей,
Қалайша алыс кетем жанап өтпей.
Тастаған сол тұзағың неткен ұзын,
Оралды тал бойыма ащы ішектей.

Қысылды өкпе, бауыр, колқа, жүрек,
Дәл бұған бір өзіңнен демеу керек.
Айналайын! Жазсаңшы жанарыңмен,
Өткіземін санаммен оймен елек.

Қарс айрылды өзегім жүрек тулай,
Қасыма қайта оралдың ғажап болды-ай.
Мәпелеп жүрейінші ей, сұлуым,
Түспегем мұндай күйге бұрын мұндай.

Ес жидым қолым тиді білегіңе,
Шын айтам басқа өмірдің керегі не!
Күлімдеген көзіңе арбалдым-ау,
Осынша күйге түстім неге-неге?

Шынымен сұлулардың талғамын-ай!
Шатасып тістемегін бармағыңдай.
Еліткен сол сұлуым жоқ боп кетті,
Түсім бе аласұрдым болды қалай?



Түс екен шыныменен булығыппын,
Сел болып тұла бойдан терім шықтың.
Оралып жамылғыға қалыппын-ау!
Ойпырай мына түстен нені ұқтым.

Сұлулар маза бермей түсте жүрер,
Менсінбей кей жігіттер күнде көрер.
Сонда да сұлуыңдар, ғажапсыңдар!
Ерлердің жарысыңдар көмек сұрар.

01.02.2016 жыл

ҚЫЗЫҚТАҢДАР БАЛАЛАР ҚАР ЖАУЫП ТҰР

Қыстың сәні ақ ұлпа қар емес пе?
Осындайда жарында түсер еске.
Бір құшақ отын алып кірсе үйге,
Жылуы ол үйіңнің сәні емес пе?

Шіркін-ай! Түсінбедік өтті жылдар,
Болды ғой небір қылық жан жылытар.
Сол сәттің ізім-ғайым жоғалған-ай,
Жастығымда қалды да тау құлатар.

Жапалақтап қар жауып мысты басқан,
Ақ мамықты сойғылап түлкі қашқан.
Неге ғана осы біз көп тілейміз,
Мөлдіреген ақ бұлтсыз ашық аспан.

Бұл ғажапты көрмессің бұлт болмаса,
Жерге шөп те шықпайды қар жаумаса.
Әр құбылыс өзінің орнымен,
Орнымен құбылыс болып жатса.

Мұртыңды қырау басар түзде жүрсең,
Жар мен пештің жылуы үйге келсең.



Ұмыт болып кетеді шаршағаның,
Бұйра шайы құйылып тұрса кесең.

Ғажап қой осы сәттер кезегімен,
Су ағар мұз қатса да өзегімен.
Өз орнымен әр сәттің қызығы бар,
Шынымен қазір мұны сеземін мен.

Сеземін бірақ оған шара бар ма?
Сүйрететін балада шана бар ма?
Дөңге шығып сайыңа сырғанайтын,
Үйде отырмын дәл бұған амал бар ма?

Үйден сыртқа қараймын қызықтаймын,
Бірақ сыртқа шығуға қызықпаймын.
Шіркін-ай, сол балалық сезімдер-ай!
Бала кезді әлі мен ұмытпаймын.

Қызықтандар балалар қар жауып тұр!
Үйден сыртқа шығындар, орныңнан тұр.
Мынау деген ғажап қой, көріндерші!
Өтіп кетеді мына сәт, болындар тұр.

02.02.2016 жыл

СҮРІНДІРДІ ОСЫ ТІЛ ТАЛАЙЫҢДЫ

Жан сырым хатқа түспей қалдың жырақ,
Ойымда-ойымда ғой, ойда бірақ
Кездерім болған шығар ұмыттым ба?
Сәттерім сан сүрініп, тұрған құлап.

Сүрінесің онсыз өмір баянсыз ғой,
Соның бәрі осы бір адаммен ғой.
Бірі түртсе, біреуі аяқ шалар,
Осындай тірлігіміз қызықпыз ғой.



Сөзбен де, іспенен де қақпайлаймыз,
Осылай әркімдерге жаққандаймыз.
Жүйкесі жұқарса егер сол адамның,
Мәз боп күліп, рақат тапқандаймыз.

Жол кесу, жол ашудың тәсілі ме?
Қол созамыз біреудің нәсібіне.
Осымыз айналды ғой байқасаңдар,
Шынымен бұл қоғамның кеселіне.

Жардан құлар пілдағы қате басса,
Пысықайлар осылай шалып жатса.
Соның бәрі негізі білесің бе?
Домаланған шақшадай осы баста.

Қүдірет, тылсым күшті берген бізге,
Тағдырымыз жазылған бала кезде.
Кейіндері шатасып жатамыз ғой,
Ілесіп анау-мынау өсек сөзге.

Сол өсегің тартқызар сазайыңды,
Уласаң сөзіңменен маңайыңды.
Осылай құртып жатыр білсеңіздер,
Сүріндірді осы тіл талайыңды.

Осылай мұңға батып қалам кейде,
Түссеңдер кейбіреуің осы күйге.
Сәтсіздікпен айтылған әрбір сөзін,
Айналдырады маңайды өртеп күлге.

«Күл болмасаң бұл бол деп кетер едім»
Ес жимай әлде осылай өтер ме едім.
Айналайын жамағат тоқтатыңдар!
Болды ғой, болар енді, жетер дедім.

ХАУА АНАДАН ТАРАҒАН ЕЙ, ӘЙЕЛДЕР!

Адам ата жаралды бірінші рет,
Хауа ананы айтамыз екінші деп.
Сонда да таласады біріншіге,
Сақтай гөр О, Жасаған! О, Қүдірет!

Таласпа мына өмір осылайша,
Қалмадым неге сонда сыңар айша.
Қабырғадан жаралған Хауа ананың,
Шыныменен түйсігі солай болса.

Жаралғаннан бұзылған негізінде,
«Шайтан» оты жанды ма сезімінде?
Қалай ғана болды екен, дәп осылай,
Дақ болды ғой негізі жүрегінде.

Дәл солай ұйыған кара қаның,
Болса да Алла салған шыбын жаның.
Сол кезден бағынбаған байқасандар,
Улады ғой сол «шайтан» таза арын.

Уланды содан былай талас туған,
Жұмақтан жан тыныштық Аллаһ қуған.
Суыды содан былай махаббатың,
Өзіңе Жаратушы сыңар қылған.

Зарығып та қосылды Арафада,
Дұға тілеп мың мәрте Жаратқанға.
Содан былай зарығу пайда болды,
Адам ата – Хауа ана ұрпағына.

Суынамыз сәл нәрсе күмән тартып,
Шошыттық па бірге-бір артық айтып.
Әйтеуір содан былай мазасызбыз,
Түзелместей болады енді қайтып.

Хаа уанадан тараған ей, аналар,
Сендерді шыныменен ер бағалар.
Ойланғын, дәрежеңді көтермегін,
Бола берсе осылай құн жоғалар.

Талас-тартыс туғызбай тоқтатындар,
Мұны айтуға Адаммын тым қақым бар.
Бола бер сен сыңары ер адамның,
Өйткені сыңарысың тым жақындар.

03.02.2016 жыл

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 85 ЖАСТА

«Бүгін менің туған күнім ой, пәлі-ай!
Мына халқым неге жатыр тойламай».
Осылай деп қалдырып ең өсиет,
Бүгін, міне шындық болды-ау осылай.

Туған күнің тойланады ел болып,
Талай ақын жыр төгеді сел болып.
Өзің жоқсың арасынан іздейміз,
Осы боп тұр негізінде олқылық.

Қарасазың, Хан Тәңірің, асқақтап,
Сезесің бе тасың, ауаң, тұр жоқтап.
Халқың жүр ғой әнге қосып жырыңды,
Кеп қалар деп сені іздеп жалтақтап.

Сен бармаған қазағыңның даласы,
Сағынады туған сәби баласы.
Махаббатың жайылды ғой осылай,
Қыран болып сонау көктен карашы.

Армандадың сезімдерің сел болған,
Жүр аққуың жырыңменен қайтарған.

Талай акын туды сезіп жатсың ба,
Қара өлеңге шекпен кигізіп қайтарған.

Орындалды негізінде тілегің,
Ағып тұрған жыр өзені сен едің.
Туар әлі, туатында шығар-ау,
Күтіп жатыр сан сәбилер кезегін.

Алла берген қасиетің даралап,
Жатыр бүгін біраз акын қаумалап.
Сені жоқтап жыр төгеді сезсеңіз,
Жүргендер жоқ сыртыңыздан қаралап.

Күндестерің кетті сонау заманмен,
Кездесе бер таулы-тасты далаңмен.
Жусан иісін иіскеп те қайтарсың,
Сырласарсың өзің сүйген адаммен.

Жанар таудай атқыладың сөнбедің,
Елің болды сенің артта сенгенің.
Осылайша, тойланады туған күн,
Сезіледі сенің дүрсіл әз, демің.

Сырыңды да, жырыңды да ақтардың,
Көрмедің-ғой «Егемендік» ақ таңын.
Аралапта өзің шіркін көрмедің,
Астананың көшесі мен бақтарын.

Талай дәуір өткендейін тұр қазір,
Өзіңізге шашылады бар мәзір.
Елес болып келмейсің бе ақыным,
Не тілесең бәрі тұр ғой, бәрі әзір.

Асқақтайды Мұқағали жырлары,
Іште кетпей сыртта қалған сырлары.
Бөгет болды сан тасқынға, селдерге,
Мысын басып сан мықтыны жырлары.

Баса алмадың ардың жібін аттамай,
Көкірегінде сөз қалды ма айтылмай.
Тұнығынан сімірдің-ау жыр теңіз,
Дірілдеген бал қаймағын шайқамай.

Тойлаңыздар, жадыраңдар жамағат!
Сәбилерге Мұқағали деп қойып ат.
Көрмесе де тірісінде жүдесе,
Өлгенінде бұл ақынға қонған бақ.

05.02.2016 жыл

ТЕҢІЦЕ ШЫҒЫП ЖАР БОЛЫП

Өзеуреп өмір ағыны,
Басынды салар тау-тасқа.
Тепсе темір үзетін,
Жігіттер жүр құр босқа.

Бұзылмағанда қайтеді,
Барар жер – басар тауы жоқ.
Ішімдік жайсыз істер көп,
Кіреді сонда амал жоқ.

Мақталған заман кей кезде,
Осылай боп тұр олқылық.
Кеш болса небір басталар,
Даңғаза кештер, лаң қылық.

Дарбаза, дуал қоршалған,
Ішінде жатыр не қылық.
Еркімен кеткен жайлар көп,
Жайсыз бір істер сор болып.

Қыз шықпай ерте күйеуге,
Ұлың жүр жақпай қыздарға.

Осылай болса мына өмір,
Айналар күздей ызғарға.

Көкейін тескен көп ақша,
Аңсары ауып байлыққа.
Назданар қылық жоғалды,
Кірді ғой небір былыққа.

Он үште құрған отауын,
«Қырық үйден тыйып қылықты».
Ұл мен қыз өсті еркімен,
Елемей ызғар суықты.

Әр заман өз ретімен,
Бетімен кетті қайтеміз.
Күйінде келмей, ән шықпай,
Осылай өмірден өтеміз.

Сымбатты сырлы қылықтар,
Қалайша ұштың құс болып.
Отырындар ару қыздарым,
Теңіңе шығып жар болып.

10.02.2016 жыл

ӘЙТЕУІР САЯСАТТЫҢ БҰРАҢЫ КӨП

Қартайсаң тал бойыңнан ажар кетер,
Шынымен мына өмір тез-ақ өтер.
Бірі мінсе келместің кемесіне,
Бір сәби боп өмірге қайта келер.

Алмасар өмір әсте тоқтамаған,
Әртүрлі матадайын айырбасталған.
Бірі жасыл, біреуі қызыл болып,
Елітіп сиқырдайын көз алдаған.



Қызыл-жасыл өмір деп осыны айтқан,
Желігі жаралғаннан басылмаған.
Не керек байлығына тіршіліктің,
Тойдым деп еш уақытта айта алмаған.

Қақтығыс, сең соғысқан, заман мынау,
Не керек атыс-шабыс бәрі алдау.
Не былай, не былай деп айта алмайсың,
Осындай бейберекет заман болды-ау.

Еліктеткен заманың осылайша,
Не болар 30 елге қосылғанша.
Шырмауықша байландық кете алмаймыз,
Әрі қарай байыптап түсін ойша.

15 одақ шығып ек енші алып,
Баскімді қуана көкке атып.
Қайтадан біріктік қой неге бұлай,
Қалардай әне-міне кешің батып.

Әйтеуір саясаттың бұраңы көп,
Жан-жағын қымтайды ма сұрағы көп?
Бірен-саран үн шығар әр-әр жерден,
Құймағандай өзенге сараң бұлақ.

Жамылған қой терісін қасқырлар көп,
Айтыңдаршы, қанеки өтірік деп.
Баяғыдан осылай жалғасты ғой,
Келе береді ыңғайы ылғи да дөп.

Жүрміз ғой көп тобырдың арасында,
Табармыз барып-барып жарасымда.
Тоқтамайды осылай өмір зулап,
Сен кедей, анау жарлы, қарасын ба.



ОСЫЛАЙ, ПЕНДЕМ ОСЫЛАЙ

Жабағы жүндей өмір-ай,
Шатасып жатсың ұйысып.
Жақсылықты тілейміз,
Тұрса екен деп құйылып.

Бәрі де сірә өлшеулі,
Оңалып тірлік өнбеген.
Байлық па әлде жақсылық,
Бірдей ғып Алла бөлмеген.

Бірінен-бірі түңіліп,
Есейер адам санасы.
Ешқашанда тең емес,
Болса да адам баласы.

Таразы өмір осылай,
Теңселтіп қойған біздерді.
Сондықтан жақсы көреміз,
Алаңсыз бала кездерді.

Біреуді-біреу алдаған,
Сауда мен небір тартыста.
Масайрап мына жүргенің,
Тыныштық пенен тоқтықта.

Орнында заман тұрмайды,
Алмасар түрін өзгертіп.
Опық та жейміз әйтеуір,
Адасқаныңды кеш біліп.

Бәрі де қолмен жасалар,
Көрсең де жөнсіз қисығын.
Жөндермін деп қоярсың,
Табармын деп қисынын.

Пенденің басы домалар,
Алланың келсе жазасы.
Бәрі де ұмыт болады,
Калимадан басқасы.

Осылай, пендем осылай,
Аллаға назар салайық.
«Жаһаннам» деген азапқа,
Етпеттей жетіп бармайық.

12.02.2016 жыл

ЖҮРЕЙІН МЕНДЕ ОСЫЛАЙ

Әр сөздің басын құраймын,
Артымда ойым қалсын деп.
Бейберекет ойлар көп,
Жақындап келер жазсын деп.

Әйтеуір көңіл толмайды,
Тыншымай сезім мазалап.
Қисық та теріс істер көп,
Жүрмесін Алла жазалап.

Көленке өмір бір күні,
Ізім-ғайып жоғалар.
Тыншиды сонда негізі,
Торлаған ойлар мазалар.

Әзірге жаным кеудемде,
Сондықтан жазып жатырмын.
Кей сәттер маза бермейді,
Қысылып өңеш алқымым.

Жаныма батса кеселім,
Қалайда-қалай деп қалам.



Жамандықты шақырма,
Баураған мені ой-санам.

Санаулы өмір базары,
Саудаға салып жатыр ма?
Сырласар бір сәт адам жоқ,
Шынымен менің қасымда.

Сондықтан көңіл жүдейді,
Сарқытын ішкен астайын.
Тумаса ойлар жөнімен,
Негізі менде жазбаймын.

Ұзарса алда жасымыз,
Қалайша өмір сүреміз.
Әй, негізі шынында,
Қорлықты сонда көреміз.

Сөйлеспей жүрсен маңаймен,
Әйтеуір құса боласың.
Сәттерді сондай ойласам,
Сезгендей болам жан алқым.

Қамауда отқан түлкідей,
Жүндерің сенің құбылар.
Маңайда ешбір қалмады,
Сырласар тұстас құрбылар.

Заманым өстіп тоналған,
«Мақтасы кеткен шапандай».
Әйтеуір бейжай күйдемін,
Жалғыздық жаза мазалай.

Үйренген басым айқайға,
Онымда арман боп тұр ғой.

Күншуақ барып отырар,
Ақырап мына қыс тұр ғой.

Мазасыз ойым негізі,
Жалғыздық оған себепкер.
Жаңалық та жоқ боп тұр,
Елеңдеп көңіл селт етер.

Осындай заман басымда,
Қара бұлт болып жиналған.
Мазасыз күндер көп болды,
Жарымды іздеп қиналған.

Бәрі де жатыр қу іште,
Буып та түйіп тастаған.
Ағайын бар маңайда,
Есіркеп бір сәт сыйлаған.

Осындай менің жағдайым,
Мың қайғы келіп торлаған.
Ешкімді оған сөкпеймін,
Жақын жоқ мені қорлаған.

Жел қуған бұлттай ыдырап,
Маңайым менің ашылар.
Өзімді салсам сабама,
Негізі сол жөн болар.

Өзімнің мұңым өзіме,
Жыр болып кетті осылай.
Кеудені кере дем алдым,
Жүрейік, Секе жасымай!

15.02.2016 жыл

АРҚА-ЖАРҚА ӨМІРІМ ЕЛЕС БОЛДЫ

Жалғыздықтан қорқамын, жалғыздықтан,
Жаралғанбыз біз осы бар мен жоқтан.
Бүгін барсың өмірде ертең жоқсың,
Кім бар осы жалғанның сырын ұққан?

Ұға алмайсың өйткені алданадың,
Құмырсқадай илеу сап қамданадың.
Ізденумен сен біраз ұмытасың,
Ұйқы, күлкі және бар ішкен асың.

Білдіртпей туғаныңнан маңайлаған,
Қадалғандай бір тылсым жанар маған.
Сен тоқтасаң тоқтаған білесің бе?
Көлеңкедей бір бейне қараңдаған.

Бұл ажал! Аңдып жүрген әр адамды,
Алып кетер қапыда сол адамды.
Бірақ та сезбейміз-ау, сезбейміз-ау,
Келіп және кетуге жаралғанды.

Жалғыздықтан сол болар қорқатының,
Оны ойласаң ауырар жүйке жұлын.
Көпшілікпен аралас жүргеннен соң,
Ұмытасың, сезбейсің өмір құнын.

Жалғыз қалсаң жаныңа жетіп келер,
Қалмағанда жаныңда ешкім сенер.
Суға кеткен тал қармайды деген осы,
Байыптасаң әлсіреп тәнің көнер.

Осылай пендем саған мұнымды айтам,
Жүрмегін құр бекерге селқос бейкам.
Жүре бер, жүре бергін, бағынбай-ақ,
Табылса бойыңыздан не бір айлан.

Іске аспайды айлаңыз тағдыр солай,
Бұлқынып шыға алмайсың жазу солай.
Анауым-мынауым деп қиналасың,
Жүргендей сол шіркінді өзің қорғай.

Кәрі ағаштай өмірің мүжілуде,
Әлің жоқ мұны әсте сезінуге.
Өйткені қорқасың ғой, қорқасың ғой,
Қимайсың мына өмірден безінуге.

Торын құрар сан ауру бойыңызға,
Қарамайды әй мен шай қойыңызға.
Мекендейді осылай тұрақ салып,
Жібермейді ол сені жайыңызға.

Өрмекшінің торына ілінеміз,
Әрине, мұны жаймен сезінеміз.
Осылайша, байланып мысың кетер,
Әлсірейміз содан соң көз ілеміз.

Көз алдың буалдыр сағым болар,
Бұл сенің негізінде жерің барар.
Өлгендерің елестер көз алдына,
Әлсірейді сол кезде ой мен жанар.

Көз жанарың кетеді тұңғиыққа,
Жеткендейін әсем жер, жер ұйыққа.
Алданғанды білеміз сонда барып,
Ажал деген тасталған сол құрыққа.

Мінеки, өмір тұрақ шаһарымыз,
Біткеніме осылай арманымыз.
Жалған деген сабазың осы екен,
Қоршалғандай боп тұр ғой жан-жағымыз.

Арқа-жарқа өмірің елес болар,
Тұрайын әкел қолды кім бар, кім бар.
Осы кезде қолыңнан тартса біреу,
Жоғалады қорқыныш алқым алар.

Жалғыздық жарасады бір Құдайға,
Адамзат тіршілікте осыны ойла.
Тастамандар жақынды жеке бейқам,
Таба алмайды ол жалғыз ешбір айла.

Сүйенетін қасыңда біреу болғай,
Аз ойымды осылай айттым толғай.
Бала-шаға пәтшағар барсыңдар ма?
Жүріңдер ауа кетпей әкені ойлай.

Жатамыз бір төмпешік қыр астында,
Ойыңа түскен кезде барасыңда.
Тірісінде әке-ана қараңыздар,
Телміріп отырмасын караусызда.

16.02.2016 жыл

ҚЫРЫҚ РУ АНДА-МЫНДА БӨЛІНБЕСЕҢ

Көңілді кірбің басса жуа алмайсың,
Жақсы сөз сен жөнімен құралғайсың.
Несіне мұңаямын запыран құсып,
Бәрібір маңайымнан жоғалмайсың.

Жалғанды белшесінен баса алдым ба?
Аталы сөз жөнімен айта алдым ба?
Жаздым ғой азды-көпті мұңды шағып,
Жалғанын мына өмір каталында.

Дүние қу түлкідей бұраңдаған,
Ебін таппай дүние құралмаған.

Ішінде дұрыс жүрсек, дұрыс болар,
Артықта кемшін тұсы болар адам.

Тау емес, қызыл құмды кешіп өстім,
Көппенен бірге жүріп опық жестім.
Көп мазасыз болмадым тұйық едім,
Жақсы-жаман бөлмеймін бірге өстім.

Ашылды кейіндері жабық сезім,
50-ден шыныменен асқан кезім.
Бүлкілдеп көмейімнен жырым шықты,
Таң болдым, таңырқадым мына өзім.

Сырласым боп жырларым келе жатыр,
Әйтеуір сөз шықпайды болмай батыл.
Кейінде ұрпағымнан біреу шығар,
Айтатын шымыр сөзді батыл-батыл.

Ел мұңы, жердің мұңын, қалай айтам,
Әйтеуір жатыр елім жүр ғой бейқам.
Қолында билігі бар ұстатпайды,
Қолы ұзын жақсылардан сәлем айтам.

Өмірдің бас-аяғы көрінбеген,
Кімге-кім байқасаңыз желінбеген.
Дұрысы ағайынға бірлік керек,
Қырық ру анда-мында бөлінбеген.

Адамның өзі пішкен заңдары көп,
Шықпайды көңіліңнен кейбірі дөп.
Негізі өз-өзінді түзеп жүргін,
Түгендеп бермейді ғой сыртыңнан кеп.

17.02.2016 жыл

ӘЙТЕУІР МҰҢ МЕН ҚАЙҒЫ ТҰНЫП ТҰРҒАН

Ерік бердім сезімге тежей алмай,
Жүрейін өз-өзімді қалай алдай.
Шыныменен көңілім ауып еді,
Көгершіндей ақ мамық көкке самғай.

Жазығым осы болды қиялмадым,
Қол жетпес әлемді ойлап қиялдадым.
Әйтеуір білегіңнен ұстаттың ғой,
Тынышталды сол кезде менің жаным.

Сыр аштық, түсіністік, қарап жүрмей,
Сол кезде жайнап едің қызыл гүлдей.
Небір сан құбылысты бастан кештім,
Тұтаттым қоламтаны жаймен үрлей.

Лауладық, лапылдадық, жаналмадық,
Неге біз бір жүруге жаралмадық?
Сезімім өсте-өсте сөнеді ғой,
Өзіңді мен жанымнан таппай қалып.

Осылай тағдыр бізді сілкілеген,
Білмеймін арманына кім жетті екен.
Аруым, аялаған мәпелеген,
Осы болды аяғы жетем деген.

Бұл сезім ғайып болар көрген түстей,
Әйтеуір қазір жүрміз қашық кетпей.
Айналайын зияным тимесе екен,
Отына махаббаттың жанып кетпей.

Тіршілікте өшпессің ой-санамда,
Болғандай біз екеуіміз бұл ғаламда.
Негізі тым ауыр да қиын екен,
Жаралған сезім үшін бұл адамға.

Махаббатты ауруға ұқсатамын,
Өйткені ойнақтайды менің қаным.
Кей кезде бу қазанға теңер едім,
Әне-міне тұрғандай атылатын.

Әйтеуір мұң мен қайғы тұнып тұрған,
Қалайша аттап өтем қазған ордан.
Көз алдымнан көлбендеп өтпесе екен,
Сол бейне осы күйге себеп қылған.

18.02.2016 жыл

ТАҒЫ ДА КЕЛЕ ЖАТЫР ТАҒЫМ АТЫП

Күн өтер, айлар өтер, жылдар өтер,
Ей, Секе! Маған қара басты көтер.
Өз-өзіңе қарашы жанып қойшы,
Күндерді өткізбеші босқа бекер.

Әр күнді бағалайық алтын қалып,
Кетпесін құр бекерге уақыт сарып.
Әйтеуір түзетілер олқы істерің,
Бүгін, ертең, болмаса, барып-барып.

Күнәға батамыз ғой ой мен іспен,
Қалмайын деп жүргенде ұлы көштен.
Не керек ұмытылар сен жағынан,
Шығармайды білсеңіз Алла естен.

Қордаланып сәтсіздік төбе болар,
Амалың жоқ әйтеуір оны жояр.
Олқы істер көбеюде көп боп барады,
Қандай амал табамын көзін жояр.

Пендеміз сондықтан да солай болған,
Жасадың соның бәрін өзің қолдан.

Япыр-ай! Санды соқтым енді қайттім,
Бармекен бір амалы шығар тордан.

Жер мен көктен аңдушы тұр қасыңда,
Елемейміз осыны біз басыңда.
Жібереміз олқылық қолды сілтей,
Соның бәрі «нәпсінің» арқасында.

Жаралғаннан жабысты «нәпсі» сайқал,
Бекінді денемізде кетпей жылдар.
Шіркін-ай! Ұстап алып жояр ма еді,
Табылса сол «нәпсіге» арқан байлар.

Осылай жаралы аңдай жаланамыз,
Маңайға көзді салып карамаңыз.
Қалайша соқыр болып жүраламыз,
Қайтадан сыланамыз, таранамыз.

Шынымен жаның солай күнә батып,
Жаратқанға жалбарынам түнде жатып.
Әйтеуір бір Құдайдың құлымыз ғой,
Тағы да келе жатыр таңым атып.

20.20.2016 жыл.

МЫРЗАСЫНҒАН ӨМІРІҢ СОЛАЙ БОЛҒАН

Сарымай суға салсаң қалқып жүрер,
Ой-санасыз өмірді қалай сүрер.
Ымырт басып тағы да түн келеді,
Күн шығар тік атылып қайта күлер.

Осылай күн мен түнің айналады,
Қажытар түсе берсең ой адамды.
Бір сәтке сабамызға түсейікші,
Сала бермей ретсіз байбаламды.



Бұл өмір киіміңнің кыртысындай,
Жүре бер әр ісінді олқысынбай.
Баланы тәрбиеле жөнге салып,
Ақылыңды айта бер баласынбай.

Бәрі де сол баладан басталады,
Өкпелесе тамақсыз аш қалады.
Бала кезде барлығы теңселеді,
Білер дейсің ол нені әр саланы.

Үйренеді кейіндер ойы жетіп,
Қаланады бір үйге тауып кетік.
Тарайды ғой жан-жаққа өріс жая,
Анда-санда жүреді келіп-кетіп.

Ұшқан құста оралар мекеніне,
Күзде ұшып, көктемде жеткеніме.
Әр құбылыс орынымен болады ғой,
Таяп келеді әркім-ақ өткеліне.

Мырзасынған өмірің солай болған,
Өзгертеміз бейнесін жасап қолдан.
Ертеңдері шарасын таппай қалып,
Айналамыз сұп-суық алып қорған.

Мінеки, бар тапқан «акіретің»,
Бала-шаға айтылған бауыр етің.
Үзіледі арамыз байқасаңыз,
Сағынғандар іздейді солар жетім.

Жетімдік жетелейді кімдер сезді,
Әркім-ақ армандайды шуақ күзді.
Сондықтан байқаңдаршы ей, балалар,
Кеше барың бүгін жоқ кара үзді...



ӨЗІМШЕ ДҮЛЕЙ КҮШТІ БЕКЕЖАНМЫН

Жақсы ой, жақсы жырды туғызады,
Біреуді-біреу күндеп қызғанады.
Әйтеуір көп дегенің қалың орман,
Ішіне кіріп кетіп адасады.

Осылай өмір алға жалғанады,
Несіне бірді-біреу қызғанады.
Бұрыннан көп айтылып жүрген сөз ғой,
Қыз бала бұл өмірдің қызғалдағы.

Үземіз сол гүлдерді айтып алып,
Өспейді сол гүліңіз қайта қалып.
Шырқыраған үн шығар анда-мұнда,
Қайта өнеді кейбірі барып-барып.

Қолмен жасап, қолменен өшіреміз,
Шыршадайын кей сәтте кесілеміз.
Осының бәріндегі қолмен жасап,
Шынын айтсақ артынан өкінеміз.

Өксік өмір осылай жалғанады,
Жақсы еді ғой осыған бармағаны.
Осылай қордаланып жүре берер,
Болмағандай басқаша басқа амалы.

Әркімнің өз қисығы түзу болар,
Санаңды тұмшылайды небір ойлар.
Бәрінде жаба-тоқып жүреміз ғой,
Сол баяғы қисынсыз сол бір ойлар.

Ғұламалар сезді екен нені шалып,
Тұңғиыққа кіргендей ойға батып.
Сан түйінді сөздерді қалдырды ғой,
Күй менде, жырменен де мұңға батып.



Не керек шимай болды ойлағаның,
Күйіттеймін деп жүргенде бала қамын.
Енді бүгін отырмын «қособада»,
Өзімше дүлей күшті Бекежанмын.

Төлеген қособаға соқпаса екен,
Бекежан қала тұрсын ақылы кем.
Жібегіне атылмай жетіп барып,
Табасына Базарбай қалмаса екен.

21.02.2016 жыл

СЫРТЫҢНАН ҚУАТ АЛЫП ЖҮРЕ БЕРЕМ

Елге барсам алдымнан кімім шығады?
Осыны ойлап көмейім тұншығады.
Сағыныштан сезімім оянады.
Қайтадан мұздағандай басылады.

Ойлайсың әр жүрген жер шоқыларын,
Оймен барлап кейде мен отырамын.
Самайды салқын лебің желпіп өтсе,
Ойға алам бөкен жортқан атырабын.

Шынымен көргендерім көз алдымда,
Ойлап та, сағынып та, қиналдым да.
Сағыныш негізінде дұрыста ғой,
Туған жерге еш нәрсе бере алдым ба?

Бермейміз аламыз ғой бәрін сорып,
Негізінде осы ғой осы қорлық.
Тауысқасын бәрінде жойып бітіп,
Отырамыз мұң шағып камқор болып.

Атадан да әкеден қалған жер ғой,
Осысымен мен оны сағындым ғой.



Осы жырды сен жазу үшін,
Қалам, дәптер еліте қолға алдым ғой.

Айналайын! Туған жер топырағым,
Кешірші болып жатыр олқы жерім.
Анамды іздегендей сезесің бе?
Үйімде отырып-ақ солқылдадым.

Күйрегендей менінде жан мен тәнім,
Мұңымды тек өзіңе шақсам бәрін.
Шыныменен қисайғанды түзететін,
Есейсем де бұл қорлық келмейді әлім.

Сыртыңнан қуат алып жүре берем,
Жіберген олқылықты кімнен көрем.
Өзіңе жолым түсіп барғанымда,
Естісең, сонда саған сәлем берем.

Сағыныш ұласады ұзақ жырға,
Төсімді тигіземін қызыл құмға.
Бойымда өкінішім көп болса да,
Елітем сәл сезімге осығанда.

22.02.2016 жыл

СЕН ТУҒАНДА ЫЛҒИ ДА ЖҰМЫСТА ЕДІМ

Айналайын! Балалар менен өрген,
Себеп болып әке-ана жарық көрген.
Үйрек құсап барқылдап күндер оздау,
Не үйретіп сендерге нені бергем?

Сен туғанда ылғи да жұмыста едім,
Туды деген сәлем мен естіп келгем.
Жаялыққа ораулы жаттың сонда,
Оянып әке сезім иіскеп көргем.

Шынымен ғажап екен сол заманым,
Әлдиледім, қолға алып, жылу сездім.
Тырбандаған қолдарың нәзік еді,
Өзінде, сен әкенді сипап көрдің.

Епетейсіз қылықтар жасап едің,
Анаңда қуанды ғой баурап сезім.
Емшегіне тойып-ап ұйықтаушы едің,
Жартылай жұмылатын бала көзің.

Түн ұйқысын төрт бөлді анаң саған,
Ұсташы деп айтушы еді сені маған.
Қол соза бесігіңді тербеуші едім,
Жуанбадың, шешті де берді маған.

Байлауыңнан жаялық босанып ең,
Еркінменен тырбандап жайландың сен.
Осы сәтің сірә де қайталанбас,
Ұйқыға кетіп едім әлсіреп мен.

Осылай алма-кезек ауысамыз,
Кей кезде жайсыз қылық ұрысамыз.
Әйтеуір тыныштықты алып жүріп,
Әне-міне таңды да атырамыз.

Осыны барлығыңда қайталадың,
Сендермен бүгіндері жайқаламын.
Жалғыз өзім өсірдім қатырдым деп,
Жөн-жосықсыз өтірік айта алмаймын.

Осындай сәби болдың бүгін үлкен,
Аз болды ма сыйлары әкең берген?
Өкпеле, наз айтсаң да өзің білші,
Әйтеуір жыласаңдар бала кезде,
Қалбалақтап қасыңа жетіп келгем.

АНАМ СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ СӘУЛЕБИКЕ 100-ГЕ ТОЛДЫ

Тағы да сағыныштың желі еседі,
Біреудің-біреуде бар берешегі.
Анамды есіме алып тағы отырмын,
Қазір жоқ, түр-түсі елес енді.

Сол анам биылдары «жүзге» толады,
Баласы анасында ойлап қояды.
Жапырақтай сарғайып күтуші еді,
Екі көзі мөлтілдеп жаспен бояп.

Қайран анам! Алайын сені есіме,
Жырда саған арнайын мен көсіле.
Бұрындары жоқ еді бұл қасиет,
Кейіндері келді ғой сәл кешіге.

Қиыншылық басыңнан өтті талай,
Айтып ең талай сырды жасыра алмай.
Ашаршылық туралы жазып қойғам,
Газетке де шығарғам оны қоймай.

100 жасыңа жүз шумақ жазсам ба екен?
Салайын онда менде арқамды кең.
Әйтеуір ана деген бітпес тарих,
Ұрпағымен 1000 жасты жасар деген.

Аз болса да артыңда ұрпақ қалған,
Өзің жоқсың ішінде дүние жалған.
Менінде айта беріп неғылайын,
Бала өліп, жарым өліп, сағым сынған.

Қиындықпен мына өмір қымбат шығар,
Мұндайдан жерің жоқ қой қашып бұғар.
Сең итерген ағыстай кетіп барам,
Бойымда бар қасиет өлең құрар.

Осылай жыр дастанның бетін ашам,
Салмай-ақ маңайымды әуре-сарсаң.
Бір жеңілдеп қалармын негізінде,
Үлкен іс бітірейін жүрмей бейқам.

Анасыз бұл өмірді елестетпе,
Байқамасаң өмірде жазым көпте.
Солардан сақтап еді бала жаста,
Көкіректе сақтамай ешбір өкпе.

Шынымен «жұмақ» екен байқап отсам,
Түседі жақсылығың жатсам-тұрсам.
Саяхаттап қайтайын маңайымды,
Көрінбейтін сезімге тұзақ құрсам.

Қызы едің Сәрсенбайдың жатқа қимас,
Ағайын мен туыспен жүрдің сыйлас.
Өзінде бір әкеден екеу едің,
Бір қызды алып кетті өмір қиғаш.

Кейіндер ұзатылдың Әнет жаққа,
Ол кездері көлік жоқ мінер атқа.
Мейрашты сонда өмірге әкеп едің,
Бастай берсем әңгіме айып жоқ па?

Бертай еді жолдасың сонда білсем,
Тағдырын Мейраш жанның айтып берсем.
Көп әңгіме шынымен білмедім-ау,
Суыртпақтап сонда да жазып көрсем.

Қайран анам! Өмірің қандай болған?
Бертайың болған шығар саған қорған.
Сол жерден шықты дейді ұзынқұлақ,
Дін ұстар, иманжүзді, небір молдаң.

Аруакты жер шығар олай болса,
Ары карай тимейін казбай онша.
Сабактайын бер жағын ізін тауып,
Бөрібайға соқпайын шаруам канша.

40-шы жылдар екен заман солай,
Қыз өсті 6 айына толған айдай.
Білмеймін бір қисыны келер деймін,
Тағдыр Мейрашымның қалай болғай.

Ертегідей бұл өзі жыр болғандай
Көкірекке дірілдей сыр конғандай.
Тағдыр заңы тәлкекке салмаса екен,
О, Жаратқан пенденді жүрші қорғай.

Ақылдасып алды ма екеуара,
Ортада таразыда жалғыз бала.
Мейрашты Сәрсенбайға апармакшы,
Тарихтың қызығына мына қара!

Анашым шықтық деген сонда жаяу,
Негізі барар жері болған таяу.
Су кештік деп сол кезде айтып еді,
Шамасы суда жылы болғасын-ау.

Мейраш қыз ауырыпты жолда жаман,
Тылсым күш маңайлап жалаңдаған.
Балықшылар аулына кезігіпті,
Бір әйел себеп болып жаны қалған.

Баспа шыққан сол кезде тамағына,
Үні бітіп әлсіреп алқымына.
Орыс әйел ауруды емдеп жазған,
Қарашы Жаратқанның жазуына.

Бері қарап Мейрашың күлімдеген,
Сол кезде Бертай нені сезінді екен?!
Жалғыз қызды апарып берер сәт қой,
Білдіртпеген сол сәтті жастық екен.

Зобалаңды болатын сезбеді ғой,
Жастық деген жалынның жеңгені ғой.
Осылайша, сыртынан тон пішемін,
Мен өзімше келтіріп түйіндеп ой.

Барар жері «Майтандай» шоқы болған,
Ақкөл, Көккөл шалқыған оң мен солдан.
Бұл өзі ауылы екен Сәрсенбайдың,
Сәулебикедей анама болған қорған.

Ол кезде тумаған-ем не қылайын,
Ойменен келтіремін сөздің жайын.
Қалайша күйіп-пісіп уайым шегем,
Құлақпен естігенді жыр қылайын.

Осылай әкпем келген мекеніне,
Қуанды ата-шеше келгеніне.
Қалбалақтап жатыр ғой құрақ ұшып,
Қалайша тастап солай кетеді ме?

Шынымен ауыр екен сезіп отсаң,
Бертайыңда болыпты сымбат бойшаң.
Қызы келді! Сәрсенбай ырза болған,
Сонымен шумағыма нүкте қойсам.

Заманайлап екі жас кейін қайтқан,
Апамда қысқа ғана осыны айтқан.
Түрткілеп менде ары сұрамағам,
Негізсіз ғып жырымды қалай жазам.

Әлқисса осылайша Мейраш қалған,
Әке-ана қайтып кеткен болмай алаң.
Нағашым бағып-қағып асырайды,
Қыз өссе ғажап болып сол ғой бағаң.

Тұйықталды әңгіме ары жүрмей,
Қалай айтам негізсіз көзім көрмей.
Сол кездің адамдары неткен ғажап,
Ешқашан жүре алмайды бала бермей.

41-дің нәубеті келіп жеткен,
«Соғыс» деген атақпен тарих енген.
42-нің көктемі болу керек,
Сұм соғысқа ауылдан Бертай кеткен.

Осылай тарих барақ қопарылған,
Еріксіз жылы жауып бүктеп қойған.
Ескалсаң жанарыңа жасың келер,
Күй табақтай оралып тығып қойған.

Одан әрі не болды біле алмадым,
Күткен ед, соғыс кеткен күтті жарын.
Күдер үзе келіндер қайтқан шығар,
Төркініне Қаройға көңілі жарым.

Осылай сұм соғысың ажыратқан,
Кім бар дейсің бірді-бір біліп жатқан.
Сыбызғының сазындай көңіл мұңлы,
Не керек менің анам мұңға батқан.

Уақыт зымырады тоқтамаған,
Қыз өсті Сәрсенбайдың қолға алған.
Сұм соғыстан сан үйдің оты өшті,
Күтумен ана жүрек қансыраған.

Кімді-кім кінәлайды мінін басып,
Өсті ғой сол Мейрашың болмай жасық.
Кейіндер Сәрсенбаймен өлді шеше,
Өскен ед шыныменен бауыр басып.

Бәйшегірге қыз болды ере жүріп,
Заман емес қаққылар жүрер күліп.
Сол кезде көбі жетім қозыдайын,
Асыраған жандар ғой сүтін беріп.

Дүниеге мен әлі келмегенмін,
Түзетіп мен ойымды жөндегенмін.
Шамамен Мейрашымның 10 жасында,
Анамның Сабырыңа үйленгенін.

«Диханға» келді Мейраш шешесімен,
Жүрді ғой шаңы шыққан көшесімен.
Бұл жаққа да сіңісіп кетті кейін,
Айнымай сол Мейрашың әкесінен.

Кейіндері білдік қой мұның сырын,
Білмейтінбіз еш нәрсе ешбір шынын.
Мақатайдың сыр іздеп тапқаны ғой,
Шұрқырасты кейіндер тай мен құлын.

Мұның өзі бір бөлек жыр мен дастан,
Туыстарды айтармыз кейін ашқан.
Ары қарай өмірге келдік біздер,
Қызымыз бар, ұлдар бар, есік ашқан.

Солайша Алла бізді жаратқаның,
Сабырың колхоз, совхоз баққан малын.
Кейіннен күзетші боп орналасты,
Аурушаң боп қарайлап күткен жанын.

Балалықпен көп нәрсе ұмыт қалған,
Осылай өмір өзі өрнек салған.
Осы жерден мен біраз тоқталайын,
Әңгіме мәні кетіп тұйықталған.

Ауру жеңіп Сабырың төсек тартқан,
Бар дейсің анда-мында кім қаратқан.
«У, қорғасын» ішкізген деп естігем,
Бар пәле келді деймін «емші» жақтан.

Тоқал тамдар сол заман Нарын бойы,
Мейраштың болған шығар жатта ойы.
Апамда бір сыбысты естіп қалып,
Мейрашқа ол ескерте ұрсып қойды.

Әркімнің ішкі сырын білмес адам,
Болса да ет жақының мейлі балаң.
Әйтеуір азғырушы мықты болған,
Көңілі бұзылған ед міне содан.

Қайран анам бар сырды жайып салған,
Сылтауы менің әкем ауру болған.
Ауыр сөзде айтылып кеткен шығар,
Мені сайлап артына «күзет» қойған.

Дәл есімде шіркін-ай бала қылық,
Зыр жүгірем соңынан бермей ырық.
Кеш болып, ымырт түскен кезі еді,
Айырылдым мен әпкемді таппай қалып.

Шырқырап менің ащы үнім шыққан,
Естіді Сабырдағы аурып жатқан.
Апам мен жарқабақтан айқайлаймыз,
Қайран әкем сабырлы басу айтқан.

Сол кезде менің анам ашулы еді,
Сезімге небір қылық ерік берді.
Білмеймін түн ортасы басылды ма?
Менінде жастығым ғой ұйқым келді.

Қолда өспеген қыз сыры солай болған,
Айқайым қалып қойды биік жардан.
Кейіндері Мақатай айтып қоят,
Сол айқайды не керек естіп тұрған.

Ол кезде Нарын бойы қоға-қопа,
Ортада ол кездері өткел жоқта.
Қайықпенен әкеткен Мейрашымды,
Айт, айтпа Максимінде ұят жоқта.

Анам бар басқа маған керек емес,
Осылай 6 жастан қалған елес.
Әркімнің өз қатесі өзіне жөн,
Созбалауға арыға керек емес.

Сол сырқаттан айырылдым мен әкемнен,
Жайлауда «Ызди» жақта жазда өлген.
Кейіндері есейіп біліп жүрмін,
Өлгендерден ешкім жоқ қайтып келген.

Әкемді жер қойнына тапсырғанбыз,
Үшеуіміз қалдық сонда азақ жанбыз.
Сейдахмет інім бар соңыма ерген,
Одан да көп ұзамай айырылғанбыз.

Осылай үшеу едік екеу қалған,
Сейдахметтің бойында кетті-ау арман!
Киімдерін созғылап отырушы ед,
Тірі жүрсе болар ед маған қорған.

Қорған емес «қорымда» қалды жатып,
Кейіндері пәнерге атын жазып.
Уақыт өте бастарын таба алмадым,
«Қалды сонда пәнермен қаққан қазық».

Өмірің құбылады қу түлкідей,
Пәс боп қалды ойларым жазғым келмей.
Тіршілікті тоқтатар күш жоқ екен,
Көз жанарым жіпсіді ерік көнбей.

Осылай мұны оқыған жамағатым,
Шықпаса екен дәл менің жаман атым.
Жазуға бұған анам себеп болды,
Бұйыртса, артта қалар жазған хатым.

Сәл тыныстап алайын ауа жұтып,
Әңгімемді жалғармын оймен қортып.
Мейрашым көмек қолын созған шығар,
Бірлі-жарым үйге кеп, қона жатып?

Қайтеміз «шылқымады» барып сонда,
Енесі жатыр еді ауру қолда.
Қанша ай бақты түгендеп айта алмаймын,
Қиын іске тап болды расында.

Сыйлы болды кейіндер сол атаға,
Бәйшегір, Дихан, Жиенғұл арасына.
Ешкім сатып сыйластық таба алмайды,
Бұл да бір берген бақ қой баласына.

Кейіндері түзелді жолы ашылып,
Көрсетпей сол руға артық қылық.
Он перзент ашты есігін өмір мына,
Арт жағын қарақұрым орман қылып.



Әрқайсысы жеке-жеке дастан жырдай,
Жиен мен нағашы боп жүрміз қимай.
Кейіндер Ақдалаға көшіп келдім,
Нұркәрімдей жиенім өзі қолдай.

Шегінемін мен артқа озып кеттім,
Ойыммен жинақтайын күндерді өткен.
Еске алып мен анамды отырмын ғой,
Мейірім жылу шуақ маған төккен.

Бұл өмір шыбындайын ызыңдаған,
Өксігі өзек өртей қыжылдаған.
Сан ана қалып жатыр байқайсың ба?
Тарихқа еніп мүлде жазылмаған.

Еркек кіндік шежіре кіреміз ғой,
Сол кезде анаңды да жазып та қой.
Кейіндер таба алмаймыз есімдерін,
Шынымен осы бізге олқылық қой.

Жыл өтіп суынды ғой менің анам,
Жетіде дорба ұстап мектеп барғам.
Сол кезде қараңғылау бала ойы,
Шынымен сауатсыздық тұман болған.

Сызғылап әріп жаттап күндер өткен,
Бірлі-жарым оқиға кетпейді естен,
Оның бәрін тізгілеп жаза берсем,
Шығып кетер жоқтаған анам естен.

Молдабай – Сәрсекпенен көрші сонда,
Кереметтей дүние жоқ қой қолда.
Тіреуі бар біз тамда тұрушы едік,
Қанағат қып сол заман қолда барға.



Сол кезде Мамыр көкем 64-те,
Сыйлы еді сол кездері қалың көпке.
Мәукебайға қосты ғой анашымды,
Қалмасын деп қым-қуыт қалың өртте.

Бұл өмір өртке ұқсайды жайпап өтер,
Сүре алмасаң өмірде өшің кетер.
Немере екен Мәукеңде аталаспыз,
Бекерге өмір тағдыр сызбас бекер.

Мақал бар ғой бұрыннан есте қалған,
«Жетіскеннен кім дейсің байға барған».
Көп ішінде артық сөз шықпасын деп,
Қайнысына жеңгесін қоса салған.

Кетпесін деді білем мені жатқа,
Амалдары жоқ еді одан басқа.
Кейіндері ер жетіп оңалдық қой,
Ешқандай жаман ой жоқ жазар басқа.

Аурушаң болды анам кейіндері,
Қақсайтын сүйегімен етпен тері.
Қызығы өзін-өзі емдеуші еді,
Сыкпа май көз ащытар жағып дәрі.

Есейдік жылдар өтіп, айлар зулап,
Кей сәттерге кетеді жүрек тулап.
Мәукеңде бұл өмірде тұра алмады,
Жерледік жөн салтымен біз арулап.

Сол жылдар Ақдалаға көштік айтсам,
Тәуелсіздік жыл келді қош деп қойсам.
Аласапыран кез болды айтары жоқ,
Бұл жағдайды тақпақ қып бұрын айтқам.

Мейрашпен тоқайластық және тағы,
Ақынның болдырмайды тіл мен жағы.
Сол кезде селбестік біз айтары жоқ,
Мықтылау болып тұрды жиен жағы.

Үй алдық осал емес «коттедж» жақтан,
Жайлар бар осындайын жанды баққан.
Анау-мынау сөздерге ілеспеймін,
Ауырса да жүрегім сырттан айтқан.

Қиын іс түскелі тұр басымызға,
Шайкалды ақ теректей асылым да.
Айырбас жасалмайтын Мейраш еді,
Біреудің алтын, күміс асылына.

Кесел жетті адамға білінбеген,
4 ұлы қатар отты бөлінбеген.
Қисыны келді сонда небір жағдай,
Мейрашта ой болмады өлем деген.

Судан тоғып Сәрсенбай берген қызы,
Бұл өмірдің болады қысы-жазы.
97-і қаңтарда демің бітті-ау,
Бұйырып Ақдаланың топырағы.

57 жаста екен санап отсам,
Осыны саусағыңмен бір деп қойсаң.
Сол кезде Махаң маған айтып еді,
Тасқа да Бертай атын жазып қойсам.

Анашым тірі едің сіз 81-де,
Келермен қыз өлмесе жасың 100-ге.
Ішінде шықпай кетті не запыран,
Ұзамай өзің-дағы кірдің көрге.

Осылай қос Сәрсенбай ажал күшқан,
Ажалың тиеді білем осал тұстан.
Бірі жас, бір жасамыс ұстатпады,
Осылай періштеше көкке ұшқан.

Күн тұтылып, ай батып, күн күркірер,
Адамның өмірі аз ғой шалқып жүрер.
Осығанда бас шұлғып қоямыз ғой,
Ұзақ уақыт болмайды қатар жүрер.

Сатылаған өмір-ай шатқаяқтар,
Іштегі күйік болған сырды ақтар.
Негізі адамзатта арман көп ед,
Жүре берсек дейміз ғой бірге қатар.

Қиылмады тамыры жайылды ма?
Салындым мен отырып сарыуайымға.
Осыған апам себеп болып отыр,
Жүрушең өшірілмей қиялымда.

Қалды анам осылайша ізің дара,
Артында отыр бүгін жоқтап бала.
Негізі мені ойлап жас төккенсің,
Ал менің беретінім осы ғана....

Жата бер бір аунада анам менің,
Суалмасын артыңда айдын көлің.
Сезініп, түсініп те жатсаң болды,
Жырымды ертегідей ұғып мәнін.

Қос өлім ауыр соқты жүрегіме,
Осыны жан анашым сезесің бе?
Жүз шумақты жазсам деп мен отырмын,
Бөлгіштеп 7 сағатта, екі күнде.

Мейраштың төркіндерін таптық кейін,
Махатай қоймай жүріп салып зейін.
Ол кезде шофер еді Қарой жақта,
Осындайға шынымен болды бейім.

Әңгімені төгілтіп айтушы еді,
Тыңдамай кетуші едік қашып кейін.
Сол сөздерің алтынға бағаланар,
Өкініп жатырмын мен қап деп кейін.

Қара жер хабар бермес өлгендерім,
Отырмын кейіндері кетіп сәнім.
Балалар түсініпте отсындар ма?
Сақтаңдар естеріңде жалпы бәрің!

Төлеген Сәрімбетов көрдім кейін,
Шаригатқа болғаны ептеп бейім.
Кейіндер балалары орнын басқан,
Ой бөліп, дін-қиссаға, салып зейін.

Диханбай Құлтайұлын жақсы көрем,
Аздаған жыр шумақтар жазып көргем.
Көрген жерде сәлемі жан тербетер,
Өзімде құшақ жая сәлем беремін.

Серік бар Ахметов Ақдаладай,
Өзі де жеңіл адам қолбаладай.
Өлгенің марқұм болған иман берсін,
Мейраштың төркін жағы, міне осындай.

Осылай ізді кесе шиырладым,
Бұлдағы мен сендерді қимағаным.
Қалдырған ұрпақтарың аман болғай,
Бәріне қимастықтан жыр арнадым.

Сәулебикем, Мейрашым, міне осылай,
Отырмын сендерді ойлап нүкте қоймай.
Бір шумағым қалыпты уәде еткен,
Жан сырым жиналғаны басты торлай.

Айырылдым мен сендерден айла таппай,
Кейіндер ұрпақтарым жүрер жоқтай.
Қаттырақ дем шығарам өзек жара,
Ойымды түйіндеймін менде хаттай.

24-25.02.2016 жыл

ӘРКІМГЕ ҚЫМБАТ ЕКЕН ӨТКЕН ӨМІР

Ақпан айы мен саған разымын,
Әйтеуір жалғыз дара құлазыдым.
Ойларым санам салған жыр боп кетті,
Қызығы О, Құдірет мен ашылдым!

Қақпанның серіппесін басып көрдім,
Сан қырынан ойымды жазып көрдім.
Некерек тоқтап қалмай арасында,
Өзімше мен сусындап қарқ болдым.

Әр сөздің қасиеті бойды кернеп,
Қалған екем шынымен шындай шөлдеп.
Әр шумақ құпиясы болады ғой,
Өзегімде сезілді ащы кермек.

Түсінер кейіндері мұны біреу,
Болама түсінбес деп жөнсіз күндеу.
Қиянаттың көкесін білесің бе?
Айта алмай құпиянды іште жерлеу.

Әйтеуір жанай өтем өміріммен,
Маржан ғып тізіп қоям көңіліммен.

Сипағандай жамбасты не қылайын,
Бұрағандай жілікті сіңірінен.

Жаныңа батар кейде өз қылығым,
Біреуден-біреу озса қызғанбадым.
Қазақта қисынсыздау мәтел бар ғой,
«Қызыл итке жем болар қызғанғаның».

Осылай барша туыс солай болған,
Кейіндер ой, бауыр деп көңіл толған.
Бәрінді жіпке тізіп жазалмадым,
Тезірек айтып қойғын болса қолқаң.

Әңгіме қымбат екен өткен өмір,
Салмағы болмайды екен оның жеңіл.
Бір үйге көмек қолын созбасам да,
Сыртыңнан ойлаймын мен қимай көңіл.

26.02.2016 жыл

101

ӨМІР ДЕГЕН ҒАЖАЙЫП КӨШТЕН ҚАЛМАЙ

Әркімнің бойда күші қара дүлей,
Жүресің кей жағдайды айтқың келмей.
Тұспалдап жеткізесің оқиғаны.
Қайтадан сол шоғынды басқың келмей.

Шынында мына өмір шокпен бірдей,
Үйренеді барлық денең қызу білмей.
Гипнозға айналып кетеміз біз,
Қиналасың жүрекке маза бермей.

Өлмесе екен жүрегім қан айдаған,
Бұрындары сезбедім қайда қалғам.
Бәрі сол салғырттықтың әуені ме?
Соғасың түбі бірақ болмай айлаң.

Я, солай басталады тығырығың,
Аралға мал апарып қамағандай.
Шөбі бітіп, азығы таусылады,
Болмайды сол малыңды қайтып алмай.

Бізде сондай тірлік бар байқап отсаң,
Не тылсым күш баурайды ойға батсаң.
Талай тірлік шығады итше тыққан,
Жырға айналып кетеді оны жазсаң.

Бәрібір толық оны жаза алмайсың,
Іріктеп жарамдысын сұрыптайсың.
Өтірік деп дәл қайсың айта аласың,
Өйткені ол пәленің салмағы ойсаң.

Бәрібір бетіменен қалқып жүзер,
Жинайды кілегейдей бал қаймағын.
Ал тереңде не жатыр шым батсаңыз,
Дем жетпей келеді айқайлағың.

Ауысканы буын сөз осы арада,
Қаласың оны алсаң маскараға.
Тілеме жамандықты өзің сүймес,
Мейлі ол жауың болсын, қасыңа да.

Тұншықтың ба, сездің бе, түбі қандай?
Осылай жүре берші ары бармай.
Жүрейік көп тобырмен араласып,
Өмір деген ғажайып көштен қалмай.

Қозғап қойдым жырымды жаза алмайтын,
Бәрібір мені ешкім жазғырмайсың.
Мен сұмдықпын деп қазір айтып көрші,
Әй, қайдам пенде шіркін айта алмайсың.



Қоңыр өмір, қоңырқай тірлік солай,
Әшейінде көрінер көңіл жорғай.
Кібіртіктеп қаласың шындық келсе,
Өте алмас терең жыра қазған ордай.

Бұл сұмдық «ана» өмірде ашылады,
Сонда барып өлшемі айтылады.
«Ақырзаман» дүлей күш осы екен деп,
Айла таппай жан пенде алқынады.

Астаһфируллаһ! Мен әлі тірімін ғой,
Қалайша батып кеттім осынша ой.
Тереңдегі осындай болады екен,
Әзір пендем өзіңді жазғырма қой.

Ойласаң жүйкенізге салмақ түсер,
Әйтеуір пендеміз бір, Алла кешір.
Ойға-ой, сөзге-сөз көпір болып,
Сөз дария шіркінді өстіп өтер.

Ойламаңдар жазам деп тығырықты,
Алдыңнан шыға келер сан қылықты.
Егер де сенің сонда өрең жетсе,
Бәрекелді! Ыңғайлап сал құрықты.

Бұғалығың түссе егер ыңғайымен,
Сырласасың ақкумен, аққайыңмен.
Домаланған тасында сөйлеп кетер,
Бөлісер ауыр тасың бар сырымен.

Қозғалыста жүрміз біз жатқамыз жоқ,
Күйін күйттеп айнала дүние-боқ.
Ұстап көрші қайыссы сөйлер екен,
Маңырайды, мөңірейді азан-қазан боп.



Жетіссең бұл тірлігің солай болды,
Жібермей осыншама жапқан жолды.
Ұмытамыз бір-бірімен сөйлеспесек,
Таба алмай бағытыңды оң мен солды.

27.02.2016 жыл

СОЛ ЖЫЛУ ЖЕТПЕЙ ЖҮР ҒОЙ БӘРІМІЗГЕ

Кібіртіктеп жылжымын алға қарай,
Тәубе дейін әзірге ашық маңай.
Қолымның бос кезінде жазып көрем,
Заман туар алды да әлдекандай.

Үмітпенен күдік көп сана толы,
Жинадым бұл пәлені қайдан мұны.
Қасқырдан қашқан қойдай үймелеген,
Пана тұтып жатқанын қара мұны.

Қысырақтың үйірін жинап алдым,
Сөз шықпаса жөнімен қиналамын.
Үмітсіз «шайтан» отын сөндіремін,
Түзеткім кеп тұрады қисайғанын.

Әй, адамның қисығы түзелмеген,
Бетіңе емес сыртыңнан мін іздеген.
Бұрында да болған ед өгей мінез,
Жыртығын жаба-тоқып білінбеген.

Сол мінезді қайталап жүрміз қазір,
Ақша болса дүние бәрі әзір.
Сондықтан да телміріп сұрамаймыз,
Кіріптар боп қалардай соған қазір.

Ұзақ әкпем айтады, өкінішпен,
Ой түйгенім емеурін өкініштен.

-«Қарағым» деп айтатын адам жоқ деп,
Айтады сағынышын күрсініспен.

Жылы сөзді сағынар жаста үлкен,
Айта салшы жылы сөз айтқың келген.
Сонда да ұқсамайды бұрынғыға,
Шынымен сол бір сезім қайда кеткен?

-Әй, әкпе, сенде өзің әже болдың,
Бастыңыз үлкендердің сенде орнын.
Өзінде елжіреп бір қайталашы,
Қарағым деп өзінде айтып қойғын.

Сол жылу жетпей жүр ме бәрімізге?
Мейлі жас, мейлі үлкен-кәрімізге.
Жылы сөзде Алланың сыйы емес пе?
Айналса сол сыйластық сәнімізге.

28.02.2016 жыл

105

МІНЕКИ, ДӘЛ ОСЫ СӘТ ҚЫЗЫҚ БОЛҒАН

Көктем жетсе ойыма сен түсесің,
Уәдеде тұрмастай кешігесің.
Албырт шақтың мен ұшын таба алмадым,
Таппай қалсақ бірді-бір өкінесің.

Жаралған ба бұл көктем өкініштен?
Асқақ сезім, сағыныш уын ішкен.
Өмірің құралған ба деп ойлаймын?
Тек қана өкіну мен күрсіністен.

Көктем жетсе сағыныш оты жанар,
Күлімдер жас арудың сәтін бағар.
Мінеки, күткен ғажап осы емес пе?
Амал іздеп жақындап көңілін табар.

Табылса екен амалы жас арудың,
Керегі жоқ мін іздеп жасқанудың.
Сен жанымнан құбылып өте шықтың,
Қызына сен ілесіп көрші ауылдың.

Ұялдың сағынышты қимасаң да,
Жетеді жанарыңмен арбасаң да.
Кездесуге жасқанып жүрсеңдағы,
Көрсем болды өзінді анда-санда.

Неткен ғажап тылсым күш баурап алған,
Көп болатын сырларым айтар саған.
Барғанымда жаныңа ұмытамын,
Айтармын деп жақсы сөз ойға салған.

Ұмытшақпыз, дәрменсіз, жаралғанбыз,
Сондықтан да сөз тапнай қиналамыз.
Не керек сағыныштың буы жеңіп,
Алысырақ кетуге жиналғанбыз.

Пана таптық топ ағаш арасынан,
Қорқақтаймыз сәл қимыл қараусыннан.
Діріл бар құшағыма паналадың,
Дүрсілімен жүректің жылытып қойған.

Мінеки, дәл осы сәт ғажап болған,
Айда туып келеді жылжи оңнан.
Таң атпаса деген ой мазамды алған,
Сәл деміге маңдайдан иіскеп қойғам.

28.02.2016 жыл

АЙДАНАҒА!

Айдана да бір ой бар айта алмаған,
Сөз құрап «көктем» сөзін қайталаған.
Айналайын немерем маған ұқсап,
Өзінше ұйқас іздеп сөз құраған.

Негізі талабына нұр жауады-ай,
Сырқаттанып қалды өзі мектеп бармай.
Әй, құлыным ерігіп бала мінез,
Жағалайды атасын жыр жазардай.

Жетілер қауырсын қанат катаяды,
Мақтап жүр оны эзір апайлары.
Төрт-ақ қызбыз қалғаны ұл деп қояды,
Жап-жатық түсінікті айтқандары.

Аузына өткен жұма түкіргенмін,
Жас ақын өз үйімнен шықсын дедім.
Ырымдап сәл де болса қолды жайып,
Басын сипап «жыр қон» деп бата бердім.

Осылай өсіп келеді балапаным,
Сөз құрап анау-мынау қинап жанын.
Балалыққа тұнып тұр жан сезімі,
Аман болшы ұрпағым балаларым.

Сәл тарана Айданам өсіп келеді,
Қысылмай үлкендерден сұрап көмек.
Үйімде қос тұлымы желбірейді,
Сағыныш ұялатар маған демек.

Көктемінді мен жырға айналдырам,
Шығарасың такпақты қарап бұған.
Қабыл болсын деп іштен айтып қоям,
Шын жүректен айтылған менің дұғам.

Көктем деген көзіңнің құрты емес пе,
Қызық болып көрінер жай елесте.
Меніңдағы армандаған ой-киялым,
Шыныменен жаным-ау, осы емес пе?

Тербеле бер қызым-ау көктеміндей,
Атаңнан тым ұзаққа қашық кетпей.
Ойлансаң, ойлана бер тал шыбығым,
Ойланғын сен бекерге күнің өтпей.

28.02.2016 ЖЫЛ

НАУРЫЗ ИІРІМДЕРІ

Наурыз айы қыс пен көктем арасы,
Бері келші сыртқа зер сап қарашы!
Бір шуакты сезгендейін жан пенде,
Сәл тыныштал мазасын да алмашы.

Не сездің тылсым осы көріністен,
Қыс айырылды қаһары бар күшінен.
Жылу сезіп бусанып жатыр маңай,
Алатындай аппақ қардан ол өшін.

Шуакты жек көреді қандай малғұн,
Өседі сағындырған майса шалғын.
Келмейді осы сәтті жіберіп-ап,
Сезе алмай терең сырын қапы қалғым!

Әйтеуір жылу сезем алақандай,
Болмашы тымырайып әлдеқандай.
Әрине, осы сәтте еске түсер,
Қол жетпеген аруың ашық маңдай.

Махаббаттың айы бұл жылу күткен,
Сан ойларың оянар уақыт жеткен,

Әлі маңай жадырап кетпесе де,
Оралар деп ойлайсың үміт өткен.

Осы жылу бойымды сәл жібіткен,
Ойларым бар қар асты көміп кеткен.
Үш ай күтіп өзіңе зорға жеттім,
Сезінейін жылуын беттен өпкен.

Теңеулер көп өзіңе сақтай күткен,
Айта алмаймын оны да өткен-кеткен.
Тек өзіңе сезе алсаң айтпақшымын,
Ойымды санам жетпес менін кешкен.

Сағымға сұлу мүсін теңей берем,
Жан тәнім түсінгендей бітіп әлім.
Әйтеуір қуана бер қысылмашы,
Бұл өзі құбылыс бір тылсым әуен.

Саламын жыр әуенге махаббаттың,
Наурызымда меніңде отым жандың.
Сол сәтім оралады көңіліме,
Жылуы сезіледі ыстық жардың.

29.02.2016 жыл

ӨМІР ТАБИҒАТҚА ҰҚСАЙДЫ МА?

Көктем келді, шіркін деп аһ, ұрады,
Көктейді деп ағаштар жапырағы.
Жаз келді деп, тағы да аһ, ұрады,
Үйрек, қазың сұңқылдап ән салады.

Күз келді деп, тағы да аһ, ұрады,
Жапырақтар солды деп тағы-тағы.
Құлазиды көңілің маза болмай,
Ірең қашып солады жазғы бағы.

Қыс келді деп, тағы да аһ, ұрады,
Қар басты деп сай-сала атырабын.
Жаурадық деп, тағы да аһ, ұрады,
Отын сүйреп тірнектеп жасап қамын.

Жұмбақ екен мына өмір сырын ащы,
Сәл ойланып негізгі сырын айтшы.
Сәл сабыр ғып көңіл сап отырыңыз,
Айтайын мен себебін болса да ащы.

Көктемдей бұл өмірге сен келдің бе?
Қоя тұр енді-енді түсті есіме.
Әйтеуір жарық дүние ашамыз біз,
Көктемде басқа айда сәл кешіге.

Бұл көктемің жастығың бала болдың,
Қайда екенін білмейсің оң мен солдың.
Мәпелеген анаңның арқасында,
Түсінесің, сезесің жетіп ойың.

Көктегенің бұл сенің балалығың,
Сұлу сымбат толысып күн мен айсың.
Маңайың қалықтаған әсем әуен,
Бір кірсең зерігіп жалықпайсың.

Жаз бітіп, күз келерде есейесің,
Өмірдің бағыттайсың түзеп көшін.
Қалайша айта берем бәрін тізіп,
Қамданып қал, білім ал, кешігесің.

Көбейді ғой өзіңнен бұтақ қаптап,
Қалсам дейсің олардың бәрін сақтап.
Дінгегінде ағаштың құрт түспес деп,
Әкпенен жазың шыға қояр әктеп.

Сирегені бағыңның бала емес пе,
Келіп тұрар жан-жақтан көктем жетсе.
Боз қырауың ағарар мұрт пен сақал,
Бітпей жатса ойларың кеш емес пе.

Дәл осы ара шынымен жанға батар,
Сирейді туыстарың жүрген қатар.
Әке-анаңды білмеймін қайда кеткен,
Құлыным деп маңайдан сипап жатар.

Сирегенің осы ғой тарам-тарам,
Әр нәрсеге жүргенің болып алаң.
Бірің болса, бірің жоқ табалмайсың,
Азаяды кешегі қараң-құраң.

Жұмыс басты болды ма бала-шағаң?
Тасадасың кез болды зер салмаған.
Сонда да отырасың бейжай болып,
Кезің бұл шыныменен аласарған.

Онда шамаң кеткені сезіліп тұр,
Шәй-суыңды ішем деп орнымен құр.
Біреуге ерте, біреуге кеш жететін,
Пай-пай заман сезе алсаң қарттығың бұл.

Қысың бұл ағарады барша түгің,
Әлсіреп құлазисың қашып өңің.
Маңайдан сөйлесетін адам таппай,
Тұрғандай көрінеді жақын көрің.

Жылыта алмай дененді сөлі қашқан,
Күтесің жамылып-ап пешті жаққан.
Бір адам жоламайды маңайыңа,
Ұқсайсың түбіртекке көрпе жапқан.

Мінеки, құбылысың төртке бөлген,
Жас баладан қарттықты ішің сезген.
Ақ жауының әлі бар арасында,
Өлім деген сол болар айтпай келген.

29.02.2016 жыл

БАТА, ТІЛЕК АЙТУ КҮНІ. ЕЛІМЕ АРНАУ

Кең-байтақ Қазақ елім атырабым,
Бәріңді бірлігіңе шақырамын.
Тірлік кешіп, мал бағып өсіп-өнген,
Қалайша тірлігіңді жасырамын.

Рауандап таң атты Наурыз жақын,
Құтықтаймын, батаммен Қазақ халқын!
Бәріңде бір-біріңнен өтесіндер,
Қызғанбай тірлік істеп барша жалпын.

Ғажапсың, сұлусыңдар бәрің маған!
Болмасын қазақымда үн жылаған.
Көрмеймін маңайымнан негізінде,
Еш адам салы кетіп тұнжыраған.

Қорғаның байтақ жерді игергенің,
Жүрегіңнің кеңдігі, міне сенің.
Құр сандыққа тыққылап неғыласың,
Беру ғой қалың жұртқа көксегенің.

Маңдайың жарқырайды шуақ төгіп,
Жүргенің қол ұшыңды ылғи созып.
Ашық қол аталдың ғой осылайша,
Жатқаның аста-төк қып асты беріп.

Аштығың ары кетіп Рұм асқан,
Таппаймыз жазира бел сенен асқан.

Түнеріп Сарыарқамда бұлт тұрмайды,
Көрмедім дана халық сенен асқан.

Бабаңнан қалған байтақ жерің дүлей,
Қалайша теріс кетеді елін сүймей.
Жылағанды жұбатып малын берген,
Шынымен қазағымда болмас үрей.

Самғадың көк аспанда ізің қалған,
Жеріңде ағаш өсіп бүрін жарған.
«Мәңгілік» сөз өзіңе аз болмасын,
Жеріңе «самұрық» құс ұя салған.

Жасай бер, бар тірлігің көпке жағып,
Жырыммен жіберейін алқа тағып.
Сан белестен аса бер жарау аттай,
Жасы келген атаңнан батаңды алып.

01.03.2016 жыл

СҰЛУ МҮСІН ДИДАРЫҢ

Сұлу мүсін ай қабақ, шиес ерін,
Болмайды сылансаңдар кемшін жерің.
Кірпігің тік шаншылған найзадайын,
Жайнаған ботадайын екі көзің.

Сылқым бас жалғанады мойынменен,
Жарасып сәнді небір алқа ілінген.
Иықпен жарасады алмұрт төсің,
Жарасар тал бойыңа қыпша белің.

Қолдарың нәзік талдай еркелеген,
Сол қолыңа сан ғашық жетсем деген.
Жарты мүсін әлі де бітпей жатып,
О, Құдірет! Сан күйді кештім неден.

Бұраң бел, сал бөксеге жарасқаның,
Сұлу боп көрінеді тар мықының.
Жарасып тұзу аяқ қона кетті,
Аршын төске жарасар өте мығым.

Апыр-ай! Саған теңеу таппай қалдым!
Шығардай иегімнен шыбын жаным.
Осындай болмысымен сан арулар,
Түсірмей жүр бағасын бойда арын.

Сан қылығың күнәға батырса да,
Айта алмай күмәнді сөз жасырса да.
Елітіп бұл өмірден жалықпассың,
Осындай түр сипатта ару бар да.

Қарағым айналайын! Жаутаңдаған,
Теңін іздеп сылана жар таңдаған.
Бір жігіттің құлағын бұрайсың-ау,
Сені көріп буыны қалтыраған.

Күтіңдер өздеріңді әйел заты,
Шығады сендерменен еркек аты.
Төсқалтада сақтаулы тұрған шығар,
Бере алмаған өзіңе жазған хаты.

Кірпігің дірілдесін көзің айна,
Түсірдің мені күйге осындайға.
Керемет ғажап күйге енген сәтте,
Отырғандай көрінем көкте айда...

01.03.2016 жыл

СЕЗІММЕН КҮРЕС

Қызыл бояу қызғаныш белгісіндей,
Қиялым тоқтамашы салып өргей.
Әйтеуір жыр-дастанды жазамын мен,
Шайқаумен жыр теңізді маза бермей.

Көңілдің көк дөнені болдырмасын,
Жыр кептерді қаламға қондырғасын.
Бір қызығы өмірден маза кеткен,
Араласып ми палау, кәрі-жасың.

Шымшыма сөз жаныңды күлдірмесін,
Көктемдей шатыр-шұтыр күркіресін.
Кіргенінде білдірер сол кездері,
Шөптің жарып шығатын қызық сәтін.

Күркіремей ақ жауын сел болмайды,
Тұздықсыз қара сөзде мән болмайды.
Шымбайына шыжғырып тимегесін,
Құр бекер айтқан сөзің жөн болмайды.

Жаяу қамшы ұрамын борбайыма,
Тосасың келер сәтін ыңғайына.
Жолбарыс боп атылып алысасың,
Тақайсың ырсиған тіс алқымына.

Жырыңда арпалыстың күйін кешкен,
Кезің болады күйініп киім шешкен.
Қан сорпаға түсесің кейіпкер боп,
Осылайша, алысып күнің өткен.

Бір шумағың жырыңның басы емес пе,
Күткеніңде әнекей осы емес пе?
Әрі қарай жүреді аңдып басып,
Саласың небір айла-әрекетке.

ӨЗ ЖЕРІМ ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ

Миллиардтай қаптаған қалың адам,
Өтеді көрінбестен соқпай маған.
Дөңгелек деп айтылған қара жерде,
Көктеген, өсіп-өнген, бүрін жарған.

Мемлекет боп құралған жерін бөліп,
Кетеді аралағым көргім келіп.
Кей сәттері болады манайыңды,
Көрместей боп қаласың кейде жеріп.

Бірі шөлде, бірінде қара орман,
Джунглиге із кесе тұзақ құрған.
Былқылдаған батпақ бар, суы кеппес,
Кей жерлері тауықтай түгін жұлған.

Бір жерлері тек шағыл-құм суырған,
Елес болып көз алдың сағым қуған.
Сонда да аң мен адам жолығасың,
Осындай демің жетпес шағылдардан.

Енді бірі «жұмақты» қолдан салған,
Көрген адам тамсана қайран қалған!
Бар керегің алдында деп айтады,
Бітпейтін ертелі-кеш сауық сайран.

Орнатқан байланысты ғаламшармен,
Ұшып келіп жатады әрмен, бермен.
Әйтеуір біз ауылдан шыға алмаймыз,
Қаражатпа сылтауым жоқтай дәрмен.

Белді буып, иыққа дорбамды асып,
Кетем бе шекара асып, мүмкін қашып?
Әй, қайдам мүмкіншілік болмайтындай,
Қаламын өз ойымнан өзім сасып.

Көрмей-ақ шекара асып басқа жерді,
Өз аулымнан бөтен жер артық па еді.
Бұғанда шүкіршілік жасайыншы,
Дәл құмды, Жаратушым! Сиғып берді.

02.03.2016 жыл

ҚҰРМА АҒАШ СЫРЫ

Ерте, ерте, ертеде, небір заман,
Әңгіменің желісі мазаны алған.
Хандықтың заманы ма ел билеген,
Жоқ шығар дәл сол кезге жыр арнаған.

Дайындалып хан шықты аң аулауға,
Қару-жарақ аң аулар жарқылдауда.
Белес-белес құм асып ұзай берді,
Бір топ құлан бүйірден жақындауда.

Қуғын бар ма соңында жан ұшырған?
Өте берді сойқандап хан тұсынан.
Бәрі де нөкерлерің тұра қалған,
Осы бір көрініске тым таңғалған!?

Құландардың артынан қасқыр өткен,
Түсі суық түскендей аспан көктен.
Жота жүні қылшығы кара түкті,
Көрмеген мұндай көкжал аңды көптен.

Желігі құлан, қасқыр бойға тепкен,
Қиқулап сондарынан қуа кеткен.
Ханда барып қосылды бір бүйірден,
Жетем деумен құм белес ұзап кеткен.

Арлан қасқыр қолтығын жаза түскен,
Сезінді қуғыншыны соңға ілескен.

Сойқандатып құм жота оза берді,
Соңынан көтеріле шаң ілескен.

Ұзады құм белеске дендей кіре,
Қуып ед нөкерлері тым өшіге.
Күн қызып, қызыл құмда демі біткен,
Ат аяғы астынан құм есіле.

Суда жоқ, аптап ыстық қамап алды,
Осылай қасқыр аңнан қапы қалды.
Бұйра жота маңайы шеті жоқтай,
Сілекейі жабысты аузындағы.

Айналаның қарасаң бәрі сағым,
Ұмыттырар маңайда тірлік барын.
Биіктеу бір дөнеске шықты қарап,
Маңайы құм суыра ұрған жалын.

Міне, қызық қол салып қарағанда,
Ғажап бары сезілді осы маңда!
Көз ұшында сенбестей құбылыс тұр,
Жан-жағы құм суырған қызыл құмда.

«Жұмақ» жер көз ұшынан қылаң берген,
Таң болды құбылысқа мына көрген.
Бұл неткен жаратылыс құла дүзде,
Таңғалысты ғажапқа мына көрген.

Сан құбылды хан ойы бар адамның,
Ізі жоқтай көрінген тірі жанның.
Тезірек сонда барып шөлін баспақ,
Белінде босатпақшы мініс аттың.

Тақалып ғажап жерге тізгін тартқан,
Шақырса иесі кеп түспек аттан.

Құрма бақтың жанында ақ шатыр тұр,
Дөңгеленген үстел тұр ақпен жапқан.

Гүлзарға айналдырған бақтың маңын,
Түсірді хан есіне Иран бағын.
Дыбыстап кім бар, – деді ие баққа,
Сақтардай дәл осы жер шыбын жанын.

Бағбаның келгендерді елемеген,
Естіді ат дүбірін жаңа келген.
Жұмысын ретімен істей берді,
Тіл қатпай көп нөкерге мән бермеген.

–Кім иесі бақтың деп дыбыс қатқан,
Көтерілді бір бейне бақша жақтан.
–Мен едім, иесі едім осы бақтың,
Жайменен байсалдылау жауап қатқан.

Амандық сұрамады ханың қатал,
Жайы жоқ көп сөз айтып жырлап жатар.
–Шөлдедік ерініміз кезерді деп,
–Әкел сусын, бар болса, бер деп қатал.

Иіліп сәлем берді ханға қатал,
Жемістен үзіп берді шөлін басар.
Ханыңда тым асығыс ауыз салған,
Ойы жоқ маңайына қарап жатар.

Аузына салып еді құрма дәнін,
Ала қойды сол сәтте жинап әлін.
Уылжыған аузыңда еріп кетер,
Жайменен сұрап көрді мұның мәнін.

Бағбан айтты, бар сырын жемісінің,
Көк болса да шөліңді басатынын.

Шарапта, не бір шырын жасалады,
Ауыздың суын құртып айтқан шынын.

Ханыңның ойы жаман бұзылғаны,
Өзінде мұндай бақтың болмағаны.
Елестетіп ойымен қиял кешті,
Санасын жағымсыз ой торлағаны.

Қайдағы бір қу кедей ие болған,
Алмақшы мұны тартып бәрін қолдан.
Құрманы алып бақшама орнатам деп,
Келмесе де қисыны ой жорыған.

Бұзылып ой-санасы аласұрған,
–Тағы да беріңіз деп ол сұраған.
Үзілді екі құрма сабағынан,
Ала сап қомағай хан ауыз салған.

Тым қышқыл аузындағы жұтар құрма,
Ашудан жарылардай тұрды зорға.
Әй, – деді мына құрмаң өте ащы,
Ханды сен жықпақысың улап орға.

–Тақсырым! Кешіріңіз, – деді бағбан,
Алыстан ебін тауып сөз бастаған.
Бұлдағы сол ағаштың жемісі еді,
Қалайша бүлінді екен О, Жасаған!

Негізі бұл құрманың сыры бөлек,
Әр нәрсені құбылыс ағаш сезеді.
Жамандықпен ойыңыз сәл бұзылса,
Бүлінер шырын дәмі ашып өзек.

Сіздің ой бұзылды ма ләппай тақсыр?!
Осында жатыр деймін терең бір сыр.



Пейілден болып жатыр бұл оқиға,
Тақсырым жазғырмаңыз бекерге құр.

«Игі іске илансаң, Құдай сүйер,
Жауыз іске илансаң пәле үйір».
Мағынасын, мәнісін түсініңіз,
Ойлансаңыз осыған дәп дәл келер.

Ғажабы пиғылыңды сезген ағаш,
Ойындағы сезімге келген оғаш.
Сондықтан шырын дәмін өзгертті де?
Сезімтал құбылады құрма ағаш.

Әй, сен тоқтат сөзді, кеттің тантып,
Оқиғаны айтасың құрап шатып.
Қопарындар ағашты тамырынан,
Кетеміз ебін тауып атқа артып.

Ашуы хан дүлейдің басқа шапқан,
Еш нәрседен күдік жоқ ойлап жатқан.
Тақсырым! Тыңдаңызшы, тым иіліп,
Негізгі айтылмаған сырын ашқан.

О, Тақсыр! Басыңызшы ашу-ыза,
Көрмеңіз бұл ағашты ешбір қаза.
Көп еңбекпен орнаған мына ғажап,
Бағбанның тал бойынан кетіп маза.

-Хан ием, бұл құрма киелі ағаш,
Ілінесіз қаһарға небір оғаш.
Тыңдаңыз мен айтайын ағаш сырын,
Айналайын, тақсырым, бері қараш.

Жасырмай барлық сырын айта бергін,
Келмесе қызыл құмда сенің өлгің.



Бұлтармас дәлеліңмен сендір мені,
Келеді анық жайға менің сенгім.

Алланы мадақтаған көпке жая,
Таппаса да елінен кейде сая.
Сол Мұхаммед (с.ғ.с.) 63 жасқа келіп,
Өсиет қалдырмақшы жұртқа жария.

Алланың аманатын берем деген,
Алады мұны менен әлі келген.
Сол кезде мен алам, – деп дауыс шыққан,
Санмини Фарс шейх, 300 келген.

Түркі тегі, 33 тілді білген,
Талай дін, құбылысты көзбен көрген.
Арыстан бабқа Алланың назары ауды,
Аманатты табыстап оған берген.

Мұхаммедтің (с.ғ.с.) қолынан алды аманат,
Арада уақыт өтті жыл сырғанап.
500 жыл өткен екен содан бері,
Сақталды бұзылмастан сол аманат.

Шөл далама, әлде бір құла түз бе?
Жасы да тақалды ғой 800-ге.
11 жасар бір бала жанай өтіп,
Аманатым қайда деп қалды үздіге?

Кәне, аш аузыңды ей, көдегім,
Жұтпадым маңыздысын сақтап жүрдім.
Қайдан табам деп жүрген кезім еді,
Айналайын, шынымен сен дәл келдің.

Ясауи алды пайғамбар (ғ.с.) аманатын,
Шындықтан енді қалай жалтарасың.

Бұл өзі сыры терең оқиға ед,
Осынша жыл ие боп сақтағасын.

Арыстан баб шәкірті сол Ахмет,
Айтамын екеуіне де зор рақмет.
Сол дәннен өсіп-өнді осы құрма,
Отырсыз ой бұзылып қиратам деп.

Тамыры қиылады қопарсаңыз,
Бәрібір ол өспейді болмас маңыз.
Осылай деп бұл құрма сыр шертеді,
Сан ғасырдан куә боп жеткен аңыз.

-Сен өзі әңгімені әрі создың,
Бұл өзі айла тауып құрған торың.
Құрманы бергің келмей айтып тұрсың,
Ұстандар бағбанды байлап қолын.

-Тақсырым! Тағы тыңда бар оқиға,
Қызықты бұл құрмаға хан Тахирда.
Түсіндірдік оған да сырын ашып,
Қазбаңыз деп билеуші сол Тахирға.

Тоң-мойын қазып алды бір түбірін,
Қасиеті құрманың ұрды кейін.
Өркөкірек қайырымсыз мінезінен,
Тастап кетті ақыры ел мен жерін.

Мейірімсіз боп халқына жақпай тынды,
Болмады маңайына ешбір құны.
Қол асты хан Тахирға билік бермей,
Халықтан сырт айналған болмай жолы.

Жерсінбеді құрма ағаш гүлі солды,
Шіріген тарамыстай қурап қалды.

Құрметсіз боп қолынан билік кетіп,
Тақтан да, атақтан да ол айырылды.

400 мың халық оған ермей кетті,
Түбіне хан Тахирдың құрма жетті.
Тентіреген қайыршы күйге түсіп,
Өмірден белгісіз боп ол да өтті.

Хан райынан қайтарды бағбан сөзі,
Ханыңда ақылсыз ба жетті көзі.
Қош айтысып есендік айтқаннан соң,
Жинап алып нөкерін қайтты кері.

Негіз бар сенемін мен ғажабына,
Себеп болған хандардың ажалына.
Артық сөз қоса алмадым қиянат қып,
Ертегі бұл қисаның арасына.

Жайқалып өсе берсін көрмесек те,
Жаратылыс жалғасар жер мен көкте.
Бас ием сол қисаның желісіне,
Айтылмас сөз бекерге босқа текке.

02-03.03.2016 жыл

КҮЙБЕҢ ТІРЛІК ӘЛЕГІ

Қорадан шу шығады мал төлдеген,
Көбейіп сол төлінен өсіп-өнген.
Біреуің екеу болып баққан малың,
Ыңғайы кезегімен өріс өрген.

Ауылдамыз аулада қорамыз бар,
Мұны да негізінде ермек көрген.
Қызығы қысы-жазы әлек болып,
Мал жиып отыралмай бейнет көрген.

Әйтеуір жоқтан жақсы қуанамыз,
Осылай пенде көңіл жұбанамыз.
Кезегі бар өріске бағатұғын,
Аннан-мыннан жұмыстан сұранамыз.

«Хан жарлығы» деп қойған айдар тағып,
Келесің кезегіңмен қойды бағып.
Баққан малың өрісте бір тынбайды-ау,
Жосылып арлы-берлі мазанды алып.

Екі аяқтан жан кетер жүре-жүре,
Әлсірейсің тал түсте ұйқың келе.
Жатасың аяғыңды жаймен созып,
Өзіңнің тауып алған көлеңкеңе.

Шәй-суыңды ішесің қуат алып,
Жаз болса күн төбеңде тұрар анық.
Бір бала ыстық күнге қарамастан,
Өзінше отыр олда қармақ салып.

Көк құрақ жаймен баяу тербеледі,
Күз түссе сарқамыс боп өзгереді.
Әйтеуір алмасады көк пен сары,
Шынында жазың бітсе күз келеді.

Негізі жаз жақсы ғой болса да ыстық,
Шөп орасың маңайдан қамыс қыстық.
Осылай әр күңіңе маза бермей,
Өтеді күндеріміз ылғи өстіп.

Қалалықты мақтаймыз арасында,
Жайын білген өмірдің расында.
Шатыр тігіп жатады аптасы үш күн,
Малы жоқ қой қайтеді қорасында.

ҚАРИЯНЫҢ ІШКІ СЫРЫН КІМ СЕЗГЕН

Жасы келген қарияға обалды,
Таң азаннан зәрі қыстап оянды.
Жамылады күпі киіп үстіне,
Айналсоқтап ықтасын бір қоранды.

Қайтып келіп құмарасын қаясап,
Көрпесіне салқындаған оранды.
Жылу кеткен негізінде бойынан,
Көз ілінбей кей сәттерін ойға алды.

Тамсанады, кейде жаймен есінеп,
Оқ тигендей құламаған есірек.
Бір ойына, бір ой келіп шатасып,
Не амал бар жаймен ғана күрсінеді.

Өксікпе еді өткен өмір осылай,
Кетті туыс жанын күйттеп қосылмай.
Сүйенетін кімі қалды қасында,
Жатыр, міне қос тізесі жылымай.

Аунағаны мазасының кеткені,
Осы болды соңғы өмір жеткені.
Құлады ма ағып тұрған қайықтың?!
Діңгегі мен алып жүрер желкені.

Ұйқы келмес ойлар оны тұмшалап,
Бар денесін қойғандайын қырсаулап.
Таң атады, күнің қайта батады,
Мағына жоқ, мәні де жоқ құр зулап.

Сөйлесетін маңайында пенде жоқ,
Өзінің де сөйлесуге зауқы жоқ.
Тірнектеніп біраз дүние жинап ед,
Қарамайды сол пәлеге дүние бок.

Отыр міне, шай-су ішіп кемсеңдеп,
Төсегінде жатар жерін жүр жөндеп.
Таусылмастай жастығында мына өмір,
Ең соңында айтылған ғой бес күн деп.

Бес күніміз осы халға жеткізген,
Қарияның ішкі сырын кім сезген.
Мәз болады балалары шуылдап,
Үш мезгіл тамағына құр берген...

04.03.2016 жыл

АЙДАНАҒА

Ойда көп жақсылық сөз айтсам деген,
Айданам бүгін соның сәті келген.
Өзімнің немеремсің үнің әсем,
Гайдар мен Айнұрымнан жарық көрген.

8-ді бітіресің осы айда,
Ақдала мекеніміз тұрақ жайда.
Жамағатым болдың ғой мына менің,
Ауырғасын таппадың басқа айла.

Тигіздің маңдайыңды жайнамазға,
Өзіңше дәрет алып жасап айла.
Тұрдың ғой артымдасың ұйығасың,
Білмедім болдың екен қандай жайда.

Ниетің қабыл болсын тілегенің,
Әке-анаң беріп жатыр жәрдемдерін.
Жақсы оқып ойлағаның болсын деймін,
Өмірде керек болады көргендерін.

Аздаған мінезің бар еркелеген,
Бекзатпен таласасың көкелеген.

Ойыңнан шықпай қалса қылықтарың,
Өзіңше мінезің бар өкпелеген.

Бұл дағы балалықтың сатысы ғой,
Жүрерсің әрқашанда жинақтап ой.
Өсерсің айналайын қызым менің,
Өзіңе қарайсың ғой таранып бой.

Аздаған ниетімді жазып қойсам,
Жақсы болсын маңайың жүрер ортаң.
Өзіңде байқап жүргін айналайын,
Ашуланшақ болмашы менің қолқам.

Көп болсын көретін жақсылығың,
Қорғасын періштелер оң мен солың.
Қазір-ақ үлкен болып өсесің де,
Кәдімгідей сыланып өсіп бойың.

Ойымды жаза алмадым төгілдіріп,
Осы үйге шыныменен бердің көрік.
Айналайын! Айданам аман болғын,
Мен жүрмін ақын ғой деп саған сеніп.

04.03.2016 жыл

КӨКТЕМ ШУЫЛЫ

Көктемнің самал лебі кеп,
Ұзақ пен қарға шуласқан.
Ұя салып ағашқа,
Маңайды шулы ду басқан.

Ұшқан құс жөндеп ұясын,
Тірліктің кірген базары.
Сілкінгендей дүние,
Түрленіп түрі ажары.



Сезе алсаң сырын табиғат,
Көңілді бөліп зер салып.
Шақшадай басың дал болар,
Тірлікке мына таңғалып.

Қайнаған базар тіршілік,
Опера сазы секілді.
Қорада тұрған бұқаша,
Иіс алып ол да өкірді.

Ғаламат тірлік басталған,
Байқапта ешкім көрмеген.
Осының бәрі басталды,
Сәл ғана жылы леппенен.

Ақ қардан босап қара жер,
Қыртысы терең бусанған.
Құтылғандай қуанып,
Қыс деген қатал құрсаудан.

Емізіп жатыр қой-ешкі,
Өзінің төлін иіскелеп.
Жанына келсе жат қозы,
Тұмсықпен ары итереді.

Қым-қуыт тірлік орнаған,
Зер салмай оны сезбейсің.
Жазылмай қалып осы сәт,
Санаңда оны жерлейсің.

Өсе бер өніп тіршілік,
Бұзылмас өмір заңы ғой.
Маңайдан терең сыр ұқшы,
Қызығы өмір осы ғой!



ШЕГІ БАР ӨМІР

Уақыт байқасаңыз тез өтуде,
Адамда асығыс көп тез жетуге.
Жанталасқан өмірдің құбылысы,
Байқатпай тылсым күшін көрсетуде.

Ғажап көп, әулие көп, көріпкел көп,
Айта алмай жатыр ойын шындықпен тек.
Адамзат жанталаса ізденуде,
Өмірдің бітетінін боларын шек.

Шегі бар «Құранда» да белгіленген,
Сыры оның айтылды «сүр» үрленген.
Сол кезде басталады зобалаңыз,
Тыншымай тіршілікте іздеп жүрген.

Шегін іздеп қайтесің өміріңнің,
Ақырзаман ұшының көрінуін.
Сызығымен тағдырдың жүрсек болды,
Алланың мына бізге сый ғып берген.

Бұл біздің санамыздың өлшемі ме?
Өкінеміз өмірдің өткеніне.
Мәз болады кейбіреу тойынып-ап,
Жинаған байлығының шет-шегіне.

Масайра байлығыңа жыртық көзің,
Пұшпағыңа ілмейсің адам сөзін.
Дәл осы «ақырзаман» белгісі ме?
Осыншама байлықпен байлап көзін.

Тартқызар байлығыңыз сазайыңды,
Бір мезгіл ойлап жүргін ажалыңды.
Жазатайым ажалдың оғы тисе,
Іздеп бармас сол байлық мазарыңды.

Бүлінсең «ақырзаман» таялғаны,
Адамның орындалды қай арманы.
Сен кетсең орныңа басқа келер,
Ішкі сырым осылай жыр арнады.

Ата-бабаң ойлашы қайда қалды,
Тірлік үшін өмірін қиған жанды.
Тұрлауы жоқ айтылған мына өмір,
Көресің көресіні басқа салды.

05.03.2016 жыл

ҮЙЛЕНУ ТЕРЕҢ СЫР ЕКЕН

08.03.1973 – 23, 24-ТІ ТОЙ

Іздеймін мен өзінді сезесің бе?
Әйтеуір шуақты сол күн есімде.
Ерекше әсер алып отырмын ғой,
Жаныма келді жетіп елесің де.

Ол кезде де көктем ед маужыраған,
Қар ери жыра-сайға сарқыраған.
Ол кезде қазіргідей байланыс жоқ,
Почтадан сағынышты хатты алғам.

Сезімге бөленесің сол хатпен-ақ,
Сол кезең мал төлдеуге дәл келген шақ.
Бөліпті сені дағы сақпаншы ғып,
2-3 ай өтеді екен үзілер хат.

Ой бұзылды анама сырды ашқам,
Ескертіп келін жайлы небір жайттан.
Келіскен қайран шешем! Басын шұлғи,
Алып кел деп үйіме келін тапқан.

Жастық-ай! Жалындаған шыныменен,
Қызық сәт өмірінде жар іздеген.
Жинадым ағайынды басын қосып,
Ауылға келін алып келем дегем.

Туыстар пікірлесе ойын айтқан,
Болмады қисынсыз сөз кері тартқан.
Разы боп келісе тарқасты ғой,
Айтылмай тым қиғаш сөз артық айтқан.

Көңілім көк аспанға кетті самғап,
Бұл істі енді жастар жатыр қолдап.
Екі-үшеуі бөлінді баратын боп,
Жаныма ұл жолдас боп мені қорғап.

Ол кезде қатынасқа көлік тапшы,
Жеңілдеу болғаны да болар жақсы.
Қисыны келе кетті айырбасқа,
Шынымен көлік таптық аяқасты.

69 маркалы жеңіл көлік,
Бергені бір басшының бізге сеніп.
Тола мініп алдық қой біз ішіне,
Қуанышқа бөленіп қызық көріп.

Бағыт алып барамыз Көктал жақты,
Қазіргідей жол жоқ қой мұндай қатты.
Еш қиындық сезбестен бардық жетіп,
Көретін күнім еді қайын жақты.

Қолынан шықпақ еді жеңгесінің,
Қанарбек ед інісі әкесінің.
Зира жеңге біздерді қарсы алмақшы,
Біледі күйеу бала келетінін.



Менің көңілім тап сонда көк аспанда,
Ырза болып жүрмін ғой Жаратқанға.
Жаға жайлау боп жүрміз өңшең жастар,
Бүгін бір шығармақпыз айды аспанға.

Орналасқан «штабым» Алдаш үйі,
Арасында еш үй жоқ қатарласқан.
Қызығы ары-бері келіп жүр ғой,
Баханда бүкпей сырды ойын айтқан.

Ойларым маза таппай шиырлаған,
Қазірде осы жағдай қиын маған.
8 ай таппай қалып отырмын мен,
Жоқтығы жанға бата уайымдағам.

Үзілді осы арада ойым бөлек,
Сол сәтті ары қарай жалғау керек.
Сәл бұзылған жырымды түзеп алып,
Осы кезде дәл маған демеу керек.

Ойларым сабасына түсті бәрі,
Кеш батуын тосамыз күтіп әлі.
Уақыт жүрмейді тек осындайда,
Шыдамсыздық көрсетіп жатыр бәрі.

Ол кезде клуб бар ед «афиша» ілген,
Киноның тақырыбын оқып көрген.
«Қызды іздеп тап» қызығы кино аты,
Кететінін қыз жайлы қалай білген!

Сол кездің салтыменен жөн-жоралғы,
Ақ тартып қалталарды үйге кіргем.
Қарсы алды тосып жүрген дайындалып,
Көңілді жылы ұшырап өңшең жеңгем.



Жайғастық қатар-қатар кең үстелге,
Басталды жылы лебіз осы жерде.
Мен отырмын сызылып күйеу жігіт,
Бергенмін апам берген 4-5 жейде.

Сылқитып Орақ, Талғат ішіп жатыр,
Майысып қыз Айсауле ол да отыр.
Жәнібек бар негізгі жүргізуші,
Бәрі де ретімен сөйлеп жатыр.

Құда болып бәрі де міндет артқан,
Женгелері сөйледі Бахаң жақтан.
Ас келді, төс тартылып жөніменен,
Ақшасын келісіммен Орақ салған.

Ойымды айта алмаймын одан ары,
Жақсы тілек айтып ед жақындары.
Елестей боп қазірде көрінеді,
Айтылған жылы лебіз бәрі-бәрі.

Түн ауа қайтатын боп сыртқа шықтық,
Түгендеп барымызды санап жаттық.
Талғатым таба алмапты аяқкиім,
Киіндіріп, тез бол деп алып қайттық.

Жастығым ойлап отсам от екен ғой,
Қызығы дүниенің осы екен ғой.
Жастықпенен қызбалық қосылғанда,
Таусылмастай дастан мен жыр екен ғой.

Жалау байлап машина ауыл қайттық,
Бір-бірінді қолдаған қайран жастық.
Бал тамыза жырымды жаза алмадым,
Ұйқасым құралмады бұдан артық.



Кәрібек пен Махатай жолда тосқан,
Ояттық оларды да ұйықтап жатқан.
Осы қызық «тас-көпір» өткелінде,
Мәре-сәре бәріміз болып жатқан.

Үйіне Мамыр көкем кірді келін,
Үлкен үй деп қоштаған осы жерін.
Шымылдыққа жайғасты Бахаң барып,
Кейіндер мақтан етті түскен жерін.

Ан-2-мен ертеңі Алматы ұштық,
Көк аспанды тілгілеп ұшқан қалқып.
Алеша дос ілесті осы жолы,
Сайқымазақ сөздердің майын қалқып.

Үш күн жүріп Арқарға бардық үйге,
Осымыз ертегідей қызық кейде.
Дайындық жасадық біз той қамына,
Зымырап өте шықты 7 күнде.

23-24 Наурызда той басталған,
Екінші күн той өтті кілең жастардан.
Мұндай той болмады деп мақтанамыз,
Фата киіп 2 күн той тойлаған.

Апам мен Мәукеңе бәрі қызық,
Жастарда ішіп алған бәрі қызып.
Не керек аман-есен тойда біткен,
Мәукеңде біраз арақ қойған тығып.

Той өткесін әкеліп беріп жатыр,
Тыққаны кілең үлкен қызыл арақ.
Аға да мұны өзінше қызық көрген,
Күлеміз еске түссе қарқ-қарқ.



Осылай наурызда болған тойым,
Жазылды сақтап жүрген менің ойым.
«Күлтегіннің» сырындай тасқа басқан,
Кейінге естелік қып жазып қойдым.

18-ге толмаған сонда Бахам,
Қазір жоқ маңайымда қайдан табам.
Дуалдай маңайымды қоршап жүрген,
Бахаңнан туып-өскен, бала-шағам.

Сөздерім жалын болар бықсыды ма?
Қалмасақ болды өмірдің қоқсығында.
Шынымен сенсеңіздер оқығандар,
Күй кештім алай-дүлей осығанда.

06.-07.03.2016 жыл

ТАБИҒАТ СӘНІ КІРЕР АҢ-ҚҰСЫМЕН

Көктемді жырлай берем көгі шықпай,
Отырмын ба құр бекер көңіл жықпай?
Не болса да бусанып жатырсың-ау,
Көгілдір көктемім-ай, қайран пай-пай!

Үйрек, қаз оралады мекеніне,
Қуанар айлар өтіп жеткеніне.
Кейбірі келмей тұр ғой зарықтырып,
Шынымен басқа жаққа кеткені ме?..

Негізі су керек те құс болғасын,
Тұз боп кетсе іше алмас у-қорғасын.
Сезді мұны дағы айналсоқтап,
Құрақ аз, шалаң терең, ас болмасын.

Құсың жоқ, шағалаң жоқ, балық та жоқ,
Көлінде қалар сонда налада боп.
Бәрі де табиғатқа байланысты,
Осыған аратүсер шама да жоқ.

Жоқ болмандар, құс шуы бар болындар,
Жабыла көлдеріңе кеп қонындар.
Табиғат өздеріңмен сәні кірер,
Ей, адам тоқта деймін, атпаңыздар!

Ұя салып жұмыртқа баса берсін,
Жыл айнала көліне қайта келсін.
Келушілер демалар көбеюде,
Тоқтатпасаң мейлі онда талай берсін.

Жұмыр жер не сойқанды көрмей жатыр,
Айтайық жоғарыға батыл-батыл.
Қиындық сезгендей ме құстар шулап,
Мекенін тастап ол да бара жатыр.

Көл жетім, құсы жоқ қой сиреп қалған,
Көрінер қамыс бұғып аннан-мыннан.
Әй, қойшы киігінде қырылған ед,
Шара таппай себебін қоя салған.

Әбіржіп амалым жоқ мен отырмын,
Тың-тыңдап маңайыма құлақ түрдім.
Ішім жылып осыған қуанамын,
Аққу, қаздың келгенін көріп тұрмын.

07.03.2016 жыл

ШУАҚТЫ КҮНДЕРІҢМЕН

Сырғалы сұлу қыздар еркелеген,
Қолын созып айға да жетем деген.
Ерлердің сенен басқа сыңары жоқ,
Артық сөз айта алмайды жетер деген.

Гүлге ұксап жайнайсың көктем шыға,
Таңыркауда жетердей бізге сол да.
Еркелеген қылығың есті алар,
Жата бер шыдамасаң көзді жұм да.

Сұлулық үйлеседі бар тәніңе,
Қуанам сенің өстіп жүргеніңе.
Дәл бізге жетіп жатыр білесің бе,
Сәл жымыып еркелеп күлгеніңде.

Арадаймыз еркектер гүлге қонар,
Сорам деп бал шырынын естен танар.
Негізі керегі жоқ шыдамсыздық,
Айтпаңдар артық сөзді оны қорлар.

Әйелді жеңе алмайсың санаң жетпес,
Оларсыз тым осалсың күнің өтпес.
Өзіңнен анда-санда пәс болсақ та,
Маңайлап жүре берші ұзап кетпеш?

Сиқыры сыңғыр үнің есті алар,
Көрмесек бар денеміз шоқ боп жанар.
Су сепкендей басасың жалынымды,
Қылығыңа сүйсініп мейір қанар.

Қадалмасын сыртыңнан өткір жанар,
Үлбіреген тәніңе обал болар.
Қылығыңды жат жерде көрсетпеші,
Өзінше ойы кетіп жүдеп қалар.



Жауып жүр сен тәніңді ашық жүрмей,
Нәзіксің үлбіреген аппақ гүлдей.
Жоғалсаң көз алдымнан елеңдеймін,
Қалардаймын өзіңсіз өмір сүрмей.

Қылықты наз күлкіңді сағынамын,
Жоғалмашы жанымнан жалынамын.
Өзіңді көріп жүрсем көз алдымда,
Жайсыз ойдан мен сенсең арыламын.

Мін іздеме құбылар сағымдайын,
Қалайша мен өзіңді сағынбайын.
Жырладым азды-көпті мінін айтпай,
Таппасам дәл қасымнан уайымдаймын.

08.03.2016 жыл

КӨКТЕМНЕН СЕН СЫЙЫҢДЫ АЛА АЛМАДЫҢ

139

Былырғы көктем кезі еске түседі,
Булығып көз жанарым жасты үзеді.
Бахаңның тұра алмаған кезі еді,
Ішімді өртегендей сол бір мезет.

Ол кезде жақсы екен көз алдымда,
Айырылдым ажал жетіп шілде айында.
Үзілді ақтық демің көзді ашып,
Араша ажалыңа тұра алдым ба?

Қолымнан келмеп еді ешбір шара,
Содан бері өзімнен кетті маза.
Толғанысқа түскенде қиын екен,
Білдіртпей күйінемін болып нала.



Домаланып жүруші ең маза таппай,
Отырушы-ем сол кезде тілде қатпай.
Орнына қоятын істер көп еді,
Бітірдің соның бәрін маза алмай.

Сол кезді еске алсам жасқа бөгем,
Қол жаямын көк аспан кімнен көрем.
Қарсы келіп жатқам жоқ бір Аллаға,
Ұрпағым бар маңайда медет көрем.

Берілмеді биыл сый маңайыңа,
Жүрмін де қарап менде жағдайыма.
У, түскендей болады ішкен асқа,
Запыранға айналып таңдайымда.

Соның бәрін сыртыма білдіртпеймін,
Басылар деп сағыныш кейін-кейін.
Отырып ап өзімше бүлінемін,
Тағдырыма нала боп уайым жеймін.

Сыйлықтарын тірілер алып жатыр,
Қол соғылып би билеп, сатыр-сатыр.
Ал менікі жыр арнап қою болды,
Сезсең де, сезбесең де осы батыр.

Бұл көктемнен сыйыңды ала алмадың,
Сондықтан Бахам саған жыр арнадым.
Шынымен алай-дүлей болды ішім,
Бұл дағы сені менің қимағаным.

08.03.2016 жыл

МЕН ТІРІМІН ӨМІРДЕ БАР ЕКЕНМІН

Кетіп барам көппенен араласып,
Кей кездері әлсізбін жанарым шық.
Бұл өмірдің білдіртпей көрсетуі,
Мұны дағы өлшеулі санамен ұқ.

Өмірде бар екенмін бүгін менде,
Араласып көппенен әрбір жерде.
Не сезесің пәтшағар не сезесің?
Егер де аяқасты жатсаң көрде.

Мен тірімін өмірде бар екенмін,
Өзімнің қиялыммен жыр өремін.
Ендігі қалған өмір сиясымен,
Ойға түскен ғажабын жазып өтем.

Әркімнің сыры бөлек, мұңы бөлек,
Бәрібір ұқсайды да ұқсас демек.
Мұң шөктіріп қайтемін қиялымды,
Отсам болды өзімді жаймен демеп.

Жақсылығын іздейін өмір теңіз,
Нәсібіңді бұйырған татып жеңіз.
Жүрісінен танбайды байқасаңыз,
Баяу ғана сүйрейді өмір өгіз.

Қос мүйізге орнатқан жер емес пе,
Сәл шайқалтып қояды ерегіссе.
Әркім-ақ өз үлесін алып жатыр,
Тіршілік деп айтылған ұлы көште.

Менде таттым өзімнің сыбағамды,
Серік еттім қолыма қыл қаламды.
Шіңгірлетіп домбыра ішегіндей,
Сан құбылтып өзімше жыр жазамды.

Жан дүнием өзгерер жауын болып,
Балықшы боп кетемін ауды торып.
Қыран болып ұшамын менде кейде,
Қанатымды тараймын тауға қонып.

Сезім деген осындай неткен ғажап,
Жүрейінші мұңаймай жаймен зер сап.
Әй, балалар сыртымнан бақылаңдар,
Жас баладай қараңдар жаймен көз сап.

09.03.2016 жыл

ТІЗЕСІҢ ОЙЛАРЫҢДЫ ЕКШЕП АЛЫП

«Таң нәсібі Тәңірден» не тосамын,
Әр күніме сағынар жыр қосамын.
Бірі мұңлы - біреуі қияли ма,
Ойыммен баладайын мұңдасамын.

Сөйлетемін ойымды дәптеріме,
Зер саламын бүгінге, өткеніме.
Көбелек боп қонамын әрқайсысына,
Назар салам нәп-нәзік сәттеріме.

Жаза алмаймын бәрінде жіпке тізіп,
Отырамын ой қортып таппай желік.
Бірі келіп мұңайтса, бірі күледі,
Солардың біреуіне кетем еріп.

Сезімімді өзімше сылап-сипап,
Шет-шеттерін өзімше қоям қырлап.
Бояуы табылса оның боялатын,
Өзімше өрнек салам қоям бояп.

Осылай жыр тағдыры есік ашар,
Ой жетпей кейбіреуі мүлдем қашар.

Тергендей отырамын қоқымдарын,
Құбылады өңімде кірмей ажар.

Оңай емес ағайын қалам ұстау,
Бал тамызған сөзімен өтті жырау.
Ой қуалап мәтінін тауып алсаң,
Қызығы ары қарай ұйқас құрау.

Жансебіл боп ойынды шымырлатар,
Тізіле ыңғайымен қатар тұрар.
Кей сәтің батқан күнді елестетсе,
Аяқасты алаулап таң боп атар.

Сондықтан бұл да менің сәбиімдей,
Баққандай күндіз-түні көзді ілмей.
Ақындық сезімімде демалыс жоқ,
Жанымды кинай берем маза бермей.

Қоздайды ма жырларым қордаланып,
Екшегендей кейбірін қоям жазып.
Түсінсендер болды ғой бауырларым!
Жүргем жоқ аннан-мыннан ұрлап алып.

09.03.2016 жыл

АУЫЗДЫҢ САЛЫМЫНАН

Әркімнің ойы шұңқыр, бірі тегіс,
Біресе дөң болады бірде еңіс.
Әйтеуір ырғатылып бара жатып,
Бәрінде емес бірінде табар жеңіс.

Алтын қасық аузыңа жараса ма?
Жетер ед сәл бұрылып қараса да.
Біреудің қолында тұр қалай қасық,
Білмей тұр не жеп нені асарында.

Ауызда бөлінуде осылайша,
Кең ашып жақ сүйегін қасқырларша.
Екіншісі сәл ашып қайта жабады
Түспесін деп түйірі амал қанша.

Асказаны бәрінің бірдей шама,
Бөлді екен екі топ қып қандай жаза.
Бәрібір де екеуі тыныш емес,
Жүргендері күле алмай кетіп маза.

Бай қорқады өзінің байлығынан,
Дуал соғып маңайын қоршап алған.
Ал кедейлеу қуанады тапқанына,
Тақұл-тұқыл асына қазан салған.

Қарын кеткен белдігі зорға ұстап,
Бергендей біреу зорлап же деп қыстап.
Ал бірінде сып-сымбат пішіні бар,
Артық ет жоқ жүргендей өзін ұстап.

Пендешілік мінеки, осы жерде,
Бірі өрге домалап, бірі жерде.
Бәрінің барар жері біреу ғана,
Сәл ғана қоршау бөлек жатар көрде.

Жарты құрсақ пендеге ас болады,
Құя берсе бұлақтар көл толады.
Бәрібір барар жерің айттым біреу,
Санаулы әр пенденің әр қадамы.

Бөліспеген жағдайың, міне осылай,
Сыйдырмассың байлықты тар молағай.
Кедейге сәл тиіспей тұрайыншы,
Әркімді жүрсе екен Алла қорғай.

ПӘС БОЛЫП ЖҮРМІН ОСЫЛАЙ

Жәудірек көзді құрбылар,
Ұлың мен мейлі қызың бар.
Тыныштық өмір болмайды,
Біткенше саған ызыңдар.

Жүз жасқа қалай жетеді,
Құлағын бітеп алған ба?
Жүргенде жақсы шығар-ау,
Жалпағынан басып жалғанды.

Несіне оны күндейміз,
Өмірі солай ығысса.
Жүрмесек болды әйтеуір,
Жер аунап сасық доңызша.

Семіріп кейде аламыз,
Інінде жатқан борсықша.
Кетеміз кейде еңіреп,
Жанатын отың бықсыса.

Пойыздай кейде тоқтайсың,
Шағын бір ауыл перронға.
Жалықсам мына өмірден,
Сояққа түсіп қалам ба?

Бөтен жер, бөтен ауыл бар,
Сол жерден маза табам ба?
Ойыммен кейде сансырап,
Сыймайда кетем ғаламға.

Құбылаң түгел болмайды-ау,
Жер басқан мына адамда.
Күніңді Құдай салмасын,
Күншіл мен көки адамға.

Аз күндік сыйын Алланың,
Талғажау етіп жүрейін.
Тағдырым қиса өмірін,
Әлі де біраз көрейін.

Пәс болып жүрмін осылай,
Тағдырдан оны көрейін.
Шамаммен шарқым жеткенше,
Ойымды жаза берейін.

12.03.2016 жыл

Д.А.ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 105 ЖЫЛ

Ұлылық немен өлшенер?
Салмағы оның батпандай.
Көбісі өшіп қалады,
Санаңда мәңгі жатталмай.

Жылуын жайған маңайға,
Білімнің кешіп теңізін.
Теңеуін қалай таба алам,
Жайсаңда келбет-мінезін.

Уақыт өте сомдалды,
Білмеген қыры ашылып.
Том-том боп жазған істерін,
Ашыпта жатыр жазылып.

Димекең келіп-кететін,
Құм белес Іле бойына.
Сол кезде біздер сезбедік,
Не жатты шіркін ойында.

Қауғасын тартқан атаның,
Сағынып ізін келді ме?



Мейірім төге сол кезде,
Шапағатын мол төкті де.

Сезінді елі қимастық,
Сағына тосар келерін.
Күйреуік басқан боздала,
Сезбеді судың келерін.

Атыз сап арық өлшеммен,
Бөгенмен Іле бұрылды.
Шаң шыға көкке бұрқырай,
5 совхоз жаңа құрылды.

Жайқалып күріш, бидайы,
Диқандар ісі мақталды.
Жөні де бөлек Димекен,
Есімің ұрпақ жатталды.

Бақанас сезіп қауыпты,
Зілзала салды қиындық.
Күттірмей келген сол кезде,
Көрсетпей сонда салғырттық.

Көзімен көріп зиянын,
Тапсырма берді тосылмай.
Мейірімін сезді ауданым,
Жаңа үйлер түсті осылай.

Емхана жаңа салдырды,
Аурудың бетін қайтарар.
Ауада іздеп Димашты,
Теректер биік шайқалар.

Салғызды көпір Ілеге,
Қатынас түсті араға.
Осы ісі жыр мен дастандай,
Қалады ұрпақ мұраға.



Сол сәттер түссе есіне,
Көргендер қазір таңданады.
Еліңе дара Димашым,
Есімің өшпей жалғанады.

Желінде сені сағынды,
Тұратын сипап еркелеп.
Жарқырай шықса күн сонда,
Қалқалаушы еді бұлт келіп.

Сағыныш жүрер қашанда,
Іздейміз Димаш даралап.
Рухың көкте сеземін,
Еліңді жүрсің аралап.

Қолынан алғам ұлының,
Жырыма қостым жамағат.
Димекең есте сақталар,
Қалдырған ісі аманат.

11.01.2017 жыл

ҚЫСТЫҢ СӘНІ ҚЫРАУ

Қыс қыраулы, маңайды ұлпа басқан,
Аяқасты күтірлеп сықыр шыққан.
Бетті қарып аязы дуылдатып,
Үйге кірер ақ будақ есік ашсаң.

Қыстың сәні кіреді қарыменен,
Дүрсілдеген үн шығар қатқан көлден.
Майысады үпелек қамыс басы,
Мал жайылар ықтасын асып белден.

Шығыстан баяу соққан ызғар желден,
Іледе байланады қатқан сеңмен.

Табиғаттың осынау байланысын,
Аңғарып түсінеді байқап көрген.

Әр құбылыс Алланың сыйы шығар,
Жас нәресте, қария үйде бұғар.
Сықырлатып ақ ұлпа кеше тұғын,
Қайран жастық артта қап қолды бұлғар.

Бәрі арман өзің кешіп жүрмегесін,
Соңыңа аңшы иті ермегесін.
Сыбдырлатып қамысты жарар ма еді,
Кірпігіңе мұз қатар терлегесін.

Көре алмай сан сұлулық табиғаттан,
Жасы келген қария ойға батқан.
Кермек дәмі өмірдің мұңайтады,
Осы сәтті ешкім жоқ ойлап жатқан.

Мейлі қаңтар, ақпаның аласұрсын,
Табиғатты сезініп мойын бұрсын.
Беттің ұшы қызарып балбұл жайнап,
Бала біткен далаға шығып тұрсын.

17.01.2017 жыл

БӘРІБІР АЛАСҰРАМ АҚ ТҰМАНДАЙ

17-інің қаңтары ызғар шашқан,
Қарбаласқан өмірің алға басқан.
Күйбең тірлік әуені таусылмайды,
Көкейдегі ойларым қайда қашқан.

Жаза алмаймын жан сарай мұздағандай,
Сан тілегім айтылмай өзек жардай.
Өз-өзіммен жүремін бейберекет,
Қойшы деп сол жүйкеме салмақ салмай.

Бәрібір аласұрам ақ тұмандай,
Іштегі дүлей жырды жасыра алмай.
Сәл сабама жайменен түсейін деп,
Жырға кірем дәл сонда ақым бардай.

Ел қалай, жерім қалай нені жазам?
Бір арнаға түсе алмай кетер мазам.
Бір жылылық кетпейді маңайымнан,
Сан тарау ой іріктеп ойға салам.

Бәрібір ретімен жаза алмаймын,
Басым болып көрінеді менің қайғым.
Несіне бәр пәлені үйіп төгем,
Балалар бар осылар бар байлығым.

Тастайын уайымды жапа шеккен,
Зер салайын айнала өткен, кеткен.
Қалған өмір пернесін шертейінші,
Әкелші домбырамды қайда кеткен.

Күй төгейін өзімше шертіп сылқым,
Қоздырардай оятып көңіл құртын.
Шөңгелеген аттайын жүрмейінші,
Қара тікен бұрқ етіп сыртқа шықсын.

Ойымды түсірдім мен сабасына,
Жазылардай сезімнің жарасы да.
Көңіл деген осылай алас ұрады,
Бір сәтке көңіл бөліп басасың да.

20.01.2017 жыл

ҰРПАҒЫМА

Өмірдегі жалғауым үш немерем,
Қаңтар, Ақпан, Наурызда есік ашқан.
Тентек мінез көрсеткен сол балалар,
Соларменен өмірім шуақ шашқан.

Әзір ашық маңайым несін айтам,
Осыларға алды да үміт артам.
Діні жуас негізі ұрпақтарым,
Жүрмеңдерші бейсауыт бекер бейқам.

Жарты нанды бөліп жер заман артта,
Сонда да ақырын бас байқа-байқа?!
Құбылады заманың қу түлкідей,
Нәсібіңді жіберме бекер жатқа.

Тартынасың кей кезде енжар тартып,
Марғау сезім билейді ұйқы басып.
Міне, осыдан сақтанғын балаларым,
Нәсібіңді жүрмесін алып қашып.

Ұйқы, күлкі, ішіп жем, арсыз қылық,
Жүре алсаң дұрыс болар қарсы тұрып.
Бұл нәпсілер қашаннан адам жауы,
Жүргені жан жағыңнан тұзақ құрып.

Дәмді болар ішкен ас ашыққанда,
Жұмысыңнан мән кетер ұйқы барда.
Сергек жүргін әрқашан жинақы боп,
Қанағат қыл ісіңе ақыл сал да.

Таусалмайсың тәттіні татып мүлде,
Үстіңе кие берме үлде-бүлде,
Тоқшылықпен, жоқшылық қатар жүрер,
Бола бермес жақсылық күнде-күнде.

Мұның бәрі өмірдің сынақтары,
Аталарың сендерге сыр ақтарды.
Арасында жүреміз бар мен жоқтың,
Бұл да бір Жаратқанның сынақтары.

20.01.2017 жыл

ЫЗҒАРЫҢ КЕШЕ, БҮГІН

Қазіргі ауа райы мүлде бөлек,
Қаңтарда да қар еріп жылу келеді.
Бала кезде суығың керемет ед!
Түк біткенді мұз басып салар өрнек.

Нағыз суық сол кезде өтіп кеткен,
Аман жүрді үстінде жыртық шекпен,
Жұмыс басты болғаннан деп білемін,
Ықтасын киіз үйде өмір кешкен.

Мойымаған сол кезде қайран бабам,
Киіз үймен сар дала сайран салған.
Жауға бермей көші-қон жүрседағы,
Кедей-кепшік ішкені қатық айран.

Өсіп-өнді сонымен дала кезіп,
Малын бақты жөнімен бәрін сезіп.
Кейіндері тұрақты мекен тапты,
Ауысып кер замандар кезек келіп.

Жағдайы бар үй салды әшекейлеп,
Жап-жарық қып терезе салып әйнек.
Жағдайы жоқ жер қазып үйшік қазды,
Аталды кейіндері «зімдәнке» деп.

Шоғырланды аталас салтыменен,
Бай да болды кедейдің қақын жеген.

Мал бағылып жөнімен жайлау-қыстау,
Сансыз мал өсіп-өнді байтақ жерден.

Малы ғой алданышы бай мен кедей,
Бай өтті сол малынан қызық көрмей.
Жамылғысы кедейдің киіз болған,
Орауы да киіз ед өлсе жерлей.

Қазіргі өмір Алланың базарындай,
Салыстырсаң осыны ғажап қандай.
Ғажап өмір көрмеді сол бабалар,
Суығы мен ызғары қарып мандай.

22.01.2017 жыл

ЖАСТАРҒА ДІНИ ОЙ САЛСЫН

Жас келсе басар уайым,
Қаласың одан шыға алмай.
Тәлімді ойлы оқиға,
Отырмын соған жыр арнай.

Байқасаң дінде бағыт бар,
Санаңа берік ой салар.
Желісін жазып көрейін,
Ұрпағым оқып зер салар.

Қашпайық діннен бекерге,
Алланың сиы байқасаң.
Зердене тоқы жамағат,
Бекерге салмай байбалам.

Замана өткен уақыт,
Пайғамбар сүрген өмір бар.
Әр заман бөлек жөнімен,
Тілдескен Алла жері бар.

Жіберген Алла елшісі,
Тапсырма алды Жаппардан.
Бұйрығын барып жеткізбек,
Тікелей түскен Алладан.

Нақ айтқан сілтеп бағытын,
Баратын іздеп адамын.
Жастарды Алла сынамақ,
Алдыда жүрер қадамын.

-Сұрағын деген екеуден,
Өмір не берем зор байлық.
Ашыпта айрып айтылған,
Жарты ғұмыр жетер сол байлық.

«Сол байлық қазір керек пе?
Алама қазір жастықта?
Кейінге мүмкін қалдырар,
Келетін алда қарттыққа?»

Ойланды ерлі-зайыпты,
Алладан келген бұйрыққа.
Сұрады жары ерінен,
Дәл қазір алсақ лайық па?

Санаға түскен ауырлық,
Шешетін жауап қиындау.
Дәл қазір шыдап көрерміз,
Қарттықта алсақ дұрыстау.

Байлығың түсті таласқа,
Жауабын іздеп дауласқан.
Қазірде төніп тұрған жоқ,
Пәлендей басқа қара аспан.



Жастықта шыдап көрерміз,
Алсақ па деймін қарттықта.
Ерінің сөзі сол болды,
Қызықпаш деймін байлыққа.

Келіншек сонда ой айтты,
Аламыз деді дәл қазір.
Жарлыға беріп садақа,
Құлшылық зекет бәрі әзір.

Құлшылық жасап Тәңірге,
Аллаға іспен жағамыз.
Қарттыққа барған кезінде,
Күш-қуат қайдан табамыз.

Көзіңе бітіп байлығың,
Сараңдық бойды жайлайды.
Жолында Құдай садақа,
Беруге оны қимайды.

Бәрі де кештеу қарттықта,
Өте алмей парыз қалады.
Бергіміз келмей зекеттен,
Келеді басқа залалы.

Мақұл деп көнді ері де,
Сөзіне әйел зер салып.
Куә де болды пайғамбар,
Осы іске айтқан таңғалып.

Түйінді ойы сол болды,
Таңдаған Алла жас отау.
Аллаға мұны айтпақшы,
Бұйрығын тек орындау.



Жеткізді сөзін жастардың,
Алланың түскен назары.
Шынымен ойлап отырсаң,
Өмірің үлкен таразы.

Аллаға жақты таңдауы,
Үкімін берді тосылмай.
Өміріне жетер байлықты,
Сыйлады Алла осылай.

Не мән бар осы астарда,
Құлшылық жатыр байқасаң.
Негізі сіңер бойыңа,
Құлшылық ниет жас шактан.

Жасыңда жасар құлшылық,
Тасыңа таңба салғандай.
Алладан алып бағытты,
Жастарым өсші тайсалмай.

Бекерге өмір өтпесін,
Жаспын деп алда қатырам.
Зер салып өсші дініңе,
Жастық пен балғын шағыңнан.

Түйінді сөздің мысалы,
Жалпыңа жастар ой салсын.
Арайлап атқан әр таңды,
Сеніммен жастар қарсы алсын.

23.01.2017 жыл

ӨЛГЕНДЕР ТҰРСЫН ОЙЫМДА

Шымылдық өмір пердесі,
Жабылар жаның кеткенде.
Өкініш көп боп көрінер,
Жер орта жасқа жеткенде.

Бірінді алсам есіме,
Ойымда тұрсың қалғаның.
Өлінің қалар есімі,
Тасына «қорым» қашалдың.

Сипалап кетер ұрпағың,
Есіне түсіп барғанда.
Жөнімен кетсек болғаны,
Айтылған өмір жалғанда.

Дін де айтқан сабақ алындар,
Өлгеннен жатқан «қорымда».
Бәрінде сезіп-білеміз,
Жаратқан Жаппар қолында.

Атыңды атап жазбадым,
Алдымда жоқ боп кеткенің.
Біле алмас адам баласы,
Алдынан ненің күтерін.

Сондықтан үрей кашаннан,
Есіңе түсер қорқыныш.
Жөнімен түзу жүре алсақ,
Негізі болар сол тыныш.

Қаймағы өмір тамсантар,
Аузыңнан дәмі кетпестей.
Жүріңдер ұрпақ артымда,
Жөні жоқ жөнсіз у ішпей.

Сәл түстім менде сабама,
Қиғаштап кеткен ой бөлек.
Өлгенді алсам есіме,
Мұңлы да жайсыз жыр келеді.

24.01.2017 жыл

САХАРА ҚЫРЫҢ АТЫРАУ

Қыстың да өз сыры бар,
Болса да жайсыз адамға.
Қысы жоқ жайлы жерлер бар,
Сол жаққа кетіп қалсам ба?

Әйтеуір адам тұрғанда,
Ойында тұрар қиялда.
Ыстық та суық туған жер,
Ұмытып сені қиям ба.

Жаралдық осы өңірде,
Біреуге жақпас көңілге.
Ал бізге жайлы мекен ғой,
Атадан қалған жерінде.

Сахара қырың Атырау,
Сан қырат төбе жалғанған.
Құлазып кетер көңілің,
Табылмай жанды маңайдан.

Сүрлеу мен соқпақ жолдар бар,
Қорқыныш бойға ұялар.
Қорқауда жыртқыш аңдар бар,
Қараңғы түсе жиналар.

Жабайы аңдар жайылған,
Күйреуік шөбін тебіндеп.

Шөлінде басқан сол аңдар,
Ылғалды шықты шөбін жеп.

Табиғат сыры жасырын,
Көбісін оның білмейсің.
Аша алмай сырын табиғат
Сананда ашпай жерлейсің.

Қым-қуыт ойы адамның,
Сананда жүрер сан ойлар.
Көрмеген қырат-жоталар,
Жаза алсаң ол да ой салар.

05.02.2017 жыл

МІН ІЗДЕМЕ ӨЗІҢЕ ҚАРАП АЛҒЫН

Сыбағамды өмірден ала алдым ба?
Толғанысқа түстім мен жыр жаздымда.
Аз болса да артыма қалдырамын,
Қалғанын ұрпақтарым жалғарсың да.

Азды-көпті ойымды салдым орта,
Еш ағайын келген жоқ айтып қолқа.
Кейіндері сондықтан өкпелемес,
Пәлен-түген сыртымнан ақыл айта.

Өз ойым өлең болып қолқа салды,
Айналып өтіп жаздым күз бен жарды.
Бекерге қиянат қып не қылайын,
Кемсітіп адам пенде адамдарды.

Солардың бірімін ғой озғамын жоқ,
Кедей, бай боп әйтеуір қарнымыз тоқ.
Шалажансар күй кешпей жүрсек болды,
Байқамасаң сол тілден басасың шоқ.

Алла да бөліп қойған кедей, бай ғып,
Осыдан-ақ ағайын сырыңды ұқ.
Бейберекет байбалам неге керек,
Бәрібір жүре алмайсың байменен жұп.

Айналып кеп сол байдың малын бағар,
Қалайша енді соған кінә тағар.
Бұрында да болған іс қайталанар,
Байыңа кедей шіркін солай жағар.

Мін іздеме өзіңе қарап алғын,
Бірдей болмас ағайын бәрің жалпың.
Тағдыр деген таразы салмағы ауыр,
Осыдан шырылдайсың кедей жартың.

Айтылған сөз іске асып орын таппас,
Әйтеуір кедей-кепшік ауыз жаппас.
Негізі жөнсіз ылаң бастамайық,
Кей ағайын қашаннан көпке жақпас.

Сойыл соғып бекерге байбаламдап,
Тіршілікте теңселмей орныңды тап.
Кеш қалғасын бекерге ұрынасың,
Бейберекет сөз айтар үйренген топ.

Өмір заңы осылай шындаласың,
Артық ауыз сөз шығар құр қалғасын.
Біріккенің жөн шығар адам заты,
Дұрыс емес құр бекер байбалам шын.

05.02.2017 жыл

ЖАЗЫЛМАҒАН ЖАСТЫҒЫМ ӨКІНІШІМ

Қоян жылы туыппын апам айтқан,
Қайран анам өттің ғой пейлі дарқан!
Жас баладай отырмын сұрай алмай,
Сол кездерім шіркін-ай қайда қалған?!

Бағып-қақты білемін жас болғасын,
Сеземін сол өмірдің оралмасын.
Сонда да жапа шегіп қалам кейде,
Санама айналсоқтап жыр тұнғасын.

Көсілтіп емірентіп жаза алмадым,
Сұрап алмай көп жайтты қайда қалдым?
Дәл бүгінде өкініп отырмын мен,
Елес болып қалдың-ау бала жасым!

Жалаң аяқ, жалаң бас жүрген кезім,
Ұмытылдау балалық небір сезім.
Дәл қазір еске алып шырылдаймын,
Ата болдым немере сүйген кезім.

Бір арнаға түсірмей балалықты,
Шынын айтсам шырқырап жаным шықты.
Қалып қалды еркелік балаң сезім,
Сонда да мен іздеймін балалықты.

Мұңсыз ем жанарыма шық тұрмаған,
Еркіммен асыр салдым ойын қуғам.
Сол кезімді қызғана ойлаймын мен,
Жастығымды сақтасам деп ойлағам.

Өтті, кетті балалық ұстатпайды,
Отырмын бір басыма жамап қайғы.
Ех, балалық өттің-ау деп қоямын!
Ол дағы заман еді кезім жайлы.

Алпыс ассаң бар пәле көбейеді,
Аз жамандық көзіңе үлкейеді.
Құртсам дейсің онымен алысасың,
Жайың кетіп өң қашып, іш күйеді.

Қала бермей жастықтан неге келгем?!
Бар сырымды анама айтып берем!
Басымнан сипалаған анашым-ай,
Түсіндірші дәл қазір қайда келгем?

Айта алмайсың анам-ау тірі емессің,
Сондықтан жалғыздықтың күйін кештім.
Баладайын еркелеп сұрай алмай,
Сол балалық сезімім қайда кеттің!?

Сол бейнеде қалайын бүгін тағы,
Таза ма шіркін деймін бала жаны?
Бала болып ұйықтайын әлдименен,
Оянайын балалық таза ары.

Бәрі қиял адамға өмір озса,
Балалықта өмірім қала тұрса.
Анам тағы тіріліп келер ме екен?
Шіркін-ай! Дәл бір сәтке солай болса.

Болмайды өкінгенмен енді мүлде,
Қарттығың өміріңе кедергі ме?
Ал балалық сезімім бара қойғын,
Ойлағанмен сол бір сәт келеді ме?

06.02.2017 жыл

МҰҚАҒАЛИ – 86 ЖАС

09.02.1931ж.

Айлар озды, жылдар түріп түндігін,
Туған күнді тойлайтұғын күн бүгін.
О, халайық! Бүгін қайта есіңе ал,
Мұқағали туған еді дәл бүгін.

Запыраны өлең, жырдың төгілген,
Шығып жатты жайсаң өлең көңілден.
Зор тұлғасы көлбеңдеген баратыр,
Қайысады қара халқы шер үннен.

Айтып кеткен, болжады ма келешек?
Әлі талай жырлар қалды-ау берешек.
Қалай қиды, қалың халық нөпірін,
Кетіп қалған жыр сүлейін іздесек.

Маңайда жоқ жыры қалды теңіздей,
Қоң етіне жыр қамшыны тигізбей.
Бір басынан тұнды ғажап өлеңдер,
Жазып кетті санасында өшірмей.

Тау жаңғырып Қарасазы жоқтаған,
Сол кеткеннен ауылына соқпаған.
Елеңдеген елі жүрді сағынып,
Ер соңынан ғайбат сөздер айтпаған.

Жазғандары жыры-сыры ғажап еді!
Туған жерге махаббаты сезіледі.
Жырлай алмас одан кейін ешкімде,
Жан жүрегің ойлағаннан езіледі.

Жусан иісі аңқып жатыр Арқада,
Сезілмейтін иісі бөлек басқаға.

Сезесің бе Мұқағали осыны?
Әнің қалды қаша алғандай тасқада.

Сезім кетті сергелдеңмен іздеумен,
Көре алмаған өтті күні күндеумен.
Ей, адамдар ұмытпандар Мұқанды,
Күншілдіктің күнін кешкен желеумен.

08.02.2017 жыл

АЛДЫМ КҮҢГІРТ АРТЫМДА ЖИҒАНДАРЫМ

Алдым күз, артым жазық ойлап отсам,
Кетті ме, сол жазықпен небір жайсаң.
Соның бәрі дамылдап жатыр қазір,
Отырмын мен үйімде ойым он сан.

Қай бағыттан табамын мен өремді,
Жаза алмадым поэма мен көлемді.
Үзіп-жұлқып бірдеңе жазып қоям,
Қимағандай сезім мен сол көңілді.

Шыға алдым ба ойымның қиялынан?
Таусылды ғой қаламсап небір сияң.
Сонда да аздық етіп жатыр маған,
Әлсіреме көңілім қайта оян...

Алдым күңгірт артымда жиғандарым,
Біреудің байлықтарын қызғанбадым.
Әйтеуір мазасыздау көңіл теңіз,
Дұрыс болар тапқанды жырлағаным.

Жабығып баладайын өкпелеймін,
Әсем жырым артыма қалса деймін.
Қолпаштайтын маңайдан ешкім таппай,
Құр сұлдерім әлсіреп дінкелеймін.

Жаңғыз шапқан ат жаман дүбірі жоқ,
Бір қызынып, бір суып денемде шок.
Сәл нәрсеге елітіп тебіренем,
Ұстап алып жібермей жазардай боп.

Соза берем ұйқасты буын құрап,
Өз ойымнан бұзылып көңіл жылап.
Сәл сезімге ілесіп қиялдаймын,
Алғандай дәл біреуден қимай сұрап.

Жарты құрсақ болсам да ойым қалсын,
Кетіп қалған жанымнан менің жартым.
Сондықтан да ойымның тұрағы жоқ.
Сақтамаймен кей кезде өлең шартын.

08.02.2017 жыл

НЕ ШЫҒАДЫ ӨТКЕНДІ ОЙЛАҒАНМЕН

165

Кемшілік көп адамда байқасаңыз,
Ойыңызды сапырып шайқасаңыз.
Мұңға батып бір сәтке отырасыз,
Тағдырыңды арттағы ойласаңыз.

Ұшын ұстап тартқанмен ұмытылған,
Қорқасың оны тағы тарқатудан.
Жалтақтап пәс көңілмен күнің өтер,
Шаманда жоқ дәл бұдан жалтарудан.

Жазып едім қозғама тыққаныңды,
Қинама деп айтып ем мен жаныңды.
Сонда да дәл жаныма алып келеді,
Ой деген тауып алып қайдағыны.

Жалғыздықта әйтеуір менің тәнім,
Айтпасам да өткеннің жиып бәрін.

Жақсы істер олардан қалқалайды,
Қайта оятып шіркін-ай өмір мәнін.

Сондықтан адам ойы дамыл таппас,
Қамалғандай ішіне дуал жартас.
Жанталаспен өзінді оятасың,
Шығасың тәлтіректеп сол бір қапас.

Әй, өмір бағыт берші тура маған,
Жамылғы өмір көрпесін қайда қағам?
Әйтеуір кетіп барам мен ішінде,
Жақсы ма жаманы бар мына қоғам.

Өйткені тірімін мен мүшесімін,
Әлі талай бар шығар көретінім.
Оның өзі бір төбе әңгімелер,
Ойға түссе жазып та беретінім.

Мұң түбінен шығардым санамды мен,
Қуып көрші жақсы ойды ашылар кең.
Серпі, қақ, ауыр салмақ жиғаныңды,
Не шығады өткенді ойлағанмен.

09.02.2017 жыл

БАУЫРЛАР, ІНІЛЕРГЕ

Немере тума-бауырлар,
Қайдасың, қазір қайдасың?
Іздеймін сені кейде мен,
Ағадан туып қалғасын.

Пытырап кеттің жан сақтай,
Соңыңа ертіп ұрпақты.
Сендермен жүрмей өмірім,
Шынымен менен ұрлапты.



Сұрамай ақыл кетгіндер,
Бастарың толып ақылға.
Көмегің кейде тимеді-ау,
Бірге өскен тума жақынға.

Жайбасар өмір осылай,
Білдіртпей бізді айырды.
Біле алмай кейде қиналам,
Сендердің іздеп жайыңды.

Үлкендік бұған себеп пе?
Жастықпен білмей қалдық па?
Болғанда шығар қателік,
Бұйырма қалқам айыпқа.

Алдыңда үлкен азаяр,
Сол кезде кімнен сұрайсың?
Шынын айтсам бауырлар,
Дәл сонда іздеп сорлайсың.

Ол кезде кеш боп қалад-ау,
Өкініш өртер өзекті.
Қабылдап сонда ала алмай,
Өзіңе келген кезекті.

Қап дерсің сонда кеш қалып,
Қайда деп, қайда көкелер.
Жөнді сөз тауып айта алмай,
Балаға қолдан жетелер.

Сағыңда сынып сорларсың,
Бұл қалай шіркін болды деп?
Кешегі барың бүгін жоқ,
Ойпырмай қайда кетті деп?



Солай да солай бауырлар,
Сондықтан іздеп соғындар.
Жоғыңның болған куәсі,
Қорқыныш үрей «қорымдар».

Жанбағыс өмір заңы ма?
Сондықтан қалдық ажырап.
Жиналып келіп кетіңдер,
Көңілді күймен жадырап.

Осылай іні-қарындас,
Буыным менің босады.
Түсінсең мені шынымен,
Көзіне көкең жас алды.

Көрмейсің жасты толғандым,
Сондықтан қалдым елжіреп.
Оқырсың тақпақ жырымды,
Қаласың сонда өкініп.

Тағы да солай тумалар,
Сендерге жырды арнадым.
Аман-есен жүріңдер,
Мишкадан басқа қалғаның.

Тұғыры биік туыстық,
Жалғарсың сендер арыға.
Дәл бүгін іздеп отырмын,
Өкініш өртеп қамыға.

Болғасын сендер мұң шағам,
Үлкендік жөні ниетпен.
Барыңа сендер қуанам,
Жүрегім менің дір еткен.

ТУҒАН ЖЕРІМ МҰҚАҒАЛИ КӨЗІМЕН

Мынау менің туып-өскен мекенім,
Көңіл толқи жырға арқау етемін.
Сан сүрініп кіндік кескен жерім бұл,
Шыныменен оны мақтан етем мен.

Шалқып жатыр дәл іргемде Балқашым,
Жағалауың қамыс құрақ жайқалсын.
Жас баладай еркеледім өзіңе,
Өзіндей жер іздеп қайдан табамын.

Көңілдегі бар арманды ақтарам,
Өзек бойлап жиде талың жайқалған.
Қырың төбе жуа-жусан аңқыған,
Дәл өзінді сағынама басқа адам?

Нақ өзіңнен сағынышты сезінем,
Әр қадамға бақыт сыйлар аттаған.
Көрсем дағы небір таулы аймақты,
Өзіндей боп сағынышты баспаған.

Жыр арнадым баладайын елжіреп,
Сағынамын тағы-тағы көргім кеп.
Мен өзінді жырына сап толғандым,
Көкейіме Мұқағали әні кеп.

Дәл өзіңе мұң шерімді айтайын,
Әуелетіп әніме де қосайын.
Жата қалып құм шағылды аймалап,
Қос тізерлеп көкірекпен құлайын.

Арман толы сағынышым ұшар ма?
Елжіреген менің жаным осал ма?
Әлі тұрмын өксігімді баса алмай,
Бәйге атындай жырға сені қосам ба?

Сағынышым енді саған басылады,
Айдын, көлдер сай-салаңда жарқырап.
Кіре беріс Қаройымда «қорымдар»,
Айта алмайды талай сырды жасырады.

11.02.2017 жыл

ОСЫЛАЙ ХАЛҚЫМ СЫНАҒАН

Қанағат жоқ па сезімде?
Батырған мұңға адамды.
Көңіліме жаққан сияқты,
Сынапта көрсем жазғанды.

Сонда да тоқтау болмастай,
Не жазып, нені ақтарам?
Қандай күй кешіп жүр екен,
Бір шумақ өлең жазбаған?

Шынымен тағдыр си қылды,
Сан тармақ жырды алапат.
Сондықтан жайсыз күй кешем,
Дүниені шарлап ғаламат.

Жыр кірген ақын кеудесі,
Құйындай дүлей мазасыз.
Сәл нәрсе жақпай көңілге,
Ызғардай қарып сезер ыз.

Тұтасың быт-шыт боп кетер,
Санаңмен таппай үйлесім.
Жария оны айта алмай,
Қапа боп бейжай күй кешем.

Осылай халқым сынаған,
Оқыған жырды буындап.

Шықпаса жырым ойымнан,
Қалады жаным шырылдап.

Бидайдай диірмен ұнтайсың,
Сөзіңді мәнді жарма ғып.
Әйтеуір жырым қалады,
Ұрпақтан-ұрпақ жалғанып.

Осыған тәубе жасайын,
Басылшы көңілім ширықпай.
Жатқандар бар ғой үйінде,
Сырларын бүгіп үн қатпай.

11.02.2017 жыл

ОТАНДЫ СУЮ ИМАННАН

Оқыдым кисса әңгіме,
Ұйқасын тауып жыр ғылам.
Мәнді де терең ой салар,
Түсініп мұны оқысаң.

Ертеде болған әрине,
Түріктің елі шамасы.
Шатқалдан қорқар өте алмай,
Қоршалған жартас арасы.

Сан жылдар көріп қорлықты,
Сонда да керуен тоқтамас.
Байлықты тонап жіберер,
Амалын таппай еш болмас.

Керуен кірді шатқалға,
Жандарын түйіп шүберек.
Арбада «абыз» отырды,
Құбыла қарап жүрелеп.

Қику кеп кірді араға,
Ұрылар байлық тонады.
Сол кезде әлгі абызың,
Ұрыға терең ой салды.

-Ей, анадан туған пәтшағар!
Қылығың неткен жаман ед.
Пәтуа саған айтайын,
Тындағын жаймен бермен кеп.

Тозақтық болып тудың ба?
Ісіңнен көрдім қиянат.
Шынымен Алла ғажабы,
Түйсігі ұры оянады.

Түсіндім «абыз» сөзінді,
Санама кірді сан сұрақ.
Кесімін айтып беріңіз,
Ой жетпей қалдым тоқырап.

-Жасадың көпке қиянат,
Байлығын жолдан ұрлап-ап.
Тоқтатқын енді бұл істі,
Ойларын айтты саралап.

-Ей, «абыз» сізде қызықсыз,
Күнәға баттым мұншама.
Айтыңыз бұған сенбеймін,
Күнәмда көп ед соншама.

Кешірмес Алла күнәмды,
Мұны мен қалай біле алам.
Ғажабы Алла көп шығар,
Шынымен ұры тосылған.

Сиқыры сөздің жібiттi,
Мейiрiмсiз ұры жүрегiн.
Кешiрсе Алла күнәмды,
Мен оны қалай бiлемiн?

«Абыз» қарт бердi бiр ағаш,
Ұрының созған қолына.
Екбекшi болды ағашты,
Жолаушы жүрер жолына.

Салдырды жолға сарайды,
Қаздырып терең құдықты.
Өзгердi ұры шынымен,
Тастады жаман қылықты.

Егiпте қойған ағаштың,
Түбiне күнде су құят.
Жайылды көпке әңгiме,
Тамсанып ел-жұрт жыр қылады.

Тоспадан ешкiм жiбермес,
Ақысыз берген көп жәрдем.
Тынығып атты адамдар,
Қылығын ұры жөн көрген.

Тоқтатып бәрiн сыйлаған,
Асықса шөлiн басқызып.
Ырза боп жатты керуен,
Өтетiн бұрын жазғырып.

Жыл өтiп айлар сырғыды,
Ағашы тұрды көгермей.
Күптiде көңiл қашанда,
Ғажабы Алла сезiлмей.

Байлығын шашқан жинаған,
Беріле істеп еңбекті.
Күндердің күні болғанда,
Жүргінші соқпай өтпекші.

Қолымен бұлғап шақырған,
«Қосына» атты соқпастай.
Бұл мұның күнде әдеті,
Жібермес ешкім тоқтатпай.

Қатал заң мұнда орнаған,
Сауабын көптің алмақшы.
Сондықтан жолдың бойына,
Тынығар сарай салдыртты.

Шөл басып ауқат ішкізген,
Шаршаған елді жол соқты.
Сонда да ағаш көгермей,
Көңілі күпті қорқыпты.

Елеңдеп мына қылыққа,
Ашуға басты түтігіп.
Жаңағы атты жолаушы,
Сарайға соқпай өтер деп.

Тұсынан өтпек қырындай,
Шынымен соқпай кетердей.
Ишара ісі іске аспай,
Бұрылып ниет білдірмей.

Бекерге кетпек еңбегі,
Жарыла жаздап ашудан.
Тайынбайды мына жолаушы,
Шын ойы соқпай қашудан.

Қанжарды қыннан суырған,
Лақтырды оны артынан,
Қисая қашқын құлады,
Шалқайа артқа атынан.

Қойнынан түсті бір бума,
Сыртынан мықтап байланған.
Осылай қашқын жығылған,
Жасалған жайсыз айладан.

Қағазды ашқан ораулы,
Ішінде қарта сызылған.
Белгілер соққан әр жерге,
Сусиды қарта қолынан.

Сезілді сыры жасырған,
Тыңшысы екен көрші елдің.
Мемлекет сырын ашпақшы,
Сатқыны екен осы елдің.

Бұл ғажап терең мәні бар,
Сол сәтте ағаш көктеген.
Пенденің көңілі толқыды,
Іс болды сезім жетпеген.

О, Жаппар! Сендім ғажапқа,
«Өзіңнен басқа тәңір жоқ».
Таң болып бұған отырмын,
Қайнаған ішім жалын шоқ.

Көктемей тұрған ағашым,
Сатқыннан болды сауабым.
Отанды сатпай жүрейік,
Осылай әңгіме арқауым.

ЖЕРДЕ ҚАЛМАС ЖАЗҒАНЫМ

Мен білетін өмір сыры жасырын,
Хатқа түсті біраз ойым жан сырым.
Жырларым ба менен қалар жәдігер?
Үзіп-жұлқып кей сәттерді қалдырдым.

Тігісімен астарлары қабыспай,
Талай ойлар кетіп қалды жақ ашпай.
Жазғандарым мәйегі деп білерсің,
Жазылмайды жырда бекер ой қортпай.

Сан жақсының хатқа түспей сөздері,
Мың құбыла заман талай өзгерді.
Бірі биік, бірі сәл-пәл аласа,
Қалар артта ақын, жырау сөздері.

Сол үмітпен менде қосам жырымды,
Шешіп алмас менен біреу тonymды.
Үміт отын жырымменен тұтатқам,
Тосқандайын бұлдыр елес сағымды.

Сол сағымнан жырымды мен іздеймін,
Сүрінсемде мен ешкімнен көрмеймін.
Сырласқам жоқ ақындармен бетпе-бет,
Бекер неге мен қолымды сермеймін.

Өзім жаздым, өзім батам тұңғыық,
Біреу маған тұрған жоқта жыр құйып.
Осы барым бір Алланың сыйы ғой,
Жүрген жоқпын құр бекерге қалқиып.

Тәубе дейін өз-өзімді көтере,
Өтпесе екен күнім босқа бекерге.
Жан дүнием алас ұрып басылар,
Жазылар сәт жырым менің келгенде.

Осылайша, ой қуалап толғандым,
Тек ішімде қалып қалмай тұнбай мұң.
Осы жазған кітап болып шықса егер,
Шын айтамын керексіз боп қалмаймын.

14.02.2017 жыл

ОЙЛАҒАН ОЙЫҢ БӘРІ АРМАН

Бұрынғы ата-бабалар,
Көн тері киген бұтына.
Соларда өтті өмірден,
Өмірін сүріп шарқ ұра.

Сол бейне келсе көз алдым,
Сағыныш оты маздайды.
Қайранда әже-бәйбіше,
Жинаған қарын сармайды.

Сонда да солар елжіреп,
Ағайын қамын ойлайтын.
Маңайын жинап жібермей,
Олқылық сонда болмайтын.

Құрт-майын салып алдыңа,
Әңгіме – дүкен қозғайды.
Құда мен құда жарасып,
Береке-бірлік орнайды.

Жер менен жесір дауларын,
Ортаға сала шешетін.
Танитын болар баланы,
Сыртынан болжай білетін.

Қырағы көзі жібермей,
Саралап бәрін отырар.

Солардай қазір адам аз,
Сөзбенен жөндеп қатырар.

Топырақ шашпай өткенге,
Құдайдан сонда қорқатын.
Айналтып сөзбен жеткізер,
Пікірін айтар қолқасын.

Сол бейне бүгін жоғалды,
Естелік болып заманмен.
Жайменен пәтуа айтатын,
Адамның күні адаммен.

Сақалын, мұртын желпіген,
Самал жел неткен бақытты ең.
Түймесіз шапан киетін,
Бойына жайлы етек кең.

Шапқызып бәйге аттарын,
Дауласып сонда жататын.
Әтешсіз ақ сол кезде,
Ағарып таңы ататын.

Жастары құрып бақанын,
Ауылдың сыртын жыр басар.
Ақсүйек ойнап лақтырып,
Қос ғашық сонда жарасар.

Шолпысы сылдыр арулар,
Имене үйге оралар.
Беруші ед жігіт қолына,
«Ақ жібек шілтер орамал».

Сол шақты ойлап отырсаң,
Шымырлап бойға қан ойнар.

Түспенен көріп ғашығын,
Көкейге небір ән ойлар.

Сарқылмас бақыт нәсіптей,
Сол ғажап сәттер жоқ қазір.
Қазіргі жастар байқасаң,
Тұрғандай болады бәрі әзір.

Қызғаныш сәті жайлайды,
Өткенді сиқыр ойға алып.
Елжірей менде отырмын,
Үйімде жалғыз ойланып.

Сағыныш екен сол заман,
Жыл өтсе бәрі ертегі.
Болжай да алмас адамдар,
Болатын күнді ертеңгі.

15.02.2017 жыл

179

МЕЙІРІМ КЕЛГЕН ҚАЙ ЖАҚТАН

Түсінер біреу түсінбес,
Мейірім қайдан келгенін?
Тыңдаңыз пенде жақын кеп.
Шындығын айтып беремін.

Бар мейірім Алла қасында,
Жүзгеде бөліп қойыпты.
Жердегі барша жандыға,
Бір бөлік мейірім лайықты.

Кішкентай ғана мейірімнен,
Жан бағар бәрі қастаспай,
Болмаса осы мейірім,
Өмірің қалар жалғаспай.

Сонымен торғай шырылдап,
Ұя сап басқан жұмыртқа.
Санаулы күні толғасын,
Шығарар ұрпақ жарыпта.

Жем тасып тығар аузына,
Кезекпен-кезек шатаспай.
Бұл да бір мейірім белгісі,
Қараңыз мына азаптай.

Сиырда тауып бұзауын,
Жаланып жатыр емсін деп.
Осының бәрін байқасаң,
Кетеді жаның елжіреп.

Тылсым күш мұнда тығылған,
Сезе алмас адам қашанда.
Тоқсанда тоғыз мейірім,
Алланың берік қасында.

Сондықтан болар кей кезде,
Сөзге кеп пенде жатамыз.
Осындай сыр бар Жамағат,
Ғажабын өмір байқаңыз.

16.02.2017 жыл

КЕЛГЕНДЕ БАЛА ПАНАЛАП

Кей кезде менің Айданам,
Қасыма келіп тығылады.
Аталық мейірім оянар,
Көзіңнен жасың сорғалап.

Бұғанда кейде қуанам,
Тапқанға пана немере.

Кей кезде адам мейірімсіз,
Қаламыз бала жеріне.

Мұнда да терең сыр жатыр,
Дәл бұған көбің сенбессің.
Баласыз болсаң жамағат,
Далада қалар кебісің.

Ысыған күннен қабысар,
Киюге келмей аяққа.
Дәл солай өмір байқасаң,
Баланы жөнсіз мұнайтпа.

Жер басып осы жүргенің,
Нәресте-сәби арқасы.
Шырқырап ана іздейді,
Керек те емес басқасы.

Періште қанат қиялы,
Анашым-әкем деп қояр.
Дәл осылай елжіреп,
Байқашы, сені кім ойлар!?

Осылар бізді қорғайтын,
Дініңде бұл да айтылған.
Басылшы басып ашуды,
Сұраймын мұны жалпыңнан.

Сипаңдар баспен аркадан,
Мейірім кірсін бойына.
Қартайсаң мүмкін бәріңнің,
Мейірім тұрар ойыңда.

16.02.2017 жыл

ТАЛ БЕСІК ҚАЙДА КЕТТІ ЕКЕН?

Ойыма түсті тал бесік,
Жан анам мені тербеген.
Өсіпте кеттім мен неге?
Қиялмен шіркін тербелем.

Бесікті алдым есіме,
Іздеймін қайда кетті деп?
Жырыммен тербеп көрейін,
Дәл бүгін тұр ғой сәті кеп.

Иіліп талдан жасалған,
Аңқиды одан қош иіс.
Сәбиің сонда байланды,
Денеге тимей жат иіс.

Құс жастық жота тұсында,
Жасалған жұмсақ мамықтан.
Күлімдеп күнің күлуші ед,
Сығалай түсіп жабықтан.

Шүмегің түндік түседі,
Тазалап бойдан нәжісті.
Мінеки, неткен тазалық,
Бесіктің сыры мәнісі.

Қол-аяқ шаттап байланар,
Қос тізе кеуде жанынан.
Осылай бақты жандарын,
Айырылып қалмай малынан.

Ауыр ед сонда тіршілік,
Ойласаң казір қиямет.
Шынымен сонда жас сәби,
«Бомазі» жейде кимеб ед.

Жылылық бойда оранған,
Суыққа небір шыдаған.
Айналайын тал бесік,
Тәніңді адал қорғаған.

Көшпелі заман баласы,
Көрікті болды шырайлы.
Бесікте жатқан балалар,
Осылай өсті шыдамды.

Бұл заман жөнін айтпаймын,
Өзіңде барша білесің.
Сондықтан болар балалар,
Шыдамсыз болып келесің.

Оралар кейін бесігім,
Үлкені бала тербесін.
Ұзақта үйде отырмай,
Жан анаң жұмыс жөндесін.

17.02.2017 жыл

ТҰМАНДЫ ОЙЛАР ТҰМШАЛАП

Әркім-ақ өзін қорғайды,
Жөнсізін айытпай жасыра.
Адамның күні адаммен,
Анаңды әке асыра.

Жоктайсың кейін еске алып,
Теріс іс түсіп есіңе.
Елес боп енер ол саған,
Буалдыр сағым түсіңе.

Өзегің сонда өртенер,
Жан анам, әкем кірді деп.
Ашытып ұнды илерсің,
Жеті нан шелпек берем деп.

Адамбыз кейде салғыртпыз,
Соңынан барып өкінер.
Ата-ана сенің барың ед,
Жат емес саған жекілер.

Сатылап жеткен бұл өмір,
Сененде бір күн жоғалар.
Ұрпақты қалса дейміз біз,
Өзіңді кейін ойға алар.

Өкініш жүрер қашаннан,
Жаныңды қинап тырнаған.
Әйтеуір адам баласы,
Қорқыныш өлім торлаған.

Ойлайсың кейде отырып,
Шықпаған бойда жаның бар.
Шамаңда жетсе пенделер,
Өзіңді жөнге салыңдар.

Өмірдің соңы өкініш,
Тұрса да тіреп байлығың.
Ойланып менің айтарым,
Баспасын сезім қайғы-мұң.

18.02.2017 жыл

АДАМ ҚҰРЫЛЫМ ҚАҢҚАСЫ

Қаңқасын адам қарасаң,
Қорқыныш үрей билейді.
Ет жамап оған қойғасын,
Үрейің бойға кірмейді.

Жаралған мүше орнымен,
Бас сүйек, мойын, омыртқа.
Жауырын келіп жабысқан,
Бұғана тіреп иыққа.

Төс сүйек қабырға кеудемен,
Қабыса бекиді омыртқа.
Жалғанар жамбас сүйекке,
Дөңгелек сүйек ойыққа.

Қос аяқ жамбас бекіген,
Жілікпен екі башпайға.
Сіңірмен мықты ілінген,
Қозғалар кейін оңайда.

Екі қол иық салбырар,
Бекіген ол да жауырын.
Осымен жүрміз ойпыр-ай!
Елемей дауыл жауынын.

Бұл қаңқа үш жүз буыннан,
Есеппен ойсан құралған.
Омыртқа іші тұрады,
Сезімтал нәзік жұлыннан.

Басыңа миды орнатып,
Жұлынға жалғап қояды.
Бекітіп басқа жағынды,
Тілменен жағың сайрайды.

Көзіңді ойық бекітіп,
Жарқырар маңай ғажабы.
Бір көздің құнын өтемес,
Жасаған адам амалы.

Кенірдек, өнеш жалғанған,
Мойын ет іші жабыса.
Ұшы оның барып бекиді,
Өкпемен қарын қабыса.

Ғажаппен жүрек орнаған,
Жүргізіп қанды бойыңа.
Асқазан ішек жалғанған,
Ас ауқат кірер тойына.

Оныңда шығар орнымен,
Жуанішек жамбас қуықтан.
Ішілген тамақ орнымен
Жылуда табар бойыңнан.

Бауырдан тамып өт ащы,
Іріген жеген тамағың.
Сөл шығып қарын бүрінен,
Бұл ғажап ісі Алланың.

Қос бүйрек бөліп ішкен су,
Зәрменен бөліп шығарған.
Денеге түспей ауырлық,
Босаған денең зәр жыннан.

Жан бітіп барша денеңе,
Небір ой бастан таралған.
Бағынбай нәпсі өзіңе,
Босамас адам боданнан.

Алла деп жүрек қан айдар,
Тазарып өкпе бауырмен.
Күйіңе қарай толарсың,
Толысып бойың етпенен.

Талайы қалды мүшенің,
Жіктеліп ары айтылмай.
Кіресің небір додаға,
Осындай осал қалпыңдай!

18.02.2017 жыл

ҚИНАЛАР ЖАНЫҢ ТӘНІНДЕ

О, Аллах! Өзің жараттың,
Пенде ғып мына өмірге.
Байқасаң барлап шынымен,
Керек те екен сенімде.

Түгесер өмір ерте-кеш,
Қорқыныш жинар жаныңа.
Араша сонда түспейді,
Мал-мүлкің, бала-шағаңда.

Қиналар жаның тәнің де,
Дертің мен бойда кеселден.
Сол кезде түсер ойыңа,
Ауыр жүк өзің көтерген.

Өзіңе берген билікті,
Сынақ қып мына өмірде.
Ойланбай сөзді айтасың,
Тиетін жекіп көңілге.

Түп-түзу адам жүре алмас,
Ойлары қырын шатасып.

Күнәнда содан көбейер,
Нәпсімен иман арбасып.

Негізі жеңеді қу нәпсі,
Иманың осал болғасын.
Жасапта небір көресің,
Өзіңше жасап айла сан.

Жүрегім ақ деп қояды,
Кей пенде жүрмей жайына.
Соныңа байқап отырсаң,
Кірмейді тіпті уайымда.

Илеуге түскен дәндейін,
Құмырсақ біткен тартқылар.
Осылай ойла өмірді,
Жаныңды жайсыз жай табар.

19.02.2017 жыл

СЫРТЫМА ШЫҚСЫН ӨКІНІШ

Күйімді қазір байқасам,
Далада жалғыз отаудай.
Осылай шіркін болар деп,
Жүрдік қой ешбір ойламай.

Жаның бар бойда кеудеңде,
Сондықтан қақсап отырсың.
Қуғандай өзін маңайдан,
Бағынбас сайтан, дию-жын.

Негізі жалғыз емессің,
Жаныңда бала-шағаң бар.
Сонда да өзім білмедім,
Көрмедім жанды жай табар.

Тірлігі әркім әркалай,
Бөліне жеке қаласың.
Сол кезде жаның күйзеліп,
Жарынды еске аласың.

Мінеки, осы жалғыздық,
Қыңсылап маза бермейтін.
Ойынды сыртқа айта алмай,
Бойыңда оны жерлейсің.

Өзімді қайрап қояйын,
Көңілсіз қайда барамын.
Әйтеуір пенде өмірге,
Төзе алмай оған нала шын.

Жамандық ойлап отыр деп,
Оқыған ойлап қаларсың.
Дәл осы бар ғой бәріңде,
Ашып та оны айтпайсың.

Сыртыма шықсын өкініш,
Жеңілдеп мүмкін қалармын.
Арман-ой мені жетелеп,
Қызығын көрсем баламның.

19.02.2017 жыл

ЖАРҚЫРАДЫ МА МАНДАЙЫМ?

Өмірдің парак беттері,
Ашылып жатыр күн зулап.
Тез өтер қазір байқасам,
Жастығың өтер құйындап.

Ішінде болдым тобырдың,
Артында қалмай ортасы.

Шынымен маған не берді,
Тіршілік өмір қоймасы?

Өкініп қазір қайтейін,
Бұйырған нәсіп тердік қой.
Байлық па әлде керегің,
Болмайды екен онда бой?!

Батпадым байлық кешпедім,
Жанбағыс болды жағдайым.
Алдыға шығып көрініп,
Жарқырады ма маңдайым?

Сырт көзге түрткі болмадым,
Кеспедім жолын басқаның.
Бертінде менің О, Алла,
Жырым да менің байлығым.

Ақтарам барды, барымды,
Өмірден көріп жинаған.
Ойымды жазып жатырмын,
Оқырсың қауым қолға алған.

Бойдағы барың өзіңе,
Тау төбе болар жаза алсаң.
Мысқалдап оны шығарам,
Іріктеп алып қиялдан.

Бір жырда кірбің басады,
Бірінде көкке самғадым.
Айналдым ниет сезімім,
Тоқтамай ары жалғадым.

20.02.2017 жыл

ЖЕР АТЫН ОЙМЕН ІЗДЕДІМ

Сартұмсық, Ербай, Қалдаяқ,
Қырыпсал, Майтан, Наурызбай.
Ақкөл мен Көккөл жарқырар,
Ақбелім аржақ Түгелбай.

Қу шоқы биік ортада,
Асқазан сансыз шоқылар.
Арыда қалды айтылмай,
Шұбарқұнан теңіз жарқырар.

Асаубай, соркөл Сарықыз,
Кәрітам, Серікбай, Аруен.
Наурызбай көлі – Сарыкөл,
Осы ғой қымбат жер деген.

Тоқтыбай дала сор басып,
Атыман барып жалғасқан.
Шалыбай қалды күмбезі,
Осында бабам таңы атқан.

Саршаның ойпат көлінен,
Маңайын қуып шөп шапқам.
Аруақтар жатыр осында,
Балтабай қорым әу бастан.

Әйелдер түсіп өтетін,
Тұсынан оның жаяулап.
Киелі жерлер көп мұнда,
Сәл ғана тұрдым аялдап.

Қостөбе, Тайман жотасы,
Бір қырын жатыр созылып.
Ойменен барлап қарасаң,
Ойнатып қанды қоздырып

Осында мынау Байтырық,
Кіндік қан тамған жерім ед,
Сәл толқып кеттім осыған,
Туған жер неткен керемет.

20.02.2017 ЖЫЛ

АЛЛАДАН КЕЛГЕН АМАНАТ

Артымда қалар жыр жазған,
Сағынышпенен астасар.
Орнымен болса жырларым,
Түсінер оқыр басқалар.

Ішінен теріп оқиды,
Мәніне терең үңілмей.
Жазғандай болып көрінер,
Ұйықтамай таңға көз ілмей.

Ұқсастық тапса жырымнан,
Ойпырмай мынау қалай дер.
Өйткені мұнда тамып ед,
Өкініш, күйік, жас пен тер.

Сәл ғана бұлақ көзіндей,
Ойыңнан шығар бұлкілдеп.
Жазылып жатыр жырларым,
Ұмытпай кейін жүрсін деп.

Тұрғандай алда күз бен жар,
Көңілге секем аласың.
Артымда қалған ұрпақтың,
Керегіне бір жарарсың.

Әкемнен қалған қалам жоқ,
Естелік қылып сыйлаған.

Тастауға қимай жырларды,
Жазамын сәтті ойға алған.

Өзіме қымбат әйтеуір,
Жанарым бір сәт талды ғой.
Негізі мені жетелер,
Санада қияли арман-ой.

Алладан келген аманат,
Жалықпай мені өтсін деп.
Сондықтан қалам ұстаймын,
Тұра сап ары жазғым кеп.

21.02.2017 жыл

БАСТАЛҒАН ҒАЖАП АРЫДАН

Ақылды ешкім айтқан жоқ,
Былай да былай жазшы деп.
Жазылған осы жырымнан,
Құйылар сәл-пәл қуат кеп.

Жасында жазды Мырзахан,
Оған мен көңіл бөлгем жоқ.
Газетке басты білемін,
Ойымда жыры қалған жоқ.

Мырзахан тастап кеткесін,
Әзімхан алды қаламды.
Өзінше ол да бастады,
Түрен сап жаңа қадамды.

Кейінде ол да тастады,
Білмедім сырын неліктен.
Жерімде болған жоқ еді,
Қалай деп мынау киліккен.

Күлянда жазып кейінде,
Газетте жүрді тілші боп.
Осыған шынын айтайын,
Қызығып мәнде бергем жоқ.

Жыр дүлей бұлты неліктен,
Басымды менің торлады.
Бұлда бір тағдыр сыиы ма?
Шығарды жырды ойдағы.

Үйімде жатыр жырларым,
Баспаға барар жол таппай.
Негізі зиян көргем жоқ,
Жүрген жоқ елдер ұнатпай

Жүлде алдым оқып ауданда,
Мүшәйра жырға қатысып.
Ешкім кеп дайын кереге,
Кеткен жоқ уық шаншысып.

21.02.2017 жыл

ЖЕТЕ АЛМАС ӨМІР ҚҰПИЯ

Ағарып бозғылт таң ағар,
Тірліктің барын білдіріп.
Алмасып тұрар күн мен түн,
Ырқына ғалам көндіріп.

Негізі біздер тозаңбыз,
Кеуде де өмір жаны бар.
Ұқсамайды мүлде басқаға,
Дененді бойлай қан ағар.



Жаратқан бізді ерекше,
Алланың түскен назары.
Сондықтан бізде сынақ көп,
Болса да түйсік ажары.

Әркімнің жеткен өлшемі,
Бойына жиған білімі.
Ортадан таппай қалуы,
Қозғалыс дене өлуі.

Не болды бұған қайда ол?
Жүрген ед жаңа қасымда.
Сол сәтте елес айналды,
Қымбатта қимас асылға.

Мінеки, тозаң болсақ та,
Іздейміз жанды пендені.
Өйткені оны таниды,
Бір жүрді сырттай көргені.

Ой-сана түйсік бойламас,
Жеталмас өмір құпия.
Ажарсыз мәнсіз күн өтер,
Арбаған сені сұрқия.

Жете алмай жатыр ізденіп,
Адамның шығу сырына.
Осыған бір сәт қарадым,
Қиялым жетпей артыма.

22.02.2017 жыл



АҒАЛАРЫМА

Еске алдым бүгін ағаны,
Ет жақын аса көп емес.
Жақпады небір қылықтар,
Білерім қалды күр елес.

Өлгеннің бәрі ғұлама,
Тірліктен озып кеткесін.
Негізі қазір білесің,
Сөзіңнің оған жетпесін.

Таспаға басып қояйын,
Қымбатты атын өшірмей.
Мәукеңді бәрің білесің,
Жазбасам жүрер кешірмей.

Қылығын бекер копсытып,
Жүніндей құстың шашпаймын.
Санама тығып қоямын,
Жамандық сөздер айтпаймын.

Әркімнің бар ғой басында,
Үлкендік көңіл жақтырмас.
Отырып үйде ойланам,
Ұрпағы барда ұмытылмас.

Қылығы көп ед ағаның,
Негізі өзі қагілез.
Өзіне сор боп жабысты,
Зілсізде жеңіл сол мінез.

Жан біткен ойнап жататын,
Жанына кейде батырып.
Жылдамда жеңіл мінезі,
Жасайтын кейде шалт қылық.

Балдыздар ойнар қылықты,
Әлдісі кетер жұлмалап.
Қалжыңы сол кез ойсан ед,
Сол заман неткен керемет.

Артында қалды қылығы,
Жеңілде зілсіз әдемі.
Ұмытпас қылық қалдырды,
Соңына жеңіл әлегі.

Көтерді қалжың сөздерді,
Ығымен айтқан батыра.
Еске алып ойлап отырмын,
Өзімше балап батырға.

Құпия қалсын көп ойлар,
Өзіммен алып кетемін.
Білемін Гайдар, Ринат,
Ата деп айтып өтерін.

Дара боз Мамыр көкемнен,
Сейтнұр келді өмірге.
Сыйласып өстік негізі,
Мына алтын ғажап өмірде.

Көкемнің жалғыз ұлы боп,
Советтің кешті өмірін.
Өзінше жүрді мал бағып,
Қалдырмай туыс көңілін.

Мал бақты Шахаң екеуі,
Қыстаумен жайлау арасы.
Қалтада болды партбилет,
Болмады басқа айласы.

Шақыртып жиын апарар,
Сонысы ғажап думан ед.
Ауылға келіп шыға алмай,
Жиналмай көбі қинаушы ед.

Бар ақша қолда Көкемнің,
Азығын өзі таситын.
Саудагер жүйрік есепке,
Айқай-шу мұнда болмайтын.

Туылып жатты балалар,
Біріне-бірі сүйеніп.
Бірінен қалған киімді,
Кезекпен-кезек киініп.

Аға да бар ед сан өнер,
Бойына жастай дарыған.
Сол заман ойсан мерген ед,
Аң біткен құлар оғынан.

Ауылда шешем Зағипа,
Жөнге сап бәрін отырар.
Көнбесе жөнге ұл мен қыз,
Ұсталып қолға шырқырар.

Ұмытпай жүрсе сол қыздар,
Түсінен шошып оянар.
Сонда да басқа амал жоқ,
Апасын барып паналар.

Сол шулар есте құлақта,
Жас кезде оны естігем.
Жүрдім ғой менде кезінде,
Болдырып шаршап көз ілгем.

Қолменен құйдық сол тамға,
Керішті шылап кәліпке.
Қайранда шешем жоқ қазір,
Үйреткен бәрін әдепке.

Алтыннан тақты жұлдызды,
Баланы оннан асырып.
Сол Шахаң қазір сексенде,
Қолында кенже ауырып.

Құйындай дүлей өмір-ай,
Ағамыз қайытты өмірден.
Ағалық қылық мінезі,
Шықпайды оймен көңілден.

Бүгін бір алдым есіме,
Бауырлық сезім елжіреп.
Азғана шумақ құрадым,
Бауырды еске алғым кеп.

22.02.2017 жыл

ҚАЛАМЫҢ ЖҮЙРІК ҚАШАННАН

Жасымда небір әңгіме,
Үлкеннен тындап естігем.
Солардың бәрі не керек,
Шығыпта кетті есімнен.

Тамыза майын айтушы ед,
Дастандай оны суреттеп.
Ойламадық сол кезде,
Жоқ болып кейін кетеді деп.

Жатталмай қалды санада,
Жадымыз сонда әлсіз ед.
Сол айтқан қайта тіріліп,
Шұбыра қайта келер ме ед!?

Жоқ болса бәрі арман ғой,
Опық жеп кейін қаламыз.
Негізі салғырт қараймыз,
Кейінде өкініп жатамыз.

Кеш сермеп қолды кейіннен,
Бұл мінез қалмай келеді.
Салғырттық мұнда жатыр-ау,
Кім айтып кейін береді?

Жазылып не бір оқиға,
Басқаның кетті қолына.
Өйткені оның бар еді,
Қаламы жазар қолында.

Сынаптай барың шашырап,
Көрінген тартты боршалап.
Жазбадық оны реттеп,
Қоймадық оны қоршаулап.

Қаламсап жүйрік қашаннан,
Жан-жақтан тартып жинайды.
Өзекке түсіп осы сәт,
Жаныңды нәзік қинайды.

23.02.2017 жыл

ЖАЗЫЛАР ЖЫРЛАР ШАБЫТ КЕП

Қар кетсе шөптер көктейді,
Қу шөпті қуып жаңарып.
Өзімше дал боп отырмын,
Таба алмай мәтін ой қуып.

Талдаймын оймен шимайлап,
Талай жер кетем шығандап.
Жазбасам маза бермейді,
Түйсігім мені мазалап.

Әр мәтін сөзі табылса,
Ойыммен ұйқас құраймын.
Түсе ғой енді текше боп,
Болмаса кімнен сұраймын

Қызмет тартып көргем жоқ,
Анауым менің қандай дер.
Осылай пендем қиналам,
Кіре алмай кейіпкер құр бекер.

Осылай кейбір күндерім,
Бұлт түріп күнім күлместей.
Қалады кейде үнсіз боп,
Сіресіп мүлде жақ ашпай.

Бұл да бір адам сезімі,
Өзіңмен-өзің тілдескен.
Күндерің кейде болады,
Жайдарлы бақыт күн кешкен.

Сондықтан қымбат әр сөзің,
Жадыңнан шыққан түзіліп.
Осылай күнің өтеді,
Бір күле кейде күрсініп.

Ойлама бақыт құсындай,
Жаксылық көктен түсер деп.
Бәрі де өзі орнымен,
Жазылар жырлар шабыт кеп.

23.02.2017 жыл

«КОМПАНДАР» ЖАЙСАҢ ҚИМАЙТЫН

Ақпанды мүйіз-киіз деп,
Бабалар бекер айытпаған.
Негізі айдың соңынан,
Азаяр жерін ақ кардан.

Сезінер адам баласы,
Көктемнің жақын қалғанын.
Жылумен ары жалғанар,
Суыған небір арманың.

Балтағұл үйге шақырды,
Хабар кеп түсті араға.
Ой түйіп менде отырмын,
Ойланып осы шараға.

Әрине, бұған себеп бар,
Қу ішім оны сезеді.
Үйіне Балташ шақырған,
Жыр арнап барғым келеді.

Еменде жарқын отырар,
Кеш болады оны білемін.
Дикашым ертіп Өрікті,
Келерін айтпай сеземін.

Орынкүл келеді Қаройдан,
Жанаттың жары қимайтын.

Тағы да келер басқасы,
Балтағұл жақын сыйлайтын.

Бұрыннан достық қимастық,
Қаройдан бізге жабысқан.
Сыйласып жүрміз әзірге,
Жете алмай қазір алыстан.

Көңілім менің қуанар,
Сендерге барсам жадырап.
Өздерің жақсы білесің,
Бахаңнан қалдым ажырап.

Басқасы өзі орнында,
Балалар жүрет бәйек боп.
Аяққа киген кебісім,
Шұлғауы жоқтай олқы боп.

Сендерге мұнды шағуға,
Сенсендер достар келгем жоқ.
Бұл сөздің жөні реті,
Пенсия барда қарным тоқ.

Сәл босап кетті көңілдер,
Үйімде жіпсіп алғанмын.
Ендігі менің айтарым,
Қамықпа барша қалғаның.

Тіршілік оты сөнбейді,
Қимайтын өмір жалғасып.
Осындай өмір заңы бар,
Тұрады әркез алмасып.

Ішінде жүрміз тірліктің,
Алпыстан асты жасымыз.
Әлі де қалған өмірде,
Көтере көңіл тасыңыз.

Айналдым «компан» достарым,
Сендерді көріп қуанам.
Бір Алла берсін жақсылық,
Өздерің іштен сұраған.

Бірінді-бірің күтіндер,
Арқадан қаға сипалап.
Артында қалды артық іс,
Жүретін заман айқайлап.

Алдыңда Наурыз жақында,
Жарыңа гүлді бер, сыйлап.
Осылай қимас достарым,
Жастығың өтті қиқулап.

24.02.2017 жыл

БЕРЕКЕ АУЛЫНА БАРАМЫН

Бағытым бүгін өзгерді,
«Жиырма бес» жаққа барамын.
Осында эзіл ошағы,
«Дюрассел» жинап аламын.

Тамаша бұнда таусылмас,
Бір жасап бүгін қалайын.
Тезірек өтсін уақыт,
Қызыққа бүгін батайын.

Шаншарда, Алдараспаның,
Бүгін кеп бәрі жиналды.
Шақырып үйге қонақты,
Ақысыз оны сыйлайды.

Аққу мен Гәкку осында,
Эзілдің майын ағызып.

Шіркін-ай уақыт тез өтер,
Жүрмейсің бұнда жалығып.

«Қызық таймс» осында,
Түсірер жаңа бағдарды.
Шапалақ, ду-ду осында,
Оятар небір арманды.

Ауылда жүр ғой дарындар,
Өнері барлық бойында,
Арам ой жоқ қой шіркін-ай!
Баладай пәктік ойында.

Тегін ғой мұнда бар әзіл,
Гастрол сыртқа шықпай-ақ.
Осында барша достарым,
Жарасым тауып тапқан бак.

Қолыма қолғап киейін,
Күлкінің алып қанарын.
Кейінге керек болар деп,
Аямай қапқа салармын.

25.02.2017 жыл

КІМДІ ІЗДЕДІМ, НЕ ТАПТЫМ?

Жырымды жаздым қуанып,
Той-думан қызық сәттерге.
Үңіле кейде іздедім,
Із салып қалын дәптерге.

Анамды жоқтап іздедім,
Мауқымды бір сәт бассам деп.
Маңайдан көрген құбылыс,
Оны да шіркін жазсам деп.

Табиғат -торғай шырылы,
Жөңкіген бұлттар қол бұлғар.
Осының бәрін жазғанда,
Оқырман шіркін не ұғар?

Күндегі көрер әуен деп,
Байқамай оны жатамыз.
Аң-құсын жайсаң табиғат,
Аямай кейде атамыз.

Жоямыз бәрін қолменен,
Бірсәттік нәпсі, ас-ауқат.
Негізі соны сыртыңнан,
Қырағы көздер жүр байқап.

Табиғат киесі ұрады,
Бұрыннан солай білеміз.
Жолатпай оған пәлені,
Тағдырдан оны көреміз.

Байланыс жатыр арада,
Айтатын оған тілі жоқ.
Табиғат ауа жұтатын,
Адамның онсыз күні жоқ.

Ойларсың мұны біреуің,
Қызғаныш оты баурады.
Түкке де аспайды дерсінде,
Сезіммен мына жазғанды.

Мен көрдім сонау ауылда,
«Ахмет суаты» теңізді.
Андерсон тұрды сол жерде,
Тіршілік кешіп күн көрді.



Қысында камыс шабатын,
Қолменен кетпен түбінен,
Сонында сонда аң атпай,
Тамағын тауып күн көрген.

Сырласты ауа табиғат,
Жыңғыл мен маңай сексеуіл.
Аңменде сонда сөйлесті,
Недеген мынау кең көңіл.

Өзіне көңіл бөлетін,
Жыртығын жамап киімнің.
Қадірін білді әр нәрсе,
Кейінге қимас керегін.

Ұмытпай жады сақтады,
Сен кімнен шықтың қай жерден.
Бәрінде соның саралап,
Нәзікте терең мән берген.

Мененде артық білетін,
Жақынды маған қайдағы.
Бұзылмасын деп ойлады,
Тыныштық өмір қаймағы.

Үйіме келген қонақ боп,
Түсініп бәрін айтатын.
Газетті барша алатын,
Іздейтін өмір байламын.

Қайдан келді негізі,
Құпия кейбір сырлары.
Тексерген оны білемін,
Шықпады жаман қырлары.



Ауылға жаяу келетін,
Ас-ауқат алып қайтуға.
Әрқашан оның жалықпас,
Сырласып әңгіме айтуда.

Қараңыз осы қызыққа,
Матыны жалғыз байлайтын.
Маңайда жүрген көжекті,
Бекерге ұрып қумайтын.

Сырласар айттым бәрімен,
Газетті хаттап жинайтын.
Үйіне барған қонақты,
Ас-ауқат беріп сыйлайтын.

Ойланшы, міне осыған,
Санаңа салып зерделеп.
Осындай жандар ортаға,
Шынымен бізге керек ед.

Айналдым барша оқырман,
Табиғат бізге қымбат қой.
Сәл ғана оны байқастап,
Зердеңе салып ойлап қой.

Андерсон өлді кейінде,
Ауылда сонда Қаройда.
Ішінде жатыр мұсылман,
Сырласып бейіт қорымда.

Сағыныш болсын арада,
Жақының мейлі жатыңа.
Жамандық ешбір келмесін,
Табиғат ауа тасына.

Осылар жүрсін ойында,
Алланың құлы пендесі,
Бәрі де лезде кұриды,
Белгілі қайта келмесі.

27.02.2017 жыл

АУЫСПА ӘСЕМ ТАБИҒАТ

Наурыздың басы қар жауып,
Ағарды қайта қара жер.
Қардың басын қар алар,
Айтылған сөздер кеменгер.

Құстарда келеді жеріме,
Қанатын қағып ауада.
Сусылын естіп құстардың,
Тындауда үлкен арманда.

Шағала келмей жаз шықпас,
Қаздарым келер алдымен.
Ауыспа әсем табиғат,
Күн кешіп осы қалпыңмен.

03.03.2017 жыл

ӨЗІҢДІ ЖҮРГІН БАҒАЛАП

Кемесі жырдың келеді,
Сүзгілеп өмір парағын.
Шығарып алып іріктеп,
Ірісін оның жазамын.

Шынымен өмір аз екен,
Келсеңде мейлі 80-ге.
Не жетеді мына жалғанда,
Жер басып алшаң жүргенге.



Солайы-солай пақыр-ай,
Көз жетпес арман көп екен.
Егер де адам ауырса,
Әлсізде бейнет қор екен.

Адамның жаны тәнінің,
Байланған барлық жеріне.
Әлсіздік жеңіп бойыңды,
Кетеді тірлік мәні де.

Құпия тірлік белгісіз?
Шарасыз адам қашаннан.
Байланған тағдыр жібінен,
Жоқ деймін ешкім аса алған.

Артыңда сонда не қалды?
Бала ма жиған дүниен?
Осыны ойлап отырсам,
Шынымен бұған күйінем.

Тарамыс өмір қашаннан,
Тырмалап өтер маңайын.
Әлсізде адам баласы,
Осы ғой сенің жағдайың

Түсініп баққын, әрине
Күйінді осы саралап.
Шынымен бастан бастап-ақ,
Өзінді жүргін бағалап.

05.03.2017 жыл

ЖҮРЕРСІҢ ӘРКЕЗ КӨҢІЛДЕ

Көбейтіп адам ұрпағын,
Жалғаған ару аналар.
Еңбегің көп қой ерлерге,
Өзінді әркез бағалар.

Ақ сарай өмір базары,
Өзіңмен жүрміз қуана.
Аздаған сыйым жырымды,
Отырсаң болды құп ала.

Күнделік өмір қым-қуыт,
Көңілде бөлмей қаламыз.
Өзіңе қалқам еркелей,
Гүл сыйлай қолдан аламыз.

Бөлесің көңіл осыған,
Қойшы деп сәл-пәл қымсына.
Мінезбен осы жағасың,
Маңайға ерің, халқыңа.

Көңілің тасып қуансаң,
Ашылар бұлтсыз көк аспан.
Үйімнің кірер шырайы,
Өзіңмен ғана жарасқан.

Тағдырдың сиы өзіңсің,
Ерлерден тауып жұбыңды.
Бөлісем өзің байқасаң,
Бөтенге айытпас сырымды.

Әр жылда бөлек ажарың,
Әжімдер бетті басама?
Бәрібір маған сұлусың,
Көңілде бөлмен басқаға.

Бар ару, қыздар, келіншек,
Шуақ шаш мына өмірге.
Әйтеуір менің білерім,
Жүресің әркез көңілде.

08.03.2017 жыл

АЗДАҒАН АРНАУ ТІЛЕГІМ

Болат пен Маржан сендерге,
Ой-тілек айтып көрейін.
Бата ма, көңіл алғыс па?
Жырменен толғап берейін.

Қалада сендер табыстың,
Оны да біздер білеміз.
Жаксылық ниет тілеумен,
Сыртыңнан қалқам келеміз.

Негізі бөтен емеспіз,
Құдалық басым қашаннан.
Айнұр мен Гайдар себепкер,
Келінім Болат жағынан.

Маржан туды әкпемнен,
Мінезі ойсаң керім ед.
Себепкер болып Алматый,
Өмірге мына келіп ед.

Сыйластық сыры осында,
Сондықтан біздер туыспыз.
Мыңжылдық құда тағы бар,
Үйді де қатар құрыппыз.

Көршілік тағы қосылды,
Сұрауы оның қатты екен.

Қимайтын Болат-Маржан-ау,
Сыйластық орын тапса екен.

Үлкендік ниет ырзамын,
Ас-суды іштік қиналмай.
Дастарқан мәзір тұрғаны,
Үстелдің үсті жиналмай.

Үй соғып әлі біткем жоқ,
Соңыма ерттім Гайдарды.
Негізі бұл үй білесің,
Ұрпақтың жастар арманы.

Сондықтан біздер жолаушы,
Тапқанда тиын соғатын.
Дәл маған қанақ үйі ғой,
Ас ішіп жайлы жататын.

Тілекті берсін бір Алла,
Осында бізді байлаған.
Айтарым Гайдар өзіңе,
Сыйлағын Болат қайнаған.

Алдыда өмір тосатын,
Армандар көп қой сендердің.
Үмітті үзбе қос ғашық,
Білемін Алла берерін.

Таңертең жаздым ойымды,
Жұмысқа тұрмын асығып.
Жақсылап өмір сүріндер,
Бірінді-бірің сағынып.

Береке толсын отбасы,
Жақыннан жұмыс табыңдар.
Жақсылап өмір сүріндер,
Әзірге жассың шамаң бар.

Осылай Болат-Маржан қыз,
Маңайға күле қараңдар.
Қимастық жүреді өмірде,
Сыйласып барша адамдар.

13.03.2017 жыл

ЫЗҒАРЫ ҚЫСТЫҢ ЫҒЫСАР

Өңменнен өткен суығы,
Қар кете соққан желменен,
Үрпиіп жүні уақ мал,
Жайылар ықтап сайменен.

Осы бір жайсыз уақыт,
Бар малдың қашар іреңі.
Шірінді шөптен нәр алар,
Табылмай басқа қорегі.

Ауылға қайтар қойларың,
Азанда-қазан күй шертіп.
Табысар туған төлімен,
Басылар дыбыс кештетіп.

Тілі жоқ айтар мақұлық,
Қораға кірсең маңырар.
Төлінен өсіп көбейер,
Кеш батса келіп жамырар.

Көктеммен келген ызғардан,
Бар малың ықтап паналар.
Осындай жайсыз кезеңмен,
Ызғары қыстың ығысар.

19.03.2017 жыл

ТУҒАН ЖЕР ЖЫЛУЫ

Туған жер әркімге ыстық сая болған,
Нәр берер ағып жатыр Іле толған.
Өзіме сенен артық жер жоқ шіркін,
Тоғайың мыңғырған мал пана болған.

Суыңда балық ойнап, құс шулаған,
Сол сәтке біле білсең мен қуанам.
Тарихың шежіреңде қымбат маған,
Ақындар төгілдіре сан жырлаған.

Төбелер маған ыстық құм суырған,
Сексеуіл нәрін алған сол шағылдан.
Тау емес, қырат төбең көрінеді,
Тым биік аласармай сонадайдан.

Жиде-тал көмкереді өзен бойын,
Келеді екі бала бағып қойын.
Балалық тәтті сәті неткен ғажап,
Алаңсыз емін-еркін қуып ойын.

Есейіп ер жетерсің сенде кейін,
Осыған көңіл бөліп салғын зейін.
Сонда да қымбатсың ғой туған өлкем,
Тағы да жыр жазармын кейін-кейін.

19.05.2017 жыл

ОРАЗА АЙЫНА

Ораза отыз күндік парыз болған,
Жіберіп алмайықшы оны қолдан.
Сыйы да, бағасы да Алла жақта,
Амалды жасай бергін қапа болман.

Сананды сансыз ойлар тұмшалаған,
Әрине, шамаң жетер шығар ойдан.
Орында қиынсынбай дәрет алғын,
Ібіліс оты сөнер бойыңыздан.

Ертегі емес шынымен Алла сөзі,
Жаттап өс сүрелерді жасыңыздан.
Жиналған барша осы жамағаттар,
Өтеді талай сынақ басыңыздан.

Көз көріп қолмен оны ұстай алмай,
Сауапты жасыңыздан жиған қандай.
Тура жол табасың деп мен ойлаймын,
Жауынды іздемегін қасыңыздан.

Жан сарай дұғаменен кеңейер ме?
Білім ал Алла үйі жақын кел де.
Толтырып жүрегіңді аяттармен,
Шынымен енді оны тастай көрме.

Әр пенде соқпағы бар салып өтер,
Кей күндер шыныменен өтер бекер.
Салғырттыққа салынып жүрміз кейде,
Ойланғын бар жамағат, басты көтер.

Өзіңе мол сауапты жазған Алла,
Шегінер айтыңдаршы шамаң бар ма?
Тигізсең иық пенен маңдай жерге,
Қосылар алақанмен тізе олда.

Осыңыз шарасыздық белгісі еді,
Жүрсінші жалғыз Алла ойыңызда.
Пендеміз күмәні мен күдігі мол,
Жаксылық орын алсын бойыңызда.

Бойыңа имандылық ұя бассын,
Әрқашан маңайыңнан шайтан қашсын.
Тастама дұғаменен тілегінді,
Қамында ойлап жүргін қара бастың.

Қиындық түмшаласа күрсінесің,
Алланың Жаратушы күшіне сен.
Күдерді үзіп алма пендеміз ғой,
Айтарым қапысыз бір Аллаға сен.

Салыңыз суға кетіп мойымағын,
Айтуым керек болды ойымдағын.
Жаратқан жан пендесін сүйеді екен,
Аллаға құл екенді мойындағын.

Сеніммен алға басқын үміт үзбей,
Жаттағын аяттарды қарттық келмей.
Кенелгін оразада мол сауапқа,
Жиналғын мешітіңе бекер жүрмей.

05.05.2017 жыл

ОЙЛАРЫМ АЙТАР ҚАЙДАСЫҢ

Жаз бітіп, күзін келді ызғар соғып,
Әр сөзді біріктірем ойға тоқып.
Бұл менің артта қалар еңбегім ед,
Туыстар, ұрпақтарым жүрер оқып.

Дәм бар ма, тату бар ма жазғанымда?
Шарасыз күйге еніп қалғаным ба?

Дәл қазір қанағат қып келемін мен,
Осы бір азын-аулақ қолда барға.

Өзімді қамшылаймын шабан аттай,
Жазып кетсем ойымды қарап жатпай.
Сол пәпшағар дәл маған соқпай тұр ғой,
Шынымен мен қалайша кетем айтпай.

Түзіліп шалаң болып су түбінде,
Тұншығып мына өмірден өтемін бе?
Жадырап барша ойым шықпай тұр ғой,
Жырларым мені тастап кеткенің бе?

Әйтеуір мазам қашып кетем кейде,
Айта алмай болды енді жетер деуге.
Онда менің өшіп те, сөнгенім бе?
Күрсінем мен ағайын керіп кеуде.

Осылай мен өзімді батырамын,
Білемін ақындықта қақым барын.
Сондықтан кейде менде тосып жатам,
Сәттерін дәмді сөздің айтыларын.

Осылай менің күйім алаңдаулы,
Алдыда менің қанша шамам қалды.
Ойымды жинақтайын туыстарым,
Айтпайын жырдан менің көңілім қалды.

25.09.2017 жыл

АНАМА

101 жасқа толыпты анам биыл,
Жүрмін мен кей сәттерге жырды арнап.
Айналайын! Анашым маған дара,
Отырмын терезеден сыртқа қарап.

Өмірдің жазы кетіп күзі қалды,
Толғанбай әсем жырым жазылмайды.
Көзінде мөлдір тамшы кетпеді ме?
Сағыныш бір өзіңе басылмайды.

Шөбере, немереден көрем жақын,
Атада, әке-ана басар мауқын.
Сол күнде алыс емес сезіп жатсаң,
Менінде кетіп қалды кимас жартым.

Қазірде жүріп келем ортасында,
Тірліктей осы өмірде болғасын да.
Мұнайсам өзінді ойлап еске аламын,
Тұрғандай сезінемін дәл қасымда.

Күйгелектік өмірмен тірлік кешем,
Түйінді мәселені оймен шешем.
Жағдайым ойлап отсам жаман емес,
Сонда да жабырқаулы күйге түсем.

Адамдар келіп, кетіп жоғалады,
Шынымен сана жетпес жоқ амалы.
Аз күндік нәпақаға алданамыз,
Жатқан жоқ арғы жағын ойлап тағы.

Сатылап жеткен өмір сыбағасы,
Адамның одан аспас еш айласы.
Көңілдің көк дөненін жүгіртемін,
Көп жерде домаламас өрге тасы.

Сарғайған жапырақтай өмір мынау,
Сәл нәрседен көңілге түсер қаяу.
Шығармай мен есімнен жүремін ғой,
Өмірдің соқпағымен келем баяу.

Түсінбей өткен өмір былығына,
Қуандың жан анашым қылығыма.
Әйтеуір уайымдап жүруші едің,
Сол сәттер көз алдымда тұрады да.

Ғасыр астың жан анам, міне осылай,
Отырмын осы сәтте сені кимай.
Жиырма жылда қас қағым өте шықты,
Осы сәтте кеткені жүрек тулай.

Сәл босаңсып өзіме жігер берем,
Өмірдің ағынымен менде келем.
Бұрылмай әлі біраз жүре түссем,
Шынымен талай қызық менде көрем.

Дәл қазір сағым ойға бата алмадым,
Азғана жан анашым жыр арнадым.
Көңілім суымасын бір өзіңе,
Ұйқасым сәл әлсіздеу құралғаның.

Жыр перде түріп қиял құпиясын,
Осылай ана жайлы жыр құрасын.
Әйтеуір ұмытты деп ойламашы,
Ұлының әрқашанда ойындасың.

04.10.2017 жыл

ҚҰСТАЙМЫН ҰША АЛМАҒАН ЖЫЛЫ ЖАҚҚА

Көп күлмедім негізі мұным басым,
70-ке де жақындап келеді жасым.
Сәл ғана күрсіну бар шарасызбын,
Жанымнан табылмайды замандасым.

Құстаймын ұша алмаған жылы жаққа,
Отырып көрген жоқпын алтын таққа.
Дәл менің іздеп жүрген көп арнамым,
Тұрғандай көрінеді бөтен жақта.

Жете алмаймын оған да шамам жоқтай,
Сағыныштың мейірім желі соққай.
Қалбалақтап қаламын сәл нәрсеге,
Бала күткен атадай қалбалақтай.

Дем берер демеу болар қайда күшім,
Ол шындық өткеніме өкінбесім.
Сонда да қимас сезім тулай береді,
Қолыма қалам алам күрсінгесін.

ӘЛИН АДІЛХАН АҒАҒА

Сәлем бердім Адеке! Мен өзіңе,
Ырза болып қалдым ғой мен сөзіңе.
Ақынсың деп мақтадың көңіл өсті,
Басқардыңыз ферманы сіз кезінде.

Іште өліп қалмасын өнер дедің,
Осы сөзді мен дағы ойлап көрдім.
Малы жоқ «қасапшының» күйін кешем,
Кілтін ұстап тұрмын ба бұл өнердің.

Кейінге қалса сөздер өткір шоттай,
Кейінде қалың елің жүрсе мақтай.
Көңіл өсу, әрине сол болар ед,
Түйгенді жазып жүрмін менде қаттай.

Әр жырға арқау болар себеп керек,
Ақындар моншақтай ғып сөзді тереді.
Айытсаңыз жақсы дерек мен жазайын,
Ол үшін қарияларды жинау керек.

Алтын сандық ашылса кілті болып,
Жақсы сөз шықса егер көңіл толып.
Адеке! Мен қарыз боп қалмас едім,
Жазамын жақсы жырды ақын болып.

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ БІЛДЕБАЙ АҒА

Ауылымда қариям бар маң-маң басқан,
Сиыр айдай жайменен қадам басқан.
Көп әңгіме сақтаулы кеудесінде,
Кешке қарай қарайлап малын тосқан.

Жайы бар сиреп қалған ақтеректей,
Амандас, қолыңды бер қағып өтпей.
Қас қағым сәтте өмір өте шығар,
Қу ажал алып тынар келген діттей.

Сақтаулы қазынадай ойы зерек,
Осындай ойлы жандар бізге керек.
Өкініп қалмайықшы о, замандас,
Кейіндер таптырмайды орны бөлек.

Қалжыңы өз орнымен тура айтқан,
Жүйелі маңызымен орнын тапқан.
Бәстескен әр сөздерін мақұлдата,
Қатпарланып мандайы сөзді тосқан.

Сүрсе екен ұзақ ғұмыр сол жомарт жан,
Сөзімен денемізге қан ойнатқан.
Амандығын тілейін көппен бірге,
Айналдым пейілінен жыр ойлатқан.

24.11.2004 жыл

СӘТ САПАР

Қажылық атақ емес құлдық білем,
Бұл ісіңе Қайнарым менде сенем.
Сипалай Алла үйін көріп қайтсаң,
Жүрегімнен нағашың жырды төгем.

Сау барып, аман кайтқын, жолың оң боп,
Жебесінші Жаратқан сені қорғап.
Сапарыңа қарайлап туыс-тумаң,
Артыңда қалып барады халқың қолдап.

Бұл да бір сәті түскен сапар болсын,
Сыйынғаның бір Алла Жаппар болсын.
Тіледім мен өзіңе сәтті сапар,
Көкірегің жақсылық нұрға толсын.

05.01.2005 жыл

ТІЛЕГІН БЕРГЕН ҚАЖЫҒА

Есен де аман жеттің бе?
Меккеден қайтқан жыл құсым.
Орындап сенде оралдың,
Бес парыз өтеу соңғысын.

Меккенің күнгеі тауларын,
Аралап, көріп қайттың ба?
Көзіңе сонда жас алып,
Анаңа тілек айттың ба?

Алланың үйін сипалай,
Парызын намаз өтедің.
Көкірегіңе нұр толып,
Жерінде көрдің шетелдің.

Құрбандық шалып Аллаға,
Күнәдан пәк боп тазардың.
Таптың деп сірә ойлаймын,
Көкейін ойын халқыңның.

Пайғамбар (ғ.с) жатқан Мәдине,
Бас иіп құлдық ұрғаның.
Сүресін білем оқыдың,
Фатиха, Аятул құранның.

«Қажылық» ниет жасадың,
Көңілім неге босадың.
Есітіп сені әкеңнен,
Қалам мен қағаз қолғалдым.

Жеті шумақты арнадым,
Тілегін берген «қажыға».
Осындай менен сөз шықты,
Хатқа түсірдім асыға.

28.01.2005 жыл

НЕ ПАЙДА

Бұл өмірден не пайда?
Дүниеге келіп кетпесең.
Бұл дүниеден не пайда?
Мұратқа сірә жетпесең.

Іңгалағаннан не пайда?
Ентелей басып жүрмесең.

Жер кендігінен не пайда?
Аралап оны көрмесең.

Ағайындықтан не пайда?
Қол үшін созып бермесең.
Көрші отырып не пайда?
Сыртынан оның күндесең.

Жақсы көруден не пайда?
Жаман сөз айта тілдесең.
Жетектегеннен не пайда?
Жетекке еріп жүрмесең.

08.01.2005 жыл

ЕРТЕДЕГІ ӘҢГІМЕ ЖЕЛІСІНЕ

Бағзы бір заман өткен қолын бұлғай,
Бай жылады Аллаға бала сұрай.
Жаратқанның алдына жүгінеді,
Айтады көкейдегі ойын толғай.

Бір сәбиге зар болдым О, Жаратқан!
Кең дүние бір өзіңе бағынған.
Иіскеп бір мауқым бассам болғаны,
Балқиыншы өн бойыма тарап қан.

Жаратушы қабыл алды тілегін,
Уа, пендем саған бала берейін.
«Үш күн» өмір беріледі балаңа,
Бұл өмірде сені сынап көрейін.

Қабыл болып Жаратқаннан тілегі,
Осылайша байға бала береді.
Ырза бола құлдық ұра Аллаға,
Байлығынан мол садақа береді.

Тоғыз ай мен тоғыз күні алды да,
Мейір шаша қолын созды халқына.
Күндер жылжи, ай артынан ай өтті,
Байда күтті келер күнін асыға.

Күні толып торсықтай бір ұл туды,
Әке-шеше көңілі күпті толқулы.
Байлықтарын шашты елге аямай,
Көңілі өсіп мауқын басып шалқыды.

Көл-көсір боп көп тілегі айтылған,
Айналайын! Дана менің халқымнан.
(Жасы ұзын, сенен асқан бай болсын),
Осылайша, бай көңілі тасынған.

Әкенің күпті көңілі санасы да,
Өсіп келеді күн санап баласы да.
Ә, дегенше отыз күн өте шықты,
Зымырап күн уақыт қарасын ба.

Үш күні отыз күнге ұласады,
Алаң көңіл жүректі сыздатады.
Қайыра барып жүгінді Жаратқанға,
Күпті көңіл барғын деп шыдатпады.

О, Жаратқан! Жүгіндім мен өзіңе,
Тап болдым тағдырымның мен тезіне.
«Үш күн» өмір сыйлаған балам тірі,
Қайранмын осылайша мен өзіңе.

Қылығы да күн санап артып барады,
Өмірге талпынуда қағып қанат.
Тоймадым қылығына О, Жаратқан!
Қуандым өне бойға қаным тарап.

Осылайша, алдыңа құлдық ұрдым,
Ойласам ажал жайлы мұңға тұндым.

Күпті көңіл құлазып елендеуде,
Мен өзіңе мұң шаға қолды создым.

-Қол жайған тыңда «пенде» сөзді мынау,
Қарсы келу Аллаға көзді бұлау.
Көп тілеуін қиялмай жасын создым,
Шық тұрмаса түспейді шөпке қырау.

Орнықты бай көңілі Алла жебеп,
Тілдесуге Аллаға бала себеп.
Түсті көңілі орнына алаң болған,
Ширак тұрып орнынан жүріп келеді.

Осындай заман болған о, жамағат,
Әрқашанда ойлайықшы қанағат.
Алла беріп қайырыпта алатын,
Тілейікші пайғамбарға салауат.

Аш көздіктен сойылады жалғыз ат,
Алла сөзін әрқашанда жаттап жат.
Тиылайық қанағатсыз пейілден,
Осылайша тағдырыма жаздым хат.

15.01.2005 жыл

МӨЛДІР ТАМШЫ

Ана биік – ана жүрек соғылған,
Айырылып қалғандаймын тобымнан.
Үйіріме қайта мені қосатын,
Анамды іздеп жүргендеймін сағымнан.

Тағдыр тәлкек қылмандаршы ананы,
Бағып, қағып өсірсінші баланы.
Анаңның біл табанында «жұмақ» бар,
Улатпағын әрқашанда сананы.

Жетектесін ана қолдан баланы,
Туған жердің желпи соқсын самалы.
Аялаған алақанның табынан,
Өсер деймін сол сәбидің қадамы.

Қарға адым өмір алға жылжыған,
Көкейімді анам саған жыр қылам.
Еске түссен мөлтілдеп бір қаламын,
Көз алдымнан мөлдір тамшы сырғыған,

Сүртпейінші сол тамшыны сағыныш,
Сезіп тұрмын иісінді аңқыған.
Асыр сала бала кезім ойнаған,
Қос тізеңе көзді жұма балқығам.

Тербелте кеп құс жастыққа жатқыздың,
Осылайша, шөлді баса шаттандың.
Көбелектей сағым қуған балалық,
Енді менде бір отауды басқардым.

Ұрпақтарым саған айтар тілегім,
Аман болсын ана деген тірегің.
Жарылқаушы бір Алладан сұрарым,
Аямасын жақсылығын берерін.

24.01.2005 жыл

ПЕРДЕСІН АШТЫМ КӨҢІЛДІҢ

Қолды жай бата берейін,
Өзімді сынап көрейін.
Қырыққа толған келінге,
Жырым мен жылу төгейін.

Мына отырған қауымға,
Арыдан қозғап көрейін.

Білмесең осы шаңырақ,
Тарихын айтып берейін.

Аталар өткен ары да,
Солардан бірі қалды ма?
Ұрпағын жалғап келеміз,
Қанағат қылып барға да.

Едіге батыр бабамыз,
Бекерге таңғалмаңыз.
Тоқтамай бері жылжиын,
Ойменен сіздер таңдаңыз.

Қымбат қой әркез шаңырақ,
Жиналған сонда бар ұрпақ.
Батырдың тіккен отауын,
Ойласқан кімге қалдырмақ.

Ақыры келіп тірелген,
Мұны да халқым көз көрген.
Мырзабек сынды атаға,
Шаңырақ сонда берілген.

«Қара шаңырақ» аталған,
Әкесі еді Тазабек.
Байқапта сіздер отырсыз,
Ұрпағы неткен таза тек.

Иесі шаңырақ сол Еркеш,
Отырған халқым алдыңда.
Жайменен менде тоқтайын,
Айтылмай сөздер қалды ма?

Ұрпағың өссін ұялы,
Бауырын кімдер қияды.
Артықта кем сөз шықты,
Отырған жақсы зиялы.

Ақ жаулықты ана бол,
Жан-жағыңа пана бол.
Еркешімді еркеледі,
Қабыл болсын жайған қол.

Белес-белес өмірің,
Ашық болсын көңілің.
Аман болсын қарағым,
Қолыңнан алған серігің.

Айтылған тілек қабыл боп,
Өсіп те өніп көгергін.
Пердесін аштым осылай,
Сақтаулы сөзін көңілдің.

31.01.2005 жыл

ЕСКЕЛДІГЕ ТӨЛЕ БИДІҢ БАТАСЫ

Атыңнан айналайын! Ескелді би,
Ұрпағым айтылар сөз ойыңа түй.
Бастайын бір әңгіме желісімен,
Түсініп әрқашанда миыңа құй.

Аралап Жалайырды Төле биім,
Жақсы сөз осылардан қалған кейін.
Көңілін жұбатпапты алтын «жамбы»,
Көзін сүзе қарапты көпке дүйім.

Айналдым халқым барша пейіліңен,
Қонақ болдым күттіңдер пейіліңмен.
Төрт ғайып бар айтайын біле жүргін,
Назар сала тыңдаңдар зейініңмен.

Дидар ғайып, дәм ғайып, неке ғайып,
Өседі адам заты ұрпақ жайып.
Дидарласып жүздестім, дәмді тата,
Тай тұяқты алмаймын болмас айып.

Некем қалды артымда, алдымда ажал,
Ұққан жерде білемін болмас жанжал.
Баршаңызға арнайы сұрақ қоям,
Қиып түсер сөз шықсын өткір қанжар.

«Көкке тіреу не болар?
Көлге піспек не болар?
Тері теспей еті жоқ,
Жілік шақпай майы жоқ»?

Жұрт бөгеліп қалғаны осы сөзге,
Дауыс шықты арт жақтан осы кезде.
Он үш жасар Ескелді сөз сұраған,
Жүрелей отыра қап кара жерге.

Балалық пен даналық қатар жүрген,
Талай жерде өз-өзін сынап көрген.
Ескелдіге ауады ел назары,
Тосылмай жауабында айтып берген.
жауабы:

«Көкке тіреу күн деймін,
Көлге піспек жел деймін.
Қаңтар туса ақырап,
Тері теспей етін жер.
Ақпан-тоқпан туғанда,
Жілік шақпай майын жер».

Таба алмаған жауабын,
Болар деймін кара тер.
Шешілсе сөз төркіні даналығым,
Таба алмасам ойлаңыз балалығым.

Құлдық ұрдым алдияр алдыңызда,
Жақсы тілек естиін салар ұғым.

Төле би ырза болды шешуіне,
Қайран қалды тұла бой пішініне.
Қолын жая батасын берген екен,
Төле би арқа сипап кетерінде.

Аз әңгіме жазылды еске түсіп,
Осылай ұрпақ алға жалғанасың.
Құлақ түре жүріңдер есті сөзге,
Байқамасаң өмірден құр қаласың.

04.02.2005 жыл

БЕКЗАТЫМ ТӨРТКЕ ТОЛДЫ

Ақпан туып, ызғар шашты маңайға,
Сөз түспей тұр қызыл мынау таңдайға.
Туған күнің келіп жетті немерем,
Жаманшылық жазылмасын маңдайға.

Еленіп жүр ескеріп жүр атанды,
Берейінші балам саған батамды.
Жақсылықтар аз болмасын қол созған,
Андап жүргін мына заман қаталды.

Сөз айтармын тілдің жеткен әлі мен,
Аман-есен тыныш жүріп өсші сен.
Бар жақсылық тілеп өтем жан балам,
Айтарым сол ешкімнен де болма кем.

14.02.2005 жыл

ОСЫ АРНАУЫМДЫ ТӘСТЕНБЕКҰЛЫ
САБЫР, АСАНҰЛЫ МӘУКЕБАЙҒА, АНАМ
СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ СӘУЛЕБИКЕГЕ,
ІНІМ СЕЙДАХМЕТКЕ АРНАЙМЫН

ӨМІРГЕ ЖОҚ ТАЛАСЫМ

Сиқырдай өлең матаған,
Сидырып бәрін қағазға.
Сан түрлі ойлар оралар,
Жер басқан мынау адамға.

Маталып менде жазайын,
Өткенімді еске алып.
Ескеріп әркез жүрсе екен,
Ұрпақтарым еске алып.

Ататекті жазғанмын,
Оқыса іздеп табады.
Жазылмаса әр сөзім,
Ұмыт боп кейін қалады.

Әке мен ана жоқ қазір,
Мәпелеп мені сақтаған.
Ойларым тұйық шықса екен,
Сарғайта уақыт қаттаған.

Көктемнің шуақ күніндей,
Күндерім көп пе мен көрген.
Айырылып қазір жүрмін мен,
Жақсыдан талай көз көрген.

Өмірге жоқ қой таласым,
Сонда да қайран қаласың.
Тасада қалған сол сәтті,
Жаңғыртып теріп жазасың.

Ағайын-туыс әрқашан,
Тапса екен деймін жарасым.
Тырнапта кейде жүрмейік,
Жазылған ескі жарасын.

Поэма-жырды жазатын,
Ақыл-ой, сана кем бе екен?
Жіберіп құнан көрейін.
Тосайын оны көмбеден.

Қиялға қанат бітіріп,
Ұстадым қалам сабыңды.
Жаза бер енді жайменен,
Жырыңды баста қарымды.

Әкеден тума қаншаумын,
Өсіп бір өнген жалғаумын.
Шегі бар ма екен сірә де?
Үмітпен тілек талғамның.

Суыртпақ ойлар көкейде
Ысыта дене кернейді.
Жылжыған уақыт зымырап,
Токтауды сірә білмейді.

Көкейде қалған сарғыш тат,
Өшіп те текке кетпейді.
Жазып та қойсам болар ед,
Толғана оймен жеткенді.

Талғажау қылдым аз үміт,
Сіңірдей созып шіңгірлет.
Бастаймын жаймен ойымды,
Жаңбырдай төгіп сіркірет.

Қай төбе қай тақырда ізің жатыр,
Балқашым іргемізде толқып шалқыр.

Жоғалтқам алты жаста әкемді мен,
Ойласам тұла бойым денем балқыр.

Көп жағдай есімде жоқ ұмыт болған,
Сұм ажал алып тынды қақпан құрған.
Естідім «өлді» сөзін ен жайлауда,
Үрейдей кіріп еді тұла бойдан.

«Еселбай» ол кездері жайлау қоныс,
Нарында ағушы еді иін бұрыс.
Сол жерде үзілгені әке демі,
Алты жаста, әрине болған бұл іс.

Кей сәттер еміс-еміс көз алдымда,
Ол кез нені мен сезе алдымда.
Осылайша, жалғанның қайығынан,
Айырылдым әкеден көз жаздым да.

Арқалаған түсірмей мұрттан мұзын,
Өмірі де болмады өте ұзын.
Қырық тоғыз мүшелде «бақи» болды,
Тата алмай одан әрі дәм-тұзын.

Аты Сабыр лайық пейіліне,
Түспесін ешбір сызат пейіліне.
Аздаған естелікті жазып тұрмын,
Ұрпағы сала жүргін зейініңе.

Сейдахмет екеуміз ізі қалған,
Оны да алып кетті өмір жалған.
Қара жер жеткізбесін мұң зарымды,
Қазірде тұяғынан мен бар қалған.

Белгісіз әке қорымы,
Зиратта жатыр төмпешік.
Ырыздық іздеп өмірден,
Болды ғой сонда кемшілік.

Ескерткіш болсын осы жыр,
Түйсікке маза бермеген.
Есімде қалды сол бір сәт,
Әкемді барып жерлеген.

Ұмыт боп қазір қалсаңда,
Сырымды саған ақтардым.
Тіршілік атты өмірде,
Қазандай менде қайнадым.

Өмір тоқтап қалмады жалғасы бар,
Жер шарын айтып жүрміз формасы шар.
Жалғанған «өмір» атты күрежолда,
Әркімнің тастап кеткен өз ізі бар.

Жалғанды үзілмеді «өмір» жібі,
Ойласаң соның бәрі қызық тегі.
Анамыз Мәукебаймен тағдыр қосты,
Болды ма ағайынның сонда себі.

Ұрпағы кетпей жан-жаққа,
Осында білсем салмақ бар.
Сөздері жүрген көкелер,
Әр ісін ойлай салмақтар.

Қайнысын қосып жеңгеге,
Үлкендер неткен кемеңгер.
Қазірде жоқ деп ойлаймын,
Соларға ешкім тең келер.

Бұзылды тоқал тамдарын,
Орны қайта жаңғырып.
Құлаққа жетіп тұрғандай,
Алыстан жеткен жаңғырық.



Суретің болса сақтаулы,
Болмаса түйсік санада.
Ұрпаққа ырза боларсың,
Орнын тапқан қалана.

Қозы-лақ жайған жоталар,
Жадымда есте сақталар.
Ұйқасын тапқан ойларым,
Қағазға түсіп қатталар.

Сүрлеудей болған сол шақты,
Ойыммен тербеп қозғадым.
Шырқырап өткен ата-ана,
Болып ед менің қорғаным.

Жалғасам жырды тоқтатпай,
Еріксіз ойдан қозғалған.
Әлі де жаза түсейін,
Талап пен тілек қолға алған.

Қоршауы биік қамалдай,
Қазірде өсіп-өнгенмін.
Аздаған жырым болсыншы,
Жоғыңа сый ғып бергенім.

Анамның жетегінде күндер кешкен,
Көз алдымнан зулайды өмір өткен.
Тарықпай аман-есен өсіп жеттік,
Қазірде ата болдым бала өпкен.

Мәукеңнен Сейдакүлім туды кейін,
Анасына жақындау болған бейім.
Өсіп-өнген айналды отбасына,
Амандық болса деймін әркез ләйім.

Кұлайхан сүт кенжесі анамыздың,
Өз еңбегі ойымен талаптанған.
Осылар аман болсын деп сұраймын,
Құдыреті күшті бір Жаратқаннан.

Артыңа зер сап қарасаң,
Осылай өсіп-өнгенің.
Қанағат санап келеміз,
Алланың осы бергенін.

Көкейде жүрген көп сұрақ,
Жауабын шешсек болғаны.
Осы ма мына өмірдің,
Жетіп те болып толғаны.

Қанағат қарын тойғызса,
Жырымды енді тоқтатам.
Қағазға жаймен түсірдім,
Күндерді өткен жоқтаған.

27.03.2005 жыл

ҚАТАР ӨСКЕН ДОСТАРДЫ ЕСКЕ АЛУ

Өмірде қатар құрбылар,
Қатарың сиреп барады.
Осынау тірлік өмірде,
Кетігін таба қаланды.

Тағдырдың сызған заңына,
Қарсы кеп кімдер тұралған.
Ойымды ойлар қозғаса,
Жазатын сөзім құралған.

Өмірде серік достарым,
Жақсысы кетті келмеске.

Айтылған сөзде қауқар жоқ,
Қайтарып қайта берместе.

Аттарын атап жазайын,
Қағазға түсіп қатталсын.
Ойыммен жазып көрейін,
Аттары есте сақталсын.

Достықтың жолы ауырлау,
Қиындық кезде қол созған.
Жастықпен білмей қалдық па?
Қоршаған тіреу сол қорған.

Көп емес еді достарым,
Жаныма серік сөз қосқан.
Мектепті бірге бітіріп,
Қарлығаш қанат бір ұшқан.

Оқуын әрі жалғаған,
Білімге құштар жас түлек.
Ойланып қазір отырмын,
Солардың орны бір бөлек.

Қызмет жасап ауылда,
Еңбегімен косты үлес.
Шындығын айтсақ, әрине
Өмірің ой сан ол күрес.

Ертерек сөнген шырағы,
Алеша достан бастасам.
Төтелей келген кеселге,
Дәрігер емі қонбаған.

Өлеңнен терек тұрғызсам,
Бұтағы боңдар сынбайтын.
Шіркін! Айырылып қалдық біз,
Өлімге досты қимайтын.

Мұраты атын шығарып,
Есімі алға жалғасқан.
Мәңгілік кеткен сапарда,
Рухы сірә жай тапқан.

Хайрулла досқа оралсам,
Өмірдің жолы бұралаң.
Сезіп те біліп жатсың ба?
Өлеңмен сөзді құраған.

Қалайша айтпай сөзімді,
Шыдап та төзіп тұра алам.
Естелік болсын деп айтам,
Сөзімді әрлеп құраған.

Айтулы есеп маманы,
Жұмысың еді меңгерген.
Қазірде ойлап отырсам,
Дос болмас саған тең келген.

Ұрпағың қалды артыңда,
Талғат пен Мұхтар екі қыз.
Кездеспе Алла деп айтам,
Алдыдан терең жар мен құз.

Осылай достар сырғыған,
Өмірден кетіп «бақиға».
Қызықты сәттер көп еді,
Болған ед небір оқиға.

Тіршілік өмір тоқтамай,
Зулайды мына заманың.
Сендердей досты мына мен,
Іздесем қайдан табамын?

Ошақта қазан қайнаған,
Тірегі ерлер әр үйдің.



Сағынып жүрміз қазір біз,
Шуағын сонау жаз күннің.

Жетекке алып баланы,
Қыдырған күндер есімде.
Той-тойлап жүрдік әрқашан,
Жастықтың албырт кезінде.

Сирек те болса бас қосып
Қауқылдап кейде қаламыз.
Шырқата салып Шәмшіге,
Өлең-жыр еске аламыз.

Аман бол менің айтарым,
Бір жүрген жанұя «компандар».
Үй дайын әркез айтарым,
Жабыла келіп консандар.

Айырылып қалдық Тұманнан,
Сапары қысқа болды ма?
Маңайын әркез жүруші ед,
Көңілді сөзбен толтыра.

Өлеңді айытса «сыр» деген,
Түсінбей біздер қалушы ек.
Шиыршық атып әрқашан,
Осынау әнге салушы ед.

Сырларың кетті өзіңде,
Толғана оймен шырқаған.
Асыпта кеттің көрінбей,
Көрінбес белес қырқадан.

Ұлдарың Илияс, Жарасың,
Төрт қызың тапқан жарасым.
Ізің жалғанып жатыр ғой,
Көрсетпе пәле қарасын.



Топтан бөлініп кеткендер,
Мәңгілік алыс сапарда.
Тіршілік атты өмірің,
Осындай неткен қаталды.

Қимастық ниет жасадым,
Қағаз бен қалам қолға алып.
Ойымнан осы жыр шықты,
Ары да бері толғанып.

Алланың оқып аятын,
Арнадым осы үштікке.
Жамандық кетсін қырасып,
Енді қасырет көрсетпе.

Жатқанда жерің жарық боп,
Рухың көкте самғасын.
Тапсын деп менде тіледім,
Ұрпағы ізін жалғасын.

04.04.2005 жыл

ӘКПЕЛЕР ЫРЗА БОЛСЫН ДЕП

Әкпелер ырза болсын деп,
Бастадым сөзді өлеңмен.
Ойлантар сөздер шықса екен,
Жырларым сонау тереңнен.

Қандасым тума әкпелер,
Басыңда биік сәукелең.
Барыңмен жоққа арнадым,
Осынау әнге сап берем.

Тереңнен толғап өлең жыр,
Сырымды сыртқа ақтарам.

Қимасы іздеп келердей,
Дәмдісін әркез сақтаған.

Ақ жаулық баста ана боп,
Әр үйдің отын түтеткен.
Өсіріп бала-шағасын,
Шаңырақ үйін күзеткен.

Келмеске кеткен әкпемді
Өлеңмен әрлеп сомдайын.
Естелік жырды жазайын,
Қайранда қалып қалмайын.

Бастасам басын Мейраштан,
Мұңлылау сөзім шыға ма?
Ұшыпта шықсын көңілден,
Қанатын қағып шағала.

Ерекше едің кең пейіл,
Маңайды жинап қомдаған.
Анаңнан бұрын сен кетіп,
Күйіктен анаң сорлаған.

Дастарқан пейіл кең еді,
Баршаға жетіп жататын.
Алыпта жүрдің үлкеннің,
Пейілін құрмет батасын.

Сағалай келген ініңнің,
Аузынан осы сөз шықты.
Қүдірет Алла кең екен,
Алақан пейіл мол ғыпты.

Тежелмей сөзді жалғасам,
Таусылмас тегі ойларым.
Қанатты қаға қомдаған,
Құсындай биік самғадым.

Сөзімді жалғап арыға,
Тіріден енді бастайын.
Мұңлылау болған ойымды,
Ысырып әрі тастайын.

Біртума жақын бауырдан,
Бастасам артық кетпеспін.
Ауылы алыс болсыншы,
Қайтыпта сірә келместің.

Тағдырдың ұзын құрығы,
Түспесін деймін мойынға.
Жайменен ойлап отырсам,
Жақсылық сөздер ойымда.

Аман да есен екі қыз,
Көкемнің атын шығарған.
Мейрамкүл, Сейткүл әкпелер,
Мейірім шуак жаралған.

Кездесе көзден жас шығып,
Сағына әркез жүретін.
Аман бол екі әкпемде,
Көп болсын жарық көретін.

Айтылар сөзім көп менің,
Қағазға жазып қаттайтын.
Сағынам әркез сендерді,
Жамандық, сөзді айытпайтын.

Өсірген бала қызығын,
Көрсеңдер болды айтарым.
Айтылмай талай сөздерім,
Жүректе мәңгі сақтадым.

Тіршілік атты кемеде,
Жалғансын деймін өмірлер.
Жарасып әркез жүрсе екен,
Суымай жүрек көңілдер.

Сөзіңді сөйлеп жүретін,
Әкпелер орны бір бөлек.
Сұрасып біліп жүретін,
Бауырдан жақын бір дерек.

Бөлмей де жармай жазайын,
Қазіргі жүрген әкпелер.
Аман да есен жүріңдер,
Бұрынғы өткен салтпенен.

Тұрамыз бірге ауылда,
Ақдала елді мекенде.
Қуанып қалар елпендеп,
Дұрыстап сәлем бергенге.

Зейнегүл, Ұзақ әкпелер,
Сендерге ешкім тең келмес.
«Маңғаз» деп айтқан сөздерін,
Құлақтан бір сәт кетпеген.

Жақсылық болса жететін,
Үлкендік тілеу ниетпен.
Барыңа ырза қанағат,
Жаратқан бізге сый еткен.

Таусылмас теңеу сөздерім,
Сендерге арнап айтатын.
Ауылда сендер барсындар,
Амандық сұрап қайтатын.

Торғайдай әкпем Бақанас,
Көп жылдар тұрақ мекені.
Өсірген ұл мен қыздары,
Биікке самғай өскені.

Бірлікте тұрады бір әкпем,
Толықтан туған Шәйкетай.
Айтылған тілде сүйек жоқ,
Осылай сөздің шыққаны-ай.

Қаройдан туып-өскеннен,
Көп емес жақын әкпелер.
Жылы сөз айтып кездесе,
Арқадан қағып мәпелер.

Ырыстай атты әкпемді,
Мақтасам артық кетпеспін.
Жазылмай қалған аттары,
Ренжіп маған жүрмессің.

Ақынға серік жан жары,
Күй кешен әкпем Раушан.
Жақсылық бар ғой арада,
Ойменен барлап қарасаң.

Аманнан туған екі қыз,
Күлжамал және Нұржамал.
Қиындық түссе басына,
Қиналмай табар бір амал.

Көптілеуқызы Марусия,
Жолбарыс баққан еппенен.
Туысты көрсе қуанып,
Жол кесіп қия өтпеген.

Ұйқаспен сөзді құрадым,
Әкпелер ырза болсын деп.
Өзімді-өзім жұбаттым,
Осылар маған жақын деп.

Айтылмай қалды көп сырым,
Жақындық тартам сендерді.
Осының өзі шынымен,
Серпілтіп маған дем берді.

09-10.04 2005 жыл

ЕЛУ ТӨРТКЕ ТОЛДЫ ЖАСЫМ

Ақбасты алатаудай арқа сүйер,
Айтылмай сөзім қалса ішім күйер.
Тағдырдың берген сиын қанағат қып,
Жазамын мен жырымды елім сүйер.

Бүгінде елу төртке толды жасым,
Білмедім көп пе, аз ба менің қасым?
Түзеліп кетер дейміз сүрінгенді,
Аман болсын айтарым мал мен басың.

Сөздерің айта тұғын іште кетсе,
Бұл өмірді сынама өлшеп пішпе.
Тоң мойын қайырылмастай өмір озар,
Қиындығы сақталар көбі іште.

Басталған жырым шығып немеремнен,
Өмірге кімдер келіп, кім кетпеген.
Өткен өмір ұмыт боп қалар бір күн,
Жырың шықсын таң болар ел күтпеген.

Барымды азды-көпті жазып көрем,
Аш болсаңыз асымды бөліп берем.

Жақсылықтың алдымнан тосарында,
Әрине, мен пақырың сеніп келем.

Өзіме бата бергем елуімде,
Тілегем жақсылықтар көруімді.
Қабыл болсын ниетім өз-өзіме,
Жақсы жырды сұраймын беруінді.

Сұрақ көп, талғамы көп мына заман,
Ұрпағым сұраймын мен болшы аман.
Тілеген арманыңа жете бергін,
Тырмысшы балаларым жұртта қалман.

27.07.2005 жыл

ОЙ

Қоян жылы туыппын күндер аптап,
Елу жыл жүріппін мен өлең сақтап.
Ойға түскен сәттерді жазып қоям,
Артымда қалсын деумен өлең қаттап.

Адасып жүргендеймін кейде шалғай,
Өтіп кетті өмірім тәтті балдай.
Қайта келмес айналып іздесеңде,
Үгітіліп кетпейін байқа бордай.

Алланы пәктеп ұлықтап,
Жетерсің «жәннат – жұмаққа».
Алланың сөзі естілер,
Балқытар әуен құлаққа.

Қанағат жасап әр іске,
Жүрерсің пендем қамданып.
Құранды баяу оқырсың,
Аялай оны қолғалып.

АНАМ СӘУЛЕБИКЕГЕ

«Сағыныш» көктем лебіндей,
Санаңды елтіп тербетер.
Санама жақсы ой түсші,
Жүрегім ойнап селт етер.

Сағыныш бойды кернесе,
Өзіңмен ғана сырласам.
Естелік болар әр сөзім,
Анама арнап құрасам.

Сапарға алыс кеттің бе?
Қайыра қайта келмеске.
Жақсылық ниет жасасам,
Өзіңе арнау емес пе.

Сырғыған мына заманың,
Шынымен жалған елес пе?
Ағаштар бүршік жарғанда,
Түсесің анам сен еске.

Осындай заман болғаны,
Тіршілік үшін керек пе?
Түсінсін пендем дей ме екен,
Ойыма салдым елекке.

Кебектей ғана жақсылық,
Аз болмас оны білгенге.
Шүкірлік ниет жасайық,
Жарық дүниеге келгенге.

Сен көрген аздау жақсылық,
Біздіңде басқа оралған.
Талай жас жүр ғой байқасан,
Иманнан жұрдай тоналған.

Жете алмас дүние шегіне,
Қалады ойда тек арман.
Өкініп кейін қалады-ау,
Құлшылық ниет құр қалған.

Шашыңнан сипап тұрғандай,
Асау бір күйге ендім мен.
Жарылқа Алла тілегім,
Қабыл ал сөзін пенденің.

Балаңның жазған сөздерін,
Сезерсің осы ниеттен.
Қабыл ал анам жырымды,
Тағдырым маған сый еткен.

Сырғыған уақыт зымырай,
Токтауды сірә білмеген.
Қадірін білмей әркімдер,
Жақынын жатқа күндеген.

Ана деп сокқан жүрегім,
Қанатын қакқан құстайын.
Ағайын-туыс арасын,
Дәстүрді сақтап бұзбайын.

Ұмытпай анам өзінді,
Есімде әркез сақтайын.
Елжіреп тұрсын жүрегім,
Уақыттан бұрын солмайын.

03.04.2006 жыл

АНАМ ТОҚСАН ЖАСТА

Тоқсан жасқа толыпты анам биыл,
Бір тойын тойлануын арман еткен.
Арнаймын осы жырды анам саған,
Санамнан бойымдағы ойдан жеткен.

Пенденің таусылмайтын арманы көп,
Өттің анам өмірден сексенге кеп.
Күйігі Мейрашыңның алып кетті-ау,
Жаныңа тығырықтан қабат келген.

Арындап тұлпар аттай көсілейін.
Жетердей сағым болған өткен елес.
Домбыра шанағына күй боп енем,
Жетем бе армандаған алыс белес.

Сағынышы секілді балалардың,
Ойымнан жазар ойым ғайып балдың.
Жүрсем де көппен бірге ел ішінде,
Айту қиын өмірде болып толдым.

Өзінді елестетіп көз алдыма,
Екі қолды жайып ем құс боп қондың.
Жүргенмен көп ішінде адасамыз,
Таба алмай дұрыс қайда оң мен солдың.

Жаңылу өмір заңы болу керек,
Өттіңіз бұл өмірден орның бөлек.
Ақылыңда өзіңе сай болатын,
Мұны да өз орнымен айту керек.

Қалдырған ұрпақтарың өсіп-өнген,
Келеміз тығырықтан шығып белден.
Ырза бол жан анашым азды-көпке,
Балаңа Жаратушым сый ғып берген.



Елеңдеп ойым менің басылғаны,
Сезерсің балаң бүгін еске алғанын.
Ұрпағың адасардай артық кетпес,
Өйткені мен олардың қасындамын.

Өшпесе бойдан өлең-жыр,
Айтармын талай қымбат сыр.
Ойымды анам арнадым,
Жанымнан бекер кетпе құр.

06.11.2006 жыл

ОЙ ЕЛЕС

Қаңтармен кірген сағым-ой,
Жетектеп қайда барасың.
Түсіріп қағаз бетіне,
Әр сөздің басын шаласың.

Жаза бер сәті келгенде,
Іздеген жоқты табарсың.
Жазыпта оны қоймаса,
Ұмыт боп кейін қаласың.

Жоғалтқан екі қимасты,
Қалайша іздеп табарсың.
Жәутеңдеп екі қара көз,
Суланып текке қаларсың.

Қиятын кім бар байқасаң,
Жанына жақын баласын.
Жылына оны ескалар,
Ұмыт боп жүрген жарасын.

Әкпемде жатыр мазарда,
Біздерге барлай қараған.
Басына барып тұрады,
Ұрпағы артта тараған.

06.01.2007 жыл

ЖАҚЫНДАП КЕЛДІ ЕЛЕСІҢ

Кімді ойлап, кімді сағынар,
Мұң толған мына жүрегім.
Өзіңді ойлап қызым-ау,
Жыл өтсе іздеп жүргенім.

Өзіңмен бүгін ойымды,
Бөлісем қызым айып па?
Көріп те біліп жүрмісің,
Көрінбес сонау ғайып та?

Тағдырдың салған салмағын,
Сезініп жүрміз тарыла.
Өзіңді ойлап қоямыз,
Еске алып әркез сағына.

Толушең биыл жиырма үш,
Тоғыз жыл өтті арада.
Өзімді кейде сезінем,
Қалғандай жалғыз далада.

Жылдардан өтіп жылдарға,
Тіршілік алға жылжыған.
Өзіңе арнап «Аққұсым»,
Сөзімді мұңлы жыр ғылам.

Ринат қалған артыңда,
Үлкен ед қызым бір туған.
Ашылмай қойды санасы,
Өзімен-өзі жұлқынған.

Әр басқа түскен салмақты,
Келеміз біздер көтеріп.
Кетсе екен деймін ойыммен,
Кейінгі ұрпақ жетіліп.

Сөздерім кетті шатасып,
Сезімнен ойлар адасқан.
Жақсылық менде күтейін,
Көрінбес сонау «ғаламнан».

«Ғаламнан» күткен жақсылық,
Санаңа маза бермеген.
Әрине, Секе! Білесің,
Өлгендер қайтып келмеген.

Пешене жазған тағдырың,
Қашыпта одан құтылмас.
Сонда да пендем үміттен,
Жақсылық күндер есік аш.

Тербелген қамыс басындай,
Үлпілдек жаның жай табар.
Адасып біздер жүрмейік,
Аллаһпен жүрек жай табар.

25.01.2007 жыл

МӘҢГІЛІК ҚОҢ ЕТІМДЕ ТЫРТЫҚ ҚАЛҒАН

Туған жерін сағынар барша балаң,
Көңілім ашылсаңшы болмай сараң.
Шың басына шыққандай сезінемін,
Аласалау төбеңе шықсам саған.

Әр басқан қыраттарым ыстық маған,
Мен өзіңе қалайша кінә тағам.
Туған жер жырға қостым қабыл алшы,
Ашылғандай омырау алқам – салқам.

Құм белімді мен бүгін жырға қосам,
Таң болып жүрмеңдерші тыңдар баршаң.
Арманда боп кетермін жаза алмасам,
Бұл өмірден білінбей кете қалсам.

Жусан мен жуа исі мұрын жарған,
Мұны да сезе алады оймен арман.
Секіргем биік жардан өзегіңе,
Бала күнім елестер ойнақ салған.

Нар қамысты ат қылып мінген қандай,
Сан сүрініп жеріңе тиді маңдай.
Айналдым құрақ ұшқан аналарым,
Жеттік біз осы күнге күйіп қалмай.

«Сары тұмсық» жағасын толқын ұрған,
Бес жасар бала кезім ойын қуған.
Кестіріп сан етімді нар қамысқа,
Мәңгілік қоң етімде тыртық қалған.

Ақ шаңын аунап өстік «пудра» деп,
Кешпесем осы сәтті жырлар медік.
Сағынам мен өзінді туған жерім,
Жерінді «Байтырықтай» кескен кіндік.

Күбіні толғай пісіп сармай алған,
Өткенім өкінбессің артта қалған.
Жаза алмай ары қарай мен отырмын,
Кезім ғой менің дағы ата болған.

30.01.2007 жыл

КӨҢІЛ ЖАЙЛАУ, ОЙ ТЕРЕҢ

Бір ысып, бір күйініп тасынам ба?
Адымым кері кетпе басқан алға.
Қалайша біз жағынып тіл табамыз,
Мінезі жүз құбылар бұл адамға.

Керенау бәрін біліп кердең басқан,
Шалқалап адым керіп кеуде қаққан.
Осынша қайдан түсті мына пәтір,
Домбыра тиек ұшты бебеу қаққан.

Тойындық аштық қалды қыр астында,
Еридi отқа салса қорғасында.
Балқыған шойын болып қатып қалсақ,
Бір Алла ертең бізді қорғасын ба?

Сұралып барша күнә отқа күйер,
Шын азамат шырылдап елін сүйер.
Мәңгүрт боп қалмандаршы ұрпақтарым,
Азамат боп өсiндер елі сүйер.

Бір Алладан басқадан сүйеу таппай,
Жүрмін мен жалғызсырап ел ішінде.
Сиынып жүру бізге артық болмас,
Қаламыз жалғыз адам көр ішінде.

Сайраған кешегі тіл, бүгін сақау,
Тіл байланып қалады-ау сонда мылқау.

Жаратқанды еске алып жүрген мумин,
Болады міне сонда оған қорғау.

Айттың не айытпадың не сіңген судай,
Шәйпау қатын мүшәпір тілі удай.
Таразыға тартылып жиғандарың,
Кешегі талтаң өмір босқа қалдау.

Си болған өмір сынақ білсең егер,
Су дағы тасит бір сәт бұзып кемер.
Еске алып жүрейікші ей, туғандар,
Ауырлық қиындықты ертең келер.

26.03.2007 жыл

ЖАСТАРЫМ КӨТЕР БАСЫҢДЫ

Ауданға жақын іргелес,
Ақдала елді мекенім.
Жайқалған бидай, күрішін,
Қуана мақтан етемін.

Көк туым көкте желбіреп,
Елтаңба төрде ілінген.
Өркендеп өсіп жайнаған,
Айналдым туған елімнен.

Бірлікпен артып беделі,
Қанатты құстай самғаған.
Осынша байтақ жерімді,
Бабалар батыр қорғаған.

Қуансаң қазақ мақтаншы,
Тірлігің мәшһүр жаханға.
Құшағын аша қол созған,
Есіктен кірген адамға.

Жерасты толы кендерге,
Қосылдық озық елдерге.
Жастарым көтер басынды,
Көп іс тұр жасар сендерге.

Ардақты әке-аналар,
Осылар жүкті көтерген.
Игерген тыңды кезінде,
Ағаштан сабы кетпенмен.

Елбасы бастап нұр жолға,
Артынан еріп ел қолда.
Арқадан жаңа салынды,
Бәйтерек биік, ақ орда.

Осынша тұнған байлықпен,
Қалайша осал боламыз.
Көркейіп қала келеді,
Гүл жайнап қырат даламыз.

Төрт түлік толып өрісің,
Іргесі берік қонысың.
Еселей бүгін артып тұр,
Еңбекпен тапқан табысың.

Мақтасам ел мен жерімді,
Тоқтамай көмей жыр толар.
Бірлікпен тірлік жарасқан,
Қашанда берік ел озар.

Мүсіні барыс тұлғалы,
Киелі жердің адамын.
Баршаңа тілек тіледім,
Зайырлы болсын қадамың.

ЖҮРЕГІҢ ЖЫЛЫ, ІСІҢ АҚ

Сөз айту қиын жалғанда,
Көпшілік барша қауымға.
Мінәжат етіп жүріңдер,
Денің сау қалың барында.

Ақсақал, әже бүгін жоқ,
Түзетіп қағып отырап
Дінінен безген жамағат,
Білсеңіз солар соқырлар.

Түзу сөз тиер қатқылдау,
Жанына тиіп қорлардай.
Ертеңгі күні жатамыз,
Тар қапас түнек қорғанғай.

Истихфар айтқан тілегің,
Айтылса қабыл болады.
Қалайша жарып бөлерсің,
Ақпенен дінсіз қараны.

Құныға өмір сүңгиміз,
Түбінде оның не жатыр.
Сақташы Алла бір өзің,
Қисықта бұраң жол жатыр.

Жүрегің жылы ісің ақ,
Жүрерсің мумин өзің сақ.
Артыңда бір күн қалады,
Жинаған мүлкің алтын тақ.

Көзіңе мөлдір жас алғын,
Жүректен шықсын азғана.
Тозақтың отын сөндіретп,
Ағызған осы жас қана.

«КҮЛШЕ» НАН

Тауым жоқ аяғыма тас бататын,
Қиыршық ыстық күнде құм басамын.
Түбіртекке ұрылған башпайларым,
Добалдақтай басына қан қататын.

Болдырып діңке қатқан балалық шақ,
Жас кезімде тапқаным осы ма бақ?
Ыстық «күлше» апамның пісіргені,
Бір үзімін қолғалдым құлауға шақ.

«Күлше» нанның иісі мұрын жарған,
Тәтті болып кеткені шекер балдан.
Көрпе сүзе құлаған қайран тұмсық,
«Күлше» нан жерге тұстау жұмған қолдан!

Балалықтың сол бір шақ тәтті кезен,
Жағдайымда мәз емес қиын кезім.
Шыт «дамбалды» таңертең киіп алып,
Ойын қуған балалық шаттық сезім.

Қайран анам! Сен барсың көңіл тоқ ед,
Уайымдар ештеңе күйім жоқ ед.
Табаныма батса да майда тікен,
Қыңқ етуге менінде қақым жоқ ед.

«Диірмен» ұннан шыққан қайран «күлше»?!
Күлімсіреп қаламын түссең еске.
Бір сүрінбей келмейтін жастық шағым,
Қалайша түстің екен бүгін еске.

14.06.2007 жыл

ҚҰБЫЛҒАН КӨҢІЛ ЖАЙ ТАППАЙ

Жас келсе өткенісің ойға келер,
Жан-жағыма қараймын кім бар сенер.
Ағайында, тумادا бар ғой шіркін,
Тарылғанда бірі жоқ қасқа келер.

Жалғыз мен қалғандаймын жеке-дара,
Өз қамымен жүреді туған бала.
Сонша неге тарылам тағат таппай,
Көңілді едім Құдай-ау жаңа ғана.

Жан алқымға келгендей көңіл суып,
Жүреміз жан бағыспен тірлік қуып.
Кейде көңіл бір сәтте тау болады,
Солыңнан ай, оңыңнан күнің туып.

Соның бәрі бір сәтте жоқ болады,
Көрген түстей сағымдай жай бір елес.
Түсе алмай сол арнаңа шығып кеткен,
Шынымен өмір деген бұл бір күрес.

Қиындық арпалыс бар шынын айтсам,
Қайнаған сол өмірден орын тапсаң.
Тыныш өмір сүргендей сезінесің,
Шындық айтпай тек қана ауыз жапсаң.

Заман деген өзгерді кері қарай,
Қалай өір сүргенбіз кеше қалай?
Ата-баба арманы осы болар,
Бір басыңа симайды ойлар талай.

Баюдың сан тараптан жолын тапқан,
Байлық үшін жанжағын екшеп қаққан.
Қорқыныштан кейбірі жолдан шығып,
Қорықпайтын сабазың көпке жаққан.

Сырты бүтін, ішінде жалын күйіп,
Осындай көріністі ойға түйіп.
Сол жалын сыртқа шықпай сөнсе деймін,
Жүрмейікші сол отқа ертең күйіп.

22.06.2007 жыл

ТАРТЫНА НЕГЕ ЖАЗАСЫҢ?

Есейген кезде жыр келіп,
Мөлдіреп тұрған қыз болдың.
Жабылып тұрған сырларым,
Санамнан шығып жыр болдың.

Бойыма кірген сол дарын,
Іштегі отты шығарғам.
Алғашқы шыққан жырымнан,
Булығып талай жылағам.

Қысылған кейбір сәттерде,
Жырыммен ғана сырластым.
Күйін бір кешіп келемін,
Шексіз бір күйін ғашықтың.

Алауда-жалау көңілім,
Жазылса ғана жай табам.
Күткендеймін алыстан,
Көңілім толар бір хабар.

Аталық жасқа жеткенде,
Қалайша маған жолықтың.
Артықта кетіп қалар деп,
Жасымда менен қорықтың.

Жаза алмай жырлар күнделік,
Айларға талай созылдың.

Үнiндей болып жетесiң,
Сызылған қорқыт қобыздың.

Бойымнан желiк сөнген бе?
Тартына неге жазасың.
Жайына жiбер момынды,
Алмашы келiп мазасын.

07.08.2007 жыл

САНАМА САН ОЙ КЕЛIП MAЗАЛАҒАН

Күз белгiсi қыраулап тұман басар,
Жас кезiнде әркiм-ақ өлең жазар.
Улап-шулап жүргенде өте шығар,
Кешегi жас бүгiн шал дүние базар.

Тергiштеп әр сөзiндi жазып баққын,
Қыз мойнына таққандей гауһар-жақұт.
Ұнамаса кейiнге сылтау болмас,
Тағдырым өлең жырдың отын жақтың.

Санама сан ой келiп мазалаған,
Тағдырлар сан адамды жазалаған.
Не iстеп, не бiтiрем айтшы маған,
Ойларым мазаласаң қалам алам.

Бiрiкпей сан ойларым желге ұшқан,
Тосамын мен хабарды ұшқан құстан.
Жалықтырмас жырларым шықса екен,
Күндерiм өтпесе екен құрдан-бостан.

Үгiлiп кейде кетем бордай болып,
Жанымды жайсыз iстер мазаласаң.
Мөлтiлдеп екi көзден жаста шығады,
Көңiлге қаяу салып жазаласаң.

Сен пырақ жабысайын мен жалыңа,
Жолатпай қойып едің сен жаныңа.
Өлеңнің ақ сарайын тауып апар.
Үміт үзбей жүруші ем мен сарыла.

16.12.2007 жыл

АҒАРҒАН ШАШЫҢ ӨМІРІҢ

Самайдан шашым ағарып,
Боз қырау шалды басымды.
Үнжырғаң түсіп жүрмесін,
Түсірме төмен басыңды.

Ағарған шашың өмірің,
Жастықтың кеткен базары.
Жаратқан Ием жар болып,
Түзуде болсын назары.

Қаңтарда келіп ақ дүлей,
Суықпен қарып барады.
Сусындар едім өлең-жыр,
Сусыным қашан қанады.

Өзіңнен тапсам қалауды,
Қашанғы сүйрей бересің.
Жанымнан қалмай көлеңке,
Елес боп сенде келесің.

Тиесі маған жырымды,
Ақтарып қашан бересің.
Тағдырдың салған тезіне,
Шыдайсың пендем төзесің.

Немерем болып жыр қанат,
Осылар маған алданыш.

Есейіп бұлар келеді,
Болмасын сырт көз қызғаныш.

Елзатым толып 11-ге,
Көңілім менің елендер.
«Ғайып ерен қырық шілтен»
Желепте қорғап демендер.

Асығу адам өмірі,
Қалауын таппай шатасар.
Күтемін балам сендерді,
Жоқ шығар менде басқа амал.

21.01.2008 жыл

АЙНАЛЫП ЖЫРҒА ҚАРА СӨЗ

Жазғаным арнау тойларға,
Қуаныш бастан кешкенде.
Естелік болып көрінер,
Өмірден озып кеткенде.

Айналып жырға қара сөз,
Көңілге біраз ой салдың.
Жазылған шумақ сөзімнен,
Жыр жазар ойым байқалдың.

Біреуге жағып сөздерің,
Біреулер қалар түсінбей.
Жаза бер Секе қайтесің,
Қаумалар көптің ішіндей.

Бойымнан шықса жыр шумақ,
Қалады бойым жадырап.
Жазылмай қалса ойларым,
Құлазып қалам қаңырап.

Жүректен шығып жыр туса,
Өзіңмен жұртым бөлісем.
Саумалдай әсер етеді,
Ойыма әсем жыр келсең.

Сан күнің өткен өкінбес,
Таразы басы тең болмас.
Жазылған бекер сөздерім,
Қиуы келмей жөн болмас.

Сусыған жібек матадай,
Қолымнан түспе қаламым.
Өзіме-өзім тіледім,
Талмасын көзің жанарың.

02.02.2008 ЖЫЛ

ҚАМАЛДЫ БҰЗЫП ТАПСАҢ ЖЫР

Айына жазып аз жырды,
Қалайша ақын боларсың?
Жаза алмай кейде отырам,
Ақылды кімнен сұрарсың.

Әлжуаз ойлар түрткілеп,
Мазамды келіп алады.
Жазбайын десем еш нәрсе,
Өмірім өтіп барады.

Сұлудай сылаң жыр дөнен,
Жазыққа неге шықпайсың?
Суықтан қашқан ботадай,
Панасын іздеп ықтайсың.

Апшысын жердің қуырар,
Тұлпардың қайда екпіні.
Білінбей кетсең өмірден,
Атыңның сонда өшкені.

Ауыздық тарта алысар,
Тайбурыл жырлар қайдасың?
Тұшымды жырлар жазылып,
Туыс пен тума қуансын.

Сауырға басып қамшыны,
Тәніңе салдым жараны.
Көзінен ұшып бір ұшқын,
Бұрылып мойны қарады.

«Астыңғы ерні қыбырлап,
Үстіңгі ерні жыбырлап.
Езуден ағып ақ көбік,
Тұлпарға сонда тіл бітті».

-Қамшыны бастың аямай,
Батырым неге ашындың.
Денеме батқан қамшыдан,
Қырлардан-қырды асырдым.

Батырым мінбей біраздан,
Бейқам бір күйді кешіп ем.
Сауырға тисе қамшылар,
Бораған желдей есілем.

Шыдасаң отыр ақыным,
Діттеген жерге апарам.
Тұлпарға дүлділ сөз бе екен,
Көпірген теңіз, сахараң.

Қамалды бұзып тапсаң жыр,
Менінде терім ақталар.
Артыңда қалса жырларың,
Ұрпағың оқып жатталар.



ТӘСТЕНБЕКҰЛЫ САБЫР 1908 ЖЫЛЫ
ТУЫЛҒАН 49 МҮШЕЛДЕ ДҮНИЕДЕН ОЗҒАН
ӘКЕМЕ АРНАДЫМ

АЙНАЛҒАН БҰЛТТАЙ САҒЫМ ОЙ

Ойыма түсіп кей сәттер,
Жазғалы менде ойландым.
Қолыма алдым қаламды,
Дәптерді алға қойғанмын.

Жаратқан Алла күшті екен,
Сызыпта қойған жолыңды.
Қазірде сезіп білемін,
Оң менен теріс солымды.

Әр сәттің орны бөлек ед,
Керегін аршып аламыз.
Аман бол қалқам деп айтқан,
Жас кезде әке анамыз.

Түсінбей кейде қалушы ем,
Саяздау соғып санамыз.
Ұға алмай жүрдік көп сөзді,
Ол кезде жаспыз баламыз.

Қартаңдау болып көрінер,
Сол кездің отыз, қырқыда.
Сақал мен мұрты бет жауып,
Кигені шекпен сыртында.

Мойымай өткен сол кездің,
Адамы неткен алтын ең.
Сұлуда болып көріндің,
Сүйреткен шапан қалпыңмен.

Беліңе буып белбеуді,
Қатайта будың беліңді.
Жүруші едің әр күнде,
Көтеріп басты сенімді.

Амандық, саулық сұрасқан,
Ниетің неткен ғажап ед!
Тамдарың тоқал болса да,
Біріне-бірі сүйеу ед.

Жалғанған тамдай ниетің,
Біріңді-бірің қимаушең.
Үлкенді салып алдыға,
Кішілер оны сыйлаушы ең.

Барыңды қойып ортаға,
Көжеңді бөліп ішушең.
Отырған жерде түйінді,
Жағдайды ұғып шешушең.

Біріңнен-бірің ұзамай,
Жусаған қойдай момын ең.
Қайранда қалып отырмын,
Бәрі жоқ кеткен жөнімен.

Ішінде соның әкем бар,
Бұйығы тұйық күн кешкен.
Есіме түстің бүгін бір,
Ұмыт боп кеттің сен естен.

Толушы ең биыл жүз жасқа,
Елуге толмай кетіп ең.
Тілеуі ортақ сол кездің,
Қарты мен жасы асыл ең.

Төсіңе түскен сақалың,
Күмістен талшық жасалған.
Елу бір жылда өтіпті,
Таба алмай қалдым қасымнан.

Иінің жұмсақ момын ен,
Ешкімді тілдеп көрмеген.
Байқастап ойлап отырсам,
Жақтырған отың сөнбеген.

Сабырдай атың Құранда,
Жазылған тоқсан тоғыз боп.
Таба алмай қалдым басыңды,
Қойылған тастан белгің жоқ.

Жаныңа алып інімді,
Үйірден солай жоғалдың.
Алладан келген аманат,
Қағаз бен қалам қолға алдым.

Бойымда жоқтай қасиет,
Жырақтап топтан жүруші ем.
Жарқылдап жүрмей көппенен,
Асылы аздау күлуші ем.

Айналып соқтым өзіңе,
Елу бір жылда ел жана.
Өзгеріп кетті сезсеңіз,
Жайнаған ауыл ен дала.

Айналған бұлттай сағым ой,
Жүректен жасты шығардың.
Балаңнан шыққан аз жырды,
Сезіпте әке ұғарсың.

ЖАҢАРҒАН ЗАМАН АЛДЫДА

Ақдүлей сокқан борандай,
Мінезің сенің құбылған.
Шықпайсың кейде балам-ау,
Діттеген менің ойымнан.

Еркелік жеңіп қарағым,
Сабакқа мойын бұрмайсың.
Сонда да қимай жамандық,
Ортаға түсіп қорғайсың.

Құбылдық балам осылай,
Ұксадық бізде ақпанға.
Сөзді де ұғар баласың,
Шамаңмен байқап астарла.

Еркелік кетер ер жетіп,
Салмақты болып өсерсің.
Жыл артынан жыл озып,
Сыныптан-сынып көшерсің.

Айтпадың ата деп жүр ме,
Қиындық көріп қиналсаң.
Жамандық сенен қашады,
Қасқайып алдан қарсы алсаң.

Жасымай Бекзат алға бас,
Баршамыз сені қолдаймыз.
Жаңадан өскін шыбықсың,
Қаумалап сені қорғаймыз.

Жаңарған заман алдыда,
Сендердің ашық жолдарың.
Туылған күнің кеп жетті,
Тағы да қалам қолға алдым.

КӨКТЕМГІ КҮНДЕЙ БОЛЫҢДАР

Қысылып қыстан, қымтанып,
Күпісін киді барша жұрт.
Сай-сала тола су ағып,
Наурызым келді елге құт.

Ауыр жүк түсіп иықтан,
Қаһарлы қыстан күтінген.
Жылумен бусай тер аққан,
Самайды қуып бөркіңнен.

Төрт түлік малдан төл еріп,
Маңайды әнмен көмкерген.
Шықылық салып барша құс,
Бусанған жерден жем терген.

Тіршілік сезіп жылылық,
Қанатын құстар қомдаған.
Бірде жаз, бірде күз болып,
Ауысып тұрар бұл ғалам.

Жылылық кетпей бойлардан,
Көктемгі күндей болыңдар.
Әзілмен қаға жылы сөз,
Біріңе-бірің айтыңдар.

Наурызбен келген қуаныш,
Ойыңды тербей қозғасын.
Жақсылық алға жалғасып,
Ақындар жырын толғасын.

04.03.2008 жыл

ӨЗІНДІ АЛДЫМ ЕСІМЕ

Гүл өнер көктем жер жібіп,
Оралмас өлген не себеп?
Ойыма түскен сәттерде,
Қалады көңілім елжіреп.

Қаңтарым келді тағы да,
Жыл жылжып өтер байқалмай.
Өзінді алдым есіме,
Оралмай кеткен қалқам-ай!

Он үш жыл өтті сырғанап,
Мұңлылау оймен жыр құрам.
Сен кеттің алыс сапарға,
Іздеумен қызым шарқ ұрам.

Жыр жазам деген уәдем,
Есіме түссең жүдегем.
Жазыпта бүгін отырмын,
Жақсылық әркез күтумен.

Самайды шалған ақ қырау,
Қаңтардан тұрған сияқты.
Көңілден кетсін өкініш,
Алладан қызым ұятты.

Гүл біткен ерте солмасын,
Қалқалап оны қорғасын.
Әкеңнен осы жыр шықты,
Жиырма беске толғасын.

Тұлым шашты қыздарым,
Бірінен-бірін қызғандым.
Аман болсын айтарым,
Ендігі көрген қыздарым.

МҰҢ ШАҒУ МОНОЛОҒИ

(24.01.1998 жылы қызым Серіккүлдің жүрегі
тоқтады 11 сағ 25 минут 24.01.2015 жылы
Бақыткүл (қан қысымы) кесірінен
оң жағынан инсульт алып құлады)

Ойыма түсіп еді біраз ойлар,
Сезімнің қу шанағын күмбірлеткен.
Ойланып кейде біраз отырамын,
Дүние қызығына кім бар жеткен?

Серіккүл қызым едің кеткен «бақи»
Әке-ана қалып еді сынып сағы.
Арабтардың жерінде жүрген жоқпын,
Жайқалған құм далада құрма бағы.

Ойымды «Аққұс» арнап жазбақ едім,
Санама кіріп отыр бүгін тағы.
Ойласам жүйке тамыр шымырлаған,
Қызым ед қимай тұғын жатқа тағы.

Қаңтардың 24-і демің біткен,
Анаңда мәпелеген сені күткен.
Он үштен сәл астыңда өмір бітті,
Тағдырдың қыл қармағы саған жеткен.

Ғаламат тағы соқты жойқын дауыл,
Анаңның жаны кетті бір жағы ауыр.
Тіл кетіп бұралуда икем келмей,
Қырындап құлап түсті сүйек ауыр.

Қан қысымы жеткізді осы халге,
Бой бермей жатып алды ине емге.
Өз денесі өзіне бағынбайды,
Қаріп болып қалғаны өзі демде.

Оң жағынан ұстаған ауру «инсульт»
Қаңтарда сықырлайды күнде суық.
Әйтеуір татар дәмі болу керек,
Система салып жатыр тамыр буып.

Айтқан сөзге түсінбей біздер әлек,
Отбасына күй түсті әлек-шәлек.
Осылай бала-шаға күтіп бақтық,
Аурудан созылмалы болмай дерек.

Қым-қуыт өмір тоқтап қалған жоқ қой,
Басыңа кіріп шығар нешеме ой.
16 күн ем алып үйге шықтық,
Дәрі-дәрмек аптектен алдыртты ғой.

Қызым-ау жағдай болды, міне солай,
Жатырмыз Бақыткүлді бізде қорғай.
Аяқ-қол жансызданған жөнге көнбей,
Жата алмай қиналуда оң мен солғай.

Өмірге назаланып қоят кейде,
Бір беткей бағынбайды кейде сөзге.
Айналайын! Ағайын келіп кетеді,
Білдіріп жәрдемдерін сөзбен кейде.

Қол-аяқ сипаланды тамыр бойлай,
Созғылап жатырмыз ғой бізде қоймай.
Жаратқаннан тілейміз іштен-сырттан,
Жібер деп жеңілдікті өзің қолдай.

8 Наурызда жетті келіп,
Ағайында жатыр ғой келіп, кетіп.
Бойы сергіп кей сәттер тыныш табады,
Туыстарды балалар мият тұтып.

Сар жамбас тағдыр солай матағаны,
Шырқырап шырылдайды шыбын жаны.
Бір сәтте тыныш тұрған «давление»,
Көтеріліп кетеді ойнап қаны.

Өзіңе осылайша мұңды шақтым,
Ауруға аты жаман айла тапқын.
Созылмалы болмасын деп тілейміз,
Осылай ойлайды ғой барша жақын.

10-11-і қар жауып жерді жапты,
Баяулап сол кездері ызғар соқты.
Кейде ашылып жылуын түсіреді,
Еріген су сіңеді жерге қатты.

Көктемнің күні солай сан құбылар,
Білмеген өмір заңын іштен тынар.
Екі иықтан баспасын тағдыр бізді,
Адамның ойлары да сан құбылар.

Наурыз той жақын қалды күнді санай,
Тойлайды халық болып бірі қалмай.
Самарқанның көк тасы жібиді екен,
Қар еріп сай-салада бірі қалмай.

Зарығып күтудеміз ауру зардап,
Аяғы қозғалады кейде аздап.
Көңілі де сол кезде көтеріледі,
Жетектеп жүргіземін демеп қолдап.

Екі айға ауып түсті күндер зулап,
Дем бере қолпаштаймыз біздер шулап.
Аяқ басса қуанып қалады өзі,
Тарсылдаған сағыныш жүрек тулап.

Көршіге келін түседі жаңа хабар,
Бақыт пен Гүлмайрашты алаңдатар.
20-сыншы сәуірде жиналады,
Той жасап қуанады ойнап қатар.

Сөз таппай мен отырмын қалам ұстап,
Адам жоқ маңайымда қояр құптап.
Наурызда келіп жетті ел тойлады,
Бақыткүлді жатырмыз демеп, қоштап.

Елзатым күреспенен кірді ортаға,
Негізі қызық болды дәл осара.
Үшінші орын алды көп ішінен,
Айла жасап қорғана дәл ортада.

Қар кетті күтуменен көктем ойлай,
Көп ел жүр қармақ салып өзен бойлай.
Күн шықса ел жадырап қалады бір сәт,
Жаксылық қуаныш көп тойын тойлай.

26-тысы Ринат туған күні,
Қарой ғой оныңдағы туған жері.
Бақыткүлде құттықтап жатыр оны,
Сыйлықта береміз ғой оны-мұны.

Жаратқан жебеді ме аяқ басты,
Таяқ ұстап Бақыткүл қатты састы.
Демеймін бір жағына демеу болып,
Көңілі көтеріліп асып-тасты.

Дем берді Жаратушы Жаппар Құдай,
Жүргізем әрлі-берлі дәліз бойлай.
«Тағы да жүреміз бе?» деп қояды,
Жүргенге шаршаса да әлі қалмай.

Наурызда аяқталар эне-міне,
Шуақтап төлдер жатыр қора сәні.
Еңбектің қыза тұғын сәті келді,
Себілер қара жерге бидай дәні.

Күн өтер білінбеген айлар өтер,
Ұмыт боп қалады ғой осы сәттер.
Тарих қып мен ойымды жазудамын,
Алдымда өзі қалың үлкен дәптер.

31-і Айдана туып еді,
Ата деп айналайын шыққан тілі.
Есейіп эне-міне өсіп келеді,
Ақылды, мейірімді сондай өзі.

Апасын ертелі-кеш сүйіп кетеді,
Қызық боп көрінеді мұның бәрі.
Бәр Алладан тіледім жақсылықты,
Әзірге осы боп тұр үйдің сәні.

Көзіңе жаста келер шын ойлансаң,
Жүрекке күште түсер көп ойласаң.
Адамды түсірмесін деп тілеймін,
Қиындық, ауру келіп әуре-сарсаң.

Үскірік жел соққаны батыс жақтан,
Ел түсті әбігерге әуре-сарсаң.
Қар түсіп оңтүстікке көкті жапты,
Үсіді ағаш гүлі ерте шыққан.

Белгісіз табиғаттың дүлей күші,
Жазылса әркімдердің қалар сөзі.
Жадырай күнде шығып нұрын себер,
Әр құбылыс сәтімен болса кезі.



Табиғат жадырады 4-і сәуір,
Бақыткүл әне-міне болар тәуір.
Оң қолы бағынбайды жөнге көнбей,
Созғылап сыйпалаймыз біз әйтеуір.

Сөздерім пытырады ұйқас таппай,
Жазсам деп ойлап едім қарап жатпай.
Үзілген сөз тіркесі табылмайды,
Бір жерге тығылғандай бәрі жаппай.

Қызым-ау, күндер солай өтіп жатыр,
Көңіл пәс, ойым он сан әкең отыр.
Екі қыз келіп кетеді шешесіне,
Тұрғасын бір ауылда бірге қатар.

Сыбызғы сазындайын өмір өтер,
Ұрпақтар бірі келіп, бірі кетер.
Ұмыт болып қалмасак болды кейін,
Дұғасы тілектері бізге жетер.

Ойлаумен мен «Аққұсты» шерттім күйге,
Қуаныш боп жатыр ғой кейде үйде.
Сапырылысқан өмір-ай пәтуасыз,
Сансыратып кетеді кейде бізді.

Ұмыт болар кей сәттер ұмыт болар,
Бәрі де жиған-терген артта қалар.
Еріккеннен жазбаймын осыларды,
Тарих болып кейінде артта қалар.

Сезім шок үрлей білсең тұтанады,
Тырнадай тырулаған жыр қалады.
Мұнға тұнған кей сәттер өтер кетер,
Жеткізе алсам оймен жыр қалады.



Әр отбасы қым – қуыт тарих дәліз,
Сәттерге артта қалған уайым жеңіз.
Сапырылысқан өмірден жоғалмайық,
Байқамасаң батарсың өмір теңіз.

Айдында сұңқылдаған аққу керім,
Ұмытпай келіп қонған өзен-көлін.
Әне-міне, сәуірде өте шығар,
Пенде шіркін әр айға артқан сенім.

Сәуір айы соңында сайлау өткен,
Елбасының әлемге аты жеткен.
Нұрсұлтанды қайтадан сайлау керек,
Жақсылықтар боларды халық күткен.

Әр айда болып жатыр өзгерістер,
Тосып тұр бізді алда талай істер.
Сайланды Нұрсұлтандай дара басшы,
Тағы да ел сенімі тізгін ұстар.

Мамыр айы кеп жетті тойлары көп,
70 жылдық кеп жетті айтары жоқ.
Айналайын ардагер майдан тылда,
Көбісі келмей қалды қадалып оқ.

Бақыткүл Мамыр айы жүрді өзі,
Түскендей сол баяғы бала кезі.
Аяқ-қол сипаланды массаждалып,
Көгеріп жансыз жерлер етпен тері.

Жетісі Астанада парад өтер,
Айналайын қазағым басты көтер.
Сенімменен алға бас кері кетпей,
Қиындықтар аздаған өтер-кетер.

Парад өтті Елбасы қабылдаған,
Көрсетіп ғаламат күш таңғалдырған.
Жер қайысар әскер бар көкте қыран,
70 деген жазумен қалқи ұшқан.

9-ы ауданымда болды тойы,
Жиылып ауыл-аймақ оймен қыры.
Көрсетілім көрсетті неше түрлі,
Дүрлікті міне ғажап Іле бойы.

70 жылдық арналған шықты кітап,
Қарадым мен ақтарып көзімді сап.
Сан боздақ жазылмай қалды мұнда,
Естен кетпес қиындық сол бір сартап.

Кітапқа 53 жол эссем кірді,
Боздақты кеткен соғыс мен жоқтаған.
Тақтаға Ағеділов Төлеу кірді,
Соғыс кетіп еліне ол қайтпаған.

Мамыр ай аяғына тақап қалды,
Бақыткүл курс емге жатып алды.
Денеге арлы-берлі массаж жасап,
Роза тұрғызам деп әлек салды.

Маусымда емі бітіп үйге шықтық,
Сол емің байқап отсам амал жоқтық.
Бұрынғы күйі кетіп әлсіреді,
Таң болып біз осыған қайран болдық.

Жүруге қошы болмай жата берді,
Білмейміз іші оның нені сезді.
Бір мезгіл алып шығам көлеңкеге,
Шығармасқа қоймайды әсте өзі.

Көк орамал желпілдеп отырады,
Арлы-берлі өткенге зер сап өзі.
Айналайын! Ішінен ойға түсер,
Тыным таппай зар илеп жүрген кезі.

Ауырсаң өткен өмір бәрі арман,
Түседі сан тойлары сайран салған.
Жіпсіз байлап ауруың тастады ғой,
Көзіне білдіртпестен жаста алған.

Ораза келіп жетті мұсылманның,
Ұстасаң қиындықтан құтылғаның.
Бес парыздың бірі ғой өтелетін,
Шара жоқ ары-бері ойланатын.

Бақыткүл бірқалыпты өмір кешті,
Кешегі әл дәрмені қайда кетті.
Аз жүргенге әлсіреп қиналады,
Тосып жүрміз жүрер деп сол бір сәтті.

Жиырмаасында алдырттым емші Сара,
Естіп алып сыбысын кетіп маза.
Ине шаншып аздаған массажы бар,
Қуандық болса екен деп емі дауа.

Жиырма бесі ем бітіп кетті Сара,
Сезбедік бұл емінен ешбір шара.
Әр күндігі пәленбай пұлы ащы,
Таң болып қала бердік бала-шаға.

Күндер сырғып ораза айы бітті,
Періште жайлағандай жер мен көкті.
Ауырлық түсірмеді Бақыткүлде,
Еске аламын жайлылау сол бір сәтті.

Маусымда туған күнін атап өтті,
Сол сәтті есте қалып ойға түсті.
Көрші-қолаң отырды өзі ішінде,
Бас қосу ед көршілер үйреншікті.

Айт басталды ораза аяқталып,
Баханда аз жүреді таяқталып.
Сан ойдың жетегінде жүрміз біздер,
Кеткендей мына өмір тарамдалып.

Бізді алды да қиындық тосқан екен,
Қатал ед мына өмір шіркін неткен.
Он тоғызы құлады жайы болмай,
Қан қысымы түскені әуре еткен.

Арпалыс басталғаны тағы солай,
Әуре-сарсаң күй кештік біз осылай.
Тағдыр деген терең су секілді екен,
Қоймайды бұлқынсаңда бір батырмай.

Салымыз суға кетіп аласұрдық,
Басталды жан қиналыс бұл бір сұмдық.
Ем конбай жанталасқа түсті Бақаң,
Арпалыс адам сенбес таң атырдық.

Фарға түскен қояндай аласұрдым,
Шынымен көңіл күпті қапа болдым.
Система уколдардан қол босамай,
Айтады бұл пәледен запыс болдым.

Сеземе кей сәттері «өлем» дейді,
Шамасын сезіп біліп мөлшерлейді.
«Айналайын!» деп қоям ішім дүлей,
Білемін ол ішінен уайым жейді.

«Екі күндік» өмірім қалды, – дейді,
Шығарып алып кетші үйге енді.
25-і шілдеде үйге шықтық,
Сол кезде кеште батып күн еңкейді.

Шарасыз екенбіз-ау өмір неткен,
Әлсіреп тал бойынан күші кеткен.
Өмір мен өлім талас арпалысқан,
Ағайындар жинала келіп жатқан.

Шарасыз күйге түстік әлем-жәлем,
Бойынан әлі кетіп қонбады ем.
Бақыткүл демі бітті таңғы алтыда,
Тоқтады осылайша жұтатын дем.

Күңіреніп қала бердік улап-шулап,
Жылағаннан кетеді жүрек тулап.
Бір-біріңе басуда айта алмайсың,
Осылай өте шықты бір күн зулап.

Ниетіне жиналды талай халық,
Барады аптап ыстық күнде жанып.
Жаратқанның күшінің шегі жоқ қой,
Аяқасты құбылды күн бұлттанып.

Тапсырдық қара жерге неткен суық,
Жиналды бар ағайын жақын-жуық.
Ақ жауып арулап аттандырдық,
Жөн-жоралғы салтымен дұға қылып.

Ас ішіліп ағайын басу айтты,
Арка қаға дем бере бәрі қайтты.
Әкпелер қалды тосып жеті күнін,
Кешіккен ағайындар келіп жатты.

Жетісі де берілді күні толып,
Әкпелерде тарады жатқан қонып.
Бақыткүл көз алдымда кетті осылай,
Тіршілік «өмір» деген гүлі солып.

Шер шығар ойға түссе жүрек жылап,
Отырмын артта қалып өлең құрап.
Қайтейін жазып қоям естелік қып,
Арасында оқимын дұға жылап.

Мойныма түсіп отыр ауыр салмақ,
Адамды алып тынар «өлім» жалмап.
Сабырға түсіремін өз-өзімді,
Жатыр ғой шақша басты ойлар торлап.

Әркімнің өз қиялы өзіменен,
Күндерде өтіп жатыр кезегімен.
Бір батып, бірде шығып су бетіне,
Өмірдің ағып барам өзегімен.

Қоршадық жатқан жерін қырқы жетпей,
Рухы жүрген шығар сонау көктей.
Қара тасын бекіттік қоршауына,
Түске де кіріп жүр ғой ойдан кетпей.

Запыран жұтқандаймын оймен кейде,
Алланың салғаны ғой осы күйге.
Құран оқып кітапты аударамын,
Жабыққаннан ауырар желке-шүйде.

Қырқы өтті айналайын! Қалың көппен,
Алыс-жақын жиылып бәрі жеткен.
Балаларға, келіндер рақмет,
Ас суы келгендерге бәрі жеткен.

Өзекті өмір жалғасты ары қарай,
Одан басқа пендеде шара бармай.
Артынан өлгендердің өлмек жоқ та,
Жаратқан ұрпағымды жолға салғай.

Шымырлап бойда қаным ағып жатқан,
Жырымды қалдырамын ойдан шыққан.
Артық, әлде кем түссем неғылайын,
Бұл өмір қиын екен шындай қорқам.

Құлағаннан тоғыз ай өтті осылай,
Жапырақ сарғаяды шөптер курай.
Жаз бітіп салқын тартып күзде түскен,
Жел соқты бұлттар көшіп шаң бұрқырай.

Саңғырығы қарғаның жерге түсер,
Бұл өмір адам заттан өтер, кетер.
Айналайын! Ұрпағым алға басқын,
Жалғанып жамаудайын ғасыр өтер.

Қызым-ау, шешең кетті көре алдың ба?
Өзінді қаңтар айы еске алғанда.
Осындай қиын-қыстау жағдай өтті,
Өлгендер қалар енді қиялдарда.

24.01-21.09 2015 жыл

Бақыткүлдің құлағаннан бергі бастан кешкен жағдайды жырға қостым. Осы сөздерім кейінге қалар, Бақыткүлдің ұрпақтары оқитын шығар.

Ұмыт болмасын деп жаздым, көркемдеуге шамам болмады. Есте сақтандар балалар, бәрің анадан туасындар. Сыңарым кетіп жалғыз қалдым.

ОҚЫПТА ЖАЙМЕН КӨРСЕҢДЕР

Жыр терген менің ойым-ау,
Көз жанар аздап талды ма?
Оңайда емес сезесің,
Жырыңнан көңіл қалды ма?

Несіне талар жанарым,
Мағанда керек осы ғой.
Жазыпта жатқан қиналып,
Өмірде жүрген жолым ғой.

Ашпасамдағы көп сырды,
Біразын аштым сезсеңдер.
Барақтап қоймай сөзімді,
Оқыпта жаймен көрсеңдер.

Ауырлау соғар негізі,
Сырына өзге түсінбей.
Жазуда қиын әр сөзді,
Қиналыс тауып күрсінбей.

Ырзамын кейде осыған,
Жыр біткен бергін бойыма.
Сыр сандық қылып сақтамай,
Ашылды аздап ойымда.

Жыр деген аққан су екен,
Тұнық боп көзге көрінген.
Сүнгіпте маржан іздейсің,
Қызыға сонау тереңнен.

Сол сырды бөлдім баршаңмен,
Жазғаным бұған куә ғой.
Осымен аздап тоқтайын,
Сезімім енді тұра ғой.

28.12.2017 жыл

ӨМІРДІҢ ЗАҢЫ СОЛАЙ МА?

Жаздағы сыбдыр жапырақ,
Күз келсе таппай қаламыз.
Сидиып терек, ағаштар,
Құстарға болар панасыз.

Сонда да отыр қарақұс,
Жемтігін іздеп маңайдан.
Мойынын бұрып қояды,
Көрінсе жыбыр қарайған.

Қауырсын тарап желпиді,
Көрсетіп күшін маңайға.
Бірі әлсіз, бірі күштілер,
Өмірдің заңы солай ма?

Алысқа ұшты қайтадан,
Зерігіп кетті байқасам.
Қанатты құста арман жоқ,
Артынан қарап ойласам.

Армандар адам ұшуды,
Қол соза көкке талпынған.
Осындай биік арманнан,
Айытар ойың жыр тұнған.

Болсам да жерде канатсыз,
Адамның ойы шексіз ғой.
Сондықтан қиял кешеміз,
Жетілген сана жүйрік ой.

Ойларым самғар қырандай,
Шабытым келсе тұра алман.
Осындай әлсіз нәрседен,
Жырларым менің құралған.

28.12.2017 жыл

АЛДЫМНАН МЕНІ НЕ ТОСАДЫ?

Он екі ай жауып барағын,
Тарихта қалады бүктеулі.
Кейінде еске ап жатасың,
Қызығын қиын сәттерді.

Әр жылдың қымбат сыры бар,
Кейбіреу оны біле алмас.
Басынан өткен сәттерің,
Ойламай ешкім жүре алмас.

Сонда да қалады тарих боп,
Өзіне мәлім құпия.
Кейінде оны қозғарсың,
Жүректен сезім жыр құя.

Бәрібір қалады сағыныш,
Жайменен баяу күрсінем.
Байқастап соның ішінен,
Үміт пен күдік жыр сүзем.

Бояуы келсе сағыныш,
Жазыпта қоям қиялмай.

Сонда да қаяу көңілім,
Жүремін есті жия алмай.

Жоқ болып жатыр жылдарым,
Алдыға жылдам адымдап.
Қорқыныш кейде билейді,
Осылай өмір сарқылмақ.

Сондықтан қымбат өткенім,
Алдымнан мені не тосады?
Шарасыз болып қаламын,
Төгердей көз жас мен босап.

2017 жыл

АБАЙ

Дана Абай өткен өмірден,
Арабтан, парсы нәр алып.
Орыстан алып олжасын,
Әндері кетті таралып.

Қара сөз өріп тұздықтап,
Кейінге қалды өнеге.
Енді Абай қайта тумастай,
Айналған мына өмірге.

Шымырлап бойға дарыған,
Бұлақтың үні естіле.
Қалады Абай әрқашан,
Қазақтың әркез есінде.

ҚИМАЙТЫН БАРША БАУЫРЛАР

Не сыр бар осы өмірде,
Жалғанып өсіп жатырмыз.
Ұмыт боп қалды байқасаң,
Жақсы да жайсаң бабамыз.

Өткізіп өмір қызығын,
Әркімнің салған ізі бар.
Көктем мен жазың өткесін,
Білеміз күз бен қысы бар.

Ұзарды жасым қазірде,
Келмеске кетті жастығым.
Тағы да сезем негізі,
Өмірдің қысқа аздығын.

Ұқсатпай кейде өтеміз,
Алланың сыйын тағдырын.
Артыма қарап көз салып,
Өзімді-өзім жазғырдым.

Бір күні кетем өмірден,
Артымда менің не қалады?
Кейінде оқыр мені де,
Сайраған тілім, жыр қалады.

Сол кезде ұғар әйтеуір,
Жақын мен ұрпақ шынында.
Тұрмайды өмір байқасаң.
Бірыңғай жақсы қалпында.

Сондықтан өмір қарбалас,
Шегіне жетпей іздейсің.
Анау да мынау сылтау көп,
Туысқа көңіл бөлмейсің.

Қара көз қайран бауырлар,
Шашырап жүрміз табындай.
Қосылып кейде қаламыз,
Үйірін тапқан құлындай.

Өйткені бауыр, туыспыз,
Атадан қалған жалғасып.
Барыңды айтып бөліспей,
Жүргенің ылғи тартысып.

Сонда да қимас бауырсың,
Ата мен ана бір құрсақ.
Әйтеуір түзу іс істеп,
Алыстап кетпеш бір тусак.

22.02.2018 жыл

ЖОҒЫМДЫ АЛДЫМ ЕСІМЕ

Көз көрген қайран бауырлар!..
Көрінбей кеттің қайдасың?
Артыңда қалған ұрпақпен,
Іздерің ары жалғансын.

Тым ауыр екен сағыныш,
Іздеймін менде сендерді.
Тірлік кештің үлкенім,
Атырып таңды күндерді.

Сарқылып күнің таусылып,
Сағымдай болып жоғалдың.
Солардан шіркін өмір-ай,
Сағыныш сезім сен қалдың.



Кей кезде басты қосамыз,
Қуаныш, реніш сәттерде.
Еске алып сонда жатамыз,
Қызықты сол бір сәттерді.

Көңілім бүгін кұлазып,
Отырмын ойлап жоғымды.
Айта алмай қалдым сендерге,
Еменде жарқын сырымды.

Негізі осы олқылық,
Жалғасып келеді бұрыннан.
Кінәлі білем осыған,
Салғырттық деген кұрыған.

Қарайып отпай үйінде,
Орның қалды ойсырап.
Күңіреніп жалғыз отқанда,
Көңілсіз осылай жыр туады.

Сонда да орның бөлек ед,
Аталас туған бауырым.
Жоқтығың батып жаныма,
Ызғардай мені қаруын.

Туысты жүргін ұмытпай,
Өйткені сенің қандасың.
Өзіңнен басқа білсеңдер,
Туысты кімдер ойласын.

Қолынан алшы тірлікте,
Әдейі барып үйіне.
Азапқа түспей жүрерсің,
Еске алып кейін күйіне.



ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

Жырласаң өрең жетіп жырла қазақ,
Аз болды ма басыңнан кешкен азап?
Бұландатпай түлкідей алдамайық,
Отырғанда билікте дара қазақ.

Жолдауменен айтылған жүрер бағыт,
Тұрмайсың ба орныңнан атып қарғып.
Сан жұмыстың тағдыры тұр қолыңда,
Орындалса айтылар кейін жырғып.

Жан-жағыңнан анталап аждаха, аю,
Милярттарды болмайды жинап қою.
Ыждағатпен орында әр істерді,
Алып таста санаңнан ойды баю.

Әр ісіңе есеп бер ойла елді,
Көркейткің мына байтақ туған жерді.
Билікте отырсындар кілең дара,
Елбасы байқасаңдар саған сенді.

ӘЙТЕУІР, МАҒАН ДАРА БАЙТАҚ ЕЛІМ

Байтақ жерім қымбатсың дара маған,
Шұбырып жүр өзінде бала-шағам.
Менде өстім құм белес ыстық жерде,
Мұң шерімді өзіңе қалай шағам.

Тырнадай қиқулайды өмір жалған,
Байқасаң өмір қымбат бәрі арман.
Жете алдым ба білмеймін діттеген жер,
Жастық шағым қол бұлғап артта қалған.

Өзінде ата-бабам ізі қалған,
Сол сағымнан нені іздеп нені табам?

Сығымдаймын көз жасты ойлай-ойлай,
Өмір деген көшіңе еріп барам.

Бөлмеймін артықсың деп анау-мынау,
Шырылдап шыбын жаным шумақ құрау.
Әркім-ақ өскен жерін жырға қосар,
Маңайға түсірмейік бекер қаяу.

Әйтеуір маған дара байтақ елім,
Жырлайын бөліп алып қайсы жерін.
Жылғадан өзен шығып толған көлім,
Кең-байтақ сар далама берген нәрін.

Елжіреп мен өзіңді ойға алам,
Көсілердей өзіңе тақпақ жазам.
Өрем жеткен жеріне апарайын,
Түсіргендей жүтімді белді жазам.

Бұзылмасын ауа су нәрім болған,
Осындай байтақ жерге болсақ қорған.
Әйтеуір, ұмытпаңдар ұрпақтарым,
Осы ғой балаларға айтар қолқам.

07.12.2018 жыл

АҒАЙЫН АҚЫНДАРДЫ ДАТТАМАҢДАР

Жүгі ауыр байқасаңыз ақындардың,
Іздестіріп жүргені жақындарын.
Кейбірі бөліп берет О, Құдай-ау!
Қолында азды-көпті баққан малын.

Мұн шегеді қайғырып нені сезіп,
Кетеді өз ойымен дала кезіп.
Не тауып келер екен сол қырлардан,
Санасына жинайды небір дерек.

Бу сағымдай қайнаған ой арманы,
Біреу үшін сұрайды жан сауғаны.
Отырып ап ойымен алас ұрад,
Тартқандай шыңыраудан ол «қауғаны».

Мөлдіреген тамшыдай жырын алад,
Маңайына білдіртпес әлек салат.
Бір кездері тоқтайды терін үгіп,
Ішкендейін қоюлап сүзбе шалап.

Тамсанады мейірі қанған кезде,
Жан бітіреді жаным-ау небір сөзге.
Соның бәрін түсіред дәптеріне,
Жоқ боп кетеді жазбасаң ол да лезде.

Жүргендейін шахтада көмір қазып,
Түрегелет күйбеңдеп белін жазып.
Осы азаппен атырат талай күнін,
Талықсыған көзінің шырымын алып.

Өйткені уайымы бойды керген,
Шығады сол запыран өлең шермен.
Ағайын ақындарды даттамаңдар,
Осы күш жаратушы Хақтан келген.

09.12.2018 жыл

АҒАЙЫНҒА

Ағайын барыңа мен қуанамын,
Қалың ойдан арылып жұбанамын.
Әйтеуір болмаса да күнде дайын,
Сұрағанды өзіңнен бір аламын.

Сондықтан туыстарды бөле-жармай,
Жүрсе екен сенде, маған көңілің қалмай.

Сұранысы көп өмір мазалайды,
Болады деп алды да өмір қандай.

Әлпештеген балалар өсіп кеткен,
Жоқтарыңның түбіне ажал жеткен.
Ізін қуып келеміз солардың біз,
Өлмесе ата-бабаң қайда кеткен?

Сарыуайым болары, міне осыдан,
Көңіл бөлші бауырлар, міне осыған.
«Бас ауырып, балтырың сыздағанда»,
Ағайынды ұмытпа қолын созған.

Осылай өмір шіркін сүйрелеген,
Келеміз «тірлік» деген бір кемемен.
Жан ұшырған шыбын жан безілдейді,
Бітпейді бір шумақпен бір өлеңмен.

Қапы қалған сәттерім артта қалған,
Оныға әсте менде қайтып барман.
Жайлы өмірді жаныңа іздегенде,
Мазалайды жазшы деп өлең арман.

Кимадым ағайынды еске алдым,
Ортақсың бұл ойыма барша жалпың.
Сәл бұлқынған ойымды жеткіздім бе?
Жақсы ғой іште қалмай сыртта қалған?

16.12.1018 жыл

СЕЗІМ ЖҮГІН АРҚАЛАП МАЙЫСАМЫН

Сезім жүгін арқалап майысамын,
Кеш қалардай бұлт болып жарысамын.
Сағым болған сол сезім тұрақтайды,
Әлі көп пе жырларым танысарым.

Күмбірлеген күй емес жырым ағын,
Тасқа соққан дыбысы жылғаларым.
Сарқырама естілер тұнық күнде,
Міне, осы ғой меніңде жиған бағым.

Құлақ түріп дыбысын аңдимын ба?
Арманы жоқ су аққан ылдидың да.
Құлдығың боп кетер ем сол ағынның,
Тасқа соғып құр сұлдем құримын ба?

Күдік көп ой мен оны аралаймын,
Сонда да сол дыбысты жағалаймын.
Көсегемді көгертіп сол сағыныш,
Жаркыраса деп тіле ақ маңдайым.

Бүгін тағы отырмын құлақ түріп,
Ақын болып кетермін өстіп жүріп.
Жан сезімім не деген ағын едің,
Мұңайтасың сен мені күліп келіп.

Кейде менің жанымды жадыратып,
Кетпеші өтінемін қайғы салып.
Әйтеуір, алас ұрған мына өмірде,
Жүрмейінші қырындау жаза басып.

Шумағына жырымның батайыншы,
Қош көңілмен үйімде жатайыншы.
Сәл көтеріп көңілді осылайша,
Жыр сарайын аралап қайтайыншы.

ИІРІМДЕ АЙНАЛҒАН ЖАПЫРАҚТАЙ

Бір ой сүйреп мазалап тұрып алған,
Қорғануға шама жоқ келер қолдан.
Сол сезімнің күші кеп сүйрелеуде,
Шыныменен сезімге болдым бодан.

Жіпсіз байлап денемді матағаны,
Әлсіз қылып адамды жаратқаны.
Қол ұстасып О, Алла кетіп барам,
Алдымнан не құбылыс шығады тағы.

Қойшы деуге дәл менің күшім жетпей,
Бара жатырмын бар денем жанып өрттей.
Неге ғана сүйредің жарығым-ау!
Бұл пендені сүйремей тастап кетпей.

Таңғы шықтай бар денем салқындар ма,
Иек артып отырмын атар таңға.
Иірімде айналған жапырақтай,
Апарасың құлдығым мені қайда?

ӨМІР АЛТЫН, КҮНДЕРІҢ КҮМІС ЕДІ

Өткізбеші өмірді босқа бекер,
Шыныменен өмірің тез-тез өтер.
Жай басарлық осы бір қалмай қойды,
Түбімізге негізі осы жетер.

Шимай өмір сызғылап бара жатыр,
Таусылады бір күні қарада тұр.
Қу тақырда қалғандай сезінерміз,
Шырт ұйқыда алаңсыз балаң жатыр.

Әке көрген «оқ жонар» деген қайда?
Маңайына өте ме тимей пайда?

Құдай-ау маңдай терім қайда кетті?
Сұмдықтың қызыл желі еседі ме?

Сұраған ғұмыр өмір осы ма еді?
Мазам кетті балама ес кіргелі.
Өз жөнімен жүре алмай бара жатыр,
Басталмаса болғаны сергелдеңі.

Қуанушы ек жас кезде балаларға,
Тұрушы еді сол кезде қуанарға.
Есейгесін ұлдарым не боп кетті,
Жөні болмас бекерге табалауға.

Үмітсіз шайтан ойды ысырайын,
Әзірге жамандығын жасырайын.
Ойпырмай кейіндері оңалса екен,
Әкелік көңілменен жыр құрайын.

Індет келіп үйді-үйде жатып алдық,
Уақыт алтын екен ойға салдық.
Түзеліп кетсе екен келешекте,
Ұрпағым сәл де болса ойланалық.

10.04.2020 жыл

ҚАЙРАН АНАМ МӘУКЕҢМЕН ДАРҚАН ЕДІҢ

Қайран анам, ағамен бейнетіндай!
Көре алдың ба өмірден зейнетіндай?
Дәл бүгін есіме алып отырғаным,
Шыныменен кей ісіңе қағып таңдай!

Таусылмайтын дастан ең қалай жазам,
Аталық жас қарттыққа кетіп барам.
Жазуға кей сәттерім түрткі болды,
Жаза алсам деп шын көңіл алаңдағам.

Қимастық көңіл жырын себелейін,
Бұл өмір алып мұхит кемедейін.
Артта қалған сол кезді оятайын.
Сәл ұмыт боп жазылмай қалған кейін.

Оқығам интернатта Бақанаста,
Бірінші шығуыма ед аудан жаққа.
Малшының баласы боп мұнда келтем,
Ер бала дәл біздерге уайым жоқта.

Форма беріп біркелкі киіндірді,
Байқасаң шынымен бұл да үлгі.
Жатын жер жуынатын бәрі тегін,
Бас жақта тұрушы еді жастық, сүлгі.

Ас-ауқат уақытпен ішетінбіз,
Кино да мезгілімен көретінбіз.
Сабаққа дәл класта дайындалып,
Жатын жерге содан соң келетінбіз.

«Инкубатор» аталдық заман солай,
Сұранып шығып жүрдік олай-бұлай.
Әйтеуір бір қалыпқа түсті жағдай,
Тәрбие алдық жамандық мойын бұрмай.

7-8 осында тәмамдалды,
Өмірім өтіп жатты тіпті мәнді.
Оқудың сан қырларын бастан кештік,
Ойымда сақталады олар мәңгі.

Қатардан қалмай жүрдім тепең қағып,
Мұғалім, ұстаздарға жүрдім жағып.
Әйтеуір, артық мінез көрсетпедім,
Шынымен зымырады айлар ағып.

Сегізді бігіретін көктем кезі,
Құлаққа жағып еді ұстаз сөзі.

Москва, Киевке сен барасың деп,
Құлақта ызындайды айтқан сөзі.

Құдай-ау! Тым алысқа сапар шегем,
Телефон мен почтамен хабар бергем.
Қолыма керек тиын келіп жетті,
Айналдым! Шыныменен ел мен жерден.

Ата-бабам баспаған жерге барам,
Осылай қиял кешіп қайран қалам.
Москва бүкіл одақ астанасы,
Кремль, Мавзолейге жасап қадам.

Пойызбен үш күн жүріп барып жеттік,
Аралап Кремльді құрмет еттік.
Орталық Гумын көрсең тым ерекше,
Шынымен таң болумен тым еліттік.

Қызыл алаң ерекше құрмет болған,
Несін айтам қуанып көңіл толған.
Шынымен табанымның ізі қалды,
Сол сәтімді негізі құрмет тұтам.

Киевке одан әрі сапар шектік,
Тәулік жүріп пойызбен оған жеттік.
Днепр асау өзен ағып жатты,
Үлкен көпір үстімен біздер өттік.

Ескі қала соборлар асқақтаған,
Бұл да бір мәшһүр қала ел мақтаған.
Аралап жер астынан небір сұмдық,
Бальзамдап адамдарды көп сақтаған.

Бәрі де ел билеген, әлде діндар,
Мән беріп шыныменен жатқан кім бар.
Қорқақтап жер үстіне шықтық біздер,
Шынымен істері ғой құдайсыздар.



Әсем қала шынымен ертегідей,
Ұғындар бұл атаңның сөзін бөлмей.
Аралап неше күндей елге қайттық,
Қызық болмас шынымен барып көрмей.

Өз елің ұлаң-ғайыр дала мекен,
Кей жері көз жетпейтін пырдай екен.
Бері де Қаратаудың жоталары,
Жағалай атам қазақ мекен еткен.

Жас едік шыныменен бәрі қызық,
Ойыма түссе өткенім кетем қызып.
Не керек аман-есен елге оралдық,
Жалғадым оқуымды болмай бұзық.

Шіркін-ай! Бұл да қызық өмірім ед,
Балалармен бәрі де көңілдірек.
Көз алдым елестей боп өте шықты,
Балдәурен балалықтың кезеңі кеп.

Аға-анам қуаныпты, міне бұған,
Жай қарап бұл ісіме жата алмаған.
Маңайын жинап алып туыс, малшы,
Қызығы ат шаптырып той жасаған.

Жыр бопты көргендері айта жүрер,
Баласын сыртқа барған қызық көрер.
Аға, анам сол тойыңа не өтедім,
Құр шумак болып тұр ғой менің берер.

Көрмесем де тойымды қуанамын,
Осындай жақсы іске жұбанамын.
Аға, анам жақсылық той жасасанда,
Бетке басып бұл істі бұлдамадың.

65 жыл өтіпті содан бері,
Аға, анам жұмсақ болсын жатқан жері.



Негізі менің қазір айтатыным,
Тар болмай жұмсақ болсын жатқан көрі.

Кейінде Москваны тағы көргем,
Негізі екі мәрте аяқ тиген.
Тұқымымнан білмеймін ата-бабам,
Жок шығар табанымен басып көрген.

Бұл да бір өмір сызық шиыры еді,
Барып көрсін ұрпақтан кейігені.
Петербург атаң барған армияға,
Бәрі де ертегідей кейіндері.

Кавказ жұртын аралап бәрін көргем,
Бақытты адам жоқ қой мына менен.
Апа-аға ойға түсіп жазып қойдым,
Сәттеріңді той жасап маған берген.

11,12.04.2020 жыл

КОРОНАВИРУС (ПАНДЕМИЯ) COVID-19

Дәл қазір жырдың басы не болады,
Әйтеуір көңіліме жыр толады.
Шығарып орнымен қоймаса егер,
Бойымда белгісіз бір мұң тұнады.

Өмірден біреу кетіп, біреу келген,
Адамың құралған ба қайғы шерден?
Бір-бірінді жұбатып қоясың да,
Адам жоқ өлгендерден қайтып келген.

Тым жүдеу салмақты ойлар қайда кеткен,
Өтпесін бар өмірің қасіретпен.
Наурызда білесіздер барлығыңыз,
Шетел асып еліме «вирус» жеткен.

«Коронавирус» атының жаманын-ай,
Күресіп жатырмыз да бір-екі ай.
Кейінде «пандемия» фамилиясы,
Қамалып қалын халық жатқанын-ай!

Адамның әлсіздігі осындайда,
Кешегі айқай-дүлей күшің қайда?
Тамақ жинап үйінде жатып алды,
Өзіне, қоғамға да тимей пайда.

Сынақ өмір осылай зәрін шашқан,
Облыс қалалардың бәрін жапқан.
Тоқтады жол бермейтін көліктерің,
Көнбегенді заңменен ұстап, жапқан.

Еркін өмір тығырық тірелгені,
Үйінде кітап оқыр еріккені.
Театр, кино үйі бәрі жабық,
Табылмай көре тұғын көрермені.

Жабық есік көп сыртқа шыға алмайсың,
Қысылсаң желіменен сөйлесесің.
Кешегі думанды той қызықтарың,
Шынымен елес болды көре алмайсың.

Құшақтап бала менен немеренді,
Өткенін бабалардың үйрет енді.
Бас қосып жанұяңмен отыратын,
Бұл да бір ұмытылмас кезен енді.

Көңілсізде жырыңның күйі келмес,
Негізі білінбейтін бұл да күрес.
Мұныңда аяқталар күні болар,
Ертегі заманындай қалар елес.

Маска тағып бетіңе, қолқап киіп,
Зияның кетпесе екен елге тиіп.



Кейінгі ұрпақтарға жырдай болар,
Жабырқап жүрмендерші қабақ түйіп.

Үкімет беріп жатыр бар көмегін,
Осыны шыныменен қош дер едім.
Көгілдір экраннан біліп тұрмыз,
Сыртта болып жатқан ел дерегін.

«Үйден шықпа» жазылып қайталанар,
Адамның армандары орындалар.
«Сабыр түбі сары алтын» отырайық,
Мәні жоқ жөн-жосықсыз сыртқа барар.

Желімен сабақ оқып жатыр бала,
Шынымен дамығанбыз бұған қара.
Видео мен көріп біліп бәрін отыр,
Ырза боп отырайық қолда барға.

Дамыған елдерінде жатыр зарлап,
Адамдар қырылуда жүздеп, мыңдап.
Қалалар қаңыраған адам жоқтай,
Телевизия анығын жатыр жырлап.

Жер шарын алапат бір күй жайлаған,
Шынымен шығып еді мұның қайдан.
Қытайың етек-жеңін жиып алды,
Бірінші солар еді айқай салған.

Шетел барып дем алған құртты бәрін,
Елге әкеп «пандемия» шашып зәрін.
Сырттан әкеп ел іші бәрін тықты,
Негізі осы жері елге мәлім.

Көңілім көк туымдай желбіреген,
Қасиет құт дарыған елге сенем.

Кұқайың аз емес қой бұрын көрген,
Күш-жігер қайратымен бәрін жеңген.

Дәрігер бар білімін салып жатыр,
Шыға алмай емханада айлап жатыр.
Солардың еңбегінің арқасында,
Жазылып індетінен шығып жатыр.

Ішкі істер, ұлттық ұлан, бекет құрған,
Бейберекет жүргенді ұстап жолдан.
Азық-түлік қажетті өтіп жатыр,
Бұл шара үкіметпен жолға қойған.

Дезинфекция жол, дәліз бойлай шашқан,
Ауадан жерден іздеп мысын басқан.
Осындай қауырт қиын кезеңдерде,
Еріктілер зат тасып үлес қосқан.

«Жедел жәрдем» көлігі құйындаған,
Осыған терезеден қол бұлғаған.
Ырза болып жатыр да істеріне,
Дәрігерлер бұған да көңілі толған.

42 мың 500-ің жырға айналды,
Естідік заңды, заңсыз болған жайды.
Теріс іске осы біз бейім болдық,
Қазынаға қол салып оңды-солды.

Айта берсең көп тірлік тұрып қалған,
Үкіметтен осындай жарлық болған.
Қауырт жұмыс басталар сәті келді,
Ашылсын деп кәсіпті қолға алған.

Егін егіп диқандар дәнін сепкен,
Берілген жеңілдіктер сәл көмекпен.

Малдар төлдеп өрісім мыңғыруда,
Аямай жауын жауып нұрын төккен.

Тоқтамай өмір көші алға жылжып,
Айтармыз осы сәтті кейін жыр ғып.
Басылар алапаттың беті жаман,
Білінбей ойхой дүние айлар сырғып.

Адамның әлсіздігі осындайда,
Әр адам осы сәтті ойлап байқа.
Бұл да бір сынағы ғой бір Алланың,
Берілген жоқ мұныңыз жайдан-жайға.

Осылай сәл көңілсіз жыр құрадым,
Өзімді жыр күдірет қамшыладым.
Әйтеуір калың қара тобырым-ау,
«Пандемия» жайында не ұға алдың?

19.04.2020 жыл

САР ДАЛА САҒЫНЫШЫМ

Жазира, байтак далам, туған өлкем,
Өзіңді шыныменен мақтан етем.
Жан баспас боз далаңды сағым қуған,
Үйімде отырсам да жырлап өтем.

Ұшқан құс, жүгірген аң, сайран салған,
Тамсанып қиял кешіп қайран қалам!
Егер де дәл баруым керек болса,
Ескерткіш боп түзінде мәңгі қалам.

Өзіңде ата-бабам тері тамған,
Негізі тұтам жерің қымбат жаннан.
Қаныңды ойнатындар ұрпақтарым,
Табыстап кете қалсам оны саған.

Сар дала сағыныштың белгісі ме?
Табады маңайымен үйлесім де.
Егер де жолың түсіп бара қалсаң,
Сонда сен ғажабына сенесің де.

Әр жердің күйі менен сыры бөлек,
Дәл оны көзбен барып көру керек.
Саршұнақ мойнын созар саған таң боп,
Ойпырмай! Мына адам мынау кім деп?

Мекендеп ұра қазған жерін қорғап,
Өйткені жан баспаған ие сол-ақ.
Қу түлкі солар келіп мазаны алар,
Кіреді саршұнағың інге зулап.

Осылай тауым, далам, неткен керім,
Паң дала дәл біздерге артқан сенім.
Түсінбей жағырмаз біз дала сырын,
Бөлектеп тастамаңдар ешбір жерін.

20.04.2020 жыл

БҰЛ МЕНІҢ БІРКҮНДІК ӨМІРІМ ЕДІ

Өзім жайлы көп дерек жаза алдым ба?
Қаламың жаза алсаң тұр қолыңда.
Сол қалпінде қалайша түсіре алам,
Қалып қойды жастығым бұрқасында.

Жел болып қайта үрлеп тауып алам,
Баламын талай жерге көмгем арман.
Ішінен тапқанымды жазып қоям,
Балауса балғын кезім ойын қуған.

Сол заман жұтаң тірлік бәрі сондай,
Жүруші ед жан анашым мені қорғай.

Оқу үшін қалдырды таныс туыс,
Жағдайым көңілсіздеу мәні болмай.

Қолға тисе бір тілім наның олжа,
Тастағандай боп жүрді бізді дауға.
Анда-мында әпкелер жүріп жүрдік,
Көмек беріп қолғабыс тартып қауға.

Жасымда тым қорқақтау болып өстім,
Ішінде жаратылыс алып күштің.
Бір жолы Толық әкпем барып қонғам,
Бұл да бір жазуы ма жазмыштың?

Таңертең оянған ем әкпемдер жоқ,
Сыртымнан іліп кеткен еш дауым жоқ.
Қорқынышым сол кезде женді мені,
Пеш жанып жатқан еді жаюлы шоқ.

Көсеу тұрды жанында сүйеп қойған,
Арыла алмай тұрғаным жаман ойдан.
Терезенің бір көзін бір-ақ ұрдым,
Шегемен дәл сыртынан іліп қойған.

Атша тулап жүрегім қорқыныштан,
Көзінен терезенің әрең шыққам.
Үрей билеп бұрыштан сығаладым,
Көрдім әпке сиырды сауып жатқан.

Қайтып кірер сол үйге амал қалмай,
Еңкеңдеп қашып барам жүрек тулай.
Сол кеткеннен соқпадым сол әпкеме,
Кейінде ойға түссе қызық қандай.

Әй, балалық, шынымен есер едің,
Өзімді жеңе алсам сөйтер ме едім.
Бұл менің біркүндік өмірім ед,
Тағдырым мені алға жетеледің.

Әке жоғы қорқыныш үрей екен,
Оқысаң ұрпақтарым солай көкем.
Сыңар қанат құстайын қалбаңдайсың,
Әр нәрседен бойыңа алып секем.

Төрт құбыла тең деген тәмсіл бар ғой,
Әке-анаң бүтін болса сол екен ғой.
Үрқу мен қорқыныштың мәні осында,
Түсінген тірісінде жөн екен ғой.

Бұл да бір тағдыр сыйы маған тартқан,
Өкініштен өртенер өкпе-қолқам.
Жаралы аңдай құр сүлде сүйрелейсің,
Табылса жанашырың қолды созған.

Шарасыз жастық шағым ойға түскен,
Ойласам сол заманым бұлт боп көшкен.
Есіме алып бір күнді жазып қойдым,
Күндерім артымдағы елес неткен.

22.04.2020 жыл

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛІК КҮНІ

Мамыр айы басында той өтетін,
Бала-шаға ел болып көп күтетін.
Қызыл жалау қолға алып шұбырушы ек,
Бала көңіл біздерге дем беретін.

«Лимонад» сол кездің сусыны еді,
Қол соза жанталаса алатұғын.
Ат бәйге, түрлі қызық, ойын өтер,
Кемпір-шал бірі қалмай бара тұғын.

Төбе басы басшылар құттықтайтын,
Ақша тігеді даусы бар ән айтатын.

Күрес болып жігіттер күшін сынар,
Осыны жанын бере қызықтайтын.

Егеменбіз көк туым желбіреген,
Өткенді ойлағанды қызық көрем.
Халықтар достық күні негізінде,
Ойымда өшірмеймін сақтап келем.

Анамда дәл бірінде өтті өмірден,
Ойыма алайыншы шын көңілден.
Көкейімде өшірмей айытқандарын,
Санамда жан-анашым сақтап келем.

Анамның мазарына барып қайтам,
Жаттаған Құран аят, дұғамды айтам.
Сақтасын жаратушы пенделерін,
Маңайыңда жүрмесін дұшпан-сайтан.

Отбасылық тірліктің оты маздап,
Жақсылықты ұрпағым жүрсін жалғап.
Өткен күндер ойымда сақталады,
Орындалсын тілектер Алла қолдап.

01.05.2020 жыл

ҚИЯЛ-АРМАН ШЫНЫМЕН БОЙДЫ КЕРГЕН

Қырғидай қалықтасам көкті тіле,
Күш бар ма ей бауырым, осы күнде?
Адамның жүйрік ойы керемет қой,
Ұмтылған шама-шарқы көкте күнге.

Жаратылыс тылсым күш тұңғыықтай,
Қанат байлап денеңе ұш қалықтай.
Дәл өзін Кәмей атам сынап көрген,
Екі қол денесіне қанат байлай.



О, ғажап! Сол арманын сынап көрген,
Құлтай төбе басына томар үйген.
Сол кездің косманавты қарап отсаң,
Шынымен талай адам елді жиған.

Атты жаяу таң болып көмектескен,
Бұл өзі жанқиярлық қызық дескен.
Оба ғылып сексеуіл үйгізіпті,
Бала-шаға жиналды қалың көппен.

Қиял-арман шынымен бойды керген,
Арманы жоқ сол сәтті көзбен көрген.
Сұрауы мен нұсқаушы тілегімен,
Биік қып сол заматта үйіп берген.

Терең сай, ұшар басы биік төбе,
Қалықтап көк аспанда ұшпас неге?
Шынымен тұла бойы түгел канат,
Қызық болып көрінді қалың елге.

Өрмелеп оба басы шығып барады,
Тыныс алмай көбісі тұр ғой қарап.
Сәтімен ұша қалса Құдайым-ау!
Ойлап тұр шыныменен бұлтты жарады.

Сәт сапар тілеп жатыр жомарт жандар,
Шынымен жүрек қағып ойнап қандар.
Қолымен көлегейлеп жатыр көбі,
«Көтеріші» деп әкеге кіші балдар.

Желде соқпай қалған ба ауа тынық,
Қанатын кеңге жайды оба шығып.
Шынымен жүрек жұтқан батыр екен,
Ұшар бастан секірді қанат қағып.

Тым әсерлі көрінді жамағатқа,
Құлдилап та барады ұшар шақта.

Өзін-өзі басқарып кете алмады,
Сай түбіне құлады амал жоқта.

Жүгірген көптің бәрі сайға қарай,
Ойлап жүр шыныменен жаны қалғай.
Жарақаттап алған ба ақсаңдайды,
Сүйеп жатыр жеткені бірі қалмай.

Осылай көкке ұшар сәті біткен,
Талайдан ой бұзылып маза кеткен.
Жарамай қалбаңдаған құс қанаты,
Осылай атамыздың арманы өшкен.

Аққу болса сұңқылдап кетер ме деп?
Сан тарапқа шашылды ойлары тек.
Сонда да қуанысып жатыр елі,
Бір ажалдан шынымен қалдың-ау деп.

Осылай ой желігі бойды керген,
Жыр қылды кейінгіге мұны көрген.
Осындай көкке самғау арманына,
Кейіндер жетеріне менде сенгем.

2020 жыл

АҚ САМАУРЫН, КЕЙБІРІ САРЫ ЖЕЗДЕН

Бала күнгі көргенің әркез ыстық,
Қараша үй, әріректе ақ үй жаздық.
Сол жерде сарсамаурын қайнаушы еді,
Өзгердік кейіндері заман жылжып.

Екі иіннен демалып бұрқырайтын,
Ішінде сексеуілдің шоғы жайнап.
Ыстық күнде құдай-ау шай сораптап,
Таусылғанша ішетін көзі жайнап!



Сол шайыңда бойына дем беретін,
Ыстығы сыртқа шығар терлегесін.
Индияның шайының күдіретін,
Сенбейді қазіргі жас көрмегесін.

Сол заманның ата мен апалар-ай!
Шошаласы көрінді алтын сарай.
Самайынан аққан тер жосылатын,
Сырғанап, тайғанақтап иек бойлай.

Сүртуге де қимайтын ащы терін,
Жіпсиді шыныменен жота терін.
Сағынып осы қалпын отырмын мен,
Ғажаптай санама сап осы жерін.

Сол самаурын шынымен кайда кеткен?
Өзіне талай қонақ ынтық еткен.
«Шай ішіңіз» деп сонда қиылушы ед,
Үйінің маңайынан өткен-кеткен.

Ақ самаурын, кейбірі сары жезден,
Қасиетін шынымен көзім көрген.
Іздеймін самаурынды ойға алам,
Кесеме апам маған құйып берген.

14.06.2020 жыл

ШАБЫТЫМ ҚАНАТ ҚАҒЫП КӨККЕ ҰШҚАН

Ұрпақ жалғап келеміз Алла қолдап,
Жүреміз уайымдап оны жырлап.
Есейіп, міне солар үй болғаны,
Шүкірлік, Жаратушы ием қорғап.

Немерем, жас күнінен жақсы көргем,
Қимасымды аузымнан жырып бергем.

Оларда өз алдына отау құрып,
Боларын жақсы отбасы бұған сенем.

Шөберемді әкелді мына өмірге,
Бөледі Аиданы нұр сезімге.
Содан болар атында солай қойдым,
Қуанышы көп болсын көрер көзге.

Шабытым қанат қағып көкке ұшқан,
Жақсылық бола берсін екі жұптан.
Таң ерте өлең құрап жатырмын мен,
Сәл бөгеліп қалғаным осы тұстан.

Сендерсің ұрпағымды ары жалғар,
Қанатты құстайсыңдар көкке самғар.
Әрқашан мұңаймаңдар осы өмірде,
Қоршаған маңайымды асыл жандар.

Шөберем қуанамын сені көрем,
Ат қойып азанменен бата берем.
Қабыл боп тілектерім Алла жақтан,
Пендемін шыныменен бұған сенем.

Атаңның сыр-қыры жасырын ғой,
Сезіммен жақсылықты тіледім ғой.
Көрмесем де шөберем жыр арнадым,
Бәріңе ата көңіл сенемін ғой.

29.12.2020 жыл

АЙНАЛДЫМ ҚАЗАҒЫМДАЙ ДАРҚАН ЕЛДЕН

Ғасырдың жиырма жылы артта қалды,
Мұнайдық дерт келді деп әлек салды.
Шыдай білсек болар ед бұл сынаққа,
Тілекті шұбыртамыз жүрек жарды.

Бұл да бір есте қалар жылың «тышқан»,
Дайындал келер жылға осы бастан.
Білмейміз алдымызда не болады,
Бәлеңіз келді бізге шетел сырттан.

Жақсылық, жамандықта бір-ақ қадам,
Болса екен «сиыр» жылда елім аман.
Жамандықты бастамай жүрейікші,
Тым ащы сөздер шығады атой салған.

Оқыған, тоқығанда отыр билік,
Соларға шын көңілмен біздер сендік.
Айқай-шу баса алса азаматтар,
Әрине, болар еді үлкен ерлік.

Атылмай тарсылдақтар әрбір үйден,
Бұрындар бала-шаға қолы күйген.
Ас ішіп ауқатпенен тосайықшы,
Көңілді риясыз жақсы күймен.

Айналдым қазақымдай дарқан елден!
Садағаң боп кетейін ел мен жерден.
Кең пейілден айырылып қалмайықшы,
Тыныштықтан басқасы бәрі жалған.

Қой үстіне боз торғай жұмырқалар,
Күн тусын тойды тойлап бәйге шабар,
Еліміз естіп жүрсін әр таң сайын,
Жүректі елжіретер жақсы хабар.

СУРЕТТЕН ТУҒАН ОЙ

Жауабын жазып көрейін,
Ақынға, ақын сөзімен.
Осылай болып жатқанын,
Келінжан менде сезіп ем.

Кемшілік менен қашпаймын,
Хабарсыз қалдық бөлініп.
Біраз дүние жазыпсың,
Жырларың тұр ғой өріліп.

Шөбере кетсе түзеліп,
Бұғанда шүкір айтайық.
Осындай сәттер жақсы ма?
Қаласың шіркін марқайып.

Бірі ақын, бірі күрескен,
Талпынып өмір жатыр ғой.
Біздерге негізі керегі,
Армандар тілек осы ғой.

Ырза болдым осыған,
Көңілім өсті марқайып.
Өсе берсін балалар,
Құрақтай болып жайқалып.

Айшада оқып жырларын,
Ана мен ұстаз қуантқан.
Бұрынғы өткен әке-ана,
Осындай іске жұбанған.

Ашылсын ұрпақ жолдары,
Көктемгі аққан сеңдей боп.
Жайнасын сұлу қыздарым,
Көктемгі қырмызы гүлдей боп.

Куансаң қуан қарағым,
Көзіңнен ұшып мұңдарын.
Азды-көпті осылай,
Жырымды менде құрадым.

ПЕЙІЛГЕ ТҮСПЕ КӨЛЕҢКЕ

Пейіл деген көктегі бұлт емес пе?
Қаумалар жан-жағыңнан жұрт емес пе?
Соның бәрін игеріп кете тұғын,
Жақсы сөз, орынды іс сол емес пе?

Ақ таңнан кешке дейін дұға тілеп,
Пенделер арамызда жүр емес пе?
Еңбектің қадірі де бар еді ғой,
Алданып қалмайықшы құр елеске.

Пейілдің түбі терең сараң емес,
Артық сөз айтып сірә, керек емес.
Қосылу, қоштасуда бір-ақ сәтте,
Айтып көр өрең жетсе бұлай емес.

Пейіл деген анаңның алақаны,
Пейіл деген Алланың ала таңы.
Адамның бола бермес әрқашанда,
Өмірден өзі сүйіп қалағаны.

Тимесе екен зияным маңайыма,
Жазылғанды тағдырым маңдайыма.
Әйтеуір, осы менің білетінім,
Жақсы сөз тұрса екен таңдайымда.



ЖАҚСЫЛЫҚ АЛДА КӨРГЕЙСІҢ

Ажырап қалдың арадан,
Шұғажан қалай жағдайың?
Салдыма мына өзіңе?
Қым-қуыт өмір салмағын.

Мейрамкүл туған әкпем ед,
Керімжан жездем жары еді.
Қадірхан жарың Мейірхан,
Жасында жақсы бала еді.

Рая тағы қыздар бар,
Аурушаң болды біразы.
Солардың бәрін көтерген,
Әпкемнен Алла разы.

Ұлдардан байқап отырсам,
Дұрысы қайсы болды екен?
Бауырмашыл болса егер,
Шынымен осы жақсы екен.

Керекең бала мақтаушы ед,
Тауып бір небір теңеуді.
Негізі байқап отырсам,
Баладан қызық көрмеді.

Адамның бәрі жақсы ғой,
Жақпайды жайсыз қылығы.
Мейірханға түсті ғой,
Алланың өлім құрығы.

Ұрпағы қалды артында,
Бас болып өзің келесің.
Аман болсын соларың,
Анасың қызық көресің.

Әр баста бар да не жағдай!?
Келінжан көніп шыдарсын.
Кермек те болса тым ашы,
Көзіңді жаспен бұларсын.

ЖӘЛМЕНДІ (БИ)

Жалайыр, Арықтыным шыққан тегің,
Сүтемген, Өтесімнен болмас кемің.
Қауыстан тарап едің Жәлменді (би),
Жетісу жер жәннаты туған жерің.

Бақай батыр қамшысы қуат берген,
Құм шағыл түлкі қуып жүрген жерден.
Аға сұлтан, болыс, би атандыңыз,
Аз жазылды жолыңыз жүріп өткен.

Тұлғаңа өңшең орыс таң болғаны,
Заманыңда атандың ел қорғаны.
Алпамса ерен тұлға суретіңіз,
Өзіңнен қалған жәдігер бұл қолдағы.

Пышан ақын жалғады билігіңді,
Еңбегі балаңыздың елге сінді.
Қызылдардың қолынан қаза болды-ау,
Дұшпанның төрт атылған оғы тиді.

Үзілді Пышанымның асыл демі,
Заманында болып ед ақын сері.
Қалың елге айтылған зары қалды,
Көзіне жас үйірді көргендері.

Жәлмендім суретіңе өлең жаздым,
Өзімше бауырмалдық ойнап қаным.
Қалды ғой Пышаныңның балалары,
Білмедім дәл қазірде қанша санын.

Асылдың сынықтары аман болғай,
Жырымды жаздым деймін жаймен толғай.
Бабадай ұлдар тусын Жалайырдан,
Шырылдап жүре тұғын елін қорғай.

27.01.2021 жыл

ЖИНАЛАР БАҚЫТ ЖАҚСЫ ОЙДАН

Керауыз болып даурығып,
Бас-басқа әркім би болмас.
Шаңырағы болмаса,
Кереге керіп үй болмас.

Қазаның қайнап жатпаса,
Үйінде жақсы күй болмас.
Ағайын-туыс болмаса,
Өмірден мына мән болмас.

Білгенді сақтап санаңа,
Жимасаң мандып сөз болмас.
Бірігіп ұран салмасаң,
Жауыңа шабар қол болмас.

Түте алмай жүнді қорласа,
Басылмас текемет киізің.
Өзеурегеннен не таптың,
Шыққаны қайсы мүйіздің.

Бозторғай ұя салмайды,
Бекерге баққан малыңа.
Татулықпен ақыл айт,
Бала мен шаға жарыңа.

Кеп тұрған ырыс шайқалар,
Жағымсыз дақпырт айқайдан.
Тыныштық болса ортаңда,
Жиналар бақыт жақсы ойдан.

Санаңды таза ұстағын,
Әркімге жаппай жаланы.
Керауыз болсақ ағайын,
Алланың көңілі қалады.

ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ ЕЛІМЕ

Алғыс айту күні екен тым ерекше,
Салайын асыл сөзді ой елекке.
Ат төбелі қазағым аманбысың,
Көңіл бөл оқырманым шын ниетке.

Кеңпейіл қолың ашық дарқан елім,
Бойыңнан кетпейтұғын үміт-сенім.
Мың өліп, мың тіріліп жатсаң дағы,
Әрқашан жадыраңқы ашық жүзің.

Аңқылдақ мінезіңе қайран қалам!
Аман ба мен көрмеген қала, далам?
Өзінді бала жастан мақтан етем,
Сағынам кеңпейіліңді аңқылдаған!

Жатырқау әсте өзінде болмайтындай,
Құнарлы қасиетті тілің балдай.
Әйтеуір бір-біріңді сағынасың,
Болғасын ұлан-ғайыр жерің шалғай.

Шығыс пен батысымның арасында,
Сағынам сағым қуған даласында.
Тым ерекше көремін шыныменен,
Тілі тәтті қылықты баласында.



Ақ сақалды қариям, ер-азамат,
Келтірмес туған жерге еш жаман ат.
Ақ жаулықты аналар, қыз-келіншек,
Жүріңдер бәріңізде, сау-саламат.

Маңдайың жарқырасын атқан таңдай,
Өмір сүр байтақ жерде шаршап талмай.
Айқай-шу естілмесін Отанымда,
Еңбек ет, ақша тауып бірің қалмай.

Аман бол, қиындықтар артта қалсын,
Бір Аллаһ ел-жұртымды жарылқасын.
Асқақта ар ұятты елім дара,
Ой айттым азды-көпті сағынғасын.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 90 ЖАС

Туылып ең ақпанда қайран Мұха!
Жолдайын енді артыңнан Құран дұға.
Ерте кеттің негізі санап отсам,
Шыдай алмай кеттің бе жала-шуға?

Кең маңдай, шашты артқа қайырғаның,
Шыққан ед өлең деген іштен жалын.
Ұстадай көрік басып темір иген,
Бойыңды кернеді ғой өлең дарын.

Қиянат бұрынғының бәрі сөнген,
Ұшып жүр өлендерің туған жерден.
Өзің кетіп атақтар қарша борап,
Қасиетті саналады басқан жерің.

Шынымен тума талант иесі едің,
Тастарға да қашалып тұр есімің.
Токсан жасқа толар ең тірі болсаң,
Сөзімді арнап өзіңе жыр етемін.

Теңіздей аласұрдың толқын болып,
Шықты ма көкейіңнен әнің толық?
Хан тәңірге тіреліп тұрар еді,
Жер мен көктің арасы өлең болып.

Талай ақын жыр арнап жатыр сізге,
Түскендейін «қан сонар» жаңа ізге.
Қабылдап ырза болғын «ақ иығым»,
Биіктен қарап жүргін мына бізге.

Астана жаңа қала тұр Есілде,
Өзгеріп кейіндері Нұр есімге.
Тыншымай рухыңда жүрген болса,
Жақсылықты айтайын жақсы бізде.

Терең батпай жырымды қайырайын,
Тауысқандай машина жанар майын.
Талай ақын туылып өсіп жатыр,
Өзің бе деп артыма қарайлаймын?!

ЖҰМА КҮНГІ ЖАЛБАРЫНУ ТІЛЕК

Өмір кейде көңілді, кейде мұңлы,
Бос қайырма бір Аллаһ жайған қолды.
Қасиетті күндердің күшіменен,
Ашық қыл деп пенден жүрер соқпақ жолды.

Күн көріп, ауа жұтып, ай көреміз,
Маңайда жақсыларға еркелейміз.
Көп көрмеші аздаған ғажабыңды,
Әрине, тек өзіңе біз сенеміз.

Мейірім кеңейтеді маңайымды,
Білесің болып жатқан жағдайымды.
Сүйкентпей жамандықтан алып өтші,
Жүреміз аспан ашық қалай мұңлы.

Дәл бүгін сырымды ашып ақтарайын,
Еліме шүйінші деп мақтанайын!
Бозторғайды қаптатып қондыра гөр,
Мінеки, деп еліме жар салайын.

Аз күн өмір бекерге өтпесінші,
Жайсыз заңдар халқыма жетпесінші.
Анау-мынау сылтауы көп айтылып,
Вакцинаны қинап та екпесінші.

Тауым бар заңғар биік, далам қандай!
Жүрейік жан рақат тапқан жандай.
Сәл ғана сынағыңды жеңілдетші,
Сыйлай гөр пендеңізге өмір балдай.

Жұманың қасиетін бағаладым,
Орындашы халқымның бар арманын.
Қос тізерлеп өзіңе қол созамын,
Ала көрме басына қонған бағын.

ӨЗІңДІ ЖҮРГІН БАҒАЛАП

Кемесі жырдың келеді,
Сүзгілеп өмір парағын.
Шығарып алып іріктеп,
Ірісін оның жазамын.

Шынымен өмір аз екен,
Келсеңде мейлі сексенге.
Не жетеді мына жалғанда,
Жер басып алшаң жүргенге.

Солайы-солай пақыр-ай!
Көз жетпес арман көп екен!
Егер де адам ауырса,
Әлсізде бейнет қор екен.

Адамның жаны тәнінің,
Байланған барлық жеріне.
Әлсіздік жеңіп бойыңды,
Кетеді тірлік мәні де.

Құпия тірлік белгісіз,
Шарасыз адам қашаннан.
Байланған тағдыр жібінен,
Жоқ деймін ешкім аса алған.

Артыңда сонда не қалды?
Балама, жиған дүниен?
Осыны ойлап отырсам,
Шынымен бұған күйінем.

Тарамыс өмір қашаннан,
Тырмалап өтер маңайын.
Әлсізде адам баласы,
Осындай сенің жағдайың.

Түсініп баққын, әрине
Күйіңді осы саралап.
Шынымен бастан бастап-ақ,
Өзіңді жүргін бағалап.

МОЙЫНДА ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК

Келмеске кеткен сол өмір,
Арқалап көрпе жастығын.
Ойыма түсті тағы да,
Сонау бір өткен жастығым.

Оқыдық біздер мектепте,
Сол кездің заңы бөлек ед.
Школьный форма кигенің,
Ойласам қазір керемет!



Кінәміз жоқ ед біздердің,
Заманың солай өрілсе.
Сонда да сол бір сәттерім,
Өзіме қазір ерекше!

Мектепте тағып галстук,
Жарасып бойда жүруші ек.
Белгілі болып тұратын,
Әйтеуір алда келешек.

Пионер күні дәл бүгін,
Жиналып алау жағушы ек.
Осығанда шіркін балалық,
Қуанып шындай қалушы ек,

Қуанған жастық шағым-ай!
Еске алып соны отырмын,
Өзіме жақын көрініс,
Осыған сенсең толқыдым.

Өзгерді бағыт жүз сексен,
Қазіргі ұрпақ не көреді.
Үйінде оқып жатыр ғой,
Бұл заман неткен керемет!

Айтарсың мүмкін сынарсың,
Мақтауға кей іс тұрар шын.
Қазіргі ұрпақ жастарым,
Заманың солай шыдарсың.

19.05.2021 жыл

МЕЙІРІМ ТҰНЫП ТҰРҒАН ЖАРАСЫМ ҒОЙ

Көңілдің көк дөнені жүйрік екен,
Ағайынға керегі бірлік екен.
Жарқыраған күніндей бой жылытар,
Күннен басқа жылуда керек екен.

Жақсы сөз, жақсы ниет, арқа қағар,
Іс түзеліп жайымен орнын табар.
Соның бәрі зәрудей табылмайды,
Естімесе ұрпағың қайда барар.

Ей, қарағым бауырым, балам дейтін,
Отқа түсіп сол үшін уайым жейтін.
Отырамыз сағынып өткен шақты,
Осындай пайда болды бізге бертін.

Мейірім тұнып тұрған жарасым ғой,
Қалың тұман ішінде қаласың ой.
Әйтеуір мейірімсіздік бой алды ма?
Сондықтан бала-шаға шарасыз ғой.

Дақ түсірмей жүрейік тектілікке,
Сөз қосайық ыңғаймен көпшілікке.
Арқа қаға жақсы сөз айтайықшы,
Қуан балаң жүрсе егер елшілікте.

ЕСТІЛДІ ДУБІРІ АТТАРДЫҢ

Біреуге сендік, тапсырдық соған барынды,
Сорғандай екен білдіртпей жаймен қанынды.
Бозарған өңім ажарым кірмей булықтым,
Бұғауына ілініппін алдамшы сұрқай қулықтың.

Енді не істеймін? Бойымда қаным ойнамай,
Тапсырғаным кетті, мүлдем де маған қарамай.

Отырып қалдым шарасыз дәрмен күш құрып,
Дүниеге келген жас сәби, әлде баладай.

Анам қайда? Әкем қайда? Жанда жоқ?
Жүрейін десем дірілдеп аяқ-қолым жоқ.
Даметкен кеше үлесім қайда алатын,
Ойлайын десем әлсіз бір күйде санам жоқ.

Бар едім кеше, жоқ болып қалай кетемін?
Жорыпта мұны көргенім жаман түс дейін.
Қолдарын созған кілең байлықты жиып ап,
Ояндым міне қолыңды созған тарт кейін.

Шарасыз күйден жинадым ақыл-есімді,
Дүбірі тұяқ, құлаққа жағып естілді.
Түзейін енді соларға еріп ат мініп,
Қисайған жүгін, бұрылған солға көшімді.

АҒАЙША ИСАҒҰЛОВАҒА

Қарлығаш қанат, кең көйлек киіп,
Шырқадың әнді жүрекке тиіп.
Жалайыр әні көкке ұшып барады,
Топшысы бекіп, қатқандай қанат.

Жаңарған өлке, жасарған дала,
Әніңді естіп қуанды бала.
Дүйім ел тұрып қол соқты білем,
Кеудемде жүрген жазылды жара.

Ән менен сөзі жарасым тапқан,
Желдірген аттай сөздерің тарпаң.
Ырзада болдым кейпіңе қалқам,
Жас алды көзге ескі көз қартаң.



Баурапта алды сиқырлы өлең,
Ішімнен оны қайталай берем.
Әсерлі әнді естуде арман,
Көшені бойлап аяндап келем.

Жарасқан сөз-ән жаныма жақты,
Басыңа қонған қызғанбан бақты.
Ортаға орал, ауырып қапсыз,
Көктемгі көркем аралап бақты.

АҒАЙША ӘКПЕ ОРТАДА

Қыз бала қанат бітірер,
Осынау сыңғыр сөзімен.
Атағың сіздің шығыпты,
Тым артта жастық кезіңнен.

Жыр сөзге жанды бітіру,
Әркімнің келмес қолынан.
Ығысса екен тілегім,
Қиындық сынақ жолыңнан.

Арман мен бәрі жалғасса,
Ғұмыры ұзақ болады.
Сан дода сынақ өткесін,
Бақ деген басқа қонады.

Жүректен шығып жеткізер,
Ән деген тамыр қанындай.
Негізі ерлік деп білем,
Жеткізген әнді жаңылмай.

Ән-жырда Алла сыйы ғой,
Аласың содан қуатты.
Жазылып сізде шығыпсыз,
Жаңалық бізді қуантты.



Әніңіз ұшсын әсерлі,
Денеге шабыт нұр құйып.
Кәкімбек әні секілді,
Сізде бір бізге «жез киік».

ТУҒАН КҮНІҢІЗБЕН АҒАЙША ӘКПЕ

Көрген жоқпын бетпе-бет жүзіңізді,
Балбұл жанған жастық шақ кезіңізді.
Бір-екі рет жыр шумақ арнап едім,
Тежей алмай бауырлық сезімімді.

Енді, міне ақпанда туылыпсыз,
Бауыр деген жұмылған жұдырықпыз.
Алланың бір сынағы сізге түсіп,
Ауырып айлар өте жазылыпсыз.

Ағайшадай атыңыз әуелеген,
Көтеріліп аспан көк әніңменен.
Бұл да бір тағдыр сыйы деп білемін,
Құттықтап қояйыншы жырымменен.

Сөз деген сынаптайын шашыраған,
Жаксы сәт туған күнді қарсы алған.
Жас ұзын, арманың көп, жасай бергін,
Қалған өмір қызық көп шаршап талман.

Аман боп бала-шағаң үрім-бұтақ,
Көз алдында өссінші ізді жалғап.
Әніңді жалғаңызшы әрі қарай,
Әуенді, сырлы, сыңғыр әндер шырқап.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТА КӨРГЕНІМ

Ауылға шіркін не бердім?
Құмыңа жатып емделдім.
Суына жатып шалшықтың,
Қоғасын тартып жеп көрдім.

Құрбақа шашқан тұқымы,
Құйрығы ирек кара еді.
Біздердің көрген қызықтар,
Көп емес шіркін сол еді!

Жұпыны тамдар көп еді,
Көрінер көзге даңғара.
Жабыла шулап жүруші ек,
Қатарлас көрші бар бала.

Жарылып аяқ-қолымыз,
Ашитын кешке жатарда.
Кір сабын жағып қоюшы ед,
Бақыртып қайран апам да.

Көктемде көшіп кетуші ек,
Шеңгелді көміп есікке.
Дәл сондай заман болған ед,
Түседі солда есіме.

Өгізге міндік сол заман,
Сиырға мінді Құдай-ау!
Хал-жағдай сұрап тұрушы ед,
Туысын іздеп ұдайы-ау!

Солардың киген шапаны,
Тұсымда тұрса ілініп.
Елес боп сендер тұрар ең,
Келгендей маған көрініп.

Қазірде жүрмін ата боп,
Жетпіс жыл өткен арада.
Сақталып қалды сол кездер,
Балалық өмір санамда.

23 АҚПАН МЕЙРАМ ЕДІ

Шыныменен ерен еді сол кездер,
Жылына бір ер адамдар еленер.
Сағынышта соны қазір ойласам,
Кітап пенен откыртқа қыз берер.

Есейгесін армияға аттандық,
Шығарып сап туыс-бауыр бар халық.
Көзімізге жас алып та қалушы ек,
Көрмесін деп жеңімізбен қорғанып.

Сол сағыныш сақталады есінде,
Екі жылға тым алысқа кетсең де.
Хаттар келіп қуантушы ед ауылдан,
Ұялатып санамызға сенімді.

Келгенінде қалай тосып алушы ед,
Құшағына барша туыс қысушы ед.
Шешпей форма қыдыруші ек ауылды,
Әр туысқан сені үйінде тосушы ед.

Үйленген соң бір көйлекті сыйлайтын,
Кездер еді отырыста тойлайтын.
Жиырма үші ақпан айы болғанда,
Армия күн Отан ана қорғайтын.

Заман өтті бүгіндері кайтеміз,
Еске түссе жымың-жымың етеміз.
Біздің көрген сол заманды жігіттер,
Қалса да алыс соны мақтан етерміз.

ҚАЗАҚСЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫҢ

Жалындар шакта бауырлар,
Су тиген шөптей сөнбейік.
Ауызға қойып қалқаны,
Сыйласып алға өрлейік.

Батыр да, би де өткен ед,
Кеудесін тосқан найзаға.
Жөнсіз сөз айтып ортаға,
Салмайық іріткі араға.

Айта алмай сөзді қарымды,
Сөндірдік іште жалынды.
Сыйласым жүгі ауыр ғой,
Жақсы істі баста қарымды.

Татулық жібін түймейік,
Ширатып арқан есейік.
Созбалаң тартқан істерді,
Арқанмен байлап сүйрейік.

Алдыға қойған мақсат бар,
«Бірлестік» қойған жобаға.
Талқыға салса болады,
Бітіммен істі өзара.

Еңбекпен шаршап жүргендер,
Жақсы істі көріп қуансын.
Жылаған сәби баламыз,
Әнімен әже жұбансын.

Қазақсың алтын тұғырың,
Додаға небір түсті де.
Шындала жүре жігіттер,
Болаттай мықты өсті де.

Мысқылмен шешпес әр істі,
Жігермен алға басайық.
Ашылмай тұрған қақпаны,
Бірігіп бауыр ашайық.

ЕДІГЕ ТӨБЕ АТАЛҒАН

Әкелер айтқан аңызбен,
Өсіп ек қиял тербетіп.
Едіге батыр басына,
«Құлпытас» қойдық ер жетіп.

Үстіне киген ақ сауыт,
Өзімен бірге жерленген.
Қазірде жоқ қой айтатын,
Ескі көз жайсаң көз көрген.

Қосымбет арғы тегің ед,
Қалмақтан Едіге қорғадың.
Киесі жолбарыс жүріпті,
Айналып батыр қорғанын.

Сөреңнен алып от жағып,
Екі орыс қалған пәлеге.
Білмеді олар шынымен,
Қорымды алмай қаперге.

Біреуі өлді деп айтады,
Киесі батыр жібермей.
Жазым да бопты осылай
Көк көзің байқұс жай жүрмей.

Едіге төбе аталған,
Батырдың жатқан жотасы.
Шынжыр да тұр деп айтады,
Жолбарыс батыр киесі.

Өзімше бастап жыр дастан,
Сипаттап біраз кесілгем.
Жазғаным жатыр қолымда,
Шықпайды бабам есімнен.

АТАДАН ҚАЛҒАН САЛТЫМ-АЙ!!!

Көрісу күніңменен қалың елім,
Бойыма дарытатын наным-сенім.
Сендерсіз шығып-батқан күнім қараң,
Тартылар шалқып жатқан айдын көлім.

Сен барда назымды айтып бұлданамын,
Сиымнан өкпелесем құр қаламын.
Өзіңдей елім-жұртым бар деп менде,
Жаһанға бар дауыспен жар саламын.

Өзіңсің көтеретін құлататын,
Жаныма жақын келіп сыр айтатын.
Намысты бойымдағы жанитын сен,
Мұңайсам көңілімді марқайтатын.

Ағайын ел-жұртымнан айналайын!
Ағарса да сен үшін ақ самайым.
Өзіңмен жарасымды өмір сүрем,
Атыңнан қазақ деген айналайын!

Жырымды саған оқып сынаатамын,
Сендерменен атса екен ала таңым.
Шабыт алып сендерден қиял кешем,
Өзіңсің бітпейтұғын жыр дастаным.

Көмулі талай сырың ашылмаған,
Туылдым жаны сірі асылдардан.
Мұң кешпей өтсе екен барша қазақ,
Жас сәби аман болсын жаңа туған.



Мың пәле маңайыма әлек салған,
Көк туым әрқашанда қымбат жаннан.
Қиындық қырдан асып кетсе екен,
Сұраймын дәл осыны Жаратқаннан.

Тегің асыл құшақтап баршаңызды,
Ақ әже, алтын жеңге, қыздарымды.
Сендермен өтсе екен жарқын ғұмыр,
Осындай жүрегімнен жыр құйылды.

КӨРІСУ КҮНІМЕН АҒАЙЫН!

Көрісу күні қар жауып,
Маңайды салды әлекке.
Толассыз жауған ақ түтек,
Көрсетіп күшін жер көкке.

Әрине, күшті табиғат,
Жаз шыға жаздап тұр еді.
Мазақ қып адам баласын,
Ақ мамық бізге күледі.

Алланың нұры осылай,
Көрісу күнге дәл келген.
Ағаш пен қамыс майысып,
Ақ күпі киіп бүркенген.

Ақ ниет болсын қош онда,
Еліме жақсылық тіледім.
Пайдасы болар мол судың,
Көбейер жерден қорегім.

Құбылған өмір әйтеуір,
Салмасын наза қылығын.
Тілегі қабыл болсыншы,
Алланың пенде құлының.

Ашылған құшақ ағайын,
Бауырмал ниет бұрыннан.
Көрмесемде барша бәрінді,
Алды деп ойла қолыңнан.

Мұң басқан ойың тазарып,
Бұлтындай көктем жөңкісін.
Жақсылап халқым өмір сүр,
Өмірге ғажайып келгесін.

НАУРЫЗЫМ КЕЛДІ ТЫМ ҚЫМБАТ

Қобыздың зарлы үніндей,
Ел-жұртым кештің не күйді?
Бір жылдың жүзі Құдай-ау!
Еске алам артта сол күнді.

Қос Наурыз өтті тойланбай,
Самарқан тасын жібіткен.
Басылмай қойды бұл пәле,
Сірі еді жаны тым неткен.

Күрмесін киіп шыға алмай,
Үйінде ана тығылды.
Күрсіне жүре сыр бүгіп,
Бойымда дарын бұғынды.

Біз көрген шаттық көп пе еді?
Бабамыз көрген қиындық.
Жақсы өмір алда сен көр деп,
Әке-ана шіркін өтіп ед.

Тегіне тартқан жұртым-ай,
Шыдарсың тағы шыдарсың.
Құтылар күнде жақын ба?
Пәледен «вирус» бұдан шын.

Ақ тілек жолдап ақындар,
Намысты бойда жаныңдар.
Өйткені сенің бойыңда,
«Қазақтың» асыл қаны бар.

Сейіліп тұман «жаман» ой,
Кетсе екен «қиян» келмеске.
Айналып пәле қалса екен,
Түсіндей көрген елеске.

Баршанның өңің жадырап,
Күлкі ойнап жүзің жайнасын.
Қызыққа толы өткенім,
Іздеймін сені қайдасың?

КӨКТЕМДЕЙ ЖОМАРТ КӨҢІЛІМ

Көктемгі күндер қарбалас,
Жаңарар қайта тіршілік.
Көңілде небір күдік бар,
Отырмын ойда күрсініп.

Екі ойлы болған көңілім,
Басыма маза бермейді.
Жер-ана жатыр күрсініп,
Жаңарып қайта түлейді.

Мұз түсіп көлшік еріген,
Құс біткен салған сайранды.
Аққұтан мойны сорайып,
Кешіп жүр шалшық қайранды.

Тізіліп көкте аққулар,
Мекенін іздеп бара жатыр.
Шағала келіп шуылдап,
Тізіліп ол да жаға отыр.

Сергіген көңілім солардан,
Қызыға қарап қалғанмын.
Осының бәрін көрдім мен,
Қаройға ауыл барғанмын.

Көкегің салып әніне,
Сәуірді келген білдіртті.
Осындай ғажап тіршілік,
Ойымды шындай сергітті.

Қадірін біліп өмірдің,
Өзімше жаздым жырымды.
Түсінбейміз біз осы,
Тіршілік сенің сырынды.

ІСТЕРІҢ СӘТТІ БОЛСЫН ДЕП

Самайдан ағып ащы тер,
Өтті ғой шіркін бабалар.
Артында оның ұл қалды,
Істерін теріп бағалар.

Жыртылып жаға қалса да,
Әкені қорғап өтеміз.
Тастарға қашап аттарын,
Тірлікте мына кетеміз.

Төрт арыс болған ұрпағың,
Қалайша бұғып жатамыз.
Қалсын деп біздер тілейміз,
Тарихта мәңгі атыңыз.

Тайталас өмір қашаннан,
Керауыз болған заман бар.
Жайымыз жоқ қорқақтап,
Артыңа қарап аландар.

Төрт ауыз сөзді жаза алмай,
Кімдерге болдық кінәлі.
Бұрындар баба тосқан ғой,
Жарқырайды деп күн әлі.

Сол күні біздер бауырлар,
Тасындай ауыр жүк жатыр.
Әр істі қолға алғанда,
Босамай әркез бол батыр.

Тездетік бітір ісінді,
Аруақ сезіп жатыр ғой.
Қуанар сәттер көп болсын,
Ниеті көптің осы ғой.

04.06.2021 жыл

ҚЫЗЫҒЫ ӨМІР ОСЫЛАЙ

Көгімде күн мен ай жүзген,
Ғажабын айтшы кім сезген.
Тылсым күш билеп маңайды,
Арайлы ғажап таң күлген.

Қызығы өмір осылай,
Қараңғы түнде жарық-ай.
Сырласқан ғашық жүректер,
Өмірдің мына ғажабы-ай!

Сезімнің жүгін арқалап,
Шынымен өмір ғажап-ақ.
Тамсана кейде еске алам,
Оралса сол бір жастық шак.

Асқақтап тұрсын өмір шың,
Тұнбасын бойға ешбір мұң.
Бағалап әркез жүрейік,
Түсірмей өмір ешбір құн.

САҒЫНЫШ ЖЫРЫ КӨКТЕМІМ

Көктем-ай, көктем, көктем-ай!
Өзіне ынтық еткен-ай!
Сағынар сені тіршілік,
Қыс өтсе жылу леппен-ай!

Оянар небір ғаламат,
Жылынған жердің буымен.
Бүршігін жарар ағаштар,
Түрленіп көктем нұрымен.

Қураған шөптер көгерер,
Түбінен қуып бой алып.
Құмырсқа, шыбын-шіркейің,
Тіршілік жасар оянып.

Жеріне дикан дән себер,
Тіршілік нәрі қорегі.
Ауасын жұтып көктемнің,
Жыр арнап қойғым келеді.

Жылынар көктем болмаса,
Өмірдің болмас мәні де.
Акындар арқау етіп пе ед,
Шырката салып әніне.

Махаббат айы негізі,
Гүлдерін сыйлар ғашыққа.
Құстарым келер сағынған,
Тосайық соны асықпа.

Көктемнен алып шабытын,
Сағыныш жырлар жазылар.
Сәл көшкен бұлтты жаңбырмен,
Келетін ыстық жазы бар.

ШЕЛ БАСЫП КӨЗІҢ БАЙЛЫҚТАН

Қарусыз соғыс осы ма?
Қорқыныш үрей билеген.
Кетіпте қалған секілді,
Адамдық деген сенімнен.

Бас салып, егіп «вакцина»,
Зорлаумен пенде қинаған.
Қорықпай отыр басшылар,
Тәңірден Жалғыз Құдайдан.

Жұмыстан қуам сылтауы,
Озбырлық солай болып тұр.
Шулатпай кара халықты,
Бір сәтке басшы мойын бұр.

Қойымдай жуас қазақты,
Қасқырша неге талайсың.
Көріп ед кеше бұрында,
Басынан өткен талай сын.

Шел басып көзің байлықтан,
Осынша неге есірдің.
Жылаған бала үлкеннің,
Сөзіне құлақ түрмедің.

Құлағың керең бітелген,
Саңырау болдың неліктен.
Айырып сірә, тынарсың,
Ұйыған айран елдіктен.

Құдайдан безген басшылар,
Халыққа тізе батырма.
Құлақ сал менің айтарым,
Айтылған осы датыма.

БАСТАЙТЫН АДАЛ ЖАН КЕРЕК

Мына өмір қайда бет алдың?
Ұрпағым кетті сенімен.
Басалса болды аяғын,
Алшандап еркін сеніммен.

Күмәнді өмір үрейлі,
Осылай боп тұр маңайым.
Өзімді-өзім қалайша,
Жақсы деп қалай алдаймын.

Жер жүзін басып тұман бұлт,
Еңсені қойды көтермей.
Маңайым тұнған айқай-шу,
Ешбір сөз жатыр еленбей.

Осынша неге тоң мойын,
Билікке қалай айналдық?
Табылмай тұр ғой бойында,
Елім-ай деген адалдық.

Даттауға аузым бармай тұр,
Күн кеше сонша мақтап ек.
Нәтиже шықпай жатыр ғой,
Қолымнан менің не келеді.

Жер-ана жатыр күрсініп,
Қалайша шетел бермекші.
Жоғары отқан басшылар,
Таппады басқа ермекті.

Аузыңда маска, көз тұман,
Қай жаққа барып тіреледі.
Шынымен шулы қазаққа,
Бастайтын адал жан керек.

САЙЛАУБАЙ ТОЙЛЫБАЕВ 70 ЖАС

Өз өмірім, өз тағдырым

346

Сердалы САБЫРОВ

Бір жылдық тума Сайлаубай,
Жетпіске сіз де толыпсыз.
Адамдар өмір сүре алмас,
Тереңде мәнді өлеңсіз.

Жыр қозғап ұйқас жүрекпен,
Атағың шықты Алашқа.
Патриот жырлар жазыпсыз,
Айтып жүр әкпе Ағайша.

Жалайыр әнін сыйладың,
Сөздерін жазып халыққа.
Осындай жырың көп болсын,
Теңеймін сені алыпқа.

Гүл жарып хауыз жырларың,
Басылып жатыр кітап боп.
Тербелсе әнің халықпен,
Сеземін сізде арман жоқ.

Арманның шегі таусылмас,
Қолыңда қалам тұрғанда.
Жете бер деймін алды да,
Шабытпен мақсат арманға.

Балқаштың арнау сәлемін,
Өзіңе арнап жыр жаздым.
Көңіліңе жақса болғаны,
Үйімде менде ақынмын.

Ақындар аспан бұлтындай,
Жөңкіліп көкте самғайды.
Сезіпте терең ой қозғар,
Туғызып небір жырларды.

Айтылар тілек көп шығар,
Қоялмай нүкте отырмын.
Бақытты ғұмыр кеше бер,
Тілеуін тілеп халқыңның.

08.05.2021 жыл

МҰҢ БАСТЫ КӨҢІЛ МҰҢ БАСТЫ

Бір жылдан асты көпшілік,
Мұрны мен беті жабылды.
Осынша пенде қинардай,
Бар еді қандай жазығы.

Тойланып тойы жасырын,
Біліктен қашып тығылды.
Армандап жүрді көбісі,
Күндерін артта бұрынғы.

Сөздері өтпей билікке,
Шынымен халық шулады.
Қайтадан жұтып ауасын,
Ағзамыз ішкі уланды.

Маскадан шығып жәндіктер,
Тіріліп шыққан буданды.
Осылай өмір кеше ме,
Созыла береді қашанғы?

Вирусқа жетпей шамасы,
Не пәле ойлап табуда.
Әйтеуір мұның көмбесі,
Халықты улап қыру ма?

Оқымай бала оқуын,
Сотқаға мүлде жабысты.

Айналып барады мына өмір,
Дүбәра күңгірт калыпка.

Жабылып жолым алды да,
Қоршауға түстік қалайша.
Жақсылар небір табылар,
Халықты қорғар араша.

Алаштың жайсаң ұлдары,
Елі мен жерін қорғасын.
Басыңды көтер жасымай,
Халқыңды қорға мына шын.

ШЫРҚАҒАН ҮНІҢ ЕРЕКШЕ

Шабыттан туса жақсы ойлар,
Жырыма қоссам деп едім.
Айналайын! Ағайша,
Бетпе-бет сізді көрмедім.

Бойыңда дарын өнермен,
Шабытпен шалқып өрледің.
Шығарып әнді ойыңмен,
Шумаққа жанды бітірдің.

Шырқаған үнің ерекше,
Әуелеп ұшты қалықтап.
Ерекше күйге бөлендің,
Әсерлі сөзден шабыт ап.

Аспапта ойнап сан түрлі,
Жүзіңіз балбұл жайнады.
Сезіммен ерен жеткіздің,
Буынды сөзді ойдағы.



Сырлы саз әуен астасып,
Жарасым тапты әуелеп.
Жастықтың сол бір кездері,
Әсерлі неткен керемет.

Сырнаймен ойнап кейінде,
Шырқадың халық әндерін.
Еленіп жатыр шынымен,
Толассыз сырлы өнерің.

Жастықтан алған бастауын,
Бойыңда дарын дем берген.
Қызықты сәттер көп шығар,
Сонау бір заман сіз көрген.

Бата алмай терең тұңғиық,
Жырымның кетті мазасы.
Кейінде әлі жазылар,
Ойлы сөз жырдың жалғасы.

РАҚМЕТ ЖӘНЕ КЕШІРІМ!!!

Ораза айы тазару,
Алламен құлы тілдескен.
Ғажабы өмір осы ма?
Сұлтаны айдың бұл неткен.

Ас-суды ішу тоқталып,
Нәпсісін тежеп бағынған.
Теріс сөз бекер айтылмай,
Тіл мен жақ олда тыйылған.

Бұл да бір сыйы Алланың,
Осынша құлын сүйгені.
Жиналып тұрар алдында,
Сауабы шексіз берері.



Кешірім сұрап бірден-бір,
Рақмет айтып жатқаны.
Ашайын деп тұрғаны,
Шынымен рақмет қақпаны.

Осыған шындай қуанам,
Ұрпағы Адам атаның.
Қазбалай берсең бірді-бір,
Үлкені шындай жазаның.

Кешіріп жатса ұлы Алла,
Біздікі бекер шалқайу.
Негізі енді қуанғын,
Қол созып дұрысы марқаю.

Бойыңа жинап қуатты,
Келесі жылға аман жет.
Кешірім менде сұраймын,
Пендемін өзіңнен, Құдірет!

МҰҢЫМДЫ КІМГЕ ШАҒАЙЫН?

Қимайтын өмір шіркін-ай!
Құйындай болды-ау маңайым.
Шешіліп шіркін айта алмай,
Қалың ел қазақ жағдайын.

Сенімсіз басқан қадамым,
Қай жаққа мені апарар,
Шынымен бұны ойласам,
Шақшадай басым дал болар.

Кешегі өмір бұрылды-ау,
Белгісіз басқа бағытқа.
Түспей тұр менің білгенім,
Саялы дұрыс қалыпқа.

Ашылмай құшақ маңайға,
Маскамен өкпе тұншықты.
Өзгермей өмір тұра ма,
Жайқалып маңай жаз шақты.

Екі-үш ай өтсе күз келер,
Жазыңа қай ай тең келер.
Халқымды дұрыс бастасын,
Елі үшін туған кеменгер.

Сенімсіз өмір халқымды,
Қажытып біраз тастады.
Арылса екен пәледен,
Жаман ой кетсін бастағы.

Байлықтың үстін бассак та,
Қалайша жүдеу тартамыз.
Қаптаған мына олқылық,
Шырылдап кімге айтамыз.

Халқыма басшы қарасын,
Шер-мұңын естіп елінің.
Сол кезде тыныш табар ма?
Толқыған мына көңілім.

ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫЗДАР КҮНІМЕН!!!

Толғансаң ойлар шығады,
Тағы да қалам алайын.
Жайнаған қыздар күні екен!
Төгілтіп ойды жазайын.

Қызғалдақ қыздар аман бол,
Белгілеп қойған мереке.
Түсірмей арға жүріңдер,
Ауыр сөз небір көлеңке.

Сендерсіз өмір мәні жоқ,
Түсініп соны жүріңдер.
Отбасы ошақ қасында,
Жадырап ойнап күліңдер.

Жүзінде күлкі ойнасын,
Желбіреп қолаң шаштарың.
Орындалсын қыздарым,
Алдыға қойған арманың.

Есейіп алда білерсің,
Астарлы өмір тосарын.
Жасыңда сені құрметтеп,
Әніме қалқам қосамын.

Ақылын айтар анаңда,
Жарығым соны ұғып ал.
Жадырап сендер жүрсеңдер,
Айналар өмір шырын-бал.

Құттықтап тағы қыздарым,
Шашайын жырдан шашуды.
Шынымен маңай жадырап,
Аспаным бұлтсыз ашылды.

17.05.2021 жыл.

ОРАЛҒАН МҮСІН ДИМАШЫМ!!!

Зарына емес, арына туған халқының,
Артыңда қалды найзағай сынды жарқылың.
Ғасырлар өте біртуар қайран Димашым,
Құтты болсын тұғырға қонған бұл күнің.

Айналып тасқа алыпта дене мүсінің,
Еліңді ойлап тірлікте талай күрсіндің.

Алпауыт кеуде шашыңды артқа қайырып,
Қайыра келіп жеріне бабаң қойылдың.

Тосқауыл болдың, жауын мен небір дауылға,
Оралдың Димаш, кош көрдік сізді ауылда.
Өзіңе арнап салынған мына саябақ,
Шақырып қойғын халқыңды қымбат сабырға.

Қызықпай небір алтын мен күміс асылға,
Жағыпта өттің қазақпен ұлыс жалпыға.
Шырайлы сөзің жазылып қалды артыңда,
Тәбәрік болып сағынған жалпы халқыңа.

Тенеуін таппай ақындар небір өкінген,
Еліңді жерді қорғадың желдің өтінен.
Сағыныш жырды өзіңе арнап отырмын,
Сәттері көп қой еліңнің кейде күрсінген.

Тас тұлға мүсін жігерге-жігер қоса ма?
Жай күйі елдің қалмаса екен таса да.
Көрсек деп еді біразы кария шынымен,
Жатып та қалды суық та тұрақ мазарда.

Баканас келдің тас мүсін елдің Димашы,
Боларсың алда жастардың енді сырласы.
Сағынған елдің сағынышын бассам деп,
Ойымнан шықты қабыл ал менен жыр осы.

ЖЕТКІЗЕ АЛСАМ СЫРЫМДЫ

Өмір-ай! Саған ғашықпын,
Кетсемде кейде жасып тым.
Өзіңде келіп өмірге,
Көктедім бүршік ашыппын.

Тыйымдар көп қой өмірде,
Қалдырдым тіпті көңілде.

Сонда да қимай жүремін,
Дүние жарық өмірді.

Өзіңнен табам қалауды,
Өмірім сенде қаланды.
Жыр жазып бүгін отырмын,
Қолыма алып қаламды.

Тұнжырап кейде жүрсем де,
Жарқылдап кейде күлсем де.
Уақыт сенсің емдейтін,
Қиындық қанша көрсем де.

Ауаңмен алып тынысты,
Жон арқам неге құрысты.
Тындырсам кейде қуанам,
Ойыма алған бір істі.

Еркелей ескен самалмен,
Адамның күні адаммен.
Мұңайтпай жүрсем болғаны,
Басталған оң қадаммен.

Сезімді шиыр аралап,
Жүрмеші мені қаралап.
Тербеткен өмір-ғұмырым,
Өтейін сені бағалап.

Жарыққа жетпес еш нәрсе,
Аспанды бойлап күн күлсе.
Өзіңнен көрсем ғажапты,
Тірімін менде ендеше.

ӘКЕЛЕР КҮНІ ДӘЛ БҮГІН

Әкенде ұл боп өсіп ед,
Кекілін артқа қайырған.
Көңілін бөліп ерекше,
Сыр түйіп отбасы маңайдан.

Кейінде тауып анады,
Өмірге сендер келдің ғой.
Осылай ары кетеді,
Жалғасқан өмір осы ғой.

Бұрында өткен әкелер,
Сынақты ауыр арқалап.
Өмірін айтып қоямыз,
Шынымен бала таңғалады.

Әкем деп әнді шырқайсың,
Көңілім кетер қиянға.
Есейіп біздер кетсек те,
Бұрамыз ойды қиялға.

Армансыз адам жетілмес,
Ұяда қалған шөжедей,
Кей сәтте әке ойлайды,
Сендерді ұрпақ көз ілмей.

Жалғасса өмір қызықты,
Шынымен іштей қуанар.
Білмейтін болсаң әр нені,
Шынымен балам сұрап ал.

Көп сырды әкең айта алмай,
Кеудесі сандық жинаған.
Салғырттық жасап әртүрлі,
Әкенді қалқам қинаман.



Шыға алмай қалса ойыннан,
Әкеңде білсең қиналған.
Әйтеуір менің білерім,
Орындалмайды кей арман.

Ағыны қатты бұлақтай,
Әкенің сыры ұзақ қой.
Көңілді бұрып балалар,
Әкенің жайын ойлап қой.

Арқаңнан қағып ұлымның,
Басынан сипап қызымның,
Көрсендер болды ұрпағым,
Өмірдің барша қызығын.

20.05.2021 жыл

ҰРПАҚҚА ҒАШЫҚ ЕКЕНМІН

Жиырма жыл бұрын бауырлар,
Жыр қонып бойға толқығам.
Бойымнан шығып толғаныс,
Шынымен сенсең қуанғам.

Көзімнен шыққан ыстық жас,
Еске алып анам, әкемді.
Ойыма талай түсіргем,
Өмірім қилы өткелді.

Қағазға түсті сырларым,
Өзіме маза бермеген.
Қазірде игере алдым ба?
Жырларым өтті көмбеден.

Бұл да бір сыйы тағдырдың,
Мүшәйра жырға катысқам.

Токтамай сезім иірімі,
Үйімде жатыр жыр дастан.

Ғашықтық сезім иірімі,
Жастықта өткен қайтемін.
Өмірдің өзі ғашықтық,
Соларды жырлап өтермін.

Ұрпағым келді өмірге
Оларды қосқам жырымда.
Немере сүйіп толқығам,
Ашылып жаңа қырымда.

Шөберем какты какпаны,
Жырыммен аштым есікті.
Осындай бақыт бауырым,
Шындай-ақ маған кезікті.

Соларға енді ғашықпын,
Тілегім аман болсын деп.
Осылар енді алдыда,
Жақсы өмір алда көрсін тек.

«ІНДЕТІҢ» ЖАМАН БІЛМЕЙМІЗ ОНЫҢ АСТАРЫН

Белгісіз өмір басталып шындай кетті ме?
Сөндіріп едік жалындап жанған өртті де.
Шамамыз келмей шарасыз күйге түстік-ау,
«Тығырық» деген мың пәле бізге жетті ме?

«Індетің» жаман білмейміз оның астарын,
Бұлт торлап кетті-ау тұр еді ашық аспаным.
Не болар енді, не болар енді жастарым?
Қырғандай болдық қазанның түпкі қаспағын.

«Ваксина» салып, күдігі оның аспандай,
Жаза алмай шындық отырмыз оны астарлай.
Кешегі күнің армандай екен шынымен,
Жүретін шіркін еркіндеу басып жасқанбай.

Сынаққа балап өмірді тағдыр отырмыз,
Құдай-ау неге дүбәра неткен жасықпыз.
Жеттік пе деген егемен елім не болды,
Бекерге сонда бөрікті көкке атыппыз.

Ұры иттей болған заманым қайда апарад?
Қанжарым келіп тамаққа неге тақалад?
Шығарма деуші ед кешегі өткен бабалар,
Қарағым елге көрсетпе деуші ед жаманат.

Паң далам мынау, заманым енді не болад?
Келетін ұрпақ арыға қалай жалғанад?
Шығарма жазып отқандай бүгін отырмын.
Шешуін айтшы шырылдап жүрген жамағат.

СӘБИЛЕР ӨМІР ҚЫЗЫҒЫ

Желбіреп шашың кекілің,
Өмірге келдің сәбилер.
Жылайды деп тастамай,
Әже мен ата әлдилер.

Немере, қымбат шөбере,
Үлкейдің алдың, бірің жас.
Қорғаймыз сені ұрпағым,
Боламыз қорған алға бас.

Өзгеріп өмір сендермен,
Сендерден ұрпақ жалғанар.
Есейіп өсіп жетіндер,
Жақсы өмір алда арман бар.

Әзірге жассың бүлдіршін,
Сондықтан қымбат бағаң да.
Аман болсын айтарым,
Әкең мен қымбат анаң да.

Мерекең екен дәл бүгін,
Жырыммен шашу шашайын.
Сыңғырлы тәтті үніңнен,
Шаршауды менде басайын.

Зейнет жас алған ақшама,
Өзіңе сыйлық әперем,
Ең қызығы қолға алып,
Мауқымды басып көтерем.

01.06.2021 жыл

БАРШАҢА БАУЫР БАРШАҢА!!!

Тылсым күш билеп кей сәтте,
Пендеміз мұңға батамыз.
Көкейге келсе небір ой,
Шынымен кімге айтамыз.

Сағымдай болып кетпей ме?
Ойлаған жақсы амалың.
Көппенен жүрген менде бір,
Аузымда сөз бар адаммын.

Құрылған осы бірлестік,
«Жалайыр» атын жамылған.
Сұрарым әрі өтініш,
Тіркелген осы қауымнан.

Не үшін осы біріктік,
Аспанға атып бөрікті.

Алдыға қойып максатты,
Жұмыла кірісу керекті.

Сөз бұйда салмай әр іске,
Дұрыстап көңіл бөлейік.
Орнымен айтқан дәлелге,
Зер салып көңіл бөлейік.

Серік пен Мұхан, Қуырмаш,
Шырылдап жатыр неліктен.
Айырылып біздер қалмайық,
Ағайын деген елдіктен.

Бірігіп білек, ой-сана,
Тірлікті ары түзейік.
Шақырса баба басына,
Көп болып барып келейік.

Тындалмай жатса сөз жетім,
Налаға біздер қалмайық.
Бірігіп біраз бауырлар,
Басына баба барайық.

02.06.2021 жыл.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖЕҢІСІҢ!!!

Әрине, қуанамыз жетістікке,
Танылып жатыр бауыр қалың көпке.
Көк туды желбіретіп Ташкент шахар,
Құттықтау жібереміз айып етпе.

Қос дөңгелек күш түсіп аяғыңа,
Жете бер талай алда арманыңа.
Бұл да бір Алла сыйы саған берген,
Тұрғандай боп көріндің хан тағында.



Қазақпыз жал айырған «Жалайырмаыз»,
Негізі кей кездері қызуқанбыз.
Әйтеуір айналайын, Бақытжаным,
Топ ішінен бөлініп келдің жалғыз.

Дүйім жұрттан дәрежең асып тұрған,
Қос дөңгелек тұлпарың ағып тұрған.
Шаң қауып қарсыласың калған шығар,
Сәтінде көрдің өзің мойын бұрған.

Жетісудың жүйрігі дара шапқан,
Құтты болсын тұғырың өзің шыққан.
Тілектері көп шығар бауырлардың,
Толықтырар кем жерін сені тосқан.

Шара боп ауылыңда тосып алған,
Құшақтап шын ниетпен қолдан алған.
Сол кезде тұла бойға қан ойнады,
Қуанып жан дүниен жақсы ойдан.

Тербеді туыстықтың әткеншегі,
Ұмыттың қиындықты күн кешегі.
Ырза боп ниетінді айттың сонда,
Бойыңа шымырлатып тың күш енді.

Ырымдап сен астыңа тұлпар міндің,
Халқыңның шын пейілін сезіп білдің.
Бұлқынған асаудайын жүрек тулап,
Бір шараға қоскын деп қайтып бердің.



ӨТПЕСІН ҒҰМЫР БЕКЕРГЕ

Көрмесекте бетпе-бет Қуырмашты,
Басталып кеткен екен тойдың басы.
Тілеймін азаматқа әрқашанда,
Домаласын деген ой өрге тасы.

Отасқан жұптық өмір 40 жаста,
Сыйлы екен өткен ғұмыр кәрі-жасқа.
Сәтімен біраз істер тындырғандай,
Өтпеген секілді ғой ғұмыр босқа.

Осылай өмір сені алға бастар,
Соңыңнан ерсе екен кілең жастар.
Ақылыңды айтарсың өзің түйген,
Ойланып санаңменен құрып жоспар.

Өрілген қамшыдайын ғұмырың бар,
Айтылған мағыналы сөзіңіз бал.
Алыстан сәлем жолдап отырмын мен,
Екеуің қол ұстасып жүзге де бар.

Жетпісің қол созымдай қалған шығар,
Жан емессің үйінде жатып бұғар.
Жалайырдай бабаның ұрпағы едік,
Кездері болар алда қолқа салар.

Өскен ұрпақ солардан шабыт алғын,
Немерелер сүйіп өт шөпшек балғын.
Амандықта жүріңіз жұбыңызбен,
Жыр арнадым өзімше шама-шарқым.

Қырық жыл құтты болсын берекелі,
Аралап шарлап көрдің сан өлкені.
Қарызбыз туған жерге білесің бе?
Бала бар елдің қамын ойла тегі.

ТАРИХ ЖАТЫР АШЫЛМАЙ

Ағын судай өмір-ай! Тасып аққан,
Күнің батып, ай шығып, өтіп жатқан.
Айырбастап жатырсың не заманды,
Сан пенделер өтті ғой жанын баққан.

Атпен жүріп арбамен көшіп қонды,
Бағытыңды білдің сен оң мен солды.
Содан бері сан ғасыр алға озды,
Соның бәрі жиылып тарих болды.

Аша алмадық сырларын сонау заман,
Елін-жерін қорғаумен атқа қонған.
Сол заманды қозғаудың ауырын-ай,
Талайы тарих беті өшіп қалған.

Анталаған жауың көп маза бермес,
Өшкен өмір сан ғұмыр қайтып келмес.
Тарих ғұмыр мазасыз жатыр әлі,
Былай ед деп дәл ешкім айтып бермес.

Жобалаумен көз алдың елес болар,
Тұмшалап санамызды небір ойлар.
Шешпесек те үмітпен жағалаймыз,
Қарауытқан қорқыныш жыра-сайлар.

Үміт отын жағумен тарих терең,
Ғажабын сол заманның жазсам дегем.
Өшіп қалған тарихтың сырлары көп,
Айтыңыз дәл шешуін кімнен білем.

Ойларым терең батпай қайрандап тұр,
Замандас сәл болса да мойныңды бұр.
Сол өшкен тарихыңда сезесің бе,
Өзіңнен артта қалған бабалар жүр.

ӨМІР АЛТЫН, КҮНДЕРІМ КҮМІС ЕДІ

Өткізбеші өмірді босқа бекер,
Шыныменен өмірің тез-тез өтер.
Жайбасарлық ізімнен қалмады бір,
Түбімізге негізі осы жетер.

Шимай өмір сызғылап бара жатыр,
Таусылады бір күні кара да тұр.
Қу тақырда қалғандай сөзінерміз,
Шырт ұйқыда алаңсыз балаң жатыр.

Әке көрген «ок жонар» -деген қайда?
Маңайына өте ме тимей пайда?
Құдай-ау маңдай терім қайда кетті?
Сұмдықтың қызыл желі еседі ме?

Сұраған ғұмыр, өмір осы ма еді?
Мазам кетті балама ес кіргелі.
Өз жөнімен жүре алмай бара жатыр,
Басталмаса болғаны сергелдені.

Қуанып ек жас кезде балаларға,
Тұрушы еді сол кезде қуанарға.
Есейгесін ұлдарым не боп кетті,
Жөні болмас бекерге табалауға.

Үмітсіз шайтан ойды ысырайын,
Әзірге жамандығын жасырайын.
Ойпырмай! Кейіндері оңалса екен,
Әкелік көңіліммен жыр құрайын.

Інет келіп үйді-үйде жатып алдық,
Уақыт алтындығын ойға салдық.
Түзеліп кетсе екен келешекте,
Ұрпағым сәлде болса ойланайық.

СӘЛ ҒАНА ЖЫЛУ ЖЕТЕР ЕДІ

Аға деп тұрса інісі,
Көке деп тұрса туысы.
Болар ед сонда адамдар,
Біріне-бірі жұғысты.

Жақсыны сезіп жат білген,
Өмірдің сырын кім білген.
Әйтеуір аман болса екен,
Ауылдас туыс көзкөрген.

Заманға жауып сылтауды,
Іргені алыс салмайық.
Бұрыннан солай айтылған,
Өкініп кейін қалмайық.

Суытып көңіл бекерге,
Жаралап жанын алмайық,
Үлкенді-кіші орнымен,
Жылытып көңіл аулайық.

Осымен құнды өмірің,
Жақының жүрсе маңайда.
Жарқырап тұрар сол кезде,
Жұлдызың жарық маңдайда.

Жусаған қойдай бөлінбей,
Қауым боп жүрсек қайырлы.
Ұмытар едік сол кезде,
Жеңіл де ауыр қайғыны.

Жақсылар бар ғой жақсылар,
Егіліп тұрған елім деп.
Аңғарып байқап негізі,
Көмекті беріп еру тек.

БӘРІ ДЕ АРМАН ОЙЛАСАМ

Күн өтіп, айлар зулаған,
Жаз күні дене қыздырып.
Көлеңке жүрсіз паналап,
Армандап әсем ой қуып.

Екпінді түсіп ойыңа,
Тартыпта кеткің келеді.
Әсемде көркем жер ме еді,
Сулары аққан киелі.

Біздерде құрақ жайқалған,
Каналдан алып қорегін.
Балалар түсіп жатады,
Құмқайыр терең көлдерім.

Қамысты ормай жалқаумыз,
Масыл боп кеттік шынымен.
Аралап қайтқам Түркістан,
Айналдым туған жерімнен.

Қамысың тегін біздерде,
Сан аудан ораса асырар.
Қалды ғой небір шабындық,
Ағайын келсе қарсы алар.

АРҚАЛАП ЖҮГІН АҚЫНДЫҚ

Жетпіске толып бүгінде.
Отырмын жұртым елеңдеп.
Бітпестей болған жастығым,
Артымда қалды елес боп.

Шүкірлік еткен өмір-ай!
Алды да нені тындырам?

Жырым мен ғана негізі,
Шөлімді басып қандырам!

Не жазып, нені ұқсаттым?
Тербетіп ойды шабытым!
Бұған да тәубе дейінші,
Аллаға шексіз алғысым!

Елу бір жаста жыр тұндың,
Бойыма бұрын бітпеген.
Он тоғыз жыл аяңдап,
Келдім бе көмбе діттеген?

Толғаныс болды ойымда,
Арқалап жүгін ақындық.
Көрсете менде алмадым,
Өзіңе жырым салқындық.

Жас шықты кейде мұңайсам,
Егіліп, өксіп, езіліп.
Қуандым пенде адаммын,
Ақындық шабыт сезіліп.

Жетпіске толдым шынымен,
Отырмын бүгін тосылып.
Өтетін менде шығармын,
Поэзия саған бас ұрып.

15.07.2021 жыл

ОСЫЛАЙ ӨМІР АРБАСҚАН

Өмірді айтып тауса алмас,
Өзің мен келеді ілесіп.
Адамдар негізі есейер,
Шайқасқа түсіп күресіп.

Бал да бар, мұнда, «у» да бар,
Сөзбенде адам уланар.
Жылап та алып кей сәтке,
Көз жасын сүртіп жұбанар.

Ғажабын еске алады,
Мұң шағын мүлде ұмытып.
Көңілге түссе сәл қаяу,
Қалады шеке құрысып.

Осылай өмір арбасқан,
Жыландай басы қақайып.
Бұдан да аман шығады,
Кей пенде шындай қасқайып.

Адамда топқа бөлінген,
Пысығы, момын жуас боп.
Әйтеуір менің білерім,
Жаны бар кеуде маза жоқ.

Жарк етіп күндей күлімдер,
Маңайға шашып шуағын.
Асырар кейбір пысықтар,
Момыннан кейде қулығын.

Осылай адам арбасқан,
Жік салып бұзып араны.
Кедергі қойып біреуге,
Ашылмас мүлде қадамы.

АТ БӘЙГЕСІ

Керілген Кертөбелдің шабысын-ай!
Түйе-қоңыр екеуі жарасып-ай!
Қазақтың аламан бұл бәйгесінде,
Кеткені жақсы болды сағы сынбай.

Не деген көрініс бұл таңғажайып!
Жетті ғой көмбесіне болмай майып.
Ішінде жүргендейін әсер алдым!
Тағы да айтайыншы таңғажайып!

Шын қазақ бәйгесімен дараланған,
Қуанып, тебіреніп, қалам алғам!
Жеткізе алмай отырмын шын күйімді,
Қазақтың қызығы осы баққан малдан.

Шынымен тұлпар шабыс қиын екен?
Салтымыз ағайын-ау неткен көркем!
Әйтеуір тойың болса бәйге болсын,
Осылай көрмесем де мақтан етем.

Жалыңнан айналайын! Сусылдаған,
Біткендей отырмын ғой қанат маған.
Көркіне көз тоймайтын бәйге аттары,
Шынымен мақтанамын қымбат маған!

Қос дүлдүл дүбірлеттің сар даламды!
Ұстағандай көріндім бар ғаламды.
Шабысыңа-шабыс қос қиял тербе,
Осындай көрініске таңғаламын!

Бәйгенің көрінісін қия алмадым,
Сондықтан бес-алты жол жыр арнадым.
Бағы жанған тұлпарлар шаба берсін,
Қуанып қос дүлдүлге жыр арнадым.

ШІЛДЕДЕ КЕППІН ӨМІРГЕ

Шілденің аптап ыстығы,
Сағанда кезек жетті ғой.
Жылылық менде аңсаған,
Күндерім талай өтті ғой.

Шілде де кеппін өмірге,
Жыл санау кірген «қоянда».
Сондықтан қымбат бұл айым,
Жыр арнап саған қоям ба?

Ыстығың келер қаңтарға,
Шашатын суық ызғарын.
Көретте пенде осы айлар,
Маңдайға небір жазғанын.

Туған жер біздің ыстық қой!
Осыған бейім өскенбіз.
Артында қалмай келеміз,
«Өмір» атты көштен біз.

Қайсарлық бар бойында,
Осында туған баланың.
Іске асырып жатыр ғой,
Ойлаған небір арманын.

Осыған кейде қуанам,
Бойыма шауып ыстығым.
Өзінде және өсті бір,
Сұлулар небір қос бұрым.

Жадырап күнім жайнай бер,
Кіргенде шілде қуанам.
Туған жер қосып әніме,
Шынымен сенсең жұбанам.

БІРЛІГІҢ БОЛСЫН БАУЫРЛАР!!!

Бірліктің туы шіркін-ай!
Желбіреп тұрса басыңда.
Ынтымақ сөзі жарасқан,
Ағайын жүрсе қасыңда.

Қылыштың өткір жүзіндей,
Жастарым жүрсе маңайда.
Ынтымақ өзі кірер ед,
Даңғара үйің сарайға.

Артынан айтпай ғайбат сөз,
Жарасса сөзің қабысып.
«Ағайын» деген ұлы сөз,
Жүрер ек біздер жарасып.

Армандап жүрміз бабаны!
Оларда біздей адам ғой.
Ұрпақты алға жетелер,
Сенімді қадам, амал ғой.

Үйінде әркім батыр ғой,
Сәл сөзді қырын аңдыған.
Осындай жайсыз тірліктен,
Шықпайды ісің мандыған.

Дұшпаннан жаман андысқан,
Бар сырын бүккен ішіне.
Рақат сонда болар ед,
Айтылса сөзің көсіле.

Билердей шешен сөйлеңдер,
Жасырмай іште шерінді,
Ұрпақтар алға шықса екен,
Қадамын басып сенімді.

САЛҒЫРТТЫҚ КӨҢІЛ ЖАМАН АТ

Көңілде тұрады көп сұрақ?
Жауабын таппай дал болам.
Аман да есен болыңдар,
Өзімнен өрген бар балам.

Алланың сый ғып бергені,
Ұл-қызым өмір келдіңдер.
Әке мен тапқан анаң,
Иланып қалқам сендіңдер.

Алпыс бір жасын бітіріп,
Анашың кетті келмеске.
Айналып кетті өмірің,
Көрген түс шындай елеске!

Әкеңіз асты жетпістен,
Шөбере бағын жағалап.
Әркімдер жүрген шығар-ау,
Осындай сәтті армандап.

Ақындық оймен жыр жазам,
Сендерге сөзім қалсын деп.
Негізі осы пенде де,
Шындығын айтса ойлар көп.

Қағазға түсті ойларым,
Түсініп кейін оқырсың.
Көңіліңе жаққан жерлерін,
Санаңа салып тоқырсың.

Әйтеуір барша ұрпағым,
Сендерге сөзім аманат.
Шығармай жүрсең болғаны,
Салғырттық көңіл жаман ат.

ТІЛЕККЕ ЖАУАП

Шынымен тебіреңтің ақын құрдас,
Көңілім марқаяды болсам жолдас.
Тілекті қабыл алдым ниетіммен,
Қайтара жауап жаздым айып болмас.

Әр сөзің маған шабыт бітіргендей,
Сөздерің ағып жатты қырын келмей.
Ырзамын «кәусар» бұлақ сөздеріңе,
Сезілді ақын сөзі терең көлдей.

Жанымды тербетеді жыр мен дастан,
Байлық жоқ жылы сөзден шіркін асқан!
Менде өзіңе тілеймін ақын досым,
Отбасы, ошақ қасы, ашық аспан.

Сөзіңнен шабыт алып шыңдалайын,
Бітпеген істеріме қол созайын.
Қолдаса ақынды-ақын шын ниетпен,
Ал Сәке! Риясыз қол соғайын.

ОЙЫМДЫ КІММЕН БӨЛІСЕМ

Ой тербеп сырың айтылар,
Қашанғы іште сақтайсың.
Көңілің түссе біреуге,
Тигізбей жерге мақтайсың.

Осының өзі дем берсе,
Бәйгеден келген аттайсың.
Достықтың жүгі ауыр ғой,
Сондықтан оны сатпайсың.

Ойымды кіммен бөлісем?
Мазамды кейде кетірген.

Айта алмай сырды жасырып,
Санама жерлеп өшіргем.

Риясыз көңіл жақсы ғой,
Бөлісер кейбір қиындық.
Жақсы іске кейде себепкер,
Болады сөзі мұрындық.

Теректей жалғыз қақайып,
Жүргеннен қандай пайда бар?
Бөліссен шерді біреумен,
Көңілің аздап жай табар.

Жалғыздық Құдайға жарасқан,
Әлемді билер күші бар.
Адам мен Адам жолығып,
Тағдыры бірге қосылар.

Селт еткен сезім жетектеп,
Малданып соған қаласың.
Көппенен көрер қуаныш,
Адамға шындай армансың.

29.07.2021 жыл

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМЕ - 30 ЖЫЛ

Елекке салып ойымды,
Кейінге біраз шегінсем.
Ойында адам тұрса екен,
Еліме осы не берсем.

Салмағы ауыр «егемен»,
Елдігім бізге бұйырды.
Бодандық бұлты сейіліп,
Алдыға мақсат қойылды.



Жылжымай қалды көп істер,
Одакка біздер байландық.
Қазақтың таза тізгінін,
Егемен ел боп қолға алдық.

Бәрінде барша білесің,
Қиындық көріп түзелдік.
Жаһанға шығып атымыз,
Биіктен біздер көріндік.

Шетелден тартып жәрдемді,
Мұнай мен небір кендерге.
Сондықтан байлық кетті ғой,
Ақшасын салған шетелге.

Қырманың толды астыққа,
Жасалды небір еркіндік.
Жасырып оны қайтеміз,
Істелді сансыз көп еңбек.

Малданып селқос қалдық па?
Жинамай етек-жеңімді.
Қорғасын басшы айтарым,
Елім мен туған жерімді.

Тізгінді беріп жат жұртқа,
Қарадық соның қолына.
Жалтақтап кейде караймыз,
Келер деп қашан жолына.

Оқыттық білім «болашақ»,
Жастарым барды шетелге.
Білімі қайда жинаған,
Көмегін бермей кете ме?



Босаңсып кеттік шынымен,
Алақан жайып жоғары.
Еңбегі қызбай елімнің,
Қалайша елім онады?

Отыз жыл толады дәл биыл,
Тәуелсіз елсің мақтанған!
Қимылда халқым қимылда,
Жақсылық жаумас аспаннан!

Маңдайдан тамса ащы тер,
Ісіміз алда оңалар.
Кезі де кеп тұр жаңғырар,
Жақсылық іс көп қолға алар.

Қымбатты халқым еңбектен,
Қызғыштай қорып жерінді.
Аянбай басшы басқарсын
Қазақтай дарқан елімді.

06.08.2021 жыл

ТЫҒУЛЫ САНДЫҚ СЫРЫҢ БАР

Оқырсың барша оқырман,
Тергілеп кейбір беттерін.
Ойыңа сонда түсе ме?
Сенінде бұрын өткенің.

Жарқ еткен күндей жақсылық,
Жаныңа шуақ құяды.
Әркімнің кейбір айтылмас,
Жанына жақын сырлары.

Сүзгіден өтіп кейбірі,
Жырыма әсем айналар.

Шығара алмай санадан,
Сыр сандық тығып қойған бар.

Бұғалық салған асаудай,
Жырларым әсем туласын.
Кемшілік тұстар көп болар,
Адаммын пенде болғасын.

Алатау биік шыңым бар,
Сөз деген неткен шырын-бал.
Айта алмай жүрген бәрінде,
Тығулы сандық сырың бар.

Ашылмай қалған құпиям,
Айтсам ба деумен оянам.
Селт еткен сол сезімді,
Көрпесін жауып мен қоям.

Әркімнің бар ғой басында,
Кәрің бол, мейлі жасында.
Жасырған небір сырлар көп,
Мойында шындық расында.

05.08.2021 жыл

КӨҢІЛДЕН КЕТСЕ ЕКЕН ҚАЯУ МҰҢЫҢ

Ұсақталып кетпейік, ұсақталып,
Қаласың кей кездері ойға батып.
Сәл нәрседен шошынған үрей басым,
Түзеле ме заманым барып-барып?

Бозторғайды көксеген заманым-ай!
Шынымен қайда беттеп барасың-ай.
Шұбырғаның аз ба еді елім айлап,
Тағы қандай сойқанды көресің-ай!



Вакциналап жар салған заман болды-ау,
Бұрынғы еркін заман қараң болды-ау.
Аунайды мына заман қалай қарай,
Түсінбейтін құйтырқы заман болды-ау.

Қойдай қамап аулаңнан шыға алмаған,
Дейміз ғой мұны дағы Құдай салған.
Сонда да бейберекет болып кеттік,
Ешкім мұның шешуін айта алмаған.

Үрей басым, айтылған қауесет көп,
Әйтеуір түсініксіз құр өсек тек.
Осылай өмір алға жылжып барады,
Қалардай айдалада шарасыз көп.

Осындай заман бізге тап келгені,
Көбейіп бара жатыр әттең дері.
Сайқымазақ өмір-ай қайта соққан,
Осындай зұлмат бізге керек пе еді.

Көңілден кетсе екен қаяу-мұның,
Жеткізе алмай отырмын елдің мұның.
Айтам деген сөздерім қалды-ау бұғып,
Азайса деп тілеймін мұң мен сорың.

02.08.2021 жыл

АМАН БОЛҒЫН, ҚАЙДА ЖҮРСЕҢ БАУЫРЫМ!

Көңіл деген жылы сөз ғой бауырым!
Ағайынды сырттан байқап тануың.
Қол ұшыңды бермесенде әйтеуір,
Қалайсыз деп көз қырыңды салуың.

Жылы ұшырап бір-біріңді көргенде,
Шын ниетпен, сәлеміңді бергенде.

Қарсы алғаның ұшып тұрып орныңнан,
Қуанасың осы сәтті көргенде.

Бауыр деген ағанның бұл тұяғы,
Айтылмады ішіндегі сыр әлі.
Жасқаншақтап өтіп кетсе жаныңнан,
Туыстықтың бәйтерегі құлады.

Қиналса да айтпайтұғын мұң-шерін,
Бұрылсаңшы туысың ғой бұл сенің.
Қарабайыр болса дағы тым жуас,
Шыныменен туыссың ғой бір қаның.

Ауыл-аймақ туыстықпен бекіген,
Кете алмайды «ей қойшы» деп бетімен.
Байланған жіп үзе алмайсың оны сен,
Араласу өз ниетің еркіңмен.

Бағындырар қарттар кеткен келмеске,
Жеке қалып сен жырақтап мұң кешпе.
Қол сілтеме бауырыңа әйтеуір,
Татуласып кетесің ғой бір кеште.

Аман болғын, қайда жүрсең бауырым,
Шыныменен елжіредім, сағындым.
Туыстықтың жүгі ауыр тым қымбат,
Орны бөлек сондықтан да бауырдың.

07.08.2021 жыл

ҚИМАЙТЫН ТУЫС ТІЛЕКШІ БАРША ЖАЛПЫҢА

Санаулы сағат, санаулы минут, құдай-ау!
Шынымен өмір, шынымен зулап барадыау.
Жетпіске кеппін, жетпіске кеппін ағайын!
Тәуекел деумен елпендеп қарсы алам-ау!

Өзімнен жырды қалайша аяп қаламын,
Тағдырдың өзі сый қылды жырдың қаламын.
Із салып едім поэзия сенің көгінде,
Қалса екен деймін менінде жүрген кадамым.

Ағайын-туыс бәріңді кейде сағынам,
Сағынышпенен кеселден небір айығам.
Қалды ма кейде ағаттық кетіп көңілің,
Қалайша енді күнәмнан бауыр арылам?

Кешірім болады, өйткені қимас жандармыз,
Қиында болса өмірдің көшін жалғармыз.
Жаңылыс деген ілесіп жүрген «жансыз» ғой.
Ары тұр деген қатқылдау сөзге бармаймыз.

Сонымен құнды бәйгедей мына өмірің,
Жалғансын алға туыстық «алтын» тұғырың.
Жете алмай жүрсем алыстан кейде сыйласып,
Ұзақ та болсын тірлікте сенің ғұмырың.

Шектелмей алда, шеттетпей өмір жалғансын,
Таусылмай өтер өмірде мына арман шын!
Әкеден қалған, бабадан қалған тұяқпыз,
Тағы да айтам, тоқтамай алға жалғансын.

Жетпіс жыл міні ғұмырым қалды артымда,
Содан да болар, азырақ мұңды шақтым да?
Сағыныш басар жырларым осы жетсе екен,
Қимайтын туыс, тілекші барша жалпыңа.

ДИНМУХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАУ

Іленің қос қапталы жал-жал төбе,
Ойыма түсіп отыр осы неге?
Мекені ата-баба Димашымның,
Мәні де, тірлігіде осы Іле де.

Мақтанар Балқаш елі, иісі қазақ,
100 жылдық мерейтойын жатыр жасап.
Артына өшпестейін із қалдырып,
Нар тұлға, бұл қазақи неткен ғажап!

Том-том боп жазылып та жатыр ісі,
Тоқтамай өтіп жатыр өмір көші.
Ішінде дара тұлға кетіп барады,
Артық сөз, дүниемен болмай ісі.

Көз көрген талай жақсы тебіренген,
Өзендей асып жатты кемерінен.
Үш мәрте еңбек ері атанғанын,
Біледі жалпы халық көзі көрген.

Балқашты ұстап еді назарында,
Бөлгіштей бермей барша қазағында.
Келген сайын жаңалық әкелуші ед,
Не сыр жатты соның бір ар жағында.

Сан мәртебе сайланып Бақанастан,
Келген сайын қол алып құшақтасқан.
Ол келгенде бұлт тұрмай аспанымда,
Күнде келіп аямай нұрын шашқан.

Қос қапталды жалғады «көпірімен»,
Біледі қасиетін өтіп көрген.
«Поромдатып» жатушы ед жіппен тартып,
Аралап мұны дағы өзі көрген.

Тізе берсең таусылмас жалғанатын,
Келген сайын бір істі қолға алатын.
Сөйткен дара Димаштан айрылыппыз,
Енді кім бар ісіңді қолға алатын.

Жолда салып, каналда қазылып ед,
Сан аурудан халқым да жазылып ед.
Сол жасалған істерді шашып алмай,
Жүрсек болды енді біз ие боп тек.

Қолын алғам мен дағы Димашымның,
Аялы алақанның табы қалған.
Сол сәтті менде халқым мақтан етем,
Келгенде ауылыма тосып алғам

АНАМ – СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ СӘУЛЕБИКЕ
(1916 – 01.05.1997 ж.ж.)
ҰЛУ ЖЫЛЫ
АҚСҮЙЕКТЕГІ АШТЫҚ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ
(1931-1932 ж.ж.)

Анамнан естіп әңгіме,
Сол кезде ойға қалғанмын.
Бертінде бұны жазуға,
Қолыма қалам алғанмын.

Тереңнен қозғай ойлансам,
Мекенім Балқаш шалқыған.
Естіген сол бір естелік,
Арнадым анам артыңнан.

Басыңнан кешкен сол нәубет,
Желісі маған ой салған.
Тағдырың салған қиындық,
Өзіңді тосты сан алдан.

Оралсам оймен сол сәтке,
Шалқыған теңіз елестер.
Жайқалған құрақ жағасы,
Өмірде болған тар сәттер.

Көпірши толқып Көк-теңіз,
Бір тасып, бірде азайған.
Теңізден алып нәсібін,
Мекендеп ел-жұрт талайдан.

Азаймай бейнет, ащы тер,
Біріне-бірі жалғасқан.
Асыпта кейде төгіледі,
Айналған пәле, бір бастан.

«Ақсүйек аштық» алдынан,
Тосарын ел-жұрт білмеген.
Жалғаса кірген зұламат,
Қарауға мұрша бермеген.

Қолдағы барды жинатқан,
Сталин берген бұйрықты.
Аша тұяқ мал қалмай,
Алынды жал мен құйрықты.

Қолынан малы алынып,
Тірліктің кеткен ажары.
Уайым, үрей билеген,
Жәудіреп қалған жанары.

Тоз-тозы шыққан қалың ел,
«Үш – Қамау» мекен тұрағы.
Мезгілсіз өлген кәрі-жас,
Ертелеу сөніп шырағы.

Көздерден ағып ыстық жас,
Бағыттан барар адасқан.
Аштықтың тартып азабын,
Жан-жаққа тоза ел босқан.

Басшыдан болмай еш қайыр,
Жазықсыз елім қырылған.
Жайлаған осы аштық жұт,
Бұйрықпен қолдан жасалған.

Қолында құрал ауы жоқ,
Бөлінген елден не бір топ.
Үміті елдің үзілген,
Жоғары жақтан қайран жоқ.

Зұлымдық бітпей жалғасып,
Тығылған астық жиналған.
Белсенді бұған кінәлі,
Барынан жұрдай тоналған.

Ішінен бөлдім бір «топты»,
Жансауға көптен бөлінген.
Күндерін барып көрмекші,
Өзекпен терең көлдерден.

Азығын таңып арқаға,
Нарынды бойлай жол тартқан.
Азая сиреп қалды ғой,
Шұбыра көшкен сол топтан.

Тірелген келіп «шоқыға»,
Алыстан діттей барлаған.
Шұбырған тобыр аялдап,
Шоқыдан барлап байқаған.



«Қушоқы» келген жер аты,
Сайында көлі сұлаған.
Арқалап келген үйлерін,
Кереге кере құраған.

Ауларын құрып жайланған,
Сиынып жалғыз Тәңірге.
Соғылып балық түскені,
Ауларға құрған іңірде.

Қазаны қайнап буланған,
Ажары кіріп бір сәтке.
Сарғая атып күн шықты,
Таялған уақыт күн сәске.

Ау көзін жамап-жасқаған,
Жансақтау болып ойлары.
Нешеме сүрең ойлар кеп,
Шақшадай басты торлады.

Балықта ауды алалап,
Біріне түссе, бірде жоқ.
Осылай жаймен күн кешті,
Бірде аш күні, бірде ток.

Таң атып кеш батқаны,
Аштықтың жайлап базары.
Басталған солай қырғының,
Адамға түсіп назары.

Бірігіп келген ағайын,
Қайтадан көшкен балық жоқ,
Шоқыда қалды жалғыз үй,
Қайтуға ешбір амал жоқ.



Қараша үйде төрт жан бар,
Тағдырын жазып көрейін,
Осылар жайлы толғауды,
Тыңдаңыз айтып берейін.

Әке мен ана, екі қыз,
Сол жұртта, қалған осылар.
Қалайша бұлар аш болар,
Мылтық пен құрал ауы бар.

Аштықпен ерген сан тажал,
Адамға жайып құшағын.
Кенеттен өлген анасы,
Таяған ажал пышағын.

Анасын жуған арулап,
Орауы болған алаша,
Осылай үйден сән кеткен,
Түсе алмай ажал араша.

Қарала қапқа салынған,
Тары бар ақтап сақтаған.
Ауқаттың түрі осылар,
Шоққа сап балық қақтаған.

Ауырып бір күн сіңлісі,
Жанарын ашқан әлсіреп.
Жанына батып ауырлық,
Шарасыз әке күрсінеді.

Күн бата сөніп шырағы
Қызынан әке айырылған.
Еңсегей белі бүгіліп,
Жабылып қабақ мұң тұнған.



Осылай екеу, әке-қыз,
Үй жығып қайта көтерген.
Құлазып көңіл қалды ғой,
Айырылып қимас екеуден.

Талай күн өтті сүреңсіз,
Әке мен қызы жан баққан.
Сыртпенен үзіп байланыс,
Үзілген үміт жан-жақтан.

Нағашым аты Сәрсенбай,
Ісіне мығым болған сай.
Айырылып әйел қызынан,
Қойды ғой жасы құрғамай.

Он бесте сонда анашым,
Нәубетке мына бекінген.
Қырылды айтып не керек,
Жаспенен кәрі шетінен.

Талғамай жұтып ажалың,
Аяусыз салған қармағын.
Бертінде мұны өлшеген,
Ауырда түпсіз салмағын.

Үзілмей жібі ауырлық,
Қайтара келіп жармасқан.
Ауырып қызы құлаған,
Талықси көзін ашпастан.

Солғындау тартып ажары,
Қалтырап гүлдей қуарған.
Әкенің кетіп мазасы,
Көз жасын төге жылаған.



Жасалған амал-шарадан,
Әзірге болмай қайыры.
Құшақтап екі тізесін,
Үмітсіз әке қажыды.

Әзірге жейтін асы бар,
Тары мен балық ауқаты.
Бойыңа сіңбей сол асың,
Ұлғайды қыздың сырқаты.

Арудың аты жаман «Қара тышқак»,
Кеселге тұра алмады ешкім шыдап.
Қызуы көтеріліп жан шыдатпас,
Жан сарайы күйеді ерін құрғап.

Жалғасып күндер осылай,
Тіршілік оты сөнердей.
Қиналған қызы алдында,
Атырған таңды көз ілмей.

Қызына таппай еш шара,
Үміті әке үзілген.
Сан күнгі тартқан азаптан,
Жанары жабық көз ілген.

Сиынып жалғыз Жаппарға!
Көтеріп қолын жылаған.
Жанында жалғыз үміті,
Ажалға қызын қимаған.

Сарсылып ұйып аяғы,
Қол тірей алға ұмтылған.
Жайменен ұстап тұтқаны,
Есікті жапқан сыртынан.

Көз алды бұлдыр сағым боп,
Қолын кеп тосқан маңдайға.
Зер сала әке қарады,
Ойнаған сағым маңайға.

Құлазып көңіл қалардай,
Маңайдың кеткен ажары.
Көзіне түсіп бір ноқат,
Ауғаны соған назары.

Таңғалып оған шыдамай,
Қарады тағы анықтап.
Қалбаңдай ұшқан сол құстар,
Көлге кеп қонған қалықтап.

Бірқазан! Жаулап, назарын,
Өзіне тартып барады.
Есікті ашып бір сәтке,
Қызына барлай қарады.

Талықсып қызы ұйқыда,
Сан күнгі тартқан азаптан.
Жанына келіп жақындап,
Сипады иіскеп маңайдан.

Өлім мен өмір арпалыс,
Әкенің қызы күй кешкен.
Мейірімін төккен әкенің,
Қалды ғой қызы білместен.

Қолына ұстап шитіні,
Қайыра шыққан үйінен.
Осылай болған оқиға,
Айтыпта жүрер кейіннен.



Бірқазан арбап санасын,
Қарайлай берген артына.
Сығалай жабық қарады,
Ұйықтаған қызы қалпында.

Баратын жері жақын боп,
Көрінген әке ойына.
Ерекше бір күш жиналды,
Шымырлай келіп бойына.

Мылтығы тимей біраз күн,
Өмірге болған назалы.
Ауру кеп оған қосылып,
Кетірген еді мазаны.

Қызы.

Сан күнгі азап қиналған,
Ұйқыдан анам оянған.
Көзіне ешкім көрінбей,
Тұра алмай текке қиналған.

Көтеріп әлсіз кеудесін,
Кереге тарта жармасқан.
Сол сәтте басы айналып,
Есінен қайта адасқан.

Жанарын ашып солғындау,
Қайтара есі жиналған.
Еңбектей басып алдыға,
Сүйретіп тәнін қиналған.

Сықырлай есік ашылған,
Шалқайып барып сыртына.
Дірілдей басқан қадамы,
Бағынбай тұрды ырқына.

Жанары көрмей еш нәрсе,
Бұлдырап кеткен айнала.
Сығымдай ұстап босаға,
Құламай тұрды шайқала.

Әке.

Ширақтау басып адымын,
Ентелей алға ұмтылған.
Асықпай әке қайтеді,
Жалғызда бір тал қыз қалған.

Көкейде көл мен өзегі,
Мұғдарлап шама келеді.
Алдамасын түйсіктің,
Мүлтіксіз сезіп біледі.

Көмкеріп көлді айнала,
Көк құрақ басқан жағасын.
Жайменен ашып келеді,
Сыбдырсыз қамыс арасын.

Көлбетін жайлап Бірқазан,
Сүзгілеп көлді шарлаған.
Иыққа тірей мылтықты,
Сығалай көздей барлаған.

Мергенді көріп таялған,
Шағала шырыл қаққаны.
Шүріппе басар сәт келді,
Кідірмей көздеп атқаны.

Көл бетін жайлап құс базар,
Дауыстан ащы шошынған.
Қалбаңдай ұшқан Бірқазан,
Атылған мылтық тосыннан.

Атылған оқтың дәрісі,
Көл бетін жапқан көк тұман.
Құлаған құсты көре алмай,
Нағашым барлай көп тұрған.

Сейілген түтін бір сәтте,
Құлаған талай Бірқазан.
Қалқыпта жаймен келеді,
Көңілі күпті жайланған.

Құрғаққа сүйреп шығарған,
Бірқазан төртеу, қарабай.
Тездете кері қайтпақшы,
Ойында қызы қарайлай.

Иыққа бөліп олжасын,
Теңселе басып жөнелген.
Тәңірге жалғыз ыриза,
Көз ұшы «шоқы» көрінген.

Қызы.

Маңайдан көрмей әкесін,
Құлазып көңіл жүдеген.
Мөлтілдеп келген көз жасын,
Төгуге ырық бермеген.

Қалайша мені тастаған?
Еріксіз көзден жас тамған.
Шыжғырған тамыз күйіп тұр,
Осылай қинап өш алған.

Үрейді жеңіп жас көңіл,
Алысқа қадап жанарын.
Тосқандай үміт үзіліп,
Мезгілсіз келер ажалын.

Жайлаған ішін қорқыныш,
Санасын жаулап барады.
Алыстан көріп қараусын,
Назарын соған қадады.

Ұсқынсыз, жалбыр-сұрықсыз,
Жақындап қалған адымдап.
Есікті жапқан ішінен,
Байлапта жатыр шимақтап.

Жақындап қалған ажалды,
Осылай тосып айқаспақ.
Ентелей басқан құбыжық,
Кетердей жаншып ол таптап.

Сығалай жабық қараған,
Сенбеді өзі көзіне.
Үстінен түсіп алапар,
Әкенің тұрған өзі де.

Қуаныш жайлап бір сәтке,
Әке мен қызы қауышқан.
Жаналғыш әке боп шықты,
Көрінген жалбыр алыстан.

Шүкірлік айтып Аллаға,
Суыған көңіл жайланған.
Сойылып еті Бірқазан,
Бөлшектеп іштен май алған.

Қызына аман қуанып,
Тоғайды әке көңілі.
Жалғанды үміт үзілер,
Оянды алға сенімі.

Денеден шығып жіпсіп тер,
Қызы мен әке тойынған.
Жамандық кеткен сияқты,
Үрей де кетіп бойынан.

Денеге сіңіп ішкен ас,
Шымырлап қуат жинаған.
Артта қалды не керек,
Ауру мен азап қиналған.

Ауға да соғып көп балық,
Қырсықтың жібі шешілген.
Бойларға жинап күш-қуат,
Ашылды жолы кесілген.

Байланыс орнап ел-жұртпен,
Хабарын елдің сұраған.
Таркады қара бұлт сейіп,
Төбеден төне торлаған.

Ауылда қалған көп қауым,
Бірлікпен тары айдаған.
Қорыған торғай, доңыздан,
Тарыда бітік жайнаған.

Осылай естіп хабарды,
Ауылға кері қайтпақшы.
Сақтады құдай осылай,
Қабыл боп аққан көз жасы.

Жыңғылды ойған ішінен,
Сүйегін үйдің жасырған.
Кейін келіп алмақшы,
Қайыра соғып артынан.

Әкеде қайрат мол екен,
Осынша жүкті көтерер.
Аманда қалды осылай,
Жалғыз қызы жетелер.

Тырмыштай артқан жүк ауыр,
Соңымнан қызым ерерсің.
Қолыңа алғын торсықтан,
Шөл қысса жолда ішерсің.

Тобықтан батқан аппақ сор,
Адымын әзер аштырған.
Ілесіп қызы келеді,
Әлсіз ед кеше қаз-тұрған.

Аялдай тоса тоқтаған,
Қызына артта ілескен.
Ұмыт боп кейін қалар ма?
Қиындық бастан бұл кешкен.

Қинала жеткен Нарынға,
Тіршілік нәрі су аққан.
Таптаған қопа қамысты,
Төседі майда құрақтан.

Көтеріп қызын жатқызған,
Әлсіреп жеткен ізімен.
Мейірім жасы үзілді,
Қайратты әке көзінен.

Екі-үш күн жүре табысқан,
Бөлінген туыс-бауырмен.
Көрісіп жатыр дауыс саң,
Оралған тірі барымен.

Өлгенін алып есіне,
Бағыштай Құран арнаған.
Сөгілер дейін қабырға,
Осынша ауыр қайғыдан.

Жиналған тары мол болды,
Бөлінген жанның басына.
Қиналған күндер артта қап,
Көтерген көңіл тасына.

Анамыз асып сексеннен,
Ұрпағы өсті кейінде.
Айтылған, сөзді жеткіздім,
Бұрмалай, созбай қалпында.

Бояуын таппай толғаудың,
Ойымнан осы жыр шықты.
Жазып та отқан автордың,
Көзінен ыршып жас шықты.

Сезімім түсіп сабама,
Тыныстай терең дем алдым.
Артында қалған ұрпағы,
Тағдырын әжең мен жаздым.

Жетпіс жыл толған осы әуен,
Шыңылдай құлақ кетпейді.
Қырылған қалды көмілмей,
Жоқтауым сірә жетпейді.

2002 жыл

БАТЫР БАБАЛАР

Ереуіл атқа ер салып,
Ел қорғаған батырлар.
Шуы кетпес даламды,
Қорғап өткен батырлар.

Қазан ат мініп астына,
Ер жастанған батырлар.
Ақ найзаны қолға алып,
Ақырып өткен батырлар,

Ши өтпейтін жерінен,
Садақ тартқан батырлар.
Қансыратып қас жауын,
Қанжар сұққан батырлар.

Кере қарыс дулыға,
Басқа киген батырлар.
Оқ өтпейтін шимай тор,
Сауыт киген батырлар.

Ат үстінде шіреніп,
Жебе тартқан батырлар.
Жауы шапқан айлалы.
Ебін тапқан батырлар.

Ел шетіне жау келсе,
Қол жинаған батырлар.
Көлегейлеп қол салып,
Алға ұмтылған батырлар.

Найза, қалқан қолында,
Қылыш, семсер бойында.
Түрі сұсты бойы тік,
Ел қорғау тек ойында.

КӨКТЕМ ШУАҚ

Аспан ашық мөлдіреп,
Төкті нұрын жерге көп.
Сай-саланы су басты,
Көктем лебі Наурыз кеп!

Бала, кәрі, жасы да,
Желпініп кетті тасына.
Атқып мініп таяқты,
Балам келді қасыма.

Не болды Ата, бұл өзі?
Наурыз айы жеткелі.
Ойнай алмай сырғанақ,
Қар еріп бір кеткелі.

-Е, қарағым, көктем бұл,
Күн аямай төккен нұр.
Әлі-ақ кебер батпағың,
Бетіңнен кетер сатпағың.

Батпақ баспай тыныш жүр,
Күрек алып суды бұр.
Көмектес келіп атаңа,
Ерінбе балам мойын бұр.

(Елзаттың ойлары.)

Атамнан көп пе сұрарым,
Сөзімнің басын құрадым.
Жайменен келіп қасына,
Бір әңгіме сұрадым.

Сұрақ:
-Ата апаммен қашан қосылдың?
Біле алмай жөнін тосылдым.

Алыс боп кетті өзі бір,
Басымды мен бір қасындым.

Жауап:

Қасыма балам басыңды,
Білерсің талай ойымды.
Шуақты көктем кезі еді,
Ата-анам салды уайымды.

Келін түсір кез келді,
Қу ішім менің сезгенді.
Сонымен іздеп апанды,
Тауып алар кез келді.

Не керек іздеп апанды,
Атырдым ұйқысыз ақ таңды.
Шынын айтсам балам-ау,
Апанды іздеп тапқамды.

Содан бері Елзатым,
Өтті талай көп жылдар.
Сен айтпасаң энекей,
Еске түспей кім жырлар.

Наурызда болды тойымыз,
Құп алып мұны қойыңыз.
Содан бері 30 жыл,
Жасалды сонда тойымыз.

Осы еді балам жауабы,
Жақсы істің болар сауабы.
Көңілің сенің жайлансын,
Тағы әңгіме ойларсың.

30 ЖЫЛ

30 жыл өмір кештік биыл көктем,
Ой түйіндеп алайын жиып көптен.
Түйіндейтін жұмбақ сыр жоқ қой менде,
Балалықтың тендерін тастап кеткем.

Сынаптай сырғып өмір өтіп жатыр,
Өмір кешіп жүрміз ғой баяу қатар.
Жастықпен білінбей өткен істер,
Шыққан күнде кештетіп ол да батар.

Бала-шаға өсірдік, қызық қуып,
Жақсылармен мендағы жүрдім жуық.
Арамызға түспесін ешбір сызат,
Жүрмейікші екеуміз өкпе қуып.

Жыр жаз дейсің көңіліңнен шығатын,
Болдырмайды менің мінген жыр атым.
Кей-кездері шөлкем шалыс келерміз,
Арналады аздау сырым бұл хатым.

Артық кетсек кешірімді болайық,
Балаларға бірге барып тұрайық.
Қуаныш көп мұнайма сен алдыда,
Жақсы әңгіме үлкендерден сұрайық.

Сезім деген қайнап тұрған жыр екен,
Немерелер өзі сондай тәтті екен.
Отбасымыз жайнай берсін шуақты,
Шаңырақ бұл сыйлай білсек құт мекен.

Өкпе деген қайнаған бір қазандай,
Жыр жазайын еркелеген баладай.
Көңіл өссін шарқ ұрып алысқа,
Келер алдан іздеген көп табыста.

ТУҒАН ЖЕРІМ ҚАРОЙЫМ ҚҰТ МЕКЕНІМ!

Ауылым, алтын бесік кіндік кескен,
Ыстығы-суығымен күндер кешкен.
Қайсы бірін айталсам толар көңіл,
Самалы Балқашымның баяу ескен.

Ыстығың аптап еді «сахарадай»,
Қалайша мен кетпекпін бағаламай.
Қойнауың өзен-көлің шар айнадай,
Ұмытам бұл сезімді қалай ғана!

Шаңында асыр салып ойнаған кез,
Жырымды ақтарайын байыппен тез.
Мөлдіретіп жырымды жазайыншы,
Ту сыртымнан қадалған бір тылсым көз.

Жақындап мен өзіңе тербелейін,
Жастық шақ өткен өмір сенде деймін.
Мақтайын Мұқағали ақынға ұқсап,
Жырым шықса несіне күрмелейін.

Туған жер әркімдерге ыстық қандай,
Өзіңде өтті күндер кеуіп таңдай.
Ащы мен тұщыны татқандаймын,
Анамдайын қош алып қарсы алғандай.

Нарыным Қаройымды жарып аққан,
Біледі бұл өмірді дәмін татқан.
Қаладайын елестер көз алдыма,
Қарасам мен өзіңе алыс жақтан.

Баладай елжіреттің жүрегімді,
Тауып сенен жеп өстім қорегімді.
Төгілген маңдайымнан ащы терлер,
Жырыммен ашайыншы көмейімді.

Жусаны мен жуа иісі бұрқыраған,
Қалайша сені қиып кетеді адам.
Айналдым көрген көзде жазық жоқ қой,
Алыстан жыр арнаған мен бір балаң.

Қай төбе белесінді жазам бөліп,
Бәрінде тұрғандаймын айтқым келіп.
Нарыным сексеуілмен өрілгенді,
Жер-ана тұрғандайын бәрін беріп.

Өзіңде шабыттанған ақындар көп,
Жазбаймын бөле-жарып аттарын тек.
Сол толқынның жалғасқан жалғасымын,
Ашылған 51-де жырларым бек.

Жырларым кеш қалдым деп айта алмаймын,
Көзіңе тіке қарап тайсалмаймын.
Алланың осы берген қуатынан,
Жақсылықтар әр кездер басталғайын.

Ту тіккен әркімдер-ақ өз елінде,
Алшаң басып жүрмін мен өз жерімде.
Отаны бар ер жігіт арман бар ма,
Сыйласып туыс-бауыр жас келінде.

Пейілі тарылмаған қайран елім,
Шөл-шөлейт бау-бақшалы таулы жерім.
Бар байлық бір өзіңе шөгіп қатқан,
Ақ қайың, боз қарағай неткен керім.

Мақтаған сан ақындар таңдай қағып,
Ортадан өзендері жатыр ағып.
Ертегіде болған бір ғажаптайын,
Даналар жүр ел іші сөзді бағып.



Жығылмасын туымыз, көк байрағым,
Мен дағы өз-өзімді көп қайрадым.
Қайралған өткір алмас секілденіп,
Туған жер мен де өзіңе жыр арнадым.

Қабыл ал олқысын ба пәк жырымды,
Жазармын әлі талай мен сырымды.
Есейсем де есімнен шығармаймын,
Бөлісемін ойыммен бар сырымды.

10.12.2003 жыл

ЖЫРЫМ ЖАЙЛАУ ҚҰЛАЗЫМА КӨҢІЛІМ

Сан жылдар жан бағумен күндер кештім,
Қол босап жыр жазуға белді шештім.
О, Алла қаламыма қуат бергін,
Мендағы жыр дария суын кештім.

Ойыма оралса тек ойлы жырлар,
Алыс боп көрінеді белес қырлар.
Табатын сол биіктен орным бар,
Болмасын жырым маған пейілің тар.

Күн шықса елендеумен қарайлаймын.
Дүние көз алдымда шыр айналдың.
Алатын жыр биіктен үлес қайда?
Ойыммен менде бір сәт бажайлаймын.

Татымды тұщы жырлар қайда кеткен?
Көңілімді сәл де болса желпіп өткен.
Әлде ол елес болып қалар ма екен?
Жырғада әркімдер бар терін төккен.

Мақтадым мен өзіңді қолпаштадым,
Ашылған есігім ең сор мен бағым.



Жеткізе алмай ойымды кетемін бе?
Алдағы мен отырар алтын тағым.

Тақ деген атақ-даңқ, абырой ма?
О, Алла ниетімді өзің қолда.
Айырылып қалмайыншы осы тақтан,
Жеткенде бұл қасиет әзер зорға.

Мінезі кейде дүлей, кейде дауыл,
Арқалатып кетеді жүгін ауыр.
Көтердім неде болса жырдың жүгін,
Сыздатып ауырса да жүрек бауыр.

Пейілің тарылмасын өлең «пырақ»,
Жалыңнан ұстайыншы баппен тарап.
Дұрыстап жыр жазайын болашаққа,
Енді мен бір өзіңе салдым тұрақ.

08.12.2003 жыл

КҮШТІЛІК ӨЛШЕНЕТІН ӨЛШЕМ БАР МА?

Осы біз қарыздармыз өмір-өзек,
Ауыстырып тұрғандай алма-кезек.
Ойпырмай, жаратқанның күштісін-ай!
Әркімдерге дәреже билік береді.

Бір басына қонады бақ пен байлық,
Кейбіреу таба алмай жүр күндік шайлық.
Осынау бөлшектенген заман ағым,
Күшті Алла алады өзі қайырып.

Күштілік өлшенетін өлшем бар ма?
Тыныштал тығулы күлшенді ал да.
Тектілер тексіздерге жол сілтеген,
Шыдашы өмірден өшінді алма.

Шырағың, сөнбесінші мейірімді жан,
Бойыңда ағып тұрса шымырлап қан.
Тіршілік есептелер мейіріммен,
Жақсылық көріп өтші атқанда таң.

Мейірім Алла сөзі қайталанған,
Әркімнің өз биігі шыққан арман.
Армансыз жан болуға мүмкін емес,
Ардақтай білейікші қолда бардан.

Қолдан ұшқан құсындай өмір өтер,
Ізденген жан мұратқа бір күн жетер.
Сол кезде көңіл шіркін жай табар ма?
Жақсының да басынан күні өтер.

10.12.2003 жыл

**«НАРЫҚ» ДЕГЕН АТПЕН ТАРИХТА ІЗІ ҚАЛДЫ
(1992-2002 жж.)**

405

Жаным барда сайрасын тіл мен жағым,
Өтеді бұл өмір қас пен қағым.
Жырлайын тілге тиек көргенімді,
Жазып ем өлең менің сор мен бағым.

Қалсыншы мол сөзіміз мұра болып,
Көргем жоқ бұл өмірде болып толып.
Көппен көрген ұлы той шұбырынды,
Ау салған балықшыдай ойды торып.

Ойымыз түпсіз терең шыңырау ма?
Бұл өмір кейде қисық қырындауда.
Тарыққан ел-жұртым бар «нарық» жылдар,
Айтатын бұл жөнінде сырың бар ма?

Ел көшті сол жылдары қала жақтап,
Осылай аман қалды жанын сақтап.
Базаршылап көп жұртым сарттан асты,
Жеген жоқ бұрынғыдай балық қақтап.

Мал таланды бір орта ие болған,
Белсенділер болмаған бұған қорған.
Бартер мен банктен ақша үшін,
Бейберекет мал кетті ортақ қазан.

Ши түбін тырналаған ши бөрідей,
Өткен өмір кетті ме көз көрімге ей?
Табанасты қиралды тұрғын үйлер,
Сокқандай «тайфун» келіп бір бүйірлей.

Шыдады осыларға халық анық,
Заманда шыр айналды «нарықтанып».
Түсінбеген халыққа бәрі теңіз,
Түзеліпте келеміз барып-барып.

Шашылған мол дүние орны қалды,
Пысықтар коттедж үйлер соғып алды.
Суырылып алға шыққан жүйріктейін,
Ептілер мол дүниеге қарқ болды.

Иесіз совхоз, колхоз тарап жатты,
Іске асқан дүниенің бәрін сатты.
Қорықпай осы істерін бір Құдайдан,
Қу кедейдің жанына жоқтық батты.

Бөліндік осылайша «жаңа қазақ»,
Нан табу болған еді әркімге азап.
Басталды жаңа заман егеменді,
Ата заңым өзгерді жаңа талап.

Осы іс он жыл көлем болған еді,
Ойды да сан сұрақтар торлап еді.
Аз малдан бөлек-бөлек «шаруа» құрып,
Осылай аман сақтап қалған еді.

Ескірсе ертегідей болған заман,
Әйтеуір бүлінбедік елім аман.
Тіршілік түзеліпте келе жатыр,
Тіркедім осы істерді алып қалам.

Табылды ие болар азаматтар,
Кейіндер тебірене халқы мақтар.
Түпсіз терең шыңырау шыққандаймыз,
Өтті ғой қиындықтар, сұрқай шақтар.

Бұл дағы қайта соққан заман еді,
Бостандықтың ескендей самал желі.
Қиындықтар біртіндеп ысырылды,
Гүлденіп те келеді қазақ жері.

03.02.2004 жыл

ТЫҢ КӨТЕРІЛГЕНІНЕ 50 ЖЫЛ

Ол кездері баламыз етек жапқан,
Аз ба, көп пе халқымыз азап тартқан.
Етек-жеңі жиналып, ел түзелді,
Соғыс бітіп, жылаудан көз құрғатқан.

54-тің көктемі тың көтерген,
Басталмаған іс шығар құр бекерге.
Қазақ жері айналды, алып үнге,
Жыртылды жер жайнаған, қызыл гүлге.

Пайдасын игіліктің көреміз деп,
Жұмыс жүрді ұйқысыз күні-түнге.

Соғылды колхоз-совхоз, қазық қағып,
Мақталды жұрт, омырау орден тағып.
Осылай кең жайыла еңбек қызды,
Тастамаса жарады жерді сор ғып.

Тың игеру, тың істің басы болды,
Ағылып жан-жақтан лек халық толды.
Атқарған осы істерін мақтан тұтып,
Мол астық камба тола қарық болды.

Уақыт өтіп 50 жыл толып отыр,
Талай жер іске аспай қотыр-қотыр.
Кінә тағып сол кезге күйе жақпан,
Басымды жайсыз ойлар торлап отыр.

Осылайша, байтақ жерім жыртылған,
Жастар үні ауыл маңы жыр тұнған.
Жаңа ауыл түзу көше шынымен,
Ауыл жаны жарасымды бақ тұрған.

Ел жаңарды етек-жеңім кеңейді,
Жөнсіз сөзді бекер айытқым келмейді.
Уақыт тұр зымыраған тоқтамай,
Осы сәтті ешкім жазып бермейді.

Жалғасындай осы істің,
Ақдала тыңды көтерген.
Сай-саланы тегістеп,
Арық-канал көтермең.

Күйреуікті боз далам,
Келеді әнмен қозғағым.
Басталды жұмыс осылай,
Куә болған бозбалаң.

Жайқалтқан ақ күрішті алқабыма,
Жайылар кейіндері мал тарыла.
Іске сәт еңбекпенен көгергендер,
Кейінде жырға арқау жазамында.

10.02.2004 жыл

ЖЕРІМНІҢ ҚОС ӨКПЕСІ ҚЫСЫЛҒАНДАЙ

Сарыарқа, Каспий, Атырау, о, Аралым!
Ойыма оралса екен, сөз оралым.
Шығыста Семей менен Өскеменім,
Жазайын, тілім жеткен сөз амалын.

Жетісу, жеті өзен, тау мен аңғар,
Айтатын мен өзіңе не сөзім бар.
Қорғаған кең өлкемді қайран бабам,
Тар болып көрінеді бұл ғаламшар.

Кендігін жердің айтып паңданамыз,
Талай кен, алтындарын пұлдағанбыз.
Сатылып бар байлығың шетел асса,
Ойлайсың қайбір осы мандығанбыз.

Жаңа заң ойлап тауып, парламентте,
Кетеді-ау жиғанымыз бекер текке.
Өз қолың, өз аузыңа жеткен шақта,
Жер сатылды бұл нағыз қасіретте.

Қарға адым аттай алмай жаза басып,
Барамыз біздер сонда қайда қашып.
Мекен еткен бұрынғы жайлау-қыстау,
Айырылып қаламыз-ау қара басып,

Шыққандай жан дауысы Жер-ананың,
Ойлаған сыйқы ма еді қарабастың.

Жерімнің қос өкпесі қысылғандай,
Жанарыңнан жас шығар ойлап отсаң.

Оянып кетер мекен аруақтар,
Кедейге тиесі ме жыра-шатқал.
Айт-айтпа ешқандай пайда жоқтай,
Жақсы еді бұрынғы мұңсыз шақтар.

15.02.2004 жыл

ҚАЙРАН ЕЛІМ ҚАНДАЙ ЕДІҢ!

Туған жер, өскен ұрпағы,
Айтылмай жатыр бүркеніп.
Шалалау боп тұр ойымыз,
Тарихтан сонау аз біліп.

Әркім-ақ жазып жатыр ғой,
Естіген құлақ жазық жоқ.
Қалды ғой небір оқиға,
Сақталмай сана ұмыт боп.

Жазғыра берсең өзінді,
Жер болып қалар жайың бар.
Әйтеуір менің білерім,
Тергілеп әрі жазыңдар.

Би де өтті, батыр, болыста,
Қорғаштап жерін тұрақтап.
Жайсаңдар өтті серілер,
Ат үсті әсем бұлғақтап.

Соңына ерген караша,
Жақсыға сенді құдайдай.
Сойылын соқты солардың,
Өтсе де малы құралмай.



Баспана сонда киіз үй,
Ақ шаңқан сәнді көрінген.
Қатарлас сазда орнады,
Он екі қанат керілген.

Қараша үйлер шеткері,
Ас-ауқат сонда дайындар.
Бағатын малы алдында,
Жоқ еді жайы уайымдар.

Шалқыған өмір сол заман,
Билер мен болыс басқарған.
Бөлісіп жеді астарын,
Жөнімен-жора астаудан.

Кермеге байлап аттарын,
Қымызды жаймен сімірер.
Көңілін сонда көтерді,
Жыр құмар небір серілер.

Осындай күйді тек қана,
Қалмақтар бұзды әлек қып.
Орыс пен орман бірігіп,
Таныста болды жегжат боп.

Сайланып ауыл бектері,
Қолына алған мөрлерін.
Қызғыштай солар қорғады,
Шынымен байтақ жерлерін.

«Үш қамау» жерін таңдаған,
Сыр, Шудан ел-жұрт қайтқанда.
Осы бір қызық оқиға,
Айналды жыр мен дастанға.



Бөліскен қайран бабалар,
Шұрайлы жерді жөнімен.
Қазықты қақты мекенге,
Тұрақтау ниет сеніммен.

Іргелі елден ел билер,
Жайсаңдар шыққан жазылған.
Ұрпағымен бір жүрдім,
Жас кезім бала шағымнан.

Суыртпақ ойдың желісін,
Билерге жаймен бұрайын.
Қасиетті текті бабалар,
Сендерге жырды құрайын.

Мақтамай қалай өтерсің,
Қалды деп сонау ғасырда.
Бағалап бүгін жатыр ғой,
Табылмас қымбат асылға.

Әлқисса ары жазайын,
Қалқия құлақ тыңдаса.
Жырыма осы мән бергін,
Ертегі жырға ұқсаса.

Созғылап сонша қайтейін,
Билерге барып тірелем.
Солардың ісі бағыты,
Жеткізді бізді көреген.

Ескелді, Балпық әулие,
Ел-жұрттың болған тұлғасы.
Қабылда болған негізі,
Ойланып айтқан батасы.

Қамаудан шыққан сан билер,
Тілімен отты көсеген.
Тілеуі болар солардың,
Ұрпағы артты көгерген.

«Аталар аманатынан»,
Көп жайтты білдім, оқыдым.
Сол жайлы ойды жазуға,
Бекініп бүгін отырмын.

Аруак ырза болсын деп,
Бисмилла айтып бастайын.
Сол өткен ата-бабалар,
Суыққа тосқан маңдайын.

Бәйшегір баба ұрпағы,
Тектілер барша білеміз.
Алладан алған аманат,
Оны да нақты сеземіз.

Арық пен Тыным еншілес,
Ол жаққа сірә талас жоқ.
Айтумен жеткен біздерге,
Қағазға түсіп жазған жоқ.

Сыйлаған текті қор болмас,
Төмендеп тегі қалмаспыз.
Кейінгі ұрпақ негізі,
Солардан қалған жалғаспыз.

Жақсылар ортақ кашанда,
Жұмсаған күшін аянбай.
Сондықтан есте сақтаймыз,
Атадан бала аялай.

Бөлінсең бөрі жер деген,
Аталы сөздің жаны бар.
Қисынды болса әр істер,
Бұлтара бермей құп алар.

Сол заман күн мен ай туған,
Бұлт көшіп жатқан төбеңнен.
Өздерің келіп бабалар,
Өткенді айтып берермең.

ҚОЛ СОЗАЙЫҚ ЖАҚСЫ ІСКЕ ОСЫ БАСТАН

«Құм сауыттай» өмір-ай сусып аққан.
Жалайыр бабамыздың басын тапқан.
Ырза болып жатырмыз бастамаға,
Шынын айтсам қобалжып жүрек қаққан.

Жал айырған бабамыз құнды неткен,
Ұзын сонар ерлігі бізге жеткен.
Ұрпақ зерттеп сан қыры ашылуда,
Талай ғасыр қатталып сырын бүккен,

«Ноқта ағасы» атандың Ұлы жүзде,
Қалдырдың не ғажапты мына бізге.
Дәл солар боп тұрады сезсеңіздер,
Салғандай жаңа жауған сонар ізге.

Шаппасак та біз жауға білек түре,
Адырайып тұрады тамыр күре.
Осы рух бабалардан жеткен деймін,
Қарамайық осыған жаймен күле.

Бәйге шапсақ анамыз тақым қысқан,
Қол созайық жақсы іске осы бастан.
Бабалардың бейіті тұрса биік,
Біздерге олжа бар ма бұдан асқан.

ҚЫЗЫҒЫ БІР-БІРІҢДІ ЖҮРШІ СЫЙЛАП

Серодилы САБЫРОВА

Тәк дегенге тоқтаған жылқы қымбат,
Ата-баба көбісі жатыр жұмбақ.
Біздерді осы өмірге дәп әкелген,
Анаң мен бөрік киген әкең қымбат.

Көрінбей кетсе бейнең алаңдаймыз,
Құрғыр өмір біз артқа карамаймыз.
Ақ жаулықпен бөркінің иісін алмай,
Қадірін шыныменен біле алмаймыз.

Сондықтан ана қымбат, әке қымбат,
Қимасымды отырмын менде жырлап.
Өмірдің қанша қиын тұсы болсын,
Өтейік әке-ананы шындай сыйлап.

Шіркін-ай! Сағындым мен сол бейнені,
Жасай алмай өткіздім нені-нені?
Құмырсқа жүріп өтті өн бойымнан,
Ойласам сол шағымды осы күні.

Қол созғанға, қол созған ұрпақ едік,
Шынымен орталанып кеттік кеміп.
Өзінді анда-санда тергеу керек,
Кемшілік жерлеріңді ойлап сөгіп.

Көл қорғаған қызғыштай шырқыраған,
Солардың шын өмірі келді маған.
Ұрпағым айтыңдаршы шыныменен,
Артыма қалдырамын нені саған.

Малым ба, атағым ба қымбат саған?
Көпшілік айтыңдаршы қайтіп жағам.
Түбінде күнім біткен кезім келер,
Сұрауы бар сондада бейіт барам.

Жарқ еткен найзағайдай өмір қымбат,
Қызығы бір-біріңді жүргей сыйлап.
Азулы арыстанда қапы қалар,
Ынтымақты жүріңдер әркез жырлап.

15.11.2020 жыл

ТІЛ БАЙЛЫҒЫМ НЕ ДЕГЕН ТЕРЕҢ ЕДІ

Қазағым айналайын! Қасиеттім,
Өзіңді мен жырыма тиек еттім.
Тіл байлығым не деген терең еді,
Соныңмен жүрегімді елжіреттің.

Мақалың мен мәтелің тіреу болған,
Сөзіңменен маңайға болдың қорған.
Жібектейін есілген құнды сөзің,
Кілеміндей шебердің тіккен қолдан.

Әр сөзіңде қанатты қауырсын бар,
Жақсыны бағалатып биік қылар.
Тастамай жалғап алға келе жатсың,
Бабаның тәспісіндей сөзін құнар.

Еңкейдім балапандай дірілдеген,
Айналдым құны терең шежіреңнен.
Бал сөзіңді сәл ғана жалайыншы,
Егер де балам ғой деп қисаң маған.

Таң болдым тамашаға қуанамын,
Қолыма желбіретіп ту аламын.
Биікке көтерейін тәңірім-ау,
Осылай шаттанамын жұбанамын.

Жамандыққа былғамай әр сөзіңді,
Елжіретсін мұңайған әр сезімді.

Бұхардайын тереңнен қозғай білсін,
Оянбай бұғып жатқан көр сезімді.

Жақсылыққа айтылсын құнды сөзің,
Ашардай көрмегеннің соқыр көзін.
Маңайды жарық қылып жіберсінші,
Май тамыза айтылған әрбір сөзің.

Майына тұтанбасын жаман ойдың,
Осыны біле білсең ойлап қойғын.
Тек қана мейіріммен пайдаланшы,
Батпайық тереңіне шолақ ойдың.

25.11.2020 жыл

«ЖАЛАЙЫР БІРЛЕСТІГІ» ҚҰРЫЛУЫМЕН

Бірді білсек, бірді білмей өттік қой,
Бұл күнге де аман-есен жеттік қой.
Қауым болып «бірлестік» боп құрылдык,
Қуанатын шыныменен бір іс қой.

Дау болмасын, жау болмасын алдында,
Алға баста үлкен істе тартынба.
Құтты болсын менде тілек тілейін,
Оқи тұғын барша жалпы қауымға.

Бөлінбейміз біз ешқайда кетпейміз,
Аға болсаң былай аға өт дейміз.
Іні болсаң тұрып қалма алдыда,
Жете алмаған биіктерге жет дейміз.

Шыққан тегің тым арыда жатыр ма?
Берекесін жақсы істің қашырма.
Жаңғырудың кезі туды осылай,
Жақсы ойыңды тығып алда жасырма.

Әр тағдырдың шегі солай сызылған,
Болмас деймін күндеп оны жазғырған.
Найза сынып қылыш қалды қайырылып,
Құтылдық біз қалың елім боданнан.

Тарих білсең бұл да саған аманат,
Жасамайық қырын ниет қиянат.
Соғыс көрме енді сендер деуші еді,
Қабыл болды әке сөзі жамағат.

Жоғынды іздеп ретімен табайық,
Осал жерді жамап-жасқап жамайық.
Сөз тигізбей тіл тигізбей маңайға,
Беделіңмен биіктерге самғайық.

01.12.2020 жыл

ЖЕЛТОҚСАН БАСЫ ШЫРАҒЫ

Көк туым көкте желбіреп,
Жүрекке жылу береді.
Жақсылық алда болады деп,
Қалың ел қазақ сенеді,

Қаншама азап болды екен?
«Бостандық» сенің жолыңда.
Егемен елмін дәл қазір,
Куәлік менің қолымда.

Бағасы түспей елімнің,
Бірлікпен өмір жайнасын.
Бағыңда көктеп ағашың,
Бұлбұл құс таңда сайрасын.

Қанменен келген егемен,
Желтоқсан басы, шырағы,

Өз таңым қашан атар деп,
Ел-жұртым менің шыдады.

Жазықсыз кеткен боздақтар,
Төбеңнен қарап тұр деймін.
Құшағын ашса туысым,
Күйдірер ыстық күндеймін.

Ызғармен сонау жан кешкен,
Кісенін үзген құлдықтың.
Қарыздармыз соларға,
Отына күйген шындықтың.

Жазғырмай бірді-біріміз,
Маңдайың терлеп еңбектен.
Құтты болсын желтоқсан,
Парапар құны ерлікпен.

Самғасын көкте қыраның,
Аспанда ұшып қалықтап.
Берік болсын тұғыры,
Отырған басшы алтын тақ.

13.12.2020 жыл

ЖАҢА ОЙ, ЖАҢА СЕРПІН

Жаңа жыл таңы арайлап,
Аязы тұр ғой бет қарып.
Өзіне жақын бауырың,
Жүрмесін жайсыз датталып.

Келеңсіз жайлар осы бір,
Қорқаудай ерген соңыңнан.
Жақсылық жаса айтарым,
Келетін болса қолыңнан.

Ренжіп жатса бір пенде,
Қалайша жайлы ұйықтайсың.
Тұтамдай мына өмірде,
Бірінді-бірін қорлайсың.

Айтпады деме бауырлар,
Осыдан кейін сорлайсың.
Алдыға басар қадамын,
Соғанда оны қимайсың.

Осындай салқын көңілден,
Бөгеліп қалар тасқын су.
Үлкендік менің айтарым,
Ызғарлы сөзді бойдан қу.

Жанама сөздер түкке аспас,
Жолыңды сәл-пәл бөгейді.
Алладан қайытсын дейміз тек,
Жаныңа маза бермейді.

Түсінген бауыр баршана,
Даурығу алда жарамас.
Ізгілік тілеп қояйын,
Іркілмей баршаң алға бас.

03.01.2021 жыл

САБЫРЛЫ КҮЙГЕ ТҮСЕЙІК

Ақ киіз жайып хан сайлап,
Бөледік нұрға маңайды.
Кейінгі кезде халқыма,
Еш нәрсе мүлде жақпайды.

Ел іші сонша дүрлікті,
Ақпенен қызыл кіргендей.
Осынша неге бүліндік,
Билікті тіпті көзге ілмей.

Алладан кейін жердегі,
Хан емес пе еді ел билер?
Шулаған қалың елім-ау,
Қолыңнан осы не келер!

Алауыз болсақ кертартпа,
Тұзаққа түсіп қалармыз.
Ұрадай болған жараны,
Ыңғайсыз сәтте жарармыз.

Еліңнен кеткен ақша ұрлап,
Жылы сөз солар айтуда.
Белінде бұған секілді,
Еліме қайта қайтуға.

Осыма әділ шындығың?
Ыстық леп содан келді ме?
Есебін тауып арадан,
Тобырға көмек берді ме?

Сан сұрақ жүр ғой аралап,
Шақшадай әркім басыңда.
Кім жүргенін білмейсің,
Тіреген иық қасыңда.

Үреймен елім оңар ма?
Сабырлы күйге түсейік.
Шыдамды халық едік қой,
Биліктен бірлік күтейік.

16.01.2021 жыл

МАЗМҰНЫ

ӨМІРІ ӨЛЕҢМЕНЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН	3
ӨЗ ӨМІРІМ, ӨЗ ТАҒДЫРЫМ	5
ӨЗІМДІ-ӨЗІМ ТҮСІНБЕЙ	10
СУРЕТ СЫРЫ	11
АНАНЫҢ МҰҢЫНА ТҰНШЫҚПАЙЫҚ	12
ЖАЛҒЫЗДЫҚ ЖАПАҢ ДАЛАДАЙ	14
ҚАРЫНДАСТАРЫМА	15
ІЛЕ ӨЗЕНІ	16
ҚИЯЛДАҒЫ АСТАНАМ – БАС ҚАЛАМ!	18
ШЕГІ БАР ӨМІР	19
АНАМ СӘУЛЕБИКЕ 100 ЖАСҚА ТОЛДЫ	20
ӨЗ-ӨЗІМДІ ҚАЙТАДАН ТЕРБЕТЕЙІН.....	22
ӨКСІГІ ӨМІР ОСЫНДАЙ	23
ӨЗ ОЙЫМ	24
ЖАҢА ӨМІР, ЖАҢА ЗАМАН КЕЛГЕН МЫНАУ	25
АЛДАМШЫ ЕКЕН ШЫНЫМЕН	26
АНАМА. СЫЗДАТҚАН СЕЗІМ САҒЫНЫШ.....	27
БАЛАЛЫҚ ТҰНҒАН ӨМІР-АЙ!	30
ШЫМШЫЛАП ОЙЛАР MAЗАЛАР	32
ДАРИЯ КӨҢІЛ ӨМІР-АЙ!.....	34
СӨЗІМНІҢ БАР МА ҚОСПАСЫ	35
ӘКЕМ САБЫР ӨЗІМДЕ МАЗА БОЛМАЙ	36
ТОҚТАМАЙДЫ ДҮНИЕ ШЫР АЙНАЛҒАН.....	37
ЕСІМЕ ТҮСІРЕМІН ЖОЛБАРЫСЫН.....	38
МЕШІН ЖЫЛЫ.....	41
ӨМІРДІҢ ТІРЕЛДІМ БЕ ӨТКЕЛІНЕ	42
ҚАЛМАСЫН ЖЫРЫМ КӨҢІЛІҢ.....	44

Д.ҚОНАЕВ 104 ЖАСТА.....	46
ОЙ ТОЛҒАУ	48
ӨЙТКЕНІ ОЛ СЫҢАРЫҢ ҚИМАС ЖАТҚА.....	49
ЖҮРІҢДЕР, БАУЫРЛАРЫМ, АМАН БОЛЫП	50
ӨТКЕНІМЕ САЯХАТ	52
ОСЫЛАЙ БАСТАН КӨШЕДІ.....	56
ЖҰМА	57
СЕЗІМ ИІРІМДЕРІ.....	58
ЕРЛЕРДІҢ ЖАРЫСЫҢДАР КӨМЕК СҰРАП	60
ҚЫЗЫҚТАҢДАР БАЛАЛАР ҚАР ЖАУЫП ТҰР.....	61
СҮРІНДІРДІ ОСЫ ТІЛ ТАЛАЙЫҢДЫ.....	62
ХАУА АНАДАН ТАРАҒАН ЕЙ, ӘЙЕЛДЕР!.....	64
МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 85 ЖАСТА	65
ӘЙТЕУІР САЯСАТТЫҢ БҰРАҢЫ КӨП.....	68
ОСЫЛАЙ, ПЕНДЕМ ОСЫЛАЙ	70
ЖҮРЕЙІН МЕНДЕ ОСЫЛАЙ	71
АРҚА-ЖАРҚА ӨМІРІМ ЕЛЕС БОЛДЫ.....	74
ҚЫРЫҚ РУ АНДА-МЫНДА БӨЛІНБЕСЕҢ.....	76
ӘЙТЕУІР МҰҢ МЕН ҚАЙҒЫ ТҰНЫП ТҰРҒАН.....	78
ТАҒЫ ДА КЕЛЕ ЖАТЫР ТАҢЫМ АТЫП.....	79
МЫРЗАСЫҢҒАН ӨМІРІҢ СОЛАЙ БОЛҒАН	80
ӨЗІМШЕ ДҮЛЕЙ КҮШТІ БЕКЕЖАНМЫН	82
СЫРТЫҢНАН ҚУАТ АЛЫП ЖҮРЕ БЕРЕМ.....	83
СЕН ТУҒАНДА ЫЛҒИ ДА ЖҰМЫСТА ЕДІМ.....	84
АНАМ СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ СӘУЛЕБИКЕ	86
100-ГЕ ТОЛДЫ	86
ӘРКІМГЕ ҚЫМБАТ ЕКЕН ӨТКЕН ӨМІР.....	100
ӨМІР ДЕГЕН ҒАЖАЙЫП КӨШТЕН ҚАЛМАЙ.....	101
СОЛ ЖЫЛУ ЖЕТПЕЙ ЖҮР ҒОЙ БӘРІМІЗГЕ.....	104
МІНЕКИ, ДӘЛ ОСЫ СӘТ ҚЫЗЫҚ БОЛҒАН	105

АЙДАНАҒА!	107
НАУРЫЗ ИІРІМДЕРІ	108
ӨМІР ТАБИҒАТҚА ҰҚСАЙДЫ МА?	109
БАТА, ТІЛЕК АЙТУ КҮНІ. ЕЛІМЕ АРНАУ	112
СҰЛУ МҮСІН ДИДАРЫҢ	113
СЕЗІММЕН КҮРЕС	115
ӨЗ ЖЕРІМ ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ	116
ҚҰРМА АҒАШ СЫРЫ	117
КҮЙБЕҢ ТІРЛІК ӨЛЕГІ	124
ҚАРИЯНЫҢ ІШКІ СЫРЫН КІМ СЕЗГЕН	126
АЙДАНАҒА	127
КӨКТЕМ ШУЫЛЫ	128
ШЕГІ БАР ӨМІР	130
ҮЙЛЕНУ ТЕРЕҢ СЫР ЕКЕН	131
ТАБИҒАТ СӘНІ КІРЕР АҢ-ҚҰСЫМЕН	136
ШУАҚТЫ КҮНДЕРІҢМЕН	138
КӨКТЕМНЕН СЕН СЫЙЫҢДЫ АЛА АЛМАДЫҢ	139
МЕН ТІРІМІН ӨМІРДЕ БАР ЕКЕНМІН	141
ТІЗЕСІҢ ОЙЛАРЫҢДЫ ЕКШЕП АЛЫП	142
АУЫЗДЫҢ САЛЫМЫНАН	143
ПӘС БОЛЫП ЖҮРМІН ОСЫЛАЙ	145
Д.А.ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 105 ЖЫЛ	146
ҚЫСТЫҢ СӘНІ ҚЫРАУ	148
БӘРІБІР АЛАСҰРАМ АҚ ТҰМАНДАЙ	149
ҰРПАҒЫМА	151
ЫЗҒАРЫҢ КЕШЕ, БҮГІН	152
ЖАСТАРҒА ДІНІ ОЙ САЛСЫН	153
ӨЛГЕНДЕР ТҰРСЫН ОЙЫМДА	157
САХАРА ҚЫРЫҢ АТЫРАУ	158
МІН ІЗДЕМЕ ӨЗІҢЕ ҚАРАП АЛҒЫН	159

ЖАЗЫЛМАҒАН ЖАСТЫҒЫМ ӨКІНІШІМ	161
МҰҚАҒАЛИ – 86 ЖАС.....	163
09.02.1931Ж.	163
АЛДЫМ КҮҢГІРТ АРТЫМДА ЖИҒАНДАРЫМ	164
НЕ ШЫҒАДЫ ӨТКЕНДІ ОЙЛАҒАНМЕН.....	165
БАУЫРЛАР, ІНІЛЕРГЕ.....	166
ТУҒАН ЖЕРІМ МҰҚАҒАЛИ КӨЗІМЕН	169
ОСЫЛАЙ ХАЛҚЫМ СЫНАҒАН	170
ОТАНДЫ СҮЮ ИМАННАН.....	171
ЖЕРДЕ ҚАЛМАС ЖАЗҒАНЫМ	176
ОЙЛАҒАН ОЙЫҢ БӘРІ АРМАН	177
МЕЙІРІМ КЕЛГЕН ҚАЙ ЖАҚТАН.....	179
КЕЛГЕНДЕ БАЛА ПАНАЛАП.....	180
ТАЛ БЕСІК ҚАЙДА КЕТТІ ЕКЕН?	182
ТҰМАНДЫ ОЙЛАР ТҰМШАЛАП	183
АДАМ ҚҰРЫЛЫМ ҚАҢҚАСЫ	185
ҚИНАЛАР ЖАНЫҢ ТӘНІНДЕ	187
СЫРТЫМА ШЫҚСЫН ӨКІНІШ	188
ЖАРҚЫРАДЫ МА МАҢДАЙЫМ?	189
ЖЕР АТЫН ОЙМЕН ІЗДЕДІМ	191
АЛЛАДАН КЕЛГЕН АМАНАТ.....	192
БАСТАЛҒАН ҒАЖАП АРЫДАН.....	193
ЖЕТЕ АЛМАС ӨМІР ҚҰПИЯ	194
АҒАЛАРЫМА.....	196
ҚАЛАМЫҢ ЖҮЙРІК ҚАШАННАН.....	199
ЖАЗЫЛАР ЖЫРЛАР ШАБЫТ КЕП	201
«КОМПАНДАР» ЖАЙСАҢ ҚИМАЙТЫН.....	202
БЕРЕКЕ АУЛЫНА БАРАМЫН.....	204
КІМДІ ІЗДЕДІМ, НЕ ТАПТЫМ?	205
АУЫСПА ӘСЕМ ТАБИҒАТ	209

ӨЗІНДІ ЖҮРГІН БАҒАЛАП.....	209
ЖҮРЕРСІҢ ӘРКЕЗ КӨҢІЛДЕ	211
АЗДАҒАН АРНАУ ТІЛЕГІМ.....	212
ЫЗҒАРЫ ҚЫСТЫҢ ЫҒЫСАР.....	214
ОРАЗА АЙЫНА	216
ОЙЛАРЫМ АЙТАР ҚАЙДАСЫҢ	217
АНАМА.....	219
ҚҰСТАЙМЫН ҰША АЛМАҒАН ЖЫЛЫ ЖАҚҚА	221
ӘЛИН АДІЛХАН АҒАҒА.....	221
ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ БІЛДЕБАЙ АҒА.....	222
СӘТ САНАР	223
ТІЛЕГІН БЕРГЕН ҚАЖЫҒА.....	223
НЕ ПАЙДА.....	224
ЕРТЕДЕГІ ӘҢГІМЕ ЖЕЛІСІНЕ	225
МӨЛДІР ТАМШЫ.....	227
ПЕРДЕСІН АШТЫМ КӨҢІЛДІҢ	228
ЕСКЕЛДІГЕ ТӨЛЕ БИДІҢ БАТАСЫ.....	230
БЕКЗАТЫМ ТӨРТКЕ ТОЛДЫ	232
ӨМІРГЕ ЖОҚ ТАЛАСЫМ	233
ҚАТАР ӨСКЕН ДОСТАРДЫ ЕСКЕ АЛУ	238
ӘКПЕЛЕР ЫРЗА БОЛСЫН ДЕП	242
ЕЛУ ТӨРТКЕ ТОЛДЫ ЖАСЫМ.....	247
ОЙ	248
АНАМ СӘУЛЕБИКЕГЕ	249
АНАМ ТОҚСАН ЖАСТА	251
ОЙ ЕЛЕС.....	252
ЖАҚЫНДАП КЕЛДІ ЕЛЕСІҢ	253
МӘҢГІЛІК ҚОҢ ЕТІМДЕ ТЫРТЫҚ ҚАЛҒАН.....	255
КӨҢІЛ ЖАЙЛАУ, ОЙ ТЕРЕҢ	256
ЖАСТАРЫМ КӨТЕР БАСЫҢДЫ.....	257

ЖҮРЕГІҢ ЖЫЛЫ, ІСІҢ АҚ.....	259
«КҮЛШЕ» НАН.....	260
ҚҰБЫЛҒАН КӨҢІЛ ЖАЙ ТАППАЙ.....	261
ТАРТЫНА НЕГЕ ЖАЗАСЫҢ?.....	262
САНАМА САН ОЙ КЕЛІП МАЗАЛАҒАН.....	263
АҒАРҒАН ШАШЫҢ ӨМІРІҢ.....	264
АЙНАЛЫП ЖЫРҒА ҚАРА СӨЗ.....	265
КАМАЛДЫ БҰЗЫП ТАПСАҢ ЖЫР.....	266
АЙНАЛҒАН БҰЛТТАЙ САҒЫМ ОЙ.....	268
ЖАҢАРҒАН ЗАМАН АЛДЫДА.....	271
КӨКТЕМГІ КҮНДЕЙ БОЛЫҢДАР.....	272
ӨЗІҢДІ АЛДЫМ ЕСІМЕ.....	273
МҰҢ ШАҒУ МОНОЛОГІ.....	274
ОҚЫПТА ЖАЙМЕН КӨРСЕНДЕР.....	287
ӨМІРДІҢ ЗАҢЫ СОЛАЙ МА?.....	288
АЛДЫМНАН МЕНІ НЕ ТОСАДЫ?.....	289
АБАЙ.....	290
ҚИМАЙТЫН БАРША БАУЫРЛАР.....	291
ЖОҒЫМДЫ АЛДЫМ ЕСІМЕ.....	292
ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ.....	294
ӘЙТЕУІР, МАҒАН ДАРА БАЙТАҚ ЕЛІМ.....	294
АҒАЙЫН АҚЫНДАРДЫ ДАТТАМАҢДАР.....	295
АҒАЙЫНҒА.....	296
СЕЗІМ ЖҮГІН АРҚАЛАП МАЙЫСАМЫН.....	298
ИІРІМДЕ АЙНАЛҒАН ЖАПЫРАҚТАЙ.....	299
ӨМІР АЛТЫН, КҮНДЕРІҢ КҮМІС ЕДІ.....	299
ҚАЙРАН АНАМ МӘУКЕНМЕН ДАРҚАН ЕДІ.....	300
КОРОНАВИРУС (ПАНДЕМИЯ) COVID-19.....	304
САР ДАЛА САҒЫНЫШЫМ.....	308
БҰЛ МЕНІҢ БІРКҮНДІК ӨМІРІМ ЕДІ.....	309

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛІК КҮНІ	311
ҚИЯЛ-АРМАН ШЫНЫМЕН БОЙДЫ КЕРГЕН	312
АҚ САМАУРЫН, КЕЙБІРІ САРЫ ЖЕЗДЕН.....	314
ШАБЫТЫМ ҚАНАТ ҚАҒЫП КӨККЕ ҰШҚАН	315
АЙНАЛДЫМ ҚАЗАҒЫМДАЙ ДАРҚАН ЕЛДЕН	317
СУРЕТТЕН ТУҒАН ОЙ.....	318
ПЕЙІЛГЕ ТҮСПЕ КӨЛЕҢКЕ	319
ЖАҚСЫЛЫҚ АЛДА КӨРГЕЙСІҢ.....	320
ЖӘЛМЕНДІ (БИ)	321
ЖИНАЛАР БАҚЫТ ЖАҚСЫ ОЙДАН	322
ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ ЕЛІМЕ.....	323
МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 90 ЖАС	324
ЖҰМА КҮНГІ ЖАЛБАРЫНУ ТІЛЕК	325
ӨЗІҢДІ ЖҮРГІН БАҒАЛАП.....	326
МОЙЫНДА ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК	327
МЕЙІРІМ ТҰНЫП ТҰРҒАН ЖАРАСЫМ ҒОЙ	329
АҒАЙША ИСАҒҰЛОВАҒА	330
АҒАЙША ӘКПЕ ОРТАДА.....	331
ТУҒАН КҮНІҢІЗБЕН АҒАЙША ӘКПЕ	332
БАЛАЛЫҚ ШАҚТА КӨРГЕНІМ	333
23 АҚПАҢ МЕЙРАМ ЕДІ	334
ҚАЗАҚСЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫҢ	335
ЕДІГЕ ТӨБЕ АТАЛҒАН.....	336
АТАДАН ҚАЛҒАН САЛТЫМ-АЙ!!!	337
КӨРІСУ КҮНІМЕН АҒАЙЫН!.....	338
НАУРЫЗЫМ КЕЛДІ ТЫМ ҚЫМБАТ	339
КӨКТЕМДЕЙ ЖОМАРТ КӨҢІЛІМ.....	340
ІСТЕРІҢ СӘТТІ БОЛСЫН ДЕП	341
ҚЫЗЫҒЫ ӨМІР ОСЫЛАЙ.....	342
САҒЫНЫШ ЖЫРЫ КӨКТЕМІМ	343

ШЕЛ БАСЫП КӨЗІҢ БАЙЛЫҚТАН	344
БАСТАЙТЫН АДАЛ ЖАН КЕРЕК	345
САЙЛАУБАЙ ТОЙЛЫБАЕВ 70 ЖАС	346
МҰҢ БАСТЫ КӨҢІЛ МҰҢ БАСТЫ	347
ШЫРҚАҒАН ҮНІҢ ЕРЕКШЕ	348
РАҚМЕТ ЖӘНЕ КЕШІРІМ!!!.....	349
МҰҢЫМДЫ КІМГЕ ШАҒАЙЫН?	350
ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫЗДАР КҮНІМЕН!!!.....	351
ОРАЛҒАН МҮСІН ДИМАШЫМ!!!.....	352
ӘКЕЛЕР КҮНІ ДӘЛ БҮГІН.....	355
ҰРПАҚҚА ҒАШЫҚ ЕКЕНМІН	356
«ИНДЕТІҢ» ЖАМАН БІЛМЕЙМІЗ ОНЫҢ АСТАРЫН.....	357
СӨБИЛЕР ӨМІР ҚЫЗЫҒЫ	358
БАРШАҢА БАУЫР БАРШАҢА!!!.....	359
ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖЕҢІСІҢ!!!	360
ӨТПЕСІН ҒҰМЫР БЕКЕРГЕ.....	362
ТАРИХ ЖАТЫР АШЫЛМАЙ	363
ӨМІР АЛТЫН, КҮНДЕРІМ КҮМІС ЕДІ	364
СӘЛ ҒАНА ЖЫЛУ ЖЕТЕР ЕДІ.....	365
БӘРІ ДЕ АРМАН ОЙЛАСАМ.....	366
АРҚАЛАП ЖҮГІН АҚЫНДЫҚ.....	366
ОСЫЛАЙ ӨМІР АРБАСҚАН.....	368
АТ БӘЙГЕСІ.....	369
ШІЛДЕДЕ КЕППІН ӨМІРГЕ	370
БІРЛІГІҢ БОЛСЫН БАУЫРЛАР!!!	371
САЛҒЫРТТЫҚ КӨҢІЛ ЖАМАН АТ.....	372
ТІЛЕККЕ ЖАУАП	373
ОЙЫМДЫ КІММЕН БӨЛІСЕМ.....	373
ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМЕ - 30 ЖЫЛ.....	374
ТЫҒУЛЫ САНДЫҚ СЫРЫҢ БАР	376

КӨҢІЛДЕН КЕТСЕ ЕКЕН ҚАЯУ МҰҢЫҢ	377
АМАН БОЛҒЫН, ҚАЙДА ЖҮРСЕҢ БАУЫРЫМ!	378
ҚИМАЙТЫН ТУЫС ТІЛЕКШІ БАРША ЖАЛПЫҢА	380
ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВТЫҢ	381
100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАУ	381
АНАМ – СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ СӘУЛЕБИКЕ	
(1916 – 01.05.1997 Ж.Ж.	
ҰЛУ ЖЫЛЫ	382
АҚСҮЙЕКТЕГІ АШТЫҚ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ	
(1931-1932 Ж.Ж.)	382
БАТЫР БАБАЛАР	397
КӨКТЕМ ШУАҚ	398
30 ЖЫЛ	400
ТУҒАН ЖЕРІМ ҚАРОЙЫМ ҚҰТ МЕКЕНІМ!	401
ЖЫРЫМ ЖАЙЛАУ ҚҰЛАЗЫМА КӨҢІЛІМ	403
КҮШТІЛІК ӨЛШЕНЕТІН ӨЛШЕМ БАР МА?	404
«НАРЫҚ» ДЕГЕН АТПЕН ТАРИХТА ІЗІ ҚАЛДЫ	405
ТЫҢ КӨТЕРІЛГЕНІНЕ 50 ЖЫЛ	407
ЖЕРІМНІҢ ҚОС ӨКПЕСІ ҚЫСЫЛҒАНДАЙ	409
ҚАЙРАН ЕЛІМ ҚАНДАЙ ЕДІҢ!	410
ҚОЛ СОЗАЙЫҚ ЖАҚСЫ ІСКЕ ОСЫ БАСТАН	414
ҚЫЗЫҒЫ БІР-БІРІНДІ ЖҮРШІ СЫЙЛАП	415
ТІЛ БАЙЛЫҒЫМ НЕ ДЕГЕН ТЕРЕҢ ЕДІ	416
«ЖАЛАЙЫР БІРЛЕСТІГІ» ҚҰРЫЛУЫМЕН	417
ЖЕЛТОҚСАН БАСЫ ШЫРАҒЫ	418
ЖАҢА ОЙ, ЖАҢА СЕРПІН	420
САБЫРЛЫ КҮЙГЕ ТҮСЕЙІК	421



Сердалы
САБЫРОВ

ӨЗ ӨМІРІМ,
ӨЗ ТАҒДЫРЫМ

өлеңдер
жинағы

Редактор *Шынар Әлжанова*
Корректор *Нұрила Жақсылыққызы*
Көркемдеуші редактор *Нұргелді Сергожаұлы*

Кітап «Принт-Плюс» баспасының
компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Басуға 17.11.2021 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{16}$. Қаріп түрі «Таймс».
Көлемі 27 баспа табақ.
Таралымы 500 дана

Кітап «Принт плюс» баспаханасында басылды.
Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті,
С.Сейфуллин көшесі, 2 в.
тел. 8 (727) 251-78-27, 8-701-712-01-73

Сердалы САБЫРОВ



1951 жылы 27-ші шілдеде Қарой ауылында дүниеге келген. 1958 жылы осындағы «Үлгілі» орта мектебінің табалдырығын аттап, 1969 жылы аталмыш мектепті бітірген. 1969-1971 жылдары Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқарып келгеннен кейін Қарой совхозында құрылысшы болып еңбек жолын бастаған.

1972 жылдан бастап Арқар елдімекенінде механизатор болып жұмысқа орналасқан. 1984 жылы Алматы құрылыс техникумын «құрылыс шебері» мамандығы бойынша тәмамдап, осы саланың қара қазанында қайнаған.

1993 жылы Ақдала ауылына қоныс аударып, «Ақдала алқабында» механизатор болып жұмыс жасаған. Ал 2008-2014 жылдар аралығында «Аяна-Ару» көлік жүргізушілер даярлайтын мектепте оқытушы болып жұмыс жасап, осыннан зейнеткерлікке шықты.

Сердалы Сабыровтың оқырманға жол тартып отырған бұл жыр кітабы ең алғашқы «тырнақалды» туындысы ретінде жарық көріп отыр.

